

УДК 792
ББК 85.33
Х 12

*Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды*

Кітап концепциясын жасаған және баспаға дайындаған
Әлия БӨПЕЖАНОВА

Х 12 Хабиба Елебекова. – Алматы: «Өнер», 2012. – 224 б. + 48 бет жапсырма.
– («Әйгілі адамдар» сер.).

ISBN 978-601-209-198-4

Белгілі өнер қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Хабиба Елебекова – саналы ғұмырын ұлттық сахнаға арнаған өнер иесі. Қазақ мемлекеттік М.Әуезов атындағы драма театрында қызмет етіп келе жатқанына сексен жылға таяу уақыт болған, бүгінгі таңда қазақ сахнасының анасына айналған актрисаның кейінгі ұрпағына айтар әңгімесі мол. Бұл жинақта қазақ сахнасының шежірешісі Хабиба апа ХХ ғасырдағы қазақ өнерінің мазмұн-болмысын жасаған тұлғалардың, қайраткерлердің көпке танымал портреттерін терендетіп, толықтыра түседі. Естеліктерінде сахна өнерінің жеткен биігі мен әттеген-ай тұстары туралы өзіндік көзқарас-толғамдарын да білдіреді.

Бес бөлімнен тұратын, тарихи құны мол суреттермен мазмұндана түскен кітапта сонымен қатар Х.Елебековамен қызғылықты сұхбаттар, кейінгі буын әріптестерінің ой-пікірлері және өзінің «Ғасыр қасіреті» атты сценарийі бар. Жинақ көпшілік қауымға арналған.

УДК 792
ББК 85.33

ISBN 978-601-209-198-4

© «Өнер», 2012
© Көпіш Ә., (безендіру), 2012

ӘСЕМҚОҢЫР

немесе алғы сөз орнына

Қазақ өнеріндегі қасиетті аналардың бірі – Хабиба апа Елебекова Қазақ ұлттық театры, ал бүгінде қазақ өнерінің қара шаңырағы, Қазақ мемлекеттік Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театрының актерлік құрамына өткен ғасырдың 35-жылы қабылданыпты. Қазақ өнерінің қара шаңырағы деген үлкен ұғым. Өйткені, шаңырақ болудың, бола алудың үлкен шарттары бар. Сол көп шарттың бірі, мүмкін, бірегейі – оны шаңырақ ете алған, шаңырақ деген мән-мазмұнға жеткізе алған, жеткізе алатын тұлғалардың болуы.

Хабиба Елебекова – осындай тұлғалардың бірі. Оны бұл өнер ордасына құрылғанына тоғыз жыл ғана толған шақта алып келген театрдың іргесін қалаған «самородок сары алтын» топтағы алыптардың бірі Қалибек Қуанышбаев болса, ауылдан енді келген үркек қыздың қайратын жанып, осында қабылдануына септік жасаған тағы да сол топтан табылған атақты Сер-аға – Серке Қожамқұлов екен.

Содан бері, міне, жетпіс жеті жыл өтіпті. Хабиба апа Елебекова – бүгінде сол алыптардың бірден-бір көзі. XX және XXI – екі ғасырдың, капиталистік патшалы Ресей, социалистік Қазақ кеңес республикасы және демократиялық-зайырлы, нарықтық, тәуелсіз Қазақстан Республикасы, демек, үш қоғамдық формацияның куәсі; қара шаңырақ театрдың ғана емес, жоғарыда атап өткеніміздей, қазақ өнерінің үлкен аналарының бірі.

Хабиба апа бүгінде тоқсанның жетісіне аяқ басты. Адам баласы Алла берген жасты жасайды. Бірақ ол қалай жасайды, нені мұрат тұтады? Соңында нендей із қалдырады? Мұны жұрттың бәрі ойланады деу қиын. Хабиба апа – соңында жаман ат, жаман сөз қалмаса екен деген қағидамен өмір кешіп келе жатқан жан. Ал, ол кісінің өмір және өнер жолына зер салсаңыз – сахнада да, өмірде де лайықты ғұмыр кешіп отырғанын, өз сый-қадірін ешқашан жоғалтпағанын бағамдайсыз.

Өнер дегеніңіз – үлкен айдын, мағыналары таусылмайтын, көп нұсқалы өмір. Осы өмір, яғни өнер-өмірде күн кешкен, күн кешіп отырған азаматтың, тұлғаның ұрпағына берері ұлағаты не? Оны әркім өз жүрегімен шешеді. Хабиба апаның қадау-қадау, біреуі оңға татырлық рольдері өз алдына, ұрпағына берер ұлаға-

ты – театрдың, қазақы көңілмен асырыңқыра айтқанда, ғасырға жуық тарихының, нақты санға жүгінсек, бір мүшелдейі ғана кем ғасырлық тарихының – тірі куәсі, көркем шежірешісі болып отыруы дей аламыз. Ал, бұған үлкен жазушылық талант керек.

Хабиба апа шығармашылығының үлкен бір қыры да осы жазушылығы. Әдетте көптеген шет ел және орыс сахна қайраткерлерінің өнер тарихы, өнер әлемі, әріптестері туралы, шығармашылық лабораториясы туралы жазған кітаптарын қызыға оқитынымыз жасырын емес. Ал, қазақта өнер адамдарының өздері кітап жазуы, өзінің шығармашылығын өзі зерделеп байқауы онша көп кездесе бермейді. Бұл бағыттағы жұмыстар енді қанат жайып келеді. Жазушылық – үлкен өнер, парасатты өнер. Енді өткен деп толық айтуға болатын, өткен ХХ ғасырдың 80-жылдарында Хабиба апа әріптес ағасы, театр іргетасын қалаушылардың бірі Қапан Бадыров, жақсы құрбы-әріптесі Бикен Римовалардың үлгілі жолын жалғастырып «Қайран, Жүсекем!» атты кітап жазды. Бұл еңбек кезінде кеңінен таралып, қалың оқырманнан, зиялы қауымнан жақсы бағасын алды.

Назарларыңызға ұсынылып отырған осы кітап та сол жақсы дәстүрдің жалғасы. Өйткені, Хабиба апа – көзі тірі шежіре. Небір ән, жырлардың тарихын жақсы біледі. Абай, Мағжан жырларын жатқа соғады, күні бүгінге дейін өзінің кезінде ойнаған рольдерінің сөздерін жатқа соғады, тіпті, сөйлеп отырғанда сол кейіпкерінің бейнесіне еніп те кетеді.

Актрисаның қара шаңырақ сахнасында кезінде жасаған сәтті көптеген ролін көре алмай қалсақ та, «теңіздің дәмі тамшысынан білінедіден» келгенде, сахнадағы соңғы кезең рольдері М.Әуезовтің «Абайындағы» (режиссері Ә.Мәмбетов) – Текті, А.Сүлейменовтің «Жетінші палатасындағы» (режиссері Ә.Рахимов) – кемпір, М.Метерлинктің «Соқырларындағы» – соқыр әйел, А.Тасымбековтің «Кебенек киген аруларындағы» – сатқын әйел, Ә.Кекілбаевтың «Абылай ханындағы» – Батагөй ана, Иран-Ғайыптың «Естайдың Қорланындағы» – Қорланның жеңгесі (төрт спектакльдің де режиссері Б.Атабаев), сондай-ақ «Біржан сал» көркем фильмінде (сценарий авторы Т.Әсемқұлов, режиссері Д.Жолжақсынов) Бәйбіше бейнелерін жасау жолындағы мағыналы да көркем ойынына көз бен көңіл суардық. Мұхтар Әуезов «соңғы айтар тілегім: тілге қатты мән беріндер, халық тілін сақтаңдар» деп еді, Мұханның бұл сөзі қашанда маңызды» дейтін; «әр актер өз роліне, кейіпкерінің сөзіне терең бойлауы тиіс, жаттап алып сахнаға шығумен роль жасалмайды» деп білетін актрисаның роль философиясын дәл ұстайтынын, әр ролінің ойын өрнегін әдемі табатынын, сахнада сөзбен тартыс тудыра білудегі үлкен шеберлігін, тектілігін, ішкі бір қуатын таныдық.

2011 жылы күзде өзі сонау 1935 жылдан бері қызмет еткен қара шаңырақ театрында 95 жасқа толуына орай өткен кездесуінде мазмұнды естеліктері өз алдына Абай, Мағжан жырларын бір мүдірместен жатқа айтуымен зал толы көрерменін таңғалдырған, ал бүгінде тоқсанның жетісіне бет алған актрисаның жан қуатын, әсемдігін, кербездігін, сұңғыла жадысын көріп-біліп, мүмкіндігінше ішке түйіп отырып – таңғалмау мүмкін емес. Хабиба апа – нағыз қазақтың рухын бүгінгіге жеткізіп отырған тұлға. Оның әлі күнге «сыры кетсе де сыны кетпеген» жүзі,

әсем де кербез қимыл-қозғалысы, берекелі дастарқаны, жұртқа деген, өнерліге деген ықыласы – өз алдына бөлек әңгіме.

Жалпы Хабиба апаны өмір шыңдады, өнері және ұлағатты ортасы өсірді деуге де болар еді, алайда өмірін өнерге арнаған, ортасы ұлағатты болғанымен рухани биікке көтеріле алмай, өз «менін» қызықтаудан аса алмай өткен өнер адамдары да жоқ емес. Ал, актрисаның сахнада жасаған кейіпкерлері бояу қанықтығы, дүниесезім анықтығы, жанының зеректігі, рухани толыққандылығымен ерекшеленсе, қаламынан туған кітаптары – Хабиба апаның жадысының сергектігі, құймақұлақтығы, соншалықты сезімталдығы және де ең бастысы, рухани пластикасы, аса еңбекқорлығын танытады. «Дарын дегеніңіз бір пайыз талант, тоқсан тоғыз пайыз еңбек» деген осы болса керек.

Өнер адамы әр килы, сан түрлі, сан мінез-құлықты, сан деңгейлі келеді. Сахна мен экранда сан түрлі адам табиғатын кешіп, болмысын өрнектеуге тиісті өнерпаз өнерде ғана емес, өмірде де толыққанды тыныс-тіршілік етсе; өзін, өнерін жарасыммен алып жүрсе, мазмұнды ғұмыр кешсе – үлкен бақыт. Жүсіпбек Елебековтей тұлғаға жар, отанасы, рухани серіктесі болған Хабиба апаның ол кісі дүние салған соң атқарған шаруасы ұшан-теңіз. Стратегиялық тұрғыдан мүлт кетпейтін апаны құдды бір «Жүсіпбек Елебеков және оның ән мұрасы» атты жобаның мықты менеджері десек артық емес. Қазақ кәсіби өнерінің қалыптасуына мол үлес қосқан арқалы әнші, ұлағатты ұстаз және оның рухани ортасы туралы 80-жылдары кітап жазып, үлкен шаруа атқарса, қазіргі таңда Жүсіпбек әншінің мұрасын жинақтатып, кітап дайындатуда. Ол Ж.Елебековке қатысты көптеген өнерлік шараның қатысушысы, қолдаушысы, кейде тіпті, идеялық бастамашысы болып жүреді десек, артық емес. Ал, мұның бәріне қаншалықты күш-қажыр, жан еңбегі қажет десеңізші!

Хабиба апаның қазіргі тыныс-тіршілігі, аяғы сыр беріп анда-мында онша шықпағаны болмаса, тынып тұрған тымық суға емес, беті тымық, алайда астарлы ағыны қуатты ағын суға ұқсайды. Хабиба апа, өйткені, оймен күн кешеді, оймен қуаттанады. «Кейде түнде оянып алып, бір кездегі рольдерімді қайта ойнап шығамын. Кейіпкерлерімнің сөзі жадымда, еш ұмытылмайды», – дейді. Аналық, бүгінде әжелік бақыты мен қуанышы мол, балалары мен немере, шөберелерінің, сондай-ақ өнердегі, кара шаңырақ театрдағы кейінгі іні-сіңлілері мен балаларының болашағына алаң болады. Өз әулеті туралы – ата-ананың лайықты жалғасы болса, бақытты да мазмұнды ғұмыр кешсе деп алаң болса, театрдағы жас буын өткен тарихты ұмытпаса, алдында өткен аға-апаларының, бүгінгі ақсақалдардың лайықты жалғасы болса, тарих ұмытылмаса деп алаңдайды.

Енді кітаптың құрылымы туралы бірер сөз.

Кітапқа Хабиба апаның көз көрген, көңіл жеткен оқиға-құбылыстар туралы өзі жазған мақалалары; жалпы өнер, сахна өнері, әріптестері, театр тарихы туралы, қазақ өнерінің алыптары – М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, С.Қожамқұлов, Қ.Қуанышбаев, Ш.Айманов тағы да басқалар, түйіп айтқанда, араласқан, сыйласқан, қадір тұтқан ортасы туралы мақалалары мен сұхбаттары топтастырылды.

Хабиба апа – өз өмір-өнер жолынан және осы жоба, яғни осы жолдар авторының кейінгі ұрпақ біліңкіремейді-ау деген талантты актерлер туралы қойған сауалдарына орай – ауызша көптеген естелік айтты. Көрнекті актриса, абыз-ананың өзі білетін тарихты, ұстаздары, кешегі көзкөрген, бірге жүрген, дос-әріптес, құрбы болған жандар туралы, қазақ өнері, оның ішінде сахна өнерінің әр белестері туралы бұл естеліктерін ауық-ауық әңгімелесіп жүріп, өз аузынан жазып алдым. Бұл әңгімелер өнерсүйер оқырманға өте қызық болары сөзсіз.

Жазушы Хабибаның өз басынан кешкен қасіретті ел басына келген нәубетке ұластырып, кейінгі ұрпақ мұны білуі тиіс, деп жазған «Ғасыр қасіреті» атты сценарийі де осы жинақта (экранға деректі фильм болып шықса екен деген арманының орындалмай отырғанына қатты қынжылатынын да айтуымыз керек).

Жинақтағы материалдардың қай-қайсысы да уақыт өте бере құндылығы арта түсері өз алдына, сол уақыт-кезендердің тыныс-тіршілігі, идеалдары, бәр-бәрі жинақтала келе – қазақ өнерінің тарихын толықтыруға, қанықтыруға көмектеседі; театр тарихының мозаикалық картинасын жасайды, уақыт бейнесін, қоғам тынысын танытады. Жалпы алғанда, Хабиба апаның мол қазынасы бірнеше кітапқа жүк бола алар еді, дей тұрғанда бұл кітап – қадірін білгенге осы тұрғысында да үлкен қазына десек артық кетпеспіз.

Үлкен актриса әріптестері туралы молынан айтатын кітапта, өзі туралы сөз қозғалмаса жараспас еді. Өкініші сол – замандастары, сахна серіктестерінің көбі бүгінде бақилық. Бүгінгі үлкенді-кішілі әріптестерінен Хабиба актриса туралы жүрекжарды лебізін білдіргендердің ой-пікірлері мен арнайы жазған мақалалары Хабиба актриса, Хабиба тұлғаның бейнесін толықтыра, мәндендіре түсері анық.

Бүкіл тірлігі, мінез-болмысы, текті өнері, ғұмыр кешу жолы өнеге, өнер-өмірдегі небір тайталастардан кішіпейіл де өр болмысымен лайықты өтіп келе жатқан Хабиба апа кітабына, Хабиба Елебекова туралы кітапқа алғы сөзімді «ӘСЕМ-ҚОҢЫР» деп атауды жөн көрдім. Меніңше, қат-қабат бірнеше мағынаны қатар алып жүретін осы бір көркем тенеу Хабиба апаға аса жарасады (және де ақын Исраил Сапарбайдың актрисаға арнау өлеңінен тап осы теңеуді оқығанымда ой үндестігіміз үшін қуанып кеткенімді жасыра алмаймын).

Сонымен «Әсемқоңыр» тартуымызды қабыл алыңыз, қадірлі оқырман!

Әлия БӨПЕЖАНОВА
сыншы, өнертанушы,
Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты



A decorative border with intricate floral and scrollwork patterns, framing the central text.

I бөлім

**ҰЛЫЛАРДЫҢ
БАТАСЫН АЛҒАН**

*Актриса Хабиба Елебекова
туралы сөз*

Есмұхан ОБАЕВ,
Қазақстанның халық артисі, профессор

ҰЛЫЛАРДЫҢ БАТАСЫН АЛҒАН

Ұлттық өнер туралы сөз қозғағанда көз алдымызға бірден алыптар тобы келеді, солардың ойын мәнері келеді, құлағымызға даусы келеді, санамызда болмысы зерделенеді. Хабиба Елебекова апамыз – қара шаңыраққа сол алыптардың ізін ала келіп, солардан тәлім-тәрбие ала жүріп, бой түзеген, өмірі көркейіп, өнері шыңдалған, сол ұлылардан – Мұхаң, Сәбең, Қаллеки, Серағаңдардан бата алған жан.

Хабиба актриса – сахнада өз орны, өз келбеті, үні бар өнер иесі. Өнер жолының алғашқы кезеңінде бірталай басты роль орындаған ол кейініректе екінші пландағы рольдерге ойысты. Оның басты бір себебі, отағасының жағдайына, отбасына, балаларына көбірек қарайлауы еді. Жүсіпбек Елебековтей дара дауысты әншісінің зайыбы бола білу – үлкен міндет, ауыр жүк. Жүсекеңнің өнерімен еліне барынша қызмет етуіне қолынан келген бүкіл жағдайды жасағанына халық куә. Жүсекеңнің жары болған соң Хабиба апа – Мұхаң – Мұхтар Әуезов, Ғабең – Ғабит Мүсірепов, Сәбең – Сәбит Мұқанов сынды алыптардың ортасын көрген, оларға қызмет көрсеткен, шай құйған, әңгімесін тыңдаған жан. Хабиба ападан өзінің жақсы тегімен қатар осындай үлкен ортаны көргені, одан тәлім-тәрбие алғаны, сөз қадірін білетіні, ұлттық ұстындарға мықтылығы өмірде де, өнерінде де көрінеді. Ұзақ ғұмыр жасауының бір сыры да Мұхаң бастаған ұлылардың батасын алғандықтан шығар.

Хабибаны Жүсекең алақанында аялап ұстады, ұстазы, әрі жары, әрі серігі, әрі ағасы болды. Небір қызықты да қиын күндерін бірге кешкен екі өнер иесі ұрпақ тәрбиеледі. Бүгінде Елебековтер үлкен әулетке айналды. Мұнда Хабиба ана, Хабиба актрисаның адами үлкен қасиеттерін айтуымыз керек, оның отбасына, отағасына қызмет ететін қазақ әйелі ретіндегі еңбегі ұшан-теңіз.

«Рольдің кішісі жоқ, кішкентай актерлер бар» дегенді Станиславский айтқан. Хабиба актриса өзіне берілген рольді жеріне жеткізе, өзіндік өрнек таба орындап шығып отырғанын атап айту керек. Актриса екінші пландағы кейіпкерлердің өзін де екінші планын аша орындайды. Ал шағын роль ойнаса есте қалдыра ойнайды. Өзіне грим қатты жарасады. Даусы Шайтанкөлдiң суындай таза. Ән таниды, әннің бағасын біледі. Менің 1970 жылы М.Әуезов театрында қойған алғашқы спектаклім «Жаяу Мұсада» Хабиба актриса жақсы ән бастайды. «Көғаршынды» айтып шыққанда өз қатарластарына да, өзінің өкшесін баса келген сіңлілеріне де ұқсамайды, сөзі де, өзі де нық, іріленіп шыға келеді. Сол кездері театрдың бір тобы ол кезде жас режиссер Ә.Мәмбетов қойған «Той боларда» спектаклімен гастрольға шықтық. Мен Қалабай ролін ойнадым. Көңілді комедия. «Отыз күн ойын, қырық күн тойы болады Айбаланың» деп келетін ән бар. Сонда Хабиба актриса қырықтардан енді асқан, жайнап тұрған кезі – ән де айтады, билеп те кетеді.

Хабиба апа –жаны сергек адам, әрі-бері жүруге, ел-жер көруге құмар. Кеңестік кезеңде Жүсекеңнің арқасында талай ел-жер көрді, ұжыммен Мәскеу барды, облыстарды түгел дерлік аралады. Адамды жол танытады, Хабиба апа – жақсы жол-серік, әңгімесі, әні, сәні қандай жарасымды!

Жүсекеңдей тұлғаның жары ретінде талай шараға қатысып, басы-қасында жүреді. Елі Жүсекеңнің жары, серігі деп, актриса деп әлпештейді. Бұл да өнер адамына бір бақыт. Қаллеки-Қалибек Қуанышбаевтың 80 жылдығы елінде, Қарқаралыда аталып өткен-ді. Сол мерейтойға М.Әуезов театрынан бір топ адам бардық. Өзекең – Өзірбайжан Мәмбетов, Шахан Мусин, Шолпан Жандарбекова, Асанәлі, мен тағы да басқа біраз адамбыз. Сол жолы Хабиба апа өзінің туған үйін көрсетті. Сол жолы Қарқаралының етегінде ән айттық. «Кім ән айтса, бәйге беремін» деді Хабиба апа. Сонда мен «Қарқаралы басында жалғыз арша...» деп әндеткенім бар. Бәріміз керемет әндеттік.

Тағы бір есте қалған кездесу – Қарағандыда тұңғыш рет әншілердің Ж.Елебеков атындағы байқауы өтті. Ол кезде мен Мәдениет министрінің бірінші орынбасары қызметіндемін. Қазылар алқасының мүшесі ретінде Хабиба апамен ұзақ жылдар Қарағанды облыстық Мәдениет басқармасына жетекшілік жасаған белгілі мәдениет қайраткері, қазақтың аяулы қызы Рымбала Кенжебалаевамен пікірлес болдық. Сонда Хабиба апаның әнді тану, әншіні тану қасиетін көрдім.

Айтпауға болмайтын тағы бір жайт – гастрольда болсын, өзге орай келген тұстарда болсын, Хабибаның аналық ниетін, кеңдігін көреміз. Оның жақсы қуаныштарда, белгілі бір той-салтанаттарда шашу шашатыны бар. Бұл жай ғана рәсім емес. Көрнекті суреткер Асқар Сүлейменовтің «Жетінші палата» драма-диалогының кейіпкері Сәруарша айтқанда: «...рәсім (ритуал) – этнография, ал этнография – мәдениет...». Хабиба апалар осындай рәсімдерімен де ұлттық мәдениеттің сақтаушысы болып келеді.

сәуір, 2012

Әшірбек СЫҒАЙ,

ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

ЕКІ ЖАҚСЫ ҚОСЫЛСА...

Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Хабиба ханым жөнінде, республикалық «Қазақ әдебиеті» газеті салиқалы сұхбат («ҚӘ», 20.02.1996) жариялады. Сынышы Әлия Бөпежанова белгілі актрисаның өмір, өнер жолдарын егжей-тегжейлі сөз етіп, өнеге тұтарлық сырласу сәтін ортаға салыпты. Актриса өмірінен, өнерінен бөле-жарып, менің айтарым не болмақ?! Жаңадай не айта қоймақпын?! Еріксіз ойға баттым. Қиял тербедім! Табарым, тауып айтарым қайсы? Соны қаужадым.

Түртініп, тірнектей берсең кеудең ашылып, сезімің сілкінеді екен. Өзгеше болмаса да, өзімше түйгенімді, түйсінгенімді әлеумет құлағына жеткізгенше асықтым.

«Екі жақсы қосылмайды» деген ұғым жаңсақ па деймін?! Олай болса, Жүсекең мен Хабекең қалайша бас біріктіріп, тағдыр тоғыстырған? Қалайша, әнші жүрек пен сыршыл жүрек нәзік жалғасқан? Қалай ғана қос талант бірін-бірі іздеп тауып, отау тігіп, түгін түтетіп ұл өсіріп, қыз ұзатқан? Әсіресе, өнер толғап, айналасына шапағат шуағын шашқан өнегелі ерлі-зайыптылардың ел-жұртына төккен рухани сәулесі жүзімізді жарқын етіп, жанымызды жадыратар ма еді? Демек, екі жақсы қосылары ақиқат, ағайын!

Қашан көрсең де, ойлы, орнықты, ақылды, ажарлы, сыпайы, салдарлы, сызылған қалпынан титтей айнымайтын, әуелде аққұба қыз, бертінде ақ келіншек, ал бүгіндері аппақ әже, ақ бәйбіше жасына жетіп ортамызда жүрген Хабиба шешеміз егерде сахна шебері атанбаса, кім болар еді? Мен ойлаймын, Хабиба ханым мұғалім немесе ғалым болар еді деп. Мұғалім! Иә, мұғалім, ұстаз! Ұлдың кекілін тарап, қыздың тұлмынан сипап, шәкірттерінің арқасынан қағып отырар дарқан мінезді, жомарт сезімді аялы алақан иесіне тән мол жылылық бар қасиеті анамыз Хабибаның бойында. Аналық мейірімі тасыған, жанарынан жылылық сеуіп, жүзінен адалдық иісі аңқыған осы кісінің болмысында ерекше бір тартымдылық, айрықша бір тәкаппар тектілік бар. Кісінің жақсы-жаманы үнінен белгілі. Хабеңнің үні жақсы. Лебізі таза. Тілі майда, сөзі сыпайы. Әдеп үйретер, өнеге көрсетер ұстазға теңеуімнің бір себебі осы еді. Ғалымға телуімнің де мәнісін айта кетейін. Ғылымның күрделі соқпағына сабырлы, төзімді, шыдамды, еңбекқор кісі ғана түсе алады. Шын ғұлама – тебіреністі, теңіздей толқыған, мұхиттай шыңырау тұлға боп келері баршамызға аян. Сондай киелі ілімнің жолын қуса, Хабиба болмысы ғылым әлемін де жатсынбасына бәс тігер ем. Жарқылдақ та жылтырақ эмоцияға сараң, әр сөзін, әр қимылын ойға, тек өлшем, өре, ақыл-парасатқа ғана бағыштаған, айшықты санаға, салмақты пікірге ғана бағындырған сырбаз кісіні ғылым саласы да жатырқамас еді деуімнің сыры да осы еді.

Хош, өнерпаз апамыз мұғалім де, ғалым да болмапты. Ол өнер жолын, киелі сахна төрін аңсапты. Қым-қиғаш, тайғанақ тағдырға мойынсұнған қазақ қыздарының ауыр өмірін сахнадан сыңсыта көрсетем деген Хабиба үміті оны өнер жолына жетеледі. Содан бері алпыс бір жыл мерзім өткен. Сонау 1935-тен бір орында тапжылмай, табаны күректей 61 маусым қызмет жасауға да мінез керек-ау өзі! Қазақ сахнасының ақ бәйбішесі Хабеңнің шығармашылық еңбек жолы басталғанда, 1996 жылы алпысқа толып отырған артистеріміз Сәбит Оразбаев, Фарида Шәріпова, Нүкетай Мышбаевалар әлі туған да жоқ екен.

Меніңше, Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ драма театрынан тоғыз-ақ жас кіші Хабеңнің еңбек жолы көпке үлгі. Осынау жылдар бедерінде Хабиба апамыздың ай қарап жатпағаны айдан анық. Кірпияз сахна өнерінің еңісі мен белесін, ылдиды мен төбесін тегіс түгелдеп, өзі жанындай жақсы көрген жайдары да жайсаң ағалары: Жұмат Шанин, Қалибек Қуанышбаев, Серәлі Қожамқұлов, Иса Байзақов, Әміре Қашаубаев, Елубай Өмірзақов, Құрманбек Жандарбеков, Шәкен Айманов, Сейфолла Телғараев, Қамал Қармысов сынды апайтөс шабыт иелерімен бірге өткізген ғажап күндері дәл бүгінге дейін сезімін сергітіп, өн бойын қуанышқа бөлейді. Ұлттық сахна өнеріміздің арғы буынынан еріп келе жатқан киелі дәстүр та-

ғылымы өзінің текті тұғырынан тайып кетпесе екен деп тілейді ардагер актриса. Табиғи таза болмысты, зерделі де, зерек зиялы кісі ғана осылайша дөңбекшімек, осылайша тебіренбек! Мазмұнды да маңғаз, байсалды да байыпты, халқымыздың төл әдет-ғұрпын, ғасырлар бойы сарымайдай сақтап келе жатқан салт-сана, үрдіс-үлгісін кейінгі әр кезең ұрпақтарына тәптіштей насихаттап келе жатқан Хабең дүниетанымы, рухани жарығы жанынды өзгеше әлдилейді.

Жалпы, актердің тіршілігі – сырт көзге түсініксіздеу, үнемі тербеліс үстінде, үздіксіз өзгеріп, мың құбылып жүз түрленетін қызғылықты да күрделі әлем. Мәселен, сахналық туындыдағы көп кейіпкерлердің бәрі бірдей басты әрекет иелері емес. Бас кейіпкерлер санаулы, некен-саяқ. Жә, сабыр етіңіз! Сөз кезегін аңдампаз актрисаның өзіне берерлік. Жоғарыда айтылған «Таза өнер – таза жүректен» атты айдармен шыққан сұхбатында Хабиба ханым былай дейді: «Станиславскийдің «Нағыз актер үшін рольдің үлкен-кішісі жоқ» дегенін жиі айтамыз. Бірақ, актер біткен бас кейіпкерді, тіпті қаһарманды ойнауға бейіл тұрамыз. Ал, екінші, үшінші пландағы кейіпкерді жарқырата шығару – қиынның қиыны. Ол актерден көп еңбекті, оқу-тоқу, ізденісті қажет етеді». Аңғарымпаз, алғыр актрисаның адал да әділ сөзі. Өзін-өзі бақылап, барлап көрмеген кісі өзгенің жайын қайтіп ұғар? Хабиба анамыз келтірген мынадай пікірлер анау-мынау оқыған кісінің ғылыми-теориялық тұжырымдарына бергісіз. Бас қаһарман әрекеті ұдайы көрерменнің көз алдында, яғни ол қашанда алғашқы сапта, бірінші кезекте. Сәл әсірелей айтсақ, әдіс-әрекеттерін былай қойып, тек жай ғана сөзін айтып шықсаңыз да, Ақтоқтының аты – Ақтоқты, Баянның аты – Баян, Қарлығаның аты – Қарлыға, Толғанайдың аты – Толғанай, Мөржанның аты – Мөржан... Оларды нұсқалаған артистер есімі көрерменге бұрынырақ жетері даусыз. Өйткені, сахна тілімен айтқанда, герой мен героиняның іс-әрекеті үнемі көпшілік назарында.

Ал, мықты болсаң, кіріс-шығысы сиректеу, Хабиба апамның өзі айтқандай, авансценадан әрірек, көрермендер залынан алысырақ әрекетті рольдерді ойнап көр! Екінші, үшінші ыңғайдағы кейіпкерлерді алғашқы лекке, әдепкі қатарға сүйреп көр! Эпизод кейіпкерлерін келісті кескіндеуге күшінді салып көр! Оларсыз қойылымның күйі келмесі – аксиома. «Патшаны – айналасындағылар, төңірегіндегілер қолпаштайды» деген сахна сөзі тағы ойға оралады. Сахналық ұзақ ғұмырында жүзден аса роль жасап, әбден тәжірибе жинақтап, барынша ысылған актрисаның репертуарлық қорына көз жүгіртіңіз. Әдепкіде қомсынғандай боласыз. Мысалы: Островскийдің «Найзағайындағы» – кезбе әйел, Асқар Сүлейменовтің «Жетінші палатасындағы» – кемпір, Метерлинктің «Соқырларындағы» – соқыр әйел, Тасымбеков пен Атабаевтың «Кебенек киген ауруларындағы» – Тұтқын... Нақтылы есімдері де белгісіз осындай жиынтық бейнелердің жан дүниесін жүйелеп, олардың ой-сезім пернелеріне жіті үңілуді терең мақсат етіп қоятын зейінді актрисаның шеберлік өресі, ең бастысы, көтерер жүгі, тартар тауқыметі осал болмаса керек. Сирек көрінсе де, сазды, сапалы, мазмұнды өнер қасиетін паш етер тұста, Хабибаның көрерменін разы етпеген сәттері болған емес. Аз сөйлеп, көп іс тындыру – бала кезінен бері, бірге келе жатқан тұрақты дағдысы.

Жұмат Шаниннің «Арқалық батырындағы» алғашқы жұмысы Қарагөзден бастап, ондаған драмашылардың сан жанрлы пьесаларында ірілі-ұсақты көптеген рольдер толғаған Хабиба Елебекованың: Күнікей, Қаныкей, Мақпал, Мәрияш, Ақжан, Понсия, Пошлепкина, Тхань, Айғаным атты еңбектері жан-жақты болмыстарымен, өз табиғаттарына тән ұлттық бояуларымен айшықталарын театр сүйер зерделі қауым жақсы біледі.

Хабиба – қазақ киносының да өсіп, дамып, қанаттануына араласқан өнерпаз.

Адами қасиеттері, өнердегі ұлағатты өмірімен еркін де, табиғи ұштасып жатқан сырбаз жанның көтеріңкі шабыты жайлы ұзақ сілтей беруге болар еді. Бірақ мен өзім мінезін жақсы білетін биязы апам, көсілген көпірме көп сөздің сағыздай созыла берерін қаламайтыны шындық. Хабең – сөз қадірін білген кісі. Сөздің, соның ішінде, жақсы сөзге құлай тоқтаған ұстамды жан.

Иә, жетімдіктің де, жалғыздықтың да ащы дәмін жастай көріп, өмірдің қия жықпылын енді таныр тұста, ақ білегіңізден ұстай алып, нәзік жүрегіңізді билеген Жүсекеңдей аяулы арысымыздың өзіңіздей өнерпаз бойжеткенді ұлт сахнасына табыстыруы – тек алғысқа, құрметке лайық ұлағатты іс. Жатқан жері жайлы болсын жарықтық Жүсекеңнің! Жалғыз өзі ғана емес, жан серігі Сізді де өнер айдынында еркін жүздірген әнші жүрек әлдиі ежелден қанымызда бар серіліктің, сауыққойлықтың, сезімталдықтың ғажап белгілері болса керек. «Сыйға – сый, сыраға – бал» деген ғой. Сіз де қарап қалмадыңыз. Қолға қалам алдыңыз. Көкірегі сара, көңілі жүйрік кісі қашанда жанымен жазады. Сондай Сіздің жан тербелісінен туған (әрине Жүсекең жайлы) «Үні кетпес құлақтан», «Ән – аманат» атты дәмді дүниелеріңіз өнерсүйер әр қазақтың үйіндегі кітап сөрелерінен лайықты орын алған. Қарқаралыдай қарағай, қайыны ырғалған, бұлақ-бастаулары бұрқылдап, жалбызыңыз жұпар иісі бұрқыраған ғажап өлкеде туып-өскен, көкейінде таланттың дәні бөрткен сергек жанның өнерпаз болмауына мүмкіндігі, басқадай амалы жоқ еді. Қара шаңырақ – Қазақтың Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театрына жетпіс жыл толған шақта қол жеткен табыстарымыз да көл-көсір, өтпелі кезең деп, әрқалай қыспаққа, қысылысқа, қиналысқа түсіп отырған бүгінгі өзіңіз сүйген өнер саласының мың сан мәселелері де шаш етектен.

Бірақ, әңгімені ұзатып, мәселе қудалап бұра тартқанда, қазақ сахна мәдениетінің бар болашағын дәл осы сәтте шеше қоймасымыз екі бастан белгілі. Әйтсе де, Сіздер әкелген өнердің жақсы дәстүрлерін сәтiмен жалғастыра алармыз ба деген күрделі сауал, кейiнгi толқын сахнагерлерiн толғандыра берер – зәру әңгіме.

Ендеше, өскелең буынға берер тәлім-тәрбиесі, айтар ақыл-кеңесі, ойнар рольдері, жазар естеліктері жетерлік, рухани болмысы мықты, кең де келісті, әр кез жайдары да, жайма-шуақ тебіренер асыл ана, алымды актриса, әйгілі Жүсекеңнің ақ бәйбішесі, ұлттық сахнамыздың инабатты анасы, ұл-қыз, немере-шөберелерінің қазына әжесі, Хабиба ханым Елебекова, мың жасаңыз! «Ақыл – адам көркі, ақылдың – сабыр серігі». Олай болса, Адам, Азамат ананың, шынайы актрисаның – жөні бөлек.

Мұғалім болмағаныңызға, ғалым болмағаныңызға өкінбеңіз, Хабиба апа! Ол мамандық иелерін сахнада келістіре ойнап берсеңіз, актер адамның нағыз арманы сол емес пе?

Иә, солай халайық! «Екі жақсы қосылмайды» деген ұғымға күдіктенсеңіз жөні бар. Ойланыңыз. Ендеше, Хабиба мен Жүсекең неге бас қосқан? Екі жақсы қалай қосылған?!

1996

Сәбит ОРАЗБАЙ,
ҚР халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

I

МАҒЖАННЫҢ 37 ӨЛЕҢІН ЖАТҚА БІЛЕТІН **95 жастағы Хабиба Елебековамен кездесу**

Хабиба Елебекова деген апамыз театрда кездесу өткізді. Мағжан Жұмабаевтың 37 өлеңін жатқа біледі екен. Біз «Жүзге жақындап қалған адамның қайбір жады мықты болады дейсің!» – деп, апайдың сөзіне күле қарадық. Кездесуге өзі жүре алмағандықтан, орындыққа отырғызып алып келді. Тіл сайрап тұр. Кешегі Қаллекей, Серке, Елубай Өмірзақов, Құрманбек Жандарбеков, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов – барлығымен кезінде жақсы араласқан. Құдай қосқан қосағы Жүсіпбек Елебеков – қазаққа танымал әнші. Дәстүрлі ән айтудан алдына жан салмайтын күміс көмейдің өзі еді. Осы зиялы азаматтардың барлығы қазір жоқ, дүниеден өтті ғой. Хабиба апамыз – көненің көзі.

Жақында, бір-екі күннің шамасында Хабиба апам маған телефон соқты. «Әй, Сәбитсің бе?» – деді. Мен: «Иә» дедім. «Ой, Сәбитжан-ай, амансың ба, денсаулығың қалай, соңғы кезде денсаулығыңның сыр беріп жүргенінен хабарым бар. Өзіңді көрмеймін. Көп келмейсің. Келмейсің дегенім дұрыс емес шығар, мен бармаймын ғой», – деді. «Шүкір, апа, жүріп жатырмыз. Сәл-пәл ауыратыным рас. Оны елеп жатқан мен де жоқ», – дедім. «Сәл-пәл деме, жүре бер аман-есен, жүре бер. Сенің жас кезіңдегі тірлігіңнің бәрі көз алдымда. Өзің де көз алдымда ержеттің ғой. Атақ-даңқ алғанда берген шайыңның дәмі әлі тілімде тұр!» – деді.

Біз гастрольға шыққан кезде ауыл-ауылды аралаймыз. Сондай кезде мен жанымдағы актерлерге жейде тігіп беретін өнерім бар. Қай жерде жақсы мата кездесе, өзімізге лайықты түсін сатып алып, тігін машинасын тауып, өзім тігіп беретінмін. Бұған мен әбден жаттыққанмын. Бұл өнерімді театрдағылар түгел біледі. Бір сапарда жүргенде Хабиба апамның Біржан деген баласына жейде тігіп бердім. Соны ұмытпапты, апамыз есіме салды.

«Сол Біржан балама тігіп берген жейдең әлі есімде. Балам бір қуанып қалып еді. Баланың бір қуанғаны – бір бақыт емес пе, мұны қалай ұмытамын. Екінші бір есімде қалған жағдай – айлық алған кезде бала-шағаңды құлынды бие сияқты соңына ертіп, қазіргі Желтоқсан көшесімен төмен түсіп, Жібек жолы көшесімен қиылысқан жердегі гастрономнан оларға шырын сатып әперетінсің. Өзге актерлер де таудан суатқа құлаған бұғылар сияқты сол төңірекке жиналып, шырын ішіп тұратын», – деді.

Солайы солай болатын, бірақ біз оны ұмытып кетіппіз, апай айтқаннан кейін есіме түсті. Хабиба апай әңгімесін қайта сабақтап: «Сонда мен саған қарап тұрып, «анасына, бала-шағасына қалай жақсы қарайды?» деп әрі таңырқап, әрі риза болатынмын» деді. Осылай әңгімесін түйіндей келіп: «Қазанның сегізі күні өзінің есімімен аталатын эстрада және цирк колледжі алдында Жүсіпбек Елебековтің бюсті орнатылады. Сол салтанатқа кел. Көзкөргендер азайып бара жатыр. Сен шет жағасын көрдің ғой. Жүсекеңнің тойында болдың, өзі де сені барынша жақсы көретін. «Барынша ашық, мінезі жұмсақ, жолға ыңғайлы» деп айтып отыратын. Адамның мінезі деген жолда шығады ғой. Сенің сапарда жүргендегі үлкендерге көрсететін құрметінді, қызметінді, кішіпейілділігінді аузынан тастамайтын», – деді.

Осы жерде мына оқиға есім түсті. Жүсіпбек аға мен Хабиба апа Қайруллин деген кісімен құда болды. Сол кісінің үйінде болғанымызда Жүкеңе ән айт деп қолқа салды. Жүкең: «Алдымен мынау отырған Сәбит айтсын. Бұл да тәп-тәуір әнші» деп домбыраны маған ұсынды. Содан мен Иманжүсіптің өлеңін айттым. Өлең біткеннен кейін барлығы қол соғып, ризашылығын білдірді. Көбісі «Ойпырмай, мынау қандай өлең, бұрын еш жерден естіген жоқпыз, өзі бір жақсы ән екен!?» – деп сұрады. Сол кезде Жүсіпбек аға: «Шырағым, Сәбит, Иманжүсіп әлі ақталған жоқ қой. Сен бұл әнді кімнен үйрендің?» – деді. Мен Шымкенттегі Шаниннің ұрпақтарынан естігенімді, Мұхтар Өтебаев деген әншіден үйренгенімді айттым. «Бұл әнді айтуға әлі ерте, сондықтан айтпай тұра тұр» – деді Жүкең. Мен басқа әндерді Жүсіпбек ағадан артық айта алмайтын болғандықтан осы тосын әнді айтқан болатынмын. Осы әнді айтқаным да Хабиба апаның есінде қалыпты.

Ал енді кездесуге қайта оралайын.

Кездесу болды. Оған театр қызметкерлері, студенттер, Жүкең мен Хабиба апаның ағайын-туысқандары қатынасты. Театр ұжымы Хабиба апаның 95 жылдығын қараша айында атаймыз деп жүрген еді. Бірақ, апамыз аяқ астынан ауырып, ауруханаға түсіп қалды да, жағдайын сұрап барғандарға дәрігерлер «ұзаққа бармауы мүмкін, әрекет жасай бергендерің дұрыс» дейді. Содан аяқ астынан мерейтой өткізуге мәжбүр болдық.

Дәрігерлердің сөзінен ол кісі де хабардар болса керек, «Маған үлкен тойдың керегі жоқ, ұжымыммен кездесіп, жүздесіп, сұхбаттассам, соның өзі жетіп жатыр. Келесі лездеме күні барамын» деп өзі хабар беріпті. Әр аптаның сейсенбісі күні театрда лездеме болатын. Бұл сөзді естіген соң, лездеме жайына қалды, бәріміз кездесуге келдік. Бізге бұдан артық қандай лездеме керек?!

*«Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!
Жылы, тәтті у тарады қаныма.
Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін
Патша тағы, бүкіл дүние малына.
Құшақтатып нәзік талдай бөліңнен,
Сүйгіз, сәулем, тәтті балдай тіліңнен.
Бой шымырлап, талықсиды жүрегім,*

*Балқып денем, барам еріп деміңнен.
Кір қойныма, қытша белің бұралып,
Тарқат, шашың жатсын жібек оралып,
Жаным! Жаным! Тезірек тисін төске төс,
Көз жұмулы, жиі ыстық демалып.
Шашың – қара, денең – ақ бұлт, жүзің – ай,
Тісің – меруерт, көзің, сәулем, құралай.
Ләззат, рақат, бақыт – бәрі қойныңда,
Сұрамаймын енді жұмақ – жақсы жай!
Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!
Жылы, тәтті у тарады қаныма.
Жасағаннан бір-ақ нәрсе тілеймін:
Өтпесе түн, атпаса екен таңы да!»*

Хабиба апам кездесуді Мағжанның атакты өлеңімен ашты. Қолын сермеп, өлеңнің әрбір сөзіне қарай қимыл жасады. 95-тегі кейуана ғашықтықтың барлық қимылын көрсетіп бақты. Біз бір жағынан күлдік, бір жағынан таңғалдық. Осы жеті-сегіз шумақтан тұратын өлеңнің бір жерінен ақау жіберген жоқ, бір сөзін бұзған жоқ. Бояуын өзгертпей, өңін бұзбай, сөлін төгіп-шашпай, қаз-қалпында жеткізді. Осы өлеңді тыңдағанда Мағжанның 37 өлеңін жатқа білетініне иландық. Мұнан кейін «Шолпы» деген өлеңін оқыды. Шолпының қыз баласының шашына тағатын кішкентай тиыннан жасалған зергерлік бұйым екенін айтты. Шынында да, мұны қазір біреу білсе, біреу білмейді. Осылайша бірнеше өлеңін жатқа оқыды. Әрбір өлеңге түсінік беріп отырды.

Менің анам да 98 жасында қайтыс болды. Әрине, ол кісі артист емес, бірақ қазақтың салт-дәстүріне қатысты көп нәрсе білетін. Хабиба апаның сөздерін, оқыған өлеңін тыңдап отырып, өз анамды ойыма алдым. Бұл кісілердің сүйектері асыл ғой.

«Сегіз аяқ» Шәкәрімнің өлеңі екен. Бұрын да шет жағасын естіп жүргенбіз ғой. Оның да тарихын айтты. «Сипалап жүріп, төсегін біліп...» деген жерлеріне келгенде апамыз екі иығын қозғап, қолымен олай-бұлай көрсетіп, бәрімізді бір күлкіге кенелтті. Ең соңында «Мен жастарға сенемін» деген Мағжанның өлеңін түгел оқып шықты.

*«Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты –
Мен жастарға сенемін!
Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар.
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!
Жас қырандар – балапан,*

*Жайып қанат, ұмтылған.
Көздегені – көк аспан,
Мен жастарға сенемін!
Жұмсақ мінез жібектер,
Сүттей таза жүректер,
Қасиетті тілектер –
Мен жастарға сенемін!
Тау суындай гүрілдер,
Айбынды Алаш елім дер,
Алтын Арқа жерім дер,
Мен жастарға сенемін!
Қажу бар ма тұлпарға,
Талу бар ма сұңқарға?!
Иман күшті оларда,
Мен жастарға сенемін!..
Алаш – айбынды ұраны,
Қасиетті Құраны.
Алаштың олар құрбаны,
Мен жастарға сенемін!
Мен сенемін жастарға:
Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір таңда,
Мен жастарға сенемін!»*

Кеш өте жақсы болып өтті. Мен оның барлығын бейнетаспаға түсіріп алдым. Бұл кісі бір отбасындағы он төрт перзенттен қалған бір өзі екен. Әкесі әнші болған. Кешегі қиямет-қайым кезеңде әкесіне нақақ жала жабылып, содан ұсталып, атылып кетіпті. Жас кезінде Қарқаралыда жүргенде Қалибек Қуанышбаев Хабибаны театрға шақырады. Әкесін ол кісі де біледі екен. «Біздің театрға кел, әнші, актриса боласың, бойыңда талантың бар» дейді. Бірақ апамыз оған көнбейді. Ал Қалибектің ішкі ойы – Жүсіпбек Елебековке Хабибаны қосу екен. Бұл оқиғаның бәрін апай бізге өзі айтып берді. «Қоярда-қоймай театрға алып келді. Мен қашып кеттім. Бір күні Қалибек Қуанышбаев: «Сен ақылды қызсың. Бойыңда өнерің көп. Мен сенің әке-шешенді білемін, халыққа ұнаған адамдар еді. Маған еріп жүр» деп Алматыға алып келді. Сөзінде тұрып, актрисалыққа орналыстырды. Жүсіпбекке де өзінің кеңесін берді: «Мынау ақылды қыз. Қазақы қыз. Ұлттық қасиеттерге бай. Сен осыны ал, қор болмайсың. Бұдан артық жар таба алмайсың» деді. Сөйтіп екеуімізді қосты, тойымызды жасады».

Осылайша екі жас жарасып, тату-тәтті отбасы болып, өнер жолында бірге тер төкті. Бірін-бірі шын мәнінде жақсы көрді. Хабиба апай ерлі-зайыптылық өмірлеріндегі қызықты сәттерінің бәрін әлі күнге ұмытпаған. Айтып отырады.

«Алматы ақшамы», қыркүйек, 2011

II

МИНИСТР МЫҢБАЙ МЫРЗАМЕН БОЛҒАН БАСҚОСУ БАРЫНША ӘСЕРЛІ ӨТТІ

Ұлттық тіл – ұлттық театрдың қаны да жаны

Маусымның 12-сі күні Қазақтың мемлекеттік Әуезов атындағы академиялық драма театрына жаңа министріміз келді. Бұрын да осы салада қызмет атқарған Дархан Мыңбайды бәріміз білеміз. Алдымен Ұйғыр театрында болып, түскі сағат 12-00-де, яғни, белгіленген мерзімде біздің әкемтеатрға жетіп үлгерді. Барынша әсерлі, жылы кездесу болды. Министр мырзамен жақсылап сырластық. Бірінші сөзі: «Қандай талап-тілектеріңіз, өтініштеріңіз бар?» – болды. «Қолымнан келетінін істеймін, келмейтінін келмейді деп айтамын», – деді. Бәрін орындаймын деген жоқ. Маған осы сөзі ұнады.

Театрымыздың басшысы Есмұхан Обаев атқарылып жатқан, атқарылуға тиісті жұмыстарды айтып берді. Қойылған және қойылатын спектакльдерді әңгімеледі. Ұжыммен таныстырды. Актерлердің жас ерекшеліктерін, сапалық құрамын сөз етті. Біраз актерлер сөйледі. Олардың ішінде жастар да бар...

Театрдың ақсақалы ретінде сөз кезегі маған келді. Мен театрға қажетті екі мәселені сөз еттім. Үшінші айтқан мәселем – жасы 100-ге жақындап қалған Хабиба Елебекованың естеліктерін кітап етіп шығаруға қаржылай көмектің қажеттілігі. Ұжымның атынан өтіндім. Хабиба – қазіргі көзі тірі ең қарт актриса. Көненің көзі. Қаллекеймен, Шәкенмен, Серкемен, Елубаймен, Камалмен, Сәбира Майқановамен, Шолпан Жандарбековамен, Бикен Римовамен тағы да басқа толып жатқан кешегі өткен театр майталмандарымен қызметтес, кейбірімен сахналық серіктес болған адам. Әкемтеатрдың көзі, тірі тарихы. Театр жайында біреу бірдеңе білгісі келсе, Хабиба апамнан сұрайды, тіпті тілшілер де сол кісіден керегін тауып жатады. Бір ғажабы, Хабиба апам өзімен қатар жүрген актерлердің бірінің атын әлі күнге шатастырмай айтады.

«Өзім дүниеден өткенде артымда жаман сөз қалмаса екен...»

Ибн-Синаның жады өте мықты болған екен. Он жасында Құранды түгелдей жаттап алыпты. Оған себеп – сатып алайын десе ақшасы жоқ. Тегін ешкім бермейді. Содан оқып шығып, сол бойында үтір-нүктесіне дейін жаттап алыпты. Кейін сол жаттағаны бойынша қайтадан кітап етіп жазып шыққан ғой. Не деген керемет, данышпан, жады мықты адам. Мындаған аурудың атын, олардың емін де жадында сақтаған. Патшаларды емдеген. Сондай білгірлігінің, данышпандығының арқасында әлемдік медицинаның атасы болып қалды ғой.

Сол сияқты, Хабиба апам да әкемтеатрдың анасы болып отыр қазір. Талдықорғанда гастрольда жүргенбіз. Мәшинеміз жағармай құймақшы болып кетті де, біз көпірдің үстінде күтіп қалдық. Құданың құдіреті, бір шөкім бұлт төбемізде тұрған. Сол келді де, нөсерлетіп құйды дейсің. Арықтың табан астында суы көте-

ріліп, біз суға кетіп қала жаздадық. Қасымызда Хабиба апа, қасында Біржан деген баласы бар... Сол оқиғаны ұмытпапты, өткенде менімен сөйлескенде соны айтып жатыр. Біз көпірден өтіп, қырдың басына шығып тұрдық. Үстіміз малмандай су болды. Менің елді мекенде жүргенде әріптестеріме киім тігіп беретін шеберлігім бар. Біржанға шалбар тігіп бердім. Соны да әлі ұмытпапты, айтып жатыр. Хабиба апам жалпы, екі кітап дайындатып жатыр екен. Танымал театр сыншысы Әлия Бөпежановадан сұрап едім, «өте жақсы кітап болады», – деді. Мен апама:

– Екі кітабыңызды айта алмаймын, біреуіне қаржы сұрап көрейін. Арқаның азаматтары көп қой, қаржысын қалтасына сыйғыза алмай жүрген. Біреу-міреуі көмектесер. Екіншісін соларға шығартқын, – дедім қалжыңға бұрып.

Хабиба апам:

– Қазақылық, мейірімділік осы оңтүстікте ғой, айналайын, – деді.

Міне, осылардың бәрін министр мырзаға жеткізіп, кітабын шығаруға қаржы сұрадым. Дархан Мыңбаев мырза көмектесетінін айтып, уәдесін берді. Сөз жата ма, Хабиба апама біреулер менің министрден кітабына қаржы сұрағанымды айтып барыпты. Үйге телефон соқты. Екеуміз үздіксіз жарты сағат сөйлестік. Айналайынның астына алып, әбден ризашылығын білдірді.

– Тіпті, болса болар, болмаса болмас, осы айтқаныңның өзіне ризамын. Е-е, небір жағдайлар өтті ғой... Талай басшыларды да көрдік. Жақсысы да, жаманы да ұшырасты. Ұжымның қамын ойлағаны да аз кездескен жоқ. Ал қара басын күйттегендері де, атаққұмарлары да жоқ емес еді, – деп бастап, театрдың бүкіл тарихын сөз етті. Замандастарының бәріне баға беріп шықты.

– Кейде журналистер телефон шалып, театрға, кейбір тұлғаларға қатысты сұрақ қояды, ерінбей, соларға білгенімше жауап беремін. Соңында «Апа, қандай бақытты адамсыз, не арманыңыз бар?» – дейді. Сонда мен «Өзім дүниеден өткенде артымда жаман сөз қалмаса екен деп армандаймын», – деймін. Мұным дұрыс па, Сәбитжан? – деді.

– Дұрыс. Өте дұрыс! – дедім.

– Ал, енді саған көп рақмет. Хабарды енді өзіңнен күтемін, – деп телефон тұтқасын орнына қойды.

Осы маусымның 15-інде Астанаға барғанымда министр мырзаға тағы да жолықтым. «Еш алаң болмаңыз, бәрі де шешіліп жатыр. Апайды да қуантып қойыңыз», – деді.

«Алматы ақшамы», 22 маусым, 2012

III

«Жасым 100-ге жақындады...

Бәлкім, сол тәбәріктің пайдасы шығар...»

Анам соңғы кездері өлім жайлы көп айтатын болды. Екі сөзінің бірінде ақыл-кеңесін беріп, тату-тәтті өмір сүруімізді тапсырып жатады.

*Кім білсін көңіл қандай күй кешеді,
Қаңырап қалуы оңай үй кешегі.*

*Алтыным жоғалғандай алаңдаймын,
Анамның көрінбесе кимешегі, –*

деп қайсар акын Мұқағали Мақатаев жырлағандай, өткен-кеткенін айтып, аманаттап жатады. Осы түсті көргеннен кейін, құданың құдіреті, анамның кимешегін көргендей болдым...

Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, жасы 100-ге таяп қалған актриса Хабиба апай телефон соқты.

– Әй, Сәбит, сенің есінде бар ма, жоқ па, анаң дүниеден өткенде бір топ әйел көйлегіне таласып, тәбәрік етіп қайшымен кесіп-кесіп алғанбыз. Сонда сенің үйіндегі Света келін маған қомақтылау етіп беріп еді. Көрдің бе, қазір менің жасым 100-ге жақындады. Бәлкім, сол тәбәріктің пайдасы тиген шығар, – деп қарқ-қарқ күлді.

– Ой, апай, аман болыңыз, жасай беріңіз, барлық қызықты көріңіз, Сіз – көзі тірі шежіресіз, жадыңыз да мықты, жаныңыз да жайсаң, жасай беріңіз, – дедім. Деуін десем де, мен ойланып қалдым. Ол кісінің дәл апам түсіме кірген кезде телефон соғуы таңғалдырды. Сөйтсем, жарықтық Хабиба апайдың да өткен-кеткенін есіне алып, елеп-екшеп жүрген кезі екен ғой...

*«Алматы ақшамы», 8 қыркүйек, 2012
әңгімелерді жазып алған –
Сәрсенбек БЕКМҰРАТҰЛЫ*

**Әубәкір РАХИМОВ,
ҚР еңбек сіңірген қайраткері, профессор**

ӨНЕРДІҢ ШЕЖІРЕЛІ АНАСЫ

Өнердің кез келген саласындағыдай, театр өнерінің өткені мен бүгіні және ертеңі бір-бірімен тығыз байланыста болады. Өткеніңді сараламай, болашаққа қадам басу қателікке ұрындырары сөзсіз. Театр – жеке адамдардың ортақ мақсатқа арналған суреткерлік тағдырларынан тұрады. Тұрмыс-тіршіліктің рақатынан баз кешіп, азапты өнердің Ұлы мұратына өз еркімен тұтқын болғандардың өмірбаяндарынан құралады. Осыларды зерделемей өткенімізді өшірсек, өнерімізде өсу болмақ емес.

Тарихи құжаттармен танысуың өз алдына, ең әуелі, осы салада еңбек етіп, тер төккен адамдардың жадында жатталғандарын ауызекі тыңдап, құлағыңа құйып, бойыңа сіңіргеніңнің өзі бір ғанибет емес пе?! Ал егер ол адам көріп, көңілге түйгендерін ой сүзгісінен, талғам таразысынан өткізе алар шежірелі суреткер болса тағдырдың тартқан сыйы деп қабылдауымыз керек. Біздер үшін Хабиба апамыз – өнердің сондай шежірелі анасы!

Хабиба апамыздың әрбір сахналық кейіпкері ұлттық нақышқа, халықтық фәлсафаға бай болды. «Абай» қойылымындағы келісті де, келбетті, мірдің оғындай

сөзін жетесіне жеткізіп айтатын, намысын таптатпақ түгілі үстінен құс ұшырмас адуынды Қаныкейдің сахнадағы әр сәті алдағы қатердің хабаршысындай болатын. «Қарақыпшақ Қобыландыдағы» Күнікейі – аярлығын еркелікпен көмкерген, азу тісін ақситқанымен қашан қабарын жасырған жыртқыштай әрекет ететін. Ал, «Қозы Көрпеш – Баян сұлудағы» – Мақпалы мен «Абай – Әйгерімдегі» – Ұлжаны – аналық мейірім мен даналыққа бай бейнелер. «Досымның үйленуіндегі» Айғанымы – қазақы аңқаулық пен ақкөңілділікті бір бойына жинаған жан. «Қасиретті қатындардағы» – Понсиясы, «Фархад – Шырындағы» күтушісі Қазақ сахна өнерінде Хабиба апаның өзіндік ерекшелігімен өрнектелген бейнелер.

Басты кейіпкерлермен қоса эпизодтық бейнелерді де жоғары талғам дәрежесіне көтере білді. «Ақан сері – Ақтоқты» спектаклінде Жалмұқанның Ақтоқтыны масқаралап Мылқауға беретін тұсында арашаға түсіп:

*Бала бер деп, өмір бойы тілеуші ең,
Құдай қабыл етпеп ед.
Жетпеп еді арызың...
Енді ал десе – шын бергені шығар.
Ал, бөбегіңді, ал!
Алақаныңнан түсірме,
Арқалап өт дүниеден!.. –*

деп түкке түсінбей тұрған Мылқаудың (арт. Қ.Қуанышбаев пен Ы.Ноғайбаев) алдына көз жасына тұншыға келіп, тізерлеп, нәрестені әлдилегендей қимыл жасаған әйелдің (Хабиба апа) зарына жаны езілген көпшілік сахнасындағы артистер мен көрермендер қосыла көз жастарына ие бола алмаушы еді. Істің мәніне енді қанған Мылқау бас бармағын тістеп, күңірене Ақтоқтыны сәбиіндей бауырына басып отырып қалатын сәттерді көрген адам мәңгі ұмытпақ емес. А.Сүлейменовтің «Жетінші палата» драма-диалогы бойынша мен қойған спектакльде наркодиспансерде жатқан есерсоқ немересіне келген әжей сәбиінің «иткөйлегін» ұстап отырып: «...Жалғыз басым состиып қайтіп отырам... Шешен сол кеткеннен мол кетті. Сенің оған керегің болмай қалды, құлыным... осы пәлеге қайдан ғана душар болдың екен!..» – деп, есінен айырылған адамдай бір орында айналшықтап, қайда барарын білмей теңселген Кейуананың халі көрерменін «ah-h!» ұрғызбай қоймайтын. Міне, бұл – ұлы өнердің құдіреті! К.С. Станиславский айтатын: «Кішкентай роль жоқ, кішкентай актер бар!» – дейтін сөздің ақиқаты.

Хабиба Қарақбайқызының ерекше бір қасиеті – жадысының кереметтілігінде. Абай, Шәкәрім, Мағжан, Сұлтанмахмұт тағы да өзге ақындарымыздың өлең-жырларын, көптеген әндердің шығу тарихы мен осы күні ұмыт болып кеткен мәтіндерін жатқа айтып береді. Есте сақтау бар да, көргенін кейінгілерге көркемдік деңгейге дейін көтеріп жеткізу бар. Алдыңғысы бәрімізге ортақ қабілет болғанымен, соңғысы тек суреткерге тиесілі қасиет. Алланың сыйға тартқан дарыны! Хабиба апа – бұл тұрғыдан да өзгелерден ерекше жан. Оның қаламынан туған «Қайран, Жүсекем!» атты кітабы естелік қана емес, өзіндік баяндау мәнерімен

де, жоғары көркемдік деңгейімен де өнер мен өмір туралы фәлсафалық ой-тұжырымдарымен де құнды шығармалар екені даусыз.

Адам перзентіне ат қоярда үміт артып, ырымдап қояды. Саналы бала сол атқа лайық болуға ұмтылады. Қарақбай қария да үлкен қызына – Дәлилә (арабша – белгілі, бағыт беруші), кіші қызына – Хабиба – адал дос, сүйікті жар болсын деген тілекпен қойса керек. Сахнадағы өнер жолын ерте бастаған әпкесі сіңлісін де театрға алып келді. Ал, апамыз өнер жолын ғана емес, өмірлік жары – Жүсекеңдей адамға кездесті, ұрпақ өсірді, ұлағатты анаға айналды. Өзінен гөрі, Арқаның ән дәстүрін бүгінге жалғастырушы алтын көпір Жүсекеңдей біртуар азаматтың өнер жолын дәріптеуі – әке үмітін ақтап, жарға деген адалдық парызын орындағаны. Хабиба атына лайық болғаны!

1991 жылы 21 қазанда «Актерлер үйінде» (Дом актеров) «Өнер тарландарының кешін өткізіп: «Қапан аға мен Сәбира апаның», «Әйкен апа мен Мүлік ағаның», «Шахан аға мен Хадиша апаның», «Хабиба апа мен Әтейбек ағаның» айтыстарын жасап, «капустник» өткізіп едім. Сонда жастарға арнап, Хабиба апаның атынан:

*Ойға алып Әмірені, Исаменен,
Мұрасын кейінгі ұрпақ жиса деп ем.
Кешегі кеткендердің сапар шегіп,
Еске алып аруағын тұрса деп ем!.. –*

деп айтылатын сөздерді естіген апамыз қатты тебіреніп: «Осыны ойлар адам қалмай бара жатыр ғой, Әміре мен Исалар ескерусіз қалды ғой, Әубәкір!..» деп толқып, көзіне жас алған сәтін еш ұмытар емеспін. Көптеген өнер адамдарының мерейтойларымен қоса, Иса Байзақовтың да жүз жылдығын өткізгенімде: «Сені осы Әуезов театрының шырақшысындай көремін!» – деп ризашылығын айтты.

Хабиба апаның тағы бір қыры – ұлттық киім үлгілерін, оларды киіп, өзін алып жүрудегі ерекшеліктерді жетік білуінде. Біздің театрдағы сәнді кимешектерін Хабиба апа оюлап, оқалап өзі тіккен. Бикен, Шолпан апаларымыздан бастап, өзге де сахна шеберлері осы үлгі бойынша киініп жүрді. Ондай кездері Хабиба апамыз кимешектің еліне, жеріне, әлеуметтік дәрежесіне байланысты әртүрлі болатындығын түсіндіріп жатады. Өзі де кейіпкерге лайық киінетін: «Қарагөздегі» Тектінің паңдығына сай киімі мен кимешегі тәкаппарлықты паш етіп тұрса, «Естайдың Қорланындағы» Айнаштың жұпыны болғанымен өзіне жарастырып киген киімі мен қарапайым күнқағары қазақы қалжыңнан қаражаяу адам емес екендігінен хабар беріп тұратын.

Империялық саясаттың қаһарынан қаймықпай Мағжандардың айтқандарын жаттап, шырақтайын өшірмей келген шежірелі Хабиба апа – ғұлама Шәкәрім айтқан:

*Жоба тап,
Жол көрсет,
Келешек қамы үшін.*

*Қайтадан айналып
Қауымға келмейсің,
Барыңды,
Нәріңді
Тірлікте бергейісің.
Ғибрат алар артыңда із қалдырсаң
Шын бақыт –
Осыны ұқ,
Мәңгілік өлмейсің! –*

деген қағидаға адалдығын сақтай білген өнер иесі.

12 шілде, 2012

**Болат АТАБАЕВ,
ҚР еңбек сіңірген қайраткері**

ЕРТЕҢ КЕЛЕМІН, АПА!

– Болат-ау, маған не болған?
– Не болды, апа?
– Көзім бұлдырлайды...
– Апа-ау, ол көз де 96-ға келді ғой енді...
– Е-е-е, шіркін! Көңіл деген – көк дөнен! Бәрі басымда сайрап тұр. Қызылды да, жасылды да сол баяғы қалпында көргім келеді! Мына дүниең өңсізденіп кеткен сияқты ма, шорт знайт!
– Е-е-е, Мағжан!

*Алтын күнді, қара жерді сағындым,
Жан жолдасым – жүйірік желді сағындым,
Асау тайдай еркелетіп өсірген,
Ағайынды, туған елді сағындым...*

Токтата алмайсың. Кете береді, кете береді ағылып...

*...Ойыны бір құрдастарды сағындым,
Тілегі бір жолдастарды сағындым...
Таңғаламын келбетіңе қараймын да,*

деп қоямын. От басы, ошақ қасында айтатын бір-екі әнімнің сөздерін аяғына дейін жаттай алмай әлі күнге дейін сөз естимін достарымнан. Ал, Хабиба Елебекова апам Мағжанның 31 өлеңін жатқа оқиды! Санап отырдым! Абайдан да, Шәкәрімнен де оқиды. Қалибек Қуанышбаевтың әлі жарық көрмеген әзіл-сықақ өлеңдерін де Хабиба апамнан естідім.

– Вот интересні. Мен бала кезімнен сондаймын, – дейді.

Әдемі оқиды. Ұйқас қумайды, ой қуады. Жатқа оқып тұрған орындаушы емес, жаңа ғана өзі ойдан шығарып тұрған автор дерсің! Арасында басын шайқап, ернін сылп еткізіп қояды. Адам табиғаты актерлік өнерді бар болмысымен аңсап тұрған соң, төсекке таңылған мына қу тірлікке көңісі келмейді екен! Әлі сахнаға шыққысы келеді! 70 жыл бұрын ойнаған рольдерінің сөздерін ұмытпаған! Әріптестерімен кездескісі келеді. Дастарқан басына отырып алып ән айтады. Өнер жайлы, театр жайлы әңгіме-дүкен құрғанды ұнатады.

– Станиславский театрының артистеріміз ғой.

Сауатын араб әліпбиімен ашқан. Арнайы актерлік мамандықты игермей-ақ әріптестеріне қарап, тыңдап жүріп актерлік табиғатын оята алды. «Сверхзадача, сквозное действие, приспособление, магическое «если бы...», внимание» дегендерді оқымаса да өзін Станиславский жүйесінің актрисасымын дейді!

– Хабиба апа, мысалы, Қ.Қуанышбаев, Е.Өмірзақов, С.Қожамқұлов, Қ.Бадыров, Р.Қойшыбаевалар Станиславскийді білмей-ақ керемет артист болған дейді ғой. Рас па?

– Рас. Ол кезде бәрімізге солай деді ғой. Өкімет пен партияның саясаты солай болған соң...

Басталады ұзақ сонар әңгіме. Түсінем, өз заманының әңгімесі. Өзінің өнерде жүрген сәттерін, роль ойнаған кездерін сағынады! «Тілегі бір жолдастарды сағындым» деп отырғаны сол.

Апаммен әңгімелескенді жақсы көремін. Тірі тарихпен кездескендей боламын. Алғашқы артистердің арбамен ел кезіп, майшамның жарығында ойын қойып жүрген сәттерін өзім көргендей әсер аламын! Тек әттең, саясат мәселесіне келгенде екеуміз контра боламыз! Мен де қоймаймын, Хабиба апам да өз айтқанынан қайтпайды. Маған қой дейді. Мені ойлайды – 37-жылдың нәубеті балама келмесе екен деген ана тілегі. Ақыры, келіспей тарасамыз. Марқұм Бикен Римовамен де солай болатын. Ертеңіне телефонмен түк болмағандай хал-жағдайды сұрасып: қашан келесің? – дейді.

Үйден шығып, таксиге отыра сап барар жердің адресін айтам. Бірер минуттан соң қайда кетіп бара жатқанымды ұмытып, есіме түсіре алмай жүргізушіге қараймын. Жаңа айтқанымды жаңа ұмытып қара басады да қалады кейде. Есіме түссейші! Ауру шығармын, піссімлілә, піссімлілә! Терлеп кетем!

– Простите, куда мы едем?

– Вот артист!

Үнсіз қаламын. Хабиба апамдай зерделі бола алмадым! Осы кеткенім кеткен енді! Амал қоторый!

*Өтеді өмір –
Жүрекке шер байланады.*

*Өтеді өмір –
Жүрек көмірге айналады.*

*Өтеді өмір,
Бітеді жыр. Жүрек құл.*

*Жырсыз жырау,
Туір қырау – солды гүл.*

Бұрын Мағжанның махаббат лирикасын оқитын. Соңғы кезде осы «Өтеді өмірге» көшті.

– Апа, өмірге ризасыз ба?

– Е-е-е, балам! Мағжан «Сұм өмір абақты ғой саналыға» деп бекер айтқан жоқ қой. Өмір адамнан сұрамайды, риза болсаң да осы, болмасаң да осы. Жүсекең деп, бала деп, театр деп өткіздік қой бұл өмірді. Осы өнердің арқасында жер араладым, ел көрдім, өнердің, әдебиеттің майталмандарымен араластым. Бақытты кездер де болды, күйінген сәттер де өтті. Обшым, Өзіме ризамын, әйтеуір (күледі)! Сен режиссорсың ғой, айтшы, жаман актриса болдым ба? А?

– Жоқ, апа! Жаман актриса болсаңыз – мен сізбен жұмыс істемес едім, спектакльдеріме алмас едім, достық қарым-қатынаста болмас едім! Сіз сахнада шынайы өмір сүргенді сүйдіңіз, жалған сөзден қаштыңыз. Жүріс-тұрысыңызда, сөз саптауыңызда көзге оттай басылатын қазақи болмыс бар сізде! Мен үлкенмін, жасымды сыйла, атағымды сыйла деп «ақсақализмге» бармадыңыз!

– Ол не дегенің?

– Жассың деп көкірегімнен итермедіңіз, менің ойыммен санастыңыз...

– Сенімен жұмыс істеген маған ұнайды. Имандай шыным. Сен интересный режиссорсың. Сенің «Соқырлар» қойылымыңды ойнағанда бір рақаттанатынымын. Бірақ, сенің бір жаман әдетің – «современный» жасаймын деп біз түсінбейтін бір әлем қуып кетесің!..

Түсінемін, апа. Бәрін түсінемін. Заманымыз бір болғанмен уақытымыздың екі түрлі екенін де көремін. Ертең осы сөздеріңізді, осы отырысыңызды әлі-ақ сағынатынымды да білемін. «Өмір деген – өзен» дейді суреткерлер. Сол аққан судың ағысына қарсы жүзем деп, апа, кейде шаршаймын. Қайтемін енді, көрмейін десем көзім бар, сезбейін десем сезім бар. Көргендерімді, сезгендерімді бір жүйеге келтіру үшін судың жағасына тоқтау керек екен. Тыныс алатын, еңтікпемді басатын өмір атты өзеннің көгорайлы жағасы Сіз, Хабиба апа! Менің Хабиба Елебекова деген анам! Бұл өмірде Сізбен, Бикен апаммен кездеспей, жолдарымыз тоғыспай кетсе талай құндылықтардан қағылар едім! Мың да бір алғыс айтамын тағдырыма! Ертең келемін, апа!

8 мамыр, 2012

Нүкетай МЫШБАЕВА,
Қазақстанның халық артисі

КЕРБЕЗ ХАНЫМ ХАБИБА

Оқу бітіріп, М.Әуезов театрына алғаш келгенімде өздері осы қара шаңырақ театрға сән беріп жүрген жап-жас келіншектер бар екен. Олар: Сәбира Майқано-

ва, Хадиша Бөкеева, Бикен Римова, Шолпан Жандарбекова, Махфуза Байзақова, Хабиба Елебековалар еді. Әрқайсысы әртүрлі мінез иесі. Солардың арасында Хабиба апам кербез де салмақтылығымен ерекшеленіп тұратын. Кіммен сөйлессе де сөзі мағыналы, аналық мейірімділігімен ақылын айтады.

Хабиба Елебекова – еліміздің ардақты ұлы, туа біткен дарын, нағыз әнші Жүсіпбек Елебековтің жары. Ұл-қыздарын өмірге әкеліп, сүйікті ана болды, бүгінде аяулы әже, әулетінің ырысы. Жүсіпбек ағамен өмір сүрген шағын ертегідегідей әңгімелейді. Ер-азаматтың қадірін білген апам бақытты еді.

Хабиба апам көп роль орындады. Сахнада да, гастрольдік сапарларда да бір-ге жүрдік. Бір кездері «Досымның үйленуі» спектаклімен гастрольға бірге шықтық. Сәбира апам – Биғанымды, Хабиба апам – Айғанымды ойнайды. Сахнаға шыққанда көрермендер қошемет көрсетіп қарсы алады. Хабиба апам қандай роль ойнаса да шынайы, нанымды етіп ойнайды. Бір жолы апайлардың басын қосып, үйіме қонаққа шақырдым. Сонда Хабиба апам Мағжанның өлеңдерін жатқа білсе, Хадиша апам махаббат жайлы өлеңді жақсы оқиды. Екеуі кезекпен өлеңдерін оқып, сол күнгі жайылған ақ дастарқанымның сәні болды. Хабиба апам жыр шумақтарын оқып отырғанда, көз жанары жайнап, жасарып кетеді. Осыншама жасқа келіп, ойға сақтау қабілетінің ғажап екеніне таңғалдық. Апамды шежіре десек те жарасады. Өйткені, ол – көп оқитын, көп білетін актриса, жады мықты. Мысалы: «Қарағым-ау, 1934 жылы, 5 майда мынадай қызықты оқиға болып еді...» деп бастап, бүкіл мән-мағынасын ашып әңгімелеп береді. Ал біздер кейде осыдан екі-үш жыл бұрын болған оқиғаны ұмытып қаламыз. Апам – ерекше жаратылған адам. Театрда ешкіммен шәй дескен жоқ шығар. Ешкімді күндемейтін, артық сөзі жоқ абзал ана. Сондықтан да шығар, апа, жасыңыздың ұзақтығы! Мен ылғи телефон шалып, денсаулығыңызды сұрап тұрам, оны білесіз. Әлі тыңсыз, жасай беріңіз, театрымыздың кербез сұлу анасы! Сізді әрқашан да мақтан тұтамын.

Салиха ҚОЖАҚОВА,
Қазақстанның еңбек сіңірген артисі

НҮРЛЫ ЖАН

Хабиба апайды мен 1961 жылдан бері білемін. Нағыз үлгі алатын ұстамды, білімді ана. Ол кісіден үйренгендерім көп. «Біздің кластың қыздары» спектаклінде – Дәметия, «Кебенек киген аруларда» – Халима, «Жетінші палата» спектаклінде кемпір рольдерін ойнауда апамыздың көп көмегі тиді. Дайындық барысында түсінбеген көп жайтты, образ сомдауда кейіпкерлер бейнесін ашар тұстарда сөзді қалай айтуды, қалай ойнауды үйретіп, бағыт-бағдар беретін. Бір рольді кезекпен орындап жүрген кезде әбден машықтануымыз үшін кеңдік беріп, сол рольді көбінесе бізге орындататын. Есболған қайтыс болғанда маған көбірек көңіл бөліп, аналық ақылын айтып, көп көмектескен осы Хабиба апа. Есболған да сөздің астарын, мағынасын түсінбей жатсам, Хабиба апайдан сұраймын деп айтатын. Сол

сөзі құлағымда қалған. Ол рас. Айналасына жақсылығын тарата және басқаның жақсылығына қуана білетін ана, нұрлы жан. Өз басым ерекше бағалаймын.

ақпан, 2012

Шәмшагүл МЕНДИЯРОВА, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі

КЕҢ ШУАҚ, АҚЫЛШЫ АНА

Театрға алғаш келгенімде мені екі апамның кең пейілдері шуаққа бөледі. Олар Хабиба Елебекова мен Күлзипа Сыздықова еді. Ең алғаш Ш.Хұсайыновтың «Қилы-қилы тағдырлар» қойылымында Дарига деген эпизодтық рольмен сахнаға шықтым.

Премьера болатын күні екі анам бірі «Құс сүті», бірі «Ассорти» конфетін сыйлап, маған ақ жол тіледі. Төбем көкке екі елі жетпей қалған. «Иә, онда тұрған не бар екен?» – деген ой болуы мүмкін. Ол кезде бұл конфеттер керемет қат болатын. Міне, сол күннен бастап Хабиба апамен өте тығыз байланыста болдым. Кездескен сайын апамның әңгімесі ылғи театр жайлы, театрдың ақсақалдары жайлы болушы еді.

«Ең алғаш театрдың іргетасын көтерген біздің ақсақалдар – Қаллеки, Қапекен, Сераға, Елубай, Иса Байзақов тағы басқалары өгіз арбаға отырып алып, ел аралап концерт қоя жүріп, театрға керекті заттарды қоса жинап жүрді ғой. Ол заттар – қазіргі көзбен қарағанда музейлік жәдігерлер еді. Бұл: түйе жүн шапан, зер шапан, жарғақ шапан, түлкі тымақ, құндыз бөрік, күміс ер-тоқым, қамшы, жүген, шылбыр. Әйелдердің күмістен жасалған әшекей заттары: күміс алқа, сақина, білезік, шашбау, алаша, киіз, тұскиіз, сырмақ, қоржын – бәрін-бәрін халықтан айналайын театр үшін жинап беруші еді. Енді қарап отырсам, сол асыл заттар бірте-бірте жоғалып, қолды болып кетті. Кейбір нәрселер қоймада шіріді. Қалғаны – әне бір зер шапан мен жарғақ шапан. Ә-ә-әй шырағым-ай, енді оған не дерсің? Ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті ғой. Ол заттар сол қалпында жиналып, музейде тұратын жәдігерлер еді. Соны ешқандай басшы ойланбапты ғой. Тіпті ешкімнің ойына келмепті. Өкінбеске амал жоқ. Соны жинаған ақсақалдардың еңбегінің зая болғанына жаным ашиды» деп айтып отыратын. Бір күні апаммен жүздесіп, пікірлесіп отырғанда: «Мынау Шәкәрімнің «Еңлік – Кебек» поэмасы, өзің ғана оқы да, ешкімге көрсетпей өзіме әкеліп тапсыр», – деді де, Мағжан Жұмабаевтың махаббат туралы өлеңдерін оқып берді. Сөйтіп, мен бұл екі ақынның атын ең алғаш Хабиба апамнан естіп едім.

– А-а-а-һа, – деп күліп алды да бір кездескенде, – біз бір кездері менингитка деген баскіім киетінбіз. Қыстыгүні ақ қар, көк мұзда сол баскіімімді киіп, үстімізде пальто, аяғымда етік театрға келе жатсам Қаллеки кездесе кеткені:

– О, мына басындағы баскіімің керемет жылы шығар, – деп мырс етіп күліп жіберді. Ол менингиткасы құрғыр екі елі. Тек қана төбені жабады.

Ол кезде менингитка керемет сән болған.

Апам болмысында асықпайтын, әр нәрсені байыппен аспай-саспай жасайтын. Өзіне неше түрлі көйлек тігіп алатын. Тоқыманы да келістіріп тоқитын. Бірде әдемі етіп пальто тоқыды. Қолмен емес, тура машинамен тоқыған сияқты. «Сол пальтоға біраз адам қолқа салып жүр» деп жымиятын. Апама театрда көп роль берілмейтін, екінші, үшінші пландағы роль берілетін. Хабиба апам сол рольдерін жетік меңгеріп, әр сөздің айтайын деп тұрған ойын дөп басып айтатын.

Театрымызда Қасым Аманжоловтың «Досымның үйленуін» режиссер Жақып Омаров қойды. Онда Хабиба апай Айғаным ролін ойнады. Биғаным ролінде Сәбира апай. Хабиба апай өмірде байсалды, салмақты кербез адам ғой. Айғанымды ойнағанда сахнаға желдетіп кіретін. Жеп-жеңіл көйлегінің етегі жел үрлегендей шайқалып шығатын. Биғанымға өкпелеп: «Ал, мен енді кеттім!» – деп отыра қалғанда көйлегінің етегі жайылып кететін. Бұл отырыс – кететін адамның емес, жайғасып отырғысы келетін адамның жайы. Апамның бұл әрекеті еріксіз күлкі тудыратын.

– Шәмшә, жүр үйге. Менің саған шай ішіп отырып айтатын әңгімем бар, – деді апа бір жолы. Сонымен үйге келдік. Шай ішілді. Апам асықпай бір папкадағы қағаздарды алды да, үстел басына отырып: «Мен мына бір дүниені жазып бастап едім. Әлі ешкімге оқығам жоқ. Саған оқиын деп отырмын. Ал, тыңда», – деп әпкесі Дәлилә туралы естелігін оқи бастады. Анда-санда болмаса көп рольдер қолына түсе бермейтін болғандықтан ылғи өзін-өзі іштей ширықтырып жүрген апамның жан дүниесінің тығыны тарс етіп атылып, үлкен бір арнаға тоғысқандай толқынданып бірінен кейін бірі сыртқа шығуға асыққан ішкі дүниенің екпіні! Апамның сөз саптауы, сөйлем құрауы мені таңғажайып сезімге бөледі. Өзі де оқыған сайын осы шығармамен қабысып неше түрлі сезім толқынын басынан кешіп отырды. Апам жазғандарын оқып болып үнсіз қалды. Мен де аяқ астынан қазынаға кездесіп аңырып қалған ессіз кісі сияқтымын. Бұл шығарманың басталуы естелік емес, үлкен көлемді эпикалық шығармаға кіріспе сияқты. Күнделікті әңгімелесіп жүрген бір басқа да, кенеттен апамның жан дүниесімен кездескен сәт тіпті бөлек. Апам өзі басынан қаншама оқиғаны басынан кешірді. Феодализм, революция, социализм, ашаршылық, репрессия, дамыған социализм, егемендік, жабайы капитализм. Бір адамның ғұмыры осынша қоғамдық өзгерістерге ұшырады. Сол өзгерістерге іштей қарсы тұрып, қазақы бар болмысын сақтау, әдет-ғұрып, мәдени құндылықтарды бала кезінен бастап бойына сіңірген қалпында аз шығынға ұшыратып осы уақытқа дейін жеткізу – әу баста жаратушының бойына берген асыл қасиеттерінің, ішкі қуатының, төзімділігінің, адами кеменгерлігінің ақиқат көрінісі. Егер апам есін білгелі бергі өмірін осы бүгінгі күнге дейін қағаз бетіне түсірсе, бұл сөзсіз эпикалық шығарма болар еді. Апамның өмірі арқылы бүкіл бір халықтың жүз жылдық өмір жолы суреттелер еді. Мүмкін, апам жазып та жатқан шығар. Мен бейхабармын.

– Әй, Шәмшә, – деді тағы бірде апам. – Менің жадымда, бес жасымда естіп едім, Абайдың «Сегіз аяғы» нағыз Абайдың өзінің шығарған әнімен айтылатын нұсқасы бар. Соны саған үйретейін деп едім, – деді де өзі ыңылдап айтып берді.

Маған ән қатты әсер етті. Әнді таспаға жазып алдым да үйде отырып үйреніп алдым. Сәл уақыттан кейін Болат Атабаев Бикен апам екеуі Абай шығармаларынан инсценировка жасап, Болат «Абай десем...» спектаклін дайындауға кірісті. Бұл егемендік алғаннан кейінгі қуаныштан бас айналған кез еді. Болат қазақтың болмысын Абай көзімен сахнадан көрсетуге құштар болып жүрген. Дайындық кезінде Фарида апай, Нүкетай, Жұмабай аға бас болып, Төлеубек, Ғазиза, Тұрахан, Бақтияр, Майра, Бекжан, Шынар қош көріп кірісіп жатқанбыз. Спектакльдің бас-аяғы жиналып қалған. Манағы апам үйреткен «Сегіз аяқты» осы спектакль арқылы халыққа жеткізуді ойлап, менің де жаным жай таппады. Бір күні репетиция біткен соң, Болатқа әнді айтып, «осы спектакльдің бір жерінде қосуға бола ма?» деп өтіндім. «Жарайды, ойланып көрейін» деді ол. Ертеңіне репетиция кезінде спектакльдің финалы жақындағанда: «Кешегі әнді осы жерге айтып көрші, тыңдайық?» – деді. Ән актерлердің бәріне ұнады. Сонымен репетиция күнде жүріп жатты. Кезекті бір репетиция кезінде, тура ән айтылатын кезінде залда отырған апам көзім түсіп кетті. Мен апам үйреткен әнді «осы қойылымда айтамын» деп өзіне бірауыз айтпағаныма қиналып тұрдым. Сосын не болса, ол болсын деп елге белгілі «Сегіз аяқты» айтып жібердім. Ондағы ойым репетиция біткен соң, апам айтып, келісімін алу. Актерлер маған қарап таңғалып қалыпты. Болат шарт ете түсті: «Стоп, болды! Репетиция аяқталды, қайта беріңдер!» – деп бұлқанталқан. Менде үн жоқ. Ашулы режиссер театрда шығып барады, мен де соңына ере шықтым.

– Болат, тоқта, менің бұл әнді айтатынымнан апам әлі хабарсыз. Үйреткен Хабиба апам, рұқсат сұрау керек шығар, ұят қой! – Болат түсінді. Сонымен бұл ән – спектакльдің көздеген мақсатын аша түскен ән еді. Бұл – апамыздың Абай образын сомдауға қосқан үлкен бір үлесі еді. Апаммен тағы бір спектакльде кездестік. Ол – «Башмағым» музыкалық комедиясы, Әубәкір Рахимов қоюшы-режиссері болды. Хабиба апам Керімбай байдың бәйбішесі – Фахрияны, мен Жиһан шешені ойнадық. Керімбай ролінде – Мүлік Сүртібаев. Сахна бойынша Керімбай базардан келгенде, апам: «атасы» деп майысып тұратын. Езуінде – күлкі, көзінде – қуаныш, бар болмысымен Керімбайға қарай ұмсынып тұратын. Ыстық сүйіспеншілік пен махаббат әлдилеп тұрғандай кейіпте болатын. Сосын Фахрияның әні болатын.

*– Мен болдым олжалы.
Құдайым қолдады,
Құдайым қолдады,
Зәмзәмім бар –*

деп ән айтып, би билейтін. Құдай-ау, апам майысып билегенде, біз сахна сыртында мээ болып тұратынбыз. Әннің соңын: «тә-тә, тә-тә» деп барып бітіретін. Тамаша!

Енді бір есімде қалған ролі – Әзірбайжан Мәмбетов қойған «Қарагөз» спектакліндегі Текті ролі.

– Қалай емексіткеніңмен, Сырым айтқан сөзді неге ұмытайын? «Е, тәңірі, игілігін көрсет» деп жүрген баламнан «мен менсінбеймін, риза емеспін» деген сөзді

естіп алып, енді мен немен жұбатайын өзімді, – деген сөзді айтқанда апам бүкіл болмысымен баласының алдында күтіп тұрғанын сезінген, келе жатқан трагедияны қалай тоқтатуды білмей аласұрған ананың бейнесін жасады. Даусы да күңіреніп шығатын.

Апамның ең соңғы ойнаған ролі – Иран-Ғайыптың «Естайдың Қорланы» пьесасы бойынша Б.Атабаев қойған спектакльдегі Қорланның жеңгесі еді. Қорлан ролінде – Бикен Римова, Торғын Тасыбекова, Естай ролінде Төлеубек Аралбайлар ойнады. Сахнаның сыртынан: «Естай бауырым, бармысың?!» – деп дауыстап шығатын. Қолы дір-дір етіп, сахнаға ентелей шығып, Естаймен көрісетін сахнасында көрермен бей-жай қалмаушы еді. Осы дауыста жастық шаққа деген сағыныш, Естайға деген сағыныш, өмірдің жалғандығына өкініш сарыны жүрегіңді селт еткізбей қоймайтын.

«Таза өнер – таза жүректен» деген. Хабиба апа атақ үшін, роль үшін ешкімнің алдына кесе-көлденең тұрған да емес, аяғынан шалған да емес. Тәңір жаратқан қазақи терең тамырлы, адами қасиетімен театрдағы ұрпақтарының алдында Ана дәрежесіне көтерілді. Бұл екінің бірінің қолынан келе бермейді. Ортамызды толтырып арамызда жүріңіз қадірлім, ақылшым Хабиба апа!

наурыз, 2012

Данагүл ТЕМІРСҰЛТАНОВА,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

«СҰЛУЛЫҚТЫҢ СЫРЫ КЕТСЕ ДЕ СЫНЫ КЕТПЕЙДІ»

Театрға осыдан ширек ғасыр бұрын алғаш келген кезімізде Хабиба апай кәдімгідей маң-маң басқан кербез кісі болатын. Өзін-өзі күтіп қалған, ойын жинақтап айтқан әрбір сөзі шеге сияқты. Мағынасыз бір сөз айтпайтын.

«Хабиба апай – нағыз бәйбіше, қазақтың атақты әншісі Жүсіпбек Елебековтің жары, өнерде де, әдебиетте де көзқарасы бар. Өнер академиясында неге сабақ бермеді екен?» – деп ойлаймын. Тұла бойы тұнған шежіре ғой. Қазақ классиктерін жатқа білуінің өзі, Қазақ өнері мен әдебиетін жасаған ірі тұлғалармен дос-жаран, араласқанының өзі ғажап! 95 жасқа толуына арналған шығармашылық кешінде Жүсіпбек Аймауытовтың, Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін жатқа айтқанында қайран қалдым апайға. Осы жасында бірде-бір рет қателескен жоқ, публиканы ұстауы қандай керемет! «Сүйегі асыл» деп осындай кісілерді айтатын болар.

Хабиба апаймен Есенжол Домбаевтың «Біздің кластың қыздары» комедиясы бойынша қойылған спектакльде бірге ойнадық, мен аудан әкімінің қызы – Шолпанды, Бикен апай – әжемнің ролін ойнаса, Хабиба апай көрші құрбысының бейнесін қызықты жасады. Апаймен гастрольдік сапарларда бірге жүрдік. Сонда қабақ шытқанын бір рет те көрмеппін. Сол сапарларда бір нанды бөлісіп жегенімізге, ақ жаулығының бір шетін үтіктеп бергенімізге өзімді бақытты санаймын. Біз үлкен кісілерді көбірек тыңдайтынбыз. Олардың қалай киінгеніне, қалай боян-

ғанына, гриміне байқатпай қарайтынбыз. Хабиба апай аппақ киімдерді жақсы көретін. Сондай мұнтаздай тазалығы көрініп тұратын. Баталарын да алдым. Режиссерлер де ападан едәуір ақыл-кеңес алатын. Кимешек, сәукеле, камзолдардың қалай шығып тұратынын сантиметріне дейін біліп, кимешекпен қатар оның небір зерлі тастарын да өзі тігіп отыратын.

2005 жылы режиссер Болат Атабаев маған Қарагөз ролін бергенде аяғым ауыр болатын. Бұл жағдайды күйеуім Азат екеумізден басқа ешкім білмейтін еді. Содан кейін роль алған күннің ертесіне Хабиба апай құтты болсын айтып телефон соқты. «М.Әуезовтің тіліне келген көрерменнің құлағының құрышы қанып кетпесе болмайды, сенің дауыс, үніңді бала кезіңнен білемін ғой. М.Әуезовтің тілін көрерменге жеткізетін сенен басқа жанды көріп тұрғаным жоқ, құптап отырмын әрі өзіңнің дипломдық жұмысың, сенемін, жақсы үміттемін» деп ақ жол тіледі. Алғысымды білдірдім. «Аяғым ауыр еді, рольден бас тартпақпын» деп айта алмадым.

Аға буынның сахнаға деген жауапкершілігі ерекше. Кесте бойынша рольдерін ойнап тұратын. «Сұлулықтың сыры кетсе де сыны кетпейді» дегенді осы кісілерден ұқтым. Хабиба апалар – шынымен де көненің көзі деп білемін. Сахнадағы көрерменге иілгені ерекше. Әдемі кимешекпен шығып, бес-алты қадам жасап, бергенінің өзі сән-салтанат қой!

наурыз, 2012

**Қымбат ТІЛЕУОВА,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері**

СЫРБАЗ ДА ТЕРЕҢ ХАБИБА АПА

Өткен ғасырдың 80-жылдары Қазақтың М.Әуезов атындағы академиялық драма театрына Мәскеу қаласынан А.В. Луначарский атындағы Театр өнері институтының актерлік факультетін тәмамдаған бір топ қазақ қыз-жігіттері қабылданды. Олардың қатарында мен де бармын. Туған жерім Көкшетау өңірі болғанымен, орыс мектебін бітіріп, Ресейде, Мәскеу қаласында бес жыл орыс тілінде білімді де білікті ұстаздардан дәріс алған мен үшін үлкен сахнада қазақ тілінде сөйлеу қиямет-қайым болды. Орысша айтқанда акцент тыңдар құлаққа түрпідей естілді. Дегенмен де менің болмысымда қазақи мінез, түр-сипатым қазақы болғандықтан болар – театрдың сол кездегі репертуарындағы қазақ классикасынан бірнеше героиняның бейнесін жасау бақыты бұйырды. Олардың ең алғашқысы – М.Әуезовтің режиссер Ә. Мәмбетов қойған «Абай» спектакліндегі Мағыш. Спектакль бұрыннан театр репертуарында жүріп жатыр. Абай – Қазақстанның халық артисі Мүлік Сүртібаев, Әйгерім – КСРО халық артисі Хадиша Бөкеева, Зейнеп ролінде Қазақстанның халық артисі Бикен Римова, Қаныкей – Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Хабиба Елебекова, Әбіш – Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Әнуар Боранбаев екен. Мен Мағыш ролін ойнайтын болдым. Өзіме арнайы қазақша киім тігілді. Сол кезде осы Хабиба апа, Бикен апа, Мүлік ағалар мені тіпті, бір ұзатуға

дайындағандай жан-жағымнан қарап, дөңгелендіре айналдырып, үстімдегі көйлегім мен камзолымды дұрыстап, басымдағы бөрігімді сәл қиғаштап кигізіп, сахнаға шығар алдында тілекші көздерімен қарап, маған бір іштей баталарын бергендей болатын. Міне, сол кісілердің маған деген сенімдері мен сүйіспеншілігінің арқасында (көбінесе мен оны олардың көзқарасынан байқайтынмын) өзімді ата-анасының қамқорлығында жүрген баладай сезінетінмін. Өйткені, ол кісілер маған шаң жуытпайтын.

Алғашқы жылдары Хабиба, Шолпан апайлар мені F.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлуына» кіргізіп, гастрольдік сапарға алып шықты. Мүлік ағамен Т.Брандтың «Мен сіздің әпкеңізбін» (реж. Ә.Рахимов) спектаклімен Қашқадария (Өзбекстан республикасы), Сәбира Майқановамен режиссер Райымбек Сейтметов қойған С.Ахматтың «Келіндер көтерілісі» спектаклімен Жезқазған жерінің көрермендерімен қауышып қайттық. Ал Хабиба, Бикен апайлармен Б.Римованың «Абай – Әйгерім» спектаклімен Семей, Қызылорда жерлерінде біраз уақыт тағы да бірге гастрольдік сапарда бірге жүрдік. Бұл спектакльде Абай ролінде – Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Әшірәлі Кенжеев, Әйгерім – Қазақстанның халық артисі Торғын Тасыбекова орындаса, мен Тоғжан ролін ойнадым. Мен Тоғжан ролімен көрерменнің алдына шығып жатқанда Хабиба мен Бикен апаларым сахнаның сыртындағы бөлмеде сахнаға шығатын есікті ашып қойып, құлақтарын түріп Тоғжанның Абайға айтар монологтарын көздеріне жас алып, күрсініп тыңдап отыратын. Спектакль он бес күн бойы қойылып жатса да тыңдауға жалықпайтын. Сахнаға шығар алдында менің киімімді түзеу әдеттерінен жаңылмайтын.

Маған «қазақша киім жараспайтын болар, одан да әдемірек болсын» деп қызық көріп, басыма жай орамалдың орнына өзі тіккен кимешегі мен шаршысын бірінші рет кигізген де Хабиба апам. Қазақ әйелдерінің баскиімді сан түрде құбылтып кию мүмкіндігін осы апаларымнан көріп үйрендім. Өздері сол кезде атақты және күш-қажыры бар актрисалар бола тұра, жас актрисаға сенім білдіріп, менің дәріс алған ортама үлкен құрметпен қарап, тілімнің кемшілігін түзей отыра, өзімді сахнадағы теңдес партнер ретінде қабылдайтын. Тектілік, әдемілік пен әдептілікті бір бойына жинаған үлкен актрисалармен, солардың арасында сырбаз да терең Хабиба апаммен бірге жүрген, сахнада серіктес болған шақтар – мен үшін үлкен сабақ, керемет тәрбие.

наурыз, 2012

Ерлан БІЛӘЛ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

ЖАҚСЫНЫ ТАНИ БІЛУІ – БІР МЕКТЕП

Хабиба апаймен «Естайдың Қорланы» спектаклінде сахна серіктес болдым. Иран-Ғайыптың бұл пьесасын режиссер Болат Атабаев 1999 жылы қойған еді. Естай ролін – Төлеубек Аралбай, Қорланды – Бикен, Торғын апайлар, Қорланның

жеңгесін – Хабиба апай, Қорланның немересінің ролін мен ойнадым. Естайдың соңғы арманы Қорланды бір көру болса, ол өмірінің соңына қарай Қорланға келген кезінде оның жеңгесін кездестіреді. Жеңгесінің роліндегі Хабиба апай: «мен өлдім!» – деп шалқасынан түсіп жатып алады. «Жеңеше, жаздым, жаңылдым!» – деп Естай кешірім сұрап, орнынан тұрғызып алғаны көз алдымда. Сосын екеуі қалжыңдасады. «Мен өмір сүргем жоқ, өмір мені сүрді!» – деп Естай жылайды. Сонда жеңгесі: «Қу бастың қу басы мен де өмірден түңілмеймін, еңсенді көтер» деп рух беріп, демеу жасайды. Шынында да тағдыр тауқыметін көргеніне қарамастан, «түңілгем жоқ» дегенінде Хабиба апайдың сергектігі, зеректігімен көңіл күй таныта білуі ролімен үйлесім тауып тұр.

Хабиба апалардың сахнаға шықпас бұрын қойылымға дайындалуы тіпті ерекше болатындығын атап айтуға болады. Төмен жақтан мен кіремін, сахна жоғары көтеріледі. Хабиба апай екеуміз шай қоюға кетеміз. Самаурынды алып келе жатқанымда апамыз менен қалыспай бірге жүреді. Сонда сексеннен асқан адам деп айтпайсың. Естай екеуінің сыбырласып әзілдесуі, қарқылдап күлуі бұл кісінің «Естайға берік бол» деп қайраттандыруының өзінен-ақ сергектік байқалады. Спектакль кезінде Хабиба апайдың шаршадым деген сөзін ешқашан естіген емеспін.

Хабиба апай сән-салтанатпен лайықты өмір сүре білуді, өзінің қалай жүргенін әңгімелеген сәт майын тамызады. Сондай биіктікке, өрлікке, адами қасиеттерге іс-әрекетіміз арқылы арман-мұрат ұялатуымыз керек деп ойлаймын. Жаратылысты, табиғатты, өнерді сүюі адам жанына көп нәрсе сыйлайды. Бойы тұнған арман, жақсыны көре білу, талғап, таразылап адамдарға жеткізе білу – үлкен бір мектеп емес пе?! Олай болса, бұл қасиеттердің бәрі Хабиба апайдың бойында бар. Өмірге деген, өнерге деген шексіз сүйіспеншілігі, мәдениеті таңғалдырып қана қоймайды, адамды жігерлендіріп, қуат береді, сенім сыйлайды. Театр іргетасын қалаушылар, ата, аға ұрпақ туралы әңгімелері қандай десеңізші! «Шіркін, жүрісі қандай еді, сөз саптауы қандай еді!» – деп Қ.Қуанышбаев, Ш.Айманов, Ж.Елебеков тағы да басқа тұлғалар туралы әспеттеп айтып отыратын.

Театрдың 86-маусымы Хабиба апаның 95 жасқа толу құрметіне арналған кездесумен басталды десе болады. Өткен жылы, күзде театрдың кіші залында Хабиба апаймен өткен бұл шығармашылық кездесу дүйім жұртты қайран қалдырды. Кездесуде актриса ақын-жыраулардың өлеңдерін жатқа айтты. Мағжан Жұмабаевтың отыз жеті өлеңін жатқа білуі, ол жырларды мүлт кетпей, қателеспей оқып шығуы – табиғатының жаратылысының ерекшелігі. Көпшілік біле бермейтін әндерді жақсы біледі. Есте сақтау қабілетіне қаншалықты сүйіспеншілік, махаббат керек деп ойлайсыз. Көне жоқтау әндерін білуінің өзі бір төбе. Осының бәрін зерделей келгенде, адамға жалқаулық пен немқұрайлылыққа жол бермеуге бірден-бір септігін тигізетін нәрсе ғой деген ойға тоқталасың.

Апамыздан «Қарагөз» спектакліндегі көне әндерін Шәмшагүл апай үйренді. Режиссер Болат Атабаев бір әңгімесінде: «Хабиба апай еңкейіп отырады, әңгімелесіп отырып, есіне түскен кезде: «Шіркін, сол кезде...», – деп баяғы рольдерін айтқан кезіндегідей бойын түзеп, әдеміленіп шыға келеді, сонау кездегі кейіпке кіріп кетеді, тоқсан бес жаста екенін ұмытып кетеді. Қолын көтергені, кескін-кел-

беті, сөйлегенінің өзі мүлдем басқаша болып шыға келеді. Сол кезде таңғаласың» деп айтқан еді. Бұл да 0 бір өнерді сүйе білуінің, соған сене білудің белгісі. Хабиба апамыздың буыны – өмірдің қиыншылығына қарамастан, күш-жігерін бекер сарп етпей, өнерде, өмірде таза бола білген жандар. Өзінің болмысын, көзқарасын таза ұстаған, шынайы сүйе де, сене де білетін қасиеттерді бойына дарытқан адамдар ғой. Өмірге зиялы көзқараспен терең мән беріп, өмірін рухани әлеммен байланыстыра білген, өмірді рухани байлықпен бағалаған апа-ағаларымызға қызығамын. Олардан үйренгеніміз, үйренеріміз аз емес.

Мына бір жайт еске түсіп отыр. Менің бір балалы болған кезім. Бірде Хабиба апамен әңгімелескенімізде: «Үйленгенсің бе, келіншегіңе көмектесесің бе?» деп сұрады. «Қол ұшын беремін ғой», – деп жауап бергенімде: «Сен жігітсің, ер-азаматсың ғой. Армандап жүрген өмірлік жарыңмен бас қостың. Алдағы уақытта отбасыңда ешқашан да немқұрайлылық көрсетпеуің керек. Үй шаруасында келіншегіңе көмектес. Әйелді азаптап жұмысқа жегіп қоюға болмайды. Сонда ғана шаңырақта достық қарым- қатынас пен адалдық орнайды. Бұл – үлкен адамгершіліктің, ерліктің белгісі. Уақытты бағалау қажет. Қуаныш, қайғыны бірге бөлісеміз деп серттескен жоқсыңдар ма?» – деді. Хабиба апайдың осындай сөздері көзқарасымның өзгеруіне, ойлануыма септігін тигізді.

ақпан, 2012

Ғайникамал БАЙҚОШҚАРОВА, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

ҒАСЫР ТОЛҚЫНЫНДА ТОЛҚЫҒАН ӨМІРЛЕР...

*Тау тұлғалы қараймын асылдарға,
Асылдарға бағынбас ғасыр бар ма?
Тұлға болған өмірдің тұғырында,
Сөнбес сәуле, нұр шашқан атар таңға.*

Қазақтың шеті мен шегі жайылған дарқан даламыздың кең жүрегі іспеттес Қарқаралы өңірінің тума таланты – Жүсекеңнің Хабибасы жайлы сыр шертетін болсақ: Хабиба Елебекова Алланың берген өнерін өмір жолына ұштастырып, қайталанбас тұлға биігіне көтерілді. Хабиба апаның өнерге деген құштарлық пен сүйіспеншілігі сонау бала кезден бастау алғанының көрінісі: Ол – үш жасында Абайдың «Ағаш аяқ» әнін айтқан екен.

Хабиба апаның анасы – Шәкіш Құсбек ханның немересі болып келеді. Құсбек хан – үш жүздің басын қосқан Абылай ханның ұрпағы. Текіден текті туған асылдың сынығы бес жасында Дәлилә әпкесіне қосылып жоқтау айтқан екен. Әке балаға сыншы дегендей, Қаракбай ағамыз «сегіз қырлы, бір сырлы», Қарқаралының маңдайалды азаматы болған. Қос қарлығашы – Хабиба мен Дәлиләні өнерге баптай білген де әкесі. Бір күні көрші ауылдың жиын-тойында Абайдың «Ағаш

аяқ» әні айтылатынын естіп, Дәлила мен Хабибаға әнді жаттап келуін өтінеді. Тағы бірде Шәкәрім қажының «Ең қызық жастық» деген жаңа әнін көрші ауылдың бір жігіті білетінін естиді. Інісі Зәрубайды шақырып алып, сол жігіттен әнді үйреніп келуін өтініп жіберген екен. Өзінің әнге деген сүйіспеншілігі мен құмарлығын қыздарының бойына сіңіруін қалады. «Нағыз қазақ қазақ емес – домбыра» деп Қадыр ақын айтпақшы, бұл үйде үш домбыра болған. Әкесінің домбырасы – ақ домбыра, Дәлиләнең домбырасы күрең, сырланған домбыра, үшінші домбыра сырттан келген қонақтарға ұсынылатын болған.

Қыран бүркіт, жүйрік ат баптаған Қарақбай ағамыз Дәлилә мен Хабибаны атқа мінгізіп, ит жүгіртіп, құс салып, аң аулауға баули білген. Әке мейіріміне сусындаған Хабиба апа «Мені Қапан деп еркелететін» деп еске алады. Бірде Хабиба апа жоқ кезде Мәрия есімді құрбысы:

*Ала тайға мінесің жер кепкен соң,
Құлын жарғақ киесің мол жеткесін, –*

деп бір шумақ өлең жазып қалдырыпты. Өлеңді оқыған әкесі Қарақбай Қапанның атынан өзі жауап жазып: «өзіңнің атыңнан беріп жібер», – дейді.

*Мәрия, көзің қара, мұрның пұшық,
Қалайша бұл түріңмен болдың пысық?!
Жұмырықпен ашуланып қойып қалсам,
Кетерсің жүндей болып аспанға ұшып.
Айта бар барсаң сәлем Мәрияға,
Бұл сөзді шығармайық жарияға.
Ши борбай, қуыршақтай байғұс бала
Ұшқанақ тең бола ма дарияға, –*

деген екен. Қара өлеңнің қасиетіне қанық Қарақбай ағамыз жиын-тойларда жұмбақ жасырып, ән салғызып, ақындарды айтыстырып жастарды өнерге баулитын. Сондай бір жастар жиналған жиында ортаға жұмбақ тастайды:

*Ғажайып құдық көрдім терең жатқан,
Ішінде қазынасы мың сан батпан.
Сол құдық қанша терең десең-дағы
Бетінен бетегесі шығып жатқан.*

Топ ішінен суырылып шыққан Дәлилә әпкесі: «Бұл жұмбақтың шешуі – кітап», – дейді.

«Дұрыс айтасың, қарағым, бірақ бұл шумақты өз ойымнан емес Құранның «Бақара» сүресінен алып едім деп сөзін аяқтайды. Жүрегі иманға толы, қасиетті Құраннан нәр алған Қарақбай ағамыз балаларын адами құндылықтарды бағалауға үйретті.

Ер мінезді, әйел рухты болып өскен Хабиба апаның өнер жолы – әке тәрбиесінің және алдыңғы арба болып сүйреген Дәлилә әпкесінің өнегесі. Сүйікті Дәлилә әпкесі туралы айтқанда ішкен асын жерге қояды. 1927 жылы Дәлилә Қарақбайқызы – Москвада ең бірінші домбырамен ән шырқаған қазақ қызы. Бүкілодақтық Кеңестер съезіне арналған концертте өнер майталмандары: Ә.Қашаубаев, Қ.Байжанов, Қ.Қуанышбаев, А.Затаевич, Ғ.Айтбаев, С.Қожамқұлов, И.Байзақов, Ж.Шаниналармен бірге өнер көрсетіп қайтқан.

Әке аманатын аркалап, талантын өнермен ұштастыра білген Хабиба апаны 1935 жылы Қарқаралы округінің театр өнерінде тағдыр Жүсекеңмен тоғыстырады. Жүсекең «Ағаш аяқ» әнін орындап жатқанда балалық шағындағы Тұзашы көлдің жағасындағы тыңдағаны осы дауыс екеніне көзі жетеді. Он жылдан соң сол әнді қайта естігенде барлығы есіне түсіп, Жүсіпбек Елебековтің үнімен бірге өзін де таниды. Тағдырдың ғажайып сәттері – балалық шағы мен бойжеткен қыздың әнге деген құштарлығын оятқан Жүсекеңнің шырқаған «Ағаш аяқ» әні екені де рас.

Хабиба апа – өмірдің небір тар жол, тайғақ кешулерінен, тағдырдың барлық сынынан сүрінбей өткен бүгін қазақ халқының мақтанышы және Жүсіпбек ағаның талантты асыл жары.

Қазақтың ұлы қара шаңырағымен бірге жасасқан үлкен төзім иесі Хабиба апа – ар-намыс пен адамгершілік символы іспеттес. 70 жылдан астам театр сахнасында өнер көрсетіп, өнермен біте қайнаған өмірінде аттары аңызға айналған: Қалибек, Серке, Елубай, Құрманбек, Иса, Әміре, Жұмат, Шәкен сынды өнер майталмандарымен өнерде үзеңгілес болған бақытты жан. Хабиба апа – алғашқы қадамын Ж.Шаниннің «Арқалық батырындағы» Қарагөз ролінен бастау алып, көрермендер көңілінде 100-ге тарта рольдерді сәтті сомдаумен ел есінде қалды. М.Әуезовтің «Қобыландысында» – Күнікей, «Абайда» – Қаныкей, «Қарагөзде» – Тектіні, Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлуында» – Мақпалды, Б.Майлин «Майданында» – Мамықты, Қ.Аманжоловтың «Досымның үйленуінде» – Айғанымды, Гарсиа Лорканың «Қасіретті қатындарында» – Понсияны, Иран-Ғайыптың «Естайдың Қорланында» – Айнаш, А.Тасымбековтің «Кебенек киген аруларында» – тыңшы Халиманы, Б.Римованың «Абай – Әйгерімінде» ұлы ақынның анасы Ұлжан бейнелерінің қырларын ашып, табиғи қалпында мүсіндеген шыншыл сахна суреткері. Өз шеберлігімен сахнаны еркін билейтін тарлан талант иесі.

Өмірдің сан қилы ғажайып сәттерімен қатар қиыншылық, қайғы-мұңы да қатар жүрері хақ. Жүзге аяқ басқан шағында қосағының қадірін бағалай білген Хабиба апаның қазақтың күміс көмей әншісі Жүсекең туралы жазған кітаптары бір төбе болса, сонымен тоқтамай ол саналы ғұмырын ой елегінен өткізе отырып, «Ғасырлар қасіреті» атты пьеса арқылы қазақ халқының басына түскен зобалаң күндері мен тар жол, тайғақ кешкен заманды екшеп жазды. Бұл – әркімнің қолынан келе бермейтін кемелді іс. Хабиба апа өмір мен өнердің талас-тартыстарын өз басынан өткеріп, өзгенің де басынан өткенін көре жүріп, асқақ дүлдүл әншінің жары – өнерді өмір әліппесіндей қабылдай білді.

95 жылдығына орай өткізілген шығармашылық кешінде: Хабиба апа өзінің сүйікті ақыны Мағжанның өлеңдерін оқығанда толқынды толқын қуғандай,

бір өлеңі бір өлеңіне ұштасып, жүрегі толы махаббатын шашу етіп шашқандай көрерменін баурай білді.

Осыншама күш-жігерді бойына өмір бойы ұстап тұруы – кіршіксіз таза көңіл мен асыл жарына деген адал махаббатының жемісі деп білемін. Келер ұрпаққа қалдырар мол мұрасы мен үлгі-өнегесінен тәлім алып, сол ұлы аналардың ізін жалғап келеміз. Бірде әңгіме барысында Хабиба апаға: «Әр күніңіз шуаққа толы болды, шаңырағыңызда әсем ән әуелеп, киелі дастарқаныңыздан қазақтың біртуар азаматтары дәм татқан сіздей жанда не арман болсын!» – деп едім Хабиба апа ойланбастан: «Атар таңда артымнан сөз ермесе екен», – деді.

*Асыл жанның артынан сөз ермейді,
Сол алтынның сынығы мүжілмейді.
Өшпес мұра қалдырған қазынаға,
Үнің жетсін гасырдан гасырларға...*

мамыр, 2012

Күлпан ЖАҚЫПОВА

ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРИЯ

Хабиба апаның үйіне алғаш келгенім, апаның өзін алғаш рет көрген сәтім әлі есімде. Алғаш рет тілдесіп, әңгімелескенде қатардағы көп қарт апалардың бірі екен деп ойладым. Алып бара жатқан ерекшелігі жоқ, тек мінезі тік, қаталдау адамдай көрінді. Алғаш байқағаным: тәртіпті, ұқыптылықты жақсы көреді екен. Ал, бұл үй қазақтың жезтаңдай әншісі Жүсіпбек Елебековтің шаңырағы екенін, Хабиба апа – сол кісінің зайыбы екенін, өзі де белгілі актриса, өнер адамы екенін араласа-құраласа келе білдім. Апаның айтқан әңгімелері шынында да ауыз аштырып, көз жұмдыратындай еді.

Хабиба апаның әңгімелеріне қаныға келе «бұл кісі – тірі тарих екен» деп ойладым. Хабиба апа – шынымен де тірі тарих, апамен өткізген әрбір күнім мен үшін ерекше жаңалыққа толы, өмір деген энциклопедияның жаңа парағын ашқандай әсер береді. Апаның өмірі – қиындыққа да, қызыққа да толы десе болады. Қиындығы – апа мен оның әулеті небір зұлмат күндерді бастан кешкен. Ашаршылық, кәмпеске, кеңестік өкіметтің солақай, қызыл саясатынан бір әулеттен бір өзі ғана қалған. Апаның жолдасы, ғажайып әнші Жүсіпбек аға сонау 1935 жылдан өзі дүние кешкенге дейін апаға өзі жары, өзі әкесі, өзі ағасы, өзі досы, өмір мен өнердегі ақылшысы болыпты. Екеуі бірнеше перзент сүйген, өмірде де, өнерде де жарқырап қатар жүрген. Бұл кара шаңырақта Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Сапарғали Бегалин, Шәкен Аймановтардан бастап кімдер болмаған, Хабиба апаның дастарқанынан кімдер дәм татпаған десеңізші! Қазірдің өзінде Хабиба апаның үйінен қонақ үзілмейді, апаның дастарқаны жайнап тұрады. Балқаймағы қандай!

Хабиба апаның өмірсүйгіштігі, 97 жасына қарамастан жадысының мықтылығы, қайтпас қажырлығы таңғалдырады. Аяғының ауырғанына қарамастан үй ішінде өзі жүріп-тұрады, кейде жатар алдында «Мәдениет саябағын аралап келдім» деп әзілдейтіні бар. Апаның рухы мықты өзінің отағасын, дос-жолдастарын, туыстарын еске ала небір қызықты әңгімелер айта отырып, кейде қамығып, «бәрі кетті, мен ғана қалдым!» – деп көзіне жас алатыны бар. Туған жері Қарқаралыны жыр етіп айтады. Мағжанның өлеңдерін жатқа соққанына талай куә болдым. Кезінде ойнаған рольдерінің сөздерін еш ұмытпаған. Абайды жатқа соғады. Әндерін айтады. Біз білетін «Сегіз аяқтың» әуені Абайдікі емес екен. «Ол – Шәкәрімдікі» дейді апа. Ал, Абайдың әуені мүлдем бөлек. Әншілер ападан келіп әндер үйренеді. «Сегіз аяқты» әнші А.Жорабаева келіп ападан үйренді. Кейде ән де салады. Көзі қазір бұрынғыша жақсы көрмейді, сонда да апа жаңалыққа құлағы түрік. Газет-журналдардағы жаңалықтарды, қызық мақалаларды оқып беремін, бәріне де өз пікірін білдіріп отырады.

Ең бастысы, театрын, сахнаны сағынады. «Әттең, аяғым, әйтпесе өзіме лайық рольді ойнар едім» дейді. Тіпті, киноға түспек ойы бар. «Досханнан хабар болатын шығар. Ол Құнанбай туралы кино түсіреді екен. «Апа, сізге роль бар» деді ғой», деп қуанып отырады.

Бір жолы апаның кітап-қағаздарын реттемек болып, бума-бума папкаларды ашуыма тура келді. Ол папкаларда небір тарих, небір тарихи суреттер бар екен. Бәрін рет-ретімен жинастыруға, Хабиба апаның құжаттарын, қағаздарын бір бөлек, Жүсіпбек ағаникін бір бөлек жинастырдым. Апа әр суретті көріп отырып, әңгіме тиегін ағытады-ай келіп. Өзінің кітаптарындағы әңгімелер бар, тіпті, жаңа әңгімелер бар, апаның көкірегінде жатталып, жадысында сақталған әңгімелер бар – тағы бір үлкен кітапқа жүк боларлық дүние екен. Бәрін жинастырып, реттеп болған соң: «Апа, мынауыңыз үлкен бір кітап қой» дедім. «Бұрынғы кітаптарым бар ғой, бірақ, кейінгілерге айтар әңгімем, жазып-жаздырып кететін тарих менде жеткілікті. Өзім де ойлап жүр едім» деді де, өзінің әдеттегі мінезіне салып, тез арада жаңа кітаптың қамына кірісті. Бұл кітап керемет кітап болары анық, өйткені, бүкіл қызық Хабиба апаның өзінде, жан құнарында.

Хабиба ападан алар тәрбие-тағылым көп. Апа тәртіпті жақсы көретінін айтып өттім, ал тағы бір ерекшелігі – әр жұмысты өз кезінде орындайтыны және өзгеден де соны талап етеді. Жауапкершілігі мол жан. «Адам сөзінде тұруы керек» деп отырады үнемі. «Мына дүниеде өзіңе өзің сен» дейді. «Адам өз жағдайын өзі ойлауы керек. Өз басыңды қадір тұт, сонда басқалар да қадірлейді» дейді. Өзінің өмірінен де алып айтады. Өйткені, Хабиба апа – өзі де қадірлі, өзін де қадірлете білетін жан. «Адамның артында тек жақсы аты қалуы керек» деп отырады. Түйіп айтқанда, апаның өмірі кейінгі ұрпаққа өнеге. Мен өнегелі өмір иесі, қазыналы қария Хабиба апаның қызындай болып, қолдан келгенше қызметіне жарағаныма, осы кітаптың бастауында тұрғаныма қуаныштымын.

қыркүйек, 2012

Мәдина, Шәкен ЕЛЕБЕКОВТЕР

АЯУЛЫ ӘЖЕМІЗ – ХАБИБА

Біздің әжемiз – өте жан-жақты және өте мықты адам. Оның өмiрi бiздiкiне карағанда өте күрделi болды, соған қарамастан қайраттана түсiп күн кештi және өзiнiң сан қырлы талантын аша бiлдi.

Ол – керемет актриса! Әжемiз ойнаған спектакльдердi, түскен фильмдердi бiздер бала кезiмiзден бастап-ақ көрiп өстiк және әр көрген сайын бiздiң тұла бойымызды мақтаныш кернейтiн! Осы мақтаныш бiзде күнi бүгiнге дейiн бар.

Ол – керемет әңгiмешi. Жадысы ғажайып – есiнде соншалықты көп оқиға, жайт құбылыстарды сақтай алғанына және ол бiлетiн тарихтың мол ауқымына таңғаламыз. Бiз, әсiресе, әжемiздiң жазушылық талантына – өз ойларын, өзi бiлетiндi қалың жұртқа жеткiзе бiлу және қызықтыра бiлу талантына таңғаламыз әрi мақтан етеміз. Бұл ретте оның жай әншейiн әңгiмешi емес, пәлсапалық сипатты ақыл-ой иесi екенiн қадап айтқымыз келедi. Оның айнала дүниеге, оқиғаларға, адамдарға, жалпы алғанда, мына өмiрге қарым-қатынасы, осының бәрiн талдау қабiлетi таңғалдырады және оның бұл өмiр дәрiстерi бiзге үлгi-өнеге.

Бiздiң әжемiз – уақыт тынысын сезiнiп, уақытпен бiрге күн кешетiн жан. Ол елде, әлемде болып жатқан жаңалықтарды және өмiрдiң әр саласында болып жатқан жаңалықтарды жақсы бiледi. Егер әжемiз бiздермен құрдас болса, ол сөз жоқ, керемет жоба менеджерi болар едi. Ол қай iстi неден бастау керек екенiн, оны бiрнеше маңызды кезеңге қалай бөлу керектiгiн және ең басты дегендi қалай тап басу қажеттiгiн әрi қалай нәтижелi аяқтау қажеттiгiн жақсы бiледi.

Осының бәрiне қоса бiздiң әжемiз – нағыз Ару-әйел, Ана! Ол қашанда биiктен көрiнедi – биiк талғамы, орасан еркi күшiне және қашанда әдемі әрi формада отыратын дағдысына кез келген әйел қызығары сөзсiз. Хабиба әжемiздей жан бұл өмiрде сирек кездеседi! Бiз оның немерелерi екенiмiздi мақтан етеміз. Және күнi бүгiнге дейiн оның қатарынан табылғымыз келедi және бәрiнде де одан үлгi алуға ұмтыламыз.

мамыр, 2012

Исраил САПАРБАЙ

«ҚАРА АЛА КӨЗ ХАБИБА...»

90 жас! Шар еткен шақалақтың бесiктен белiн шешкеннен бергi айы мен күнiн сағат тiлiмен санап шығыңыз. Жетiге жеткенше жерден таяқ жейтiн перiште кейпiн көз алдыңызға келтiрiңiз. Тұлымды тұстан бұрымды қызға дейiнгi аралықты бұйым гұрлы көрмейтiн көк көйлектi көбелек көрiктi көктем маусымын көзiңiз тұна еске алыңыз. «Қыз он беске келгенде мау болады, Әке менен шешеге жау болады» деп Шал ақын шашына шашбау тағатын шәркез де

кербез бойжеткеннің бойдақ бозым алдында бал сезімге бой алдыратын болмысын бажайлаңыз. Жанары жан біткенге жаутаң қағып жамалы нұрлана, жақсы ішінен жар іздейтін тұсы мен тұспалы да осы кезден басталмақ. Одан арғысы – өмір ағысы, тағдыр тоғысы. Сол ағыс, сол тоғыс толас таппаған күйінде небір бұрылыс-бұралаңнан өтіп, асықпай-аптықпай аман-есен бүгінге жетсе, адамда не арман, не жалған?!

Басқаны қайдам, қазақы ұғымда «тәубе», «шүкір», «қанағат» дейтін ибалы да иманды, қастерлі де қадірлі сөз баламалары бар. Жақсы адамның жанына серік, көрік, жағдаятына демеу, медеу болатын да осы сөздер. «Көзіне қара бояу жаққандарға, Көрінер қара түн боп ақ таңдар да» – кім өзін жаманмын десін десек те осы үшеудің тым болмаса, біреуі табылып жатса, Тәңірге тәубе айтар ек-ау!.. Осыдан келіп мынандай ой туады: тегінде, кез келген адам баласының аз жасадым, көп жасадым дегені дұрыс-ау! Өйткені, шүкіршілікке қарама-қайшы күпірлік, қанағатқа қарама-қарсы жаманат бар. Қарама-қайшылық қашанда қақтығыс туғызады. Құдайдың жазған құлы бұл екеудің қайсысына бой алдырса, соның жетегіне жегіліп, жемсауында жұтылып кете барады. Пайғамбарымыздың хадисінде айтылғандай, Алла тағала өзінің сүйікті пендесіне аз-көп емес, 150 жасты еншілеп береді екен. Күнделікті күйдім-жандым күйкі тірлік, бәсекебақастық, алыс-жұлыс, айтыс-тартыс, тағысын тағылар, қаладың-қаламадың, әлгі «еншінің» едәуір бөлігін алып кетеді екен. Қазекеңнің «Жақсыдан – шарапат, жаманнан – кесепат» дейтіні осыдан. Сабырды сары алтынға балайтын салмақты, салауатты тектілік мұның бәрін сана сарабына, тәлім таразысына салып отырады. Мүддесін дүние-мүлікпен өлшемейтін, арманын әсіре бояумен эшекейлемейтін, қиялын қияға қаңғытып жібермейтін, алтыннан да ардақты, күмістен де салмақты Ақыл дейтін Ауыл және бар. Ал ақыл, әдетте, азғанға – арман, озғанға – олжа. Тоқсанға келген апамыздың торқалы тойында мен осы ойға толайым тоқтадым.

Болмысы нық, бойы тік апаның әлі күнге дейін сөзі қуатты, көзі шуақты. Бұл жаста кәрі жілік түгілі асық жіліктің де нәрі мен майы таусылуға айналушы еді, «Апырай, мұның сыры неде екен?» – деген сауалға да салмақ салып көрдік. Осы сауал сабақты жіптей ақыр соңында бізді апамыздың өзіне алып келді. Бар ғұмырын (70 жыл) Әкемтеатрға арнаған аяулы да ардақты апамыз, сөйтсек, «бұрын жазу-сызумен әжептәуір-ақ айналыса беруші едім, енді қолы құрғырдың безгек ұстағандай дірілдеп-қалтырап икемге көнбей отырғаны мынау...» деп алақанына көзін алартып отыр! Сенесіз бе, сенбейсіз бе?! Бұл аз болғандай, «...ал әзірге аяғым театрға мені алып барып, алып келіп жүр, әйтеуір» деп бір тоқтады. Апамыздың, Жүсекеңдей (Жүсіпбек Елебеков) қазақтың марқасқасына жүрегі мен тілегін ұсынып қана қоймай, ол кісі жайында үш бірдей естелік-кітап жазғанын бұдан бұрын да шамалап білуші едік. Иықты азамат, сүйікті жарға деген зейнеткер зейін, бейнеткер бейіл осындай-ақ болар, сірә!.. Бәрінен де бұрын көнбей тұрған қолдың ар жағындағы сөнбей тұрған көлпар көңілді айтсаңызшы?! Ал театр... Қара шаңырақтағы қадір-қауметі айтып жеткісіз қаншама күндер, айлар, жылдар... Сонау 1935 жылдан бастап, Жүсекеңмен жүздескелі бері... Айтпақ-

шы, Жүсекең мұны бұрын да бір рет көрген екен-ау – бұрымды емес, тұлымды шағында. Айта берсек, «Ағаш аяқтың» өзі – аңызға бергісіз бір әңгіме...

«Ағаш аяқты» алғаш шырқағандардың бірі, әрине Жүсекең. Сонау отызыншы жылдары. Бұл тағдыр дегенге таңғалсаң болады! Ұзатылған әпкесі Дәлилаға ере барғанда Хабиба апамыздың жасы әлі бес-алтыда екен.

«Ағаш аяқты» бастамас бұрын далада ойнап жүрген сіңлісін әпкесі үйге шақыртып алады. Үй ішіндегі қашаннан қалыптасқан, әке салған үрдіс солай.

Тоқсанға келген апамыздың екі сөзінің бірінде «Дәлилә әпкем» деп отырғаны әуелгіде бізге біртүрлі көрінген. Сөйтсек, бұл кісінің өмір тағдырында да, өнер жолында да Дәлилә салған өрнек пен өнеге өзгеше екен. Оны біз кейін, апаның әлгі «Үні кетпес құлақтан», «Ән-аманат», «Қайран, Жүсекем!» кітаптарын оқу барысында байқадық. Сүмбіл шашты, сұлу көрікті, сұңғыла өнерлі Дәлиләнің қысқа болса да нұсқалы өмір тағдыры қолдан-қолға тұрмайтын ғибратты бір кітап болуға әбден лайықты. Апаның арман аралас бір өкініші осы ма деп қалдық... Әсте естелік – ерінуді білмейтін елгезек жандардың еншісі. Адамы табылса, бәлкім, бұл арман орындалып та қалар, өкініш жөні бір басқа. Әзірге Алла апамызға қуат берсін делік.

Тағдыр дегеннен шығады, уақыт-мезгілдің ендігі бір айналып келгенінде Жүсекең баяғы сол қаршадай Хабибаны қайындай қалпында қайта көрді. Қайындай қыздың қайта оралып келгенше бұның жолына екі көзі төрт болып қарайлап тұрмасын іші сезді. Әп-сәтте әлекке түспесе де, жүрегі құрғыр әлем-жәлем күй кешті. «Қыз қылтиғанша» деген, сөйтсе қылтиған қыздың бұлтиған бүршіктей бұла қалпын «алдында жүрсе айғайшы, қасында жүрсе қамқоршы» ағасы Қаллеки (Қалибек Қуанышбаев) бұдан бұрын байқап қойған екен. Оның үстіне Дәлиләнің туған сіңлісі екенін білген соң жедел қимылдап «жеңгетайлық» ролін жетекабыл ойнап шықты.

Егер Апа: «Менің өмірім, өнерге келуім Жүсекеңе байланысты» десе, оның ар жағында талай-талай сыр жатса керек. Әкеден де, шешеден де, әпкеден де ерте айырылып жеке-жалғыз жетімкөзденіп қалған бұла қыздың бұдан былайғы өндірішең өмірін, талғажау тағдырын көз алдыңызға келтіре беріңіз. Жаратқан ием жан баласына деген жақсылығынан қашан аянып көріп еді, өзіміз пенделікке салынып, сезбей налып, байқамай қалып жүрмесек... Жетімнің көз жасын не жел, не ел құрғатпады. Ел ішінде қадірі бөлек Қаллеки, жүрегі жұмсақ Жүсекең жүр екен. Екеуіне еріп Алматыға келді, үлкен өмірге енді, Мұқан, Сәбең, Ғабең, Ғабиден, Шәкең сынды ұлы да ұлағатты жандардың өмірлік мектебін көрді. Тұмысы тектіні кім сыртқа тебуші еді?! «Өзі жақсы адамға бір кісілік орын бар». Әсіресе, жүректен орын алғанның өмірлік олжасы аз болмаса керек-ті. Әрі көпті көрген, әрі көп жасаған артистің мынау жарық дүниедегі бір бақыты осы. Екінші бақыты – театрдағы тұтастай бір ғұмырға бергісіз жетпіс жылы.

Жетпіс жылда – жүз шақты роль. Айтыңызшы, бұл аз ба, көп пе? Жетпіс жылды бір ғұмыр деп алдық, ал жүз роль – жүз адам, жүз образ, тұлға, пенде, кейіпкер, персонаж... Айта көрмеңіз, қайсысына қанша уақыт, қанша мерзім, қанша мезгіл кетті?..

Аумалы-төкпелі, төзім тауысар, жүйке жұқартар небір сәттерді былай қойғанда!.. Қойылымдағы үлкен роль, кіші роль немесе негізгі роль, қосалқы роль дегендеріңіз жай әншейін шартты ұғым ғана. Бұған біреу келісер, біреу келіспес. Роль тағдыры – сахнадағы ойында. Кім қалай ойнайды – әлгі негізгі, қосалқыларыңыз соған телінеді. Актер шеберлігі барша сахнагерге сын, ал феномен жөні бір басқа. Біз Хабиба ападан: «Осы ойнаған рольдеріңіздің қайсысы өзіңізге көбірек ұнап, қайсысы ерекше есте қалды?» – деп сұрағанымызбен, ол сауалымыздың әбестігін кейін аңғардық. Мұнымыз кез келген ата-анадан: «Қай перзентіңізді басқаларынан бөле-жара жақсы көресіз?» – дегенімізбен бірдей екен. Қай заманнан бергі әрі аксиома, әрі ақиқат – бала өмірі ата-ананың мойнында, роль тағдыры – актердің ойынында. Бұл орайда біз әлгі жүз рольдің қадау-қадау бірнешеуін ғана ауызға ала кетейік. Олар: «Қобыландыдағы» (М.Әуезов) – Күнікей, «Абайдағы» (М.Әуезов) – Қаныкей, «Қозы Көрпеш – Баян сұлудағы» (Ғ.Мүсірепов) – Мақпал, «Марабай» мен «Амангелдідегі» (Ш.Құсайынов) – Марияш пен Ақжан, «Бернарда Альбаның үйіндегі» (Г.Лорка) – Понсия, «Найзағай», «Таланттар мен табынушылардағы» (А.Н. Островский) – кезбе әйел мен Д.Андреевна, «Ревизордағы» (Гоголь) – Пошлепкина, «Досымның үйленуіндегі» (Қ.Аманжолов) – Айғаным, «Жетінші палатадағы» (А.Сүлейменов) – кемпір, «Соқырлардағы» (Метерлинк) – соқыр әйел, «Кебенек киген арулардағы» (А.Тасымбеков) – тұтқын т.б. Бұған біздің кейіпкеріміздің әр жылдарда «Жартастағы шынар», «Біздің әрқайсымыз», «Шаян» фильміндегі сомдаған рольдерін қосыңыз.

Өнер адамының қыры мен сырын, кескін-келбетін толықтай танып-білдім деп былайғы біз тұрмақ, күнделікті жанында жүрген оның әріптесі де кестім-піштім айта алмайды. Әсіресе, бұл сахна өнері өкілдеріне әбден қатысты. Рас, ойнай жүріп, образға ене жүріп қойылым кейіпкеріне әр сахнагер өзінің оған ұқсас мінез-құлқын, өмірге, өнерге деген көзқарасын, ішкі әлемінің қайсыбір кимас та қымбат сәттерін сыйлауы бек мүмкін. Онсыз роль шықпайды, шықпаған рольді көрермен ұқпайды. Өзіңді ұмыту арқылы өзгені ұнатасың, сүйесің... Қас өнердің табиғаты да, тағдыры да, қала берді, сыры да, сиқыры да осында. Тоқсанға келіп тобаға ұйып отырған Хабиба апаның бізге, көрермен мен оқырманға, Қара шаңырақ – М.Әуезов театрынан бастап жер-жердегі, тұс-тұстағы өнерлі де өрелі ұл-қыздарына айтар әңгімесі, шертер сыры, ақжарма әктілеуі, ғибратты өнегесі көп-ақ. Сырсандықты бірінші болып ашқан біз емес. Ашқан күнде де тоқсанға келген адамның қазына-байлығы аз болмайды. Апада әлі әл-күш көп. Алла жазса, жүздің де ауылы алыс емеске ұқсайды. Әуелі тоқсанды тойлап алайықшы!..

P.S. Айтпақшы, Қаллеки Жүсекеңдей інісінің үйіне Хабибаның қолынан шай ішпекке соға кеткенде бір суретін сыйлап, оның сыртына:

«Қара ала көз Хабиба,
Қиянқы сары тағы да,
Салпы мұрын сары көшім,
Подарить еттім бәріңе» –

деп төрт жол өлең жазған екен.

Ал, менің Хабиба апаға арнаған өлеңім – «Апа».

АПА

Апа!
Сіз тоқсандасыз, тоқсандасыз!
Шыңдасыз!
Шығандасыз!!
Оқшаудасыз!!!
Отыз бен жиырманың арасында,
Талайдың жүрегіне от салғансыз.

Апырай, сол бір мөлдір қайда күндер,
Лағыл нұр,
Лала дала,
Ләйла-гүлдер?!
Қызығып кім көз салмас қыз балаға,
Сүзіліп карамайды Айға кімдер?..

Апа!
Сіз арда жансыз,
Арман – әнсіз.
Арусыз,
Қардан да аппақ арлы адамсыз.
Тілегін жүз жігіттің тыңдай жүріп,
Жүрегін Жүсекеңнің таңдағансыз.

Сол жүрек Сізге қанша ән арнады,
Дүние жасарғалы, жанарғалы?!
Бір ғұмыр, қайран дүние-ай,
өте шықты-ау!
Жалт еткен бір ұшқындай жанардағы?..

...Атыңнан айналайын, Қарқаралы,
Өзіңнен қаншама аққу – ән тарады!..
Сол әннің,
Сол аққудың бірі емес пе,
Қазақтың Хабибадай қалқалары?!

Апа!
Сіз тоқсандасыз, тоқсандасыз,
Шыңдасыз!
Шығандасыз!!

Оқшаудасыз!!!
Толқындай толықсыған кезіңізде,
Талайдың жүрегіне шоқ салғансыз!..

Апа!
Сіз әсемқоңыр, аппақ жансыз,
Сандықта сары алтындай сақталғансыз!
Ұрқия, Ұлжан, Үрия, Айжан, Баян,
Күнікей, Қаныкей мен Мақпал да Сіз!

Апам тұр, сенесіз бе, шың басында!
Ойнайды Күннің нұры сырғасында.
Тоқсанға келген де бар, келмеген де...
Ар жағы...
Алыс емес бір ғасыр да!

«Қазақ әдебиеті», 27 қаңтар, 2006

ШЕЖІРЕЛІ КЕЗДЕСУ

Актриса Х.Елебековамен 95 жасқа толуына орай М.Әуезов театрында кездесу өтті

23 тамызда театрдың Кіші залында ерекше бір оқиға өтті. Ол – Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, ұлттық сахнаға атакты «самородок сары алтын» буынының ізін баса келген, солардың соңғы өкілі деуге болатын белгілі актриса Хабиба Елебекованың 95 жасқа толуына орай өткен кездесу. Кездесудің жоба-сценарийін жасаған және деректі фильмнің көрсетілімін ұйымдастырған белгілі режиссер, Хабиба апа өзі «ұлымдай көремін» дейтін Болат Атабаев болды.

Хабиба апай қара шаңырақ – М.Әуезов атындағы театрда 1935 жылдан бері үзіліссіз қызмет етіп келеді. Сахнада ұлттық құнары мықты көптеген роль жасады. Біраз жылдан бері жасына және денсаулығына байланысты сахнаға шықпағанымен, ұжымның қадірлі адамы, театрдың анасы.

Бұл бір тарихи кездесу болды. Өйткені Хабиба апайдың сахнадағы өнері өз алдына, қазақтың атакты әншісі Жүсіпбек Елебековтің жары, қазақ өнері мен әдебиетін жасаған ірі тұлғалармен дос-жаран, аралас-кұралас болған адам. Тұла бойы тұнған тарих.

Кездесу-бенефисті театрдың көркемдік жетекшісі әрі директоры, ҚР халық артисі, профессор Е.Обаев ашып, Хабибадай тұлғаның қазақ өнеріндегі орнын, кейінгі буындарға тағылым-өнегесі туралы айта келіп, ұжымның атынан сый-сияпатын жасады.

Кешті ҚР халық артисі, Мемлекеттік сыйлық лауреаты Т.Жаманқұлов жүргізіп отырды. Алматы театрлары, «Қазақфильм» киностудиясы, Ж.Елебеков атындағы

эстрада-цирк ұжымдары, жекелеген өнер қайраткерлері мен көрермен өкілдері Хабиба апаны мерейлі меркесімен құттықтап, актрисадан алған тәлімдерін әңгімеледі.

Қара шаңырақ театрына кірерде басын иіп тағзым еткен Хабиба апа жас ұрпаққа ақ батасын берді. Өнердің құдіреті туралы әңгімеледі, өзінің соқтықпалы, соқпақты, алайда мағыналы ғұмыры туралы әңгімеледі. Актриса бенефисі Алаш ардақтыларына арналды десе болады. Залды Мағжанның, Шәкәрім т.б. тұлғалардың рухы кернеді. Хабиба апа Мағжанның махаббат лирикасын жатқа соқты. Абайдың «Сегіз аяғының» неге Шәкәрім әнінің әуеніне түсуі тарихын, өнер, сахна, әріптестері туралы қызғылықты өзге де әңгімелер айтты. Тағылымды кездесу оған қатысқандардың есінде ұзақ жүрері анық.

* * *

ОСЫ КЕЗДЕСУДЕ АЙТЫЛҒАН ШІКІРЛЕР, ЛЕБІЗДЕР:

Есмұхан Обаев, М.Әуезов театрының көркемдік жетекшісі-директоры, ҚР халық артисі, профессор:

– Қадірменді әріптестер, Хабиба апайдың шығармашылық кешіне келіп отырған қадірлі қауым! Қазақ өнерінің ұлы пионерлері, қарлығаштары Қаллеки, Сераған, Құрекең, Шәкен ағалармен қызметтес, сахна серіктес болған Хабиба апамыз бүгін, шүкір, аман-есен 95 жасқа келіп, сіздердің алдарыңызда өзінің ойында жүрген көп дүниесімен бөліспек. Апамыз қара шаңырақ театрда сексен жылға жуық уақыт еңбек етті. Қақ-соқпен ісі болған жоқ, ролін ойнады, ұрпағын өсірді, жар болды, ана болды. Және де айтарын айтты, әсіресе, ұлттық құндылықтарды сақтау, кейінгі ұрпаққа жеткізу жолында талмай еңбек етті. Хабиба апамыз – көненің көзі, кешегі алыптар тобының ортамыздағы өзі. Жүріп өткен жолы, ортасы, еткен еңбегі – үлкен мектеп. Осы залдағы жастар сол мектептің қаншалықты мәнді-маңызды екенінің шетін осы кездесуде сезінесіздер деп ойлаймын.

Қай кезең, қай қоғамда да адам, әсіресе, өнер адамы үшін әдемі қартая білу – үлкен өнер. Аллаға шүкір, қуаныш айту керек, анамыз бүгінде – Хан, анамыз бүгінде көрікті! Сіздердің аттарыңыздан Хабиба апаны құттықтап, иығына шапан жауып, сыйлығымызды ұсынайық, гүл шоғын сыйлайық. Кеш тізгінін апамыздың қалауы бойынша Тұңғышбайға берейік.

Тұңғышбай Жаманқұлов, ҚР Театр қайраткерлері одағының төрағасы, Мемлекеттік сыйлық лауреаты:

– Қасиетті қара шаңырақтың қасиетті сахнасында бүгін ерекше күн, сіздер де ерекше бір күйде отырған боларсыздар, өйткені, бүгінгі күн ешқашан қайталанбайды. Пайғамбарлыққа дейін жеткен, ата арыстарымыздың көзін көріп, осы қара шаңырақтың уығын көтеріскен Хабиба апамыз біздің ортамызда! Бұл бізге үлкен мереке, үлкен қуаныш! Соңынан ерген біздерден бұл кейуана кісілердің артықшылығы – тек қана жасында ғана емес, ерен жаратылған табиғатында. Театр

өнері арқылы өзінің ұлтына, еліне деген есепсіз махаббатты осы кісілердің жүріс-тұрысымен, болмыс-бітімімен өлшеуіміз керек деп ойлаймын.

Хабиба Елебекова – Қазақ өнерінің бүкіл тарихын ғана емес, бүкіл бөлек эстетикасын, асылдарын жүрегінде сақтап келген ерекше кейуанамыз! Бүгін біздің анамыздың туған күні! Хабиба апамыздың ерекшелігі – бүгін қасиетті сахнаға үлкен басын иіп, қолын көкірегіне қойып сәлем етті. Өзін ұлы өнерден кіші санап отыр, өйткені, өнер – ұлы! Ұлының ұлылығын осындай кейуаналарымыз ылғи да ұлықтап өткен. Біздер де осы өнерге адал болайық, әділ болайық және де оны есепсіз, ессіз сүйейік! Бұл кісі бүгін төрде тек отыру үшін келген жоқ. Бұл кісі жүрегінің тереңінде жатқан асылдарын, сағынышын, сіздерге – көрермен мен әріптестерге деген ыстық құшағын, аналық мейірімін ала келіп отыр.

Ғазиза Әбдінабиева, ҚР еңбек сіңірген артисі:

– Әсіресе театрды құрметтеп, үлкен жасымен басын иіп алдымызға келгенде біз бір ерекше жағдайға қалдық! Хабиба апа, бүгінгі туған күніңізбен! Сіздің бүкіл ғұмырыңыз – біз үшін үлкен мектеп. Сізбен бірге жүрген, телефонмен сөйлескен уақытымыз біздер үшін басқа бір биіктік, ең бақытты кезең. Әр кездесуіміз, теледидардағы сұхбаттарыңыз үлкен парасаттылыққа, басқа бір биіктікке жетелейді! Біз ондай бола аламыз ба, оны бір Құдай біледі, бірақ, біз оған ұмтыламыз. Сізге әлі де күш-қуат тілейміз, балаларыңыздың, маңайыңыздың ыстық ықпалына бөленіп жүре беріңіз! Біздің үлкен Әуезов театры, бүкіл өнер асқақтасын, бүгінгі кеш соның куәсі. Рахмет!

Досхан Жолжақсынов, ҚР халық артисі, Мемлекеттік сыйлық лауреаты:

– Қадірлі ағайын, қадірлі өнерпаздар, бүгін бір Ораза күні іспеттес қасиетті күн! Бір-бірімізге қуаныш қана сыйлап қоймай, ұлы өнер жолындағы қасиетті сөздер айтатын күн! Бұл әулет, кимешегі кірлеп көрмеген кейуана Хабиба апайды айтсақ, Жүсекең есімізге түседі. Жүсекең кезінде Серағаң бар, шалғайдағы Шығыс Қазақстандағы үйге келіп, әкеміздің бойындағы өнерін көріп әкемізді Алматыға алып кетпек болған.

Хабиба апамның жалпы өнерге, өмірге деген сүйіспеншілігі – үлкен өнеге, бұл бір конституция! Шын мәнінде, бұл кісі – кешегі өткен ағаларымыздың, Сәбира апамыздың аманаты. Хабиба апа! Ұлы өнері, осындай мәдениеті бар Отанымыздың егемендік алған кезеңін көрдіңіз, сол мәдениеттің ұлы көшін өзіңіз бастап келесіз! Жасаңыз, Хабиба апа, басыңыз аман, бауырыңыз бүтін болғай! Үлкен өнердің тілекшісісіз, ұлы өнер жасасын! Сіздің аманатыңызды ары қарай апаратын өнердегі қыздарыңыз, келіндеріңіз аман болсын деймін. Жалпы мәдениеттің ортасында жүрген үлкен азаматтардың бәріне ақ жол тілегім келеді! Аман болыңыз, Хабиба апа!

Тұңғышбай Жаманқұлов:

– Хабиба апайдан естуімше, Жүсекең «Шәкәрімнің әуені жоғалып кетпесін» деп Шәкәрімнің әуенін Абайдың «Сегіз аяғына» салған екен. Сөйтіп «Сегіз аяқ» бізге Абайдың әні болып келіп отыр. Егер сөзіне әуені сай келіп тұрған Абайдай хакімнің жүрегінің мұңын Хабиба апа жүрегіне сақтап, түйіп осы күнге жеткізбегенде, тағы бір асылымыз көп жоғымыздың біріне айналар еді. Хабиба апа, осындай өткен мен бүгіннің арасындағы көпіріндей болғаныңыз үшін сізге үлкен тағзым!

Шәмшагүл Меңдиярова, ҚР еңбек сіңірген артисі:

– Хабиба апам «Жас кезімде әкемнен өз құлағыммен естіген Абайдың әнін саған үйретейін» деп осыдан бірнеше жыл бұрын үйреткен болатын. «Абай десе...» спектаклі ол кезде әлі қойылмаған еді. Содан спектакль қойылып жатқанда Болат Атабаев, Хабиба апам үшеуіміз ақылдасып, Абайдың «Сегіз аяғын» өз әуенімен осы спектакльде орындадым.

Тұңғышбай Жаманқұлов:

– Қаллеки ұлы актеріміз, өте әзілқой болған, есіңізге ала отырыңыз.

Хабиба апай:

– Қаллеки ештеңеден қорықпайтын, бірауыз сөз үшін айдалып кетіп жатқан заманда да шындықты бетке айтатын. Ол кезде ит салығы, сүйек салығы, тұяқ салығы деп кете беретін салықтың небір түрлері болатын. Қаллеки ит салығы дегенге «Қарала төбет» атты сықақ әңгіме шығарды. Онда ит бастықтың үйіне келіп: «Біздің не жазығымыз бар? Үйді де, түзді де күзетеміз. Не тамақ берсеңдер де үндемейміз. Бізді басқарып отырған кім? Біз сияқты төрт аяқты ма, әлде екі аяқты ма? Соны білуге келдім?!» – дейді.

Роза Әшірбекова, ҚР халық артисі:

– Киелі шаңырағымыздың төрінде отырған падишасысыз, асылдың асылысыз! Шынын айтқанда Сіздің осы отырғаныңыз біз үшін үлкен бақыт! Ой, шіркін-ай, жаңағы Мағжанның, Шәкәрімнің өлеңдерін оқығандағы Сіздің санаңызды мына бүкіл өнер адамдарына, әсіресе, қыздар мен жігіттерге, жастарға берсе ғой, деп ойладым. Жастар! Бұрынғы біздің аналарымыз, бабаларымыз осындай! Үйреніңіздер, үйренетін нәрсе көп! Абайды, Шәкәрімді оқисыздар әрине, бірақ санаға тоқымайсыздар! Асылдың асылы ортамызда отыр! Апа, сізді шын жүректен, әуелі Алла, сосын Мағжан, Шәкәрім сол кісілердің аруағы қолдап арамызда жүре беріңіз!

Ахметжан Қадыров, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, профессор:

– Сіз жалғыз қазақ театрының анасы емес орыс, кәріс, ұйғыр, неміс, өзбек – барлық театрлардың анасысыз! Мен өзімді бақыттымын деп санаймын. Себебі сізбен осы театрда бірге істедім, Жүсекеңмен эстрада-цирк училищесінде бірге істедім. Құрметті Хабиба апа, көп жасаңыз! – сол бізге үлкен бақыт!

Тұңғышбай Жаманқұлов:

– Қадірлі ағайын! Өнерге деген ықыласы бөлек адамға бүгінгі кеш екі қайта келмейтінін қайталап айтқым келеді. Міне, Хабиба Елебекова – қазақ өнерінің кейуанасы, көненің көзі, өн бойында өнерге деген тазалық, сұлулық санасы мен сезімінде сақталып қалғанына таңданбасқа шараң жоқ. Бәлкім, бұл ұлы өнердің күдіреті шығар, бәлкім, бұл қасиетті қара шаңырақтың күдіреті шығар, бәлкім, бұл қасында болған Шәкәрім, Мағжан, Қаллеки және өзінің адал жары Жүсекеңнің бізге деген аманаты шығар! Хабиба апамызға, қазақ өнерінің кейуанасына бәріміз иіліп тағзым етейік!

Әлия Бөпежанова
23 тамыз, 2011
www.teatr-aeuzov.kz

ХАТТАР, ХАТТАР...

Құрбысы, әріптесі Бикеннің хаттары

Қаба, жаным, бір үлкен ерлік жасадың. Бала-шағаң бәріміз маңыңда жүрміз. Айығып шығуыңа тілектес, Әгібайың.

* * *

– Қаба! Тағы келдім қасыңа.
Тілейтінім бір жақсылық басыңа.
Талай адам алдырып-ақ жүріп жатыр ғой,
Өтім жоқ деп сен де жасыма!
Ерлік-ақ болды досым алдырғаның,
Тілеуі шығар бала-шаға, балдырғанның.
Елегізіп сен жаққа жүгіре берем.
Менде өзіндей бірімін ғой болдырғанның.

– Олай деме, Бикен, әлі талай ойнаймыз сахнада, –
деп күліп бір шықшы Қабажаным.

Әгібайың

* * *

Қаба! Жаным!

Хал-ахуалың қалай? Шолпан, Хадиша, Нұрмұхан көптен-көп сәлем айтып, жазылып, құлан таза айығып шығуыңа тілектестігін білдіріп жатыр. Өз халім жаман емес, оң жағым тазарыпты, сол жағымда ептеген шу бар көрінеді. Бәрі жақсы болса келесі жұмада шығармақ. Балаларың жақсы, звандасып тұрмын.

Бикен

* * *

Хаба! Айналайын! Мен әлі ыстығым көтерілі, мәнім болмай тұр. Саған Сәбира келіп, бір жылап-бір күліп отырмыз, біраз әңгімелестік. Айығып аттай шауып кетуіңе тілектестік білдіреді. Балаларға звандап Естаймен сөйлесіпті. Театр халі бұрынғыша.

Бикен, Сәбира

* * *

Хаба! Жаным! Хал-ахуалың қалай? Айығып келемісің? Шыда, жаным. Понедельник палатаға апарамыз деп жатыр. Күлпан жақсы, шауып жүр. Менің бүгін мәнім болмай қалды. Көп жөтеліп, ыстығым көтеріліп, түнде ұйықтай алмай шықтым. Кешіккенім содан.

Әгібайың зой

Аса қадірлі Хабиба апай!

* * *

Өзіңізге жазып отырған осы хатты қуанбай, тебіренбей жаза алмадым. «Үні кетпес құлақтан» повесі соншалықты сын көзбен қадала оқыған мені әлдилеп, кейде көңілімді тасытып, кейде тұла бойымды шымырлатып, еріксіз баурап әкеліп отырды.

Апатай, бұл шығармаға мен ғана риза болмаспын, Жүсекеңді жанындай жақсы көретін жақын дос-жараны, ең бастысы, ән сүйген, өнер қуған халқы тәнті болар. Ең алдымен осыған қуанып отырмын.

Сіз бүгін теңдесі жоқ іс тындырдыңыз! Жүсекеңді ортамызға қайта алып келдіңіз. Бұрын радиодан, пластинкадан даусын елең етіп, ерекше ықыласпен тындайтын ел, енді Жүсекеңнің күллі өмірімен, бар болмыс-табиғатымен және жүздестің болды. «Үні кетпес құлақтан» повесі арқылы Жүсекеңе қадірлі қонағы, ерке ұлындай төрінен орын беретін болды. Екінші қуанғаным осы, апатай!

Шығарманың басталуы қандай болса, аяқталуы да сондай көркем. Ешкім ен-жар қала алмас. Оқыған кісі оқымаған жанға ой салар нәр табады. Мені және қуантқан осы.

Ел Жүсекеңмен ғана жүздеспейді. Өнер тарландарының өнегесімен табысқалы тұр. Атына ғана қанық жұрт затын таниды. Бұған қалай қуанбассыз!

*Сізге зор денсаулық тілеп, ең ізгі інілік ықылас білдіруші,
Серік Әбдірайымов
3.07.1980,
«Өнер» баспасы*

Құрметті Хабиба жеңгей!

«Үні кетпес құлақтан» деген кітабыңызды кешіктіріп оқығанымыз үшін Сізден кешірім сұраймыз. Бұл кітапты көршіміз Қапен жеңгейден сұрап алып едік. Ол кісі біздерді жақсы біледі екен.

Енді сіздің кітабыңызға келейік. Кітабыңыз өте жұмсақ, мәдениетті тілмен жазылыпты. Ағамыз Жүсіпбек Елебековтің әншілік қасиеттерін өте жақсы білгендігіңізден ағамыздың әншілік өнерін жеріне жеткізе талдайды да екенсіз. Бұл кітапты Қапен жеңгейдің қолынан көргенімізде біз Горький мен Шолоховты қазақ тілінде, Фадеевті орыс тілінде оқып жүр едік. Жүсекең туралы кітапты көргеннен соң ол авторларды уақытша жинай тұрдық та кезектесіп, жарысып, «Үні кетпес құлақтанды» оқып шықтық. Кітапқа ерекше қуандық та. Сондай-ақ Сіздің кісілік қасиеттеріңізге кереметтей сүйсініп те кеттік. Кітабыңыздың 143-бетіндегі «Қашанда таза көңіл, шыншыл жүректен шынайы мөлдір творчество тумак. Адамшылық түсінік биігің қаншалықты болса, өнерде де соншалықты биікке көтеріле

аласың» деген пікіріңізге біз толық қосыламыз. Бұл – терең мағыналы, дұрыс айтылған пікір.

Жүсекеңнің өмірі туралы сіздің бізге әлі жазып бермей отырған нәрселеріңіздің бар екені аңғарылады. Әсіресе, Жүсекеңнің балалық шағын білгіміз келеді. Мұнымен бірге біздің арамызда «Жүсекеңнің балалары әкелері туралы неге есте-лік жазбайды екен?» деген сұрақ та жиі айтылады.

*Сізге деген құрметпен,
Жәнібек Мұзапаров пен Мәкен Мұзапарова
Қарағанды қаласы*

* * *

ХАБИБА ЕЛЕБЕКОВА ОРЫНДАҒАН РОЛЬДЕР ТУРАЛЫ

Мәрияш – Алмаға қарама-қарсы алынған персонаж. Артистка Х.Елебекова ана деген ардақты атқа кір келтірмейтін, өзінің ар-ұятын жоғары ұстайтын әйелдердің ішкі ой-парасатын аша білген.

*Бағыбек ҚҰНДАҚБАЕВ,
қаңтар, 1956*

1930-жылдары театрға өз жүрек қалауымен ел арасынан шыққан табиғи дарын иелері, бір топ жас қыз жиналды. Сахнамызға ұлы актриса-әнші әкелген де осы жылдар. Ол Күләш Байсейітова, тамаша бишіміз Шара Жиенқұлова, Рақия Қойшыбаева, қазіргі театрымыздың ардақтысы, қадірмен актрисаларымыз Сәбира Майқанова, Хабиба Елебекова, Күлзипа Сыздықова тағы көптеген артистеріміз болды...

Олардың әрқайсысы да осы күнге дейін өз актерлік қабілетіне сай көптеген рольдермен көрінуде. Хабиба Елебекованың Қаныкейі («Абай», 1940 ж.), Мақпалы («Қозы Көрпеш – Баян сұлу»), Домна Пантелевнасы («Найзағай». А.Н. Островский), Күнікейі («Қобыланды») тағы да толып жатқан айтарлықтай еңбектері бар.

*Мәкен (Мақпұза) БАЙЗАҚОВА,
маусым, 1968*

«Ажар мен ажал» спектакліндегі Ақлима (Х.Елебекова), атқосшы шал (Р.Сәлменов) рольдері де тартымды шықты. Қимыл, үн, ырғақ өздері бейнелеген кейіпкерлер мінезіне үйлесімді-ақ.

*А.БӘДЕЛХАНОВ,
14 маусым, 1968, «Қызыл ту» газеті*

Ескі қазақ тұрмысын бейнелейтін спектакльдерде аға буын актерлер ойыны ерекше шеберлік белгісінен көрінеді. Мөржан – С.Майқанова, Жабай – Серке., Текті – Х.Елебекова және жас келіншек Ақбала роліндегі Б.Римовалардың жүріс-

тұрысы, сөз мәнерлері өздеріне ғана тән әдет-дағдылары өткен дәуір адамдарының кейпін айнытпай береді.

ҚАЖЫҒҰМАР ҚУАНДЫҚОВ.

*«Тұңғыш ұлт театры»,
«Жазушы» баспасы, 1969*

Бұл жолы образ сырына терең түсініп, ерекше көзге түсе ойнаған актриса Хабиба Елебекова болды. Ол комедиялық кейіпкерді толықтыра отырып, адам характерін және бір қырынан танытады. «Досымның үйленуіндегі» Айғаным образы оның актерлік талантының бір пернесін басып өткен сияқты. Актрисаның қимыл-қозғалысы, сөйлеу мәнері мен мимикасы – бәрі де осыны дәлелдейді.

...Міне, Биғанымның: «Сенің жаман шүйкебас қызыңды менің алтындай ұлым алатын болды. Сен өзің бақытты екенсің, ей!» – дегенін естігенде, күтпеген кемсіту намысына тиген Айғаным сипаты оның рольде ойнап тұрғанын бір сәтке ұмыттырғандай. Намыс пен ыза қалшылдатқан ол бір кезде «Бітсін осымен бәрі де!» деп жөнеле береді де, екі-үш аттап барып, «Кеттім!» деп отыра қалады.

Осы бір қарама-қайшы қимылымен ол өзінің Биғанымға құда болуды онша теріс көрмейтінін сөзсіз сездіріп тұр. Кейіпкер характерін ашатын осындай іс-әрекет актрисадан әр кез-ақ сезіліп отырады. Сонымен бірге Айғаным – ақкөңіл, пейілі таза адам. Осындай елгезек, лезде жадырап, лезде булығып қалатын жеңіл мінезді жанның образын Х.Елебекова өте сәтті шығарған. Көрерменді күлдіре отырып ол қимыл-қозғалысымен, бет мимикасымен қазақ сахнасына жаңа бір өрнек әкелді.

*Гүлжауһар СЕЙІТЖАНОВА,
қараша, 1970, «Лениншіл жас»*

Хабиба апай – ақыл-парасатымен, театрдың өткен тарихи кезеңдерін жете білетіндігімен және өзі бірге жасаған ұлы адамдардың қадір-қасиеттерін өздеріне мектеп етіп, соларды дәріптей білетіндігімен оқшауланып тұрады. Жылдар өткен сайын өзі де биіктей түскендей.

*Фарида ШӘРІПОВА
тамыз, 1996*



A decorative border with intricate floral and scrollwork patterns surrounds the text. The border is composed of repeating motifs of leaves, flowers, and swirling lines, creating a classic and elegant frame.

II бөлім

**«ҚЫЗЫ ЕДІМ
ҚАРАҚБАЙДЫҢ
ХАБИБА АТЫМ...»**

Естеліктер, мақалалар

«ҚЫЗЫ ЕДІМ ҚАРАҚБАЙДЫҢ ХАБИБА АТЫМ...»

Қазақтың атақты Қарқаралысында дүниеге келіппін. Әкеміз Қаракбай – қолындағы азын-аулақ малының бетіне қарамай, ішіп-жемінен тартынбай өз өмірін өзгелерден өзгеше өткізген жан. Бұл кісінің өмірге көзқарасы, сол уақыттағы ауыл адамдарынан бөлек еді. Ол Қарқаралыдан үзбей газет-журналдар алғызып, жаңалықтарды оқып, біліп отыратын. Өзі оқыған кітаптарын бізге де оқытатын. Ж.Шаниннің «Арқалық батырын» басқа да жазушылардың бір актілі пьесаларын бала күнімде оқығаным есімде.

Өнер жолына келсек, әкеміз – қоңыр даусы бар әнші болған адам. Өнерге деген ықыласы ерекше еді. Ақ домбыраны әкеміздің өзі ғана тартатын. Ал, мойнына үкі тағылған күрең домбыра мен гармоньның иесі – Дәлилә. Үшінші домбыра – келген қонақ, ауыл адамдарының тартуына арналған. Әкеміздің өнерге, ән-күйге құрметпен қадір тұта қарағандығын осының өзінен-ақ байқауға болатын шығар.

«Қазақстан әйелдері» журналының 1971 жылғы бірінші санында Қарағанды қаласынан жазылған «Өнер шежіресінен» деген мақала жарияланды. Мақала авторы Омар Ноғайбаев: «Дәлиләнің әкесі Қаракбайдың өмірі аңшылықпен өтіп еді», – деп жазады.

Рас, әкеміз Қаракбай ит жүгіртіп, құс салып, аң аулағанды өмірдің қызығы мен сәні деп санайтын. Қаракбайдан қыран бүркіт, жүйрік ат үзілген емес. Бұл екеуі болмаса өзін қанаты оталған қырандай дәрменсіз, мүсәпір сезінуші еді.

Торға түсіріп ұстаған тағы бүркіттен гөрі көбіне ұядан алған жас балапанды баулып, әбден баптап, күйіне келтіріп барып, аңға салғанды ұнататын. Құстың бабына келгендігін төсінен байқайтын. «Төс еті әлі қалындау, енді бірнеше күн еттің қанын жібермей, сорғытып ақ жем қылып беру керек» деп өзі бақылап отыратын. Әбден бабына келген бүркітті аңға салу үшін сонарлы күнді күтуші еді.

Аңға шығатын күні мерекеге дайындалғандай ерекше әзірленетін. Аңға шығарда жел өткізбейтін, аязға тоңғызбайтын жеңіл, жылы, ыңғайлы киімдерді киетін. Өзінің мінетіні – сол мандағы елге әйгілі, есік пен төрдей, қысы-жазы қоңы арылмайтын бурыл ат. Жаздай қоя беріп, семірген құр атты бірнеше күн таң асырып, сұлымен ғана жемдеп, қыста аңға мінетін. Ал Дәлиләнің мінетіні – жүйрік кер қасқа ат.

Кейде құс ұстаған адам бір биіктеу иықтан қарауылдап аңдып отырады да, басқалары етекте бөктерлей түлкі қағып, қашқан түлкіні жан-жақтан дабырлай қуып, қыранға қарай ығыстырады. Кейде қаққанға шықпаса, таудың шың басына шығып, бүркіттің томағасын алып, қыранды еркіне жібереді. Самғай ұшқан қыранға көз алмай қарап тұрады да, төмен қарай түйіле сорғалап құлдилаған бағытына қарай бұлар да таудан төмен шапқылай жөнеледі. Мұндай кезде аңшылар қорқыныш дегенді білмейді. Өмірдегі ең қызық, ең қызулы шақ осы деп сезінеді.

Кешке қарай сары аяздан аттың басқан ізі сықырлап, құс шаңқылдап, қанжыға қандалып, үйге келе дереу түлкіні сойып жіберіп далаға іліп тоңазытып, езген ащы құрт жағып илеп, екі сабаумен бітеу түлкіні қайшылай сабаулап жатқанда,

әкеміз Қаракбай рақаттана домбырасын серпілте қағып жіберіп, «Қорлан» әнін қоңыр даусымен айта бастайтын.

Әкеміздің тағы бір қасиеті – балаға ерекше көңіл бөлуі. Ұл балалары жастай өле берген. Ең үлкеніміз Күләндәні ертерек ұзатқан. Қолындағы үш қыз бала, үлкені – Дәлилә, ортаншысы – Харира, кенжесі – Хабиба – яғни, осы кітаптың авторы. Әкеміз қыз баланың бұйығы, жасқаншақ болып өсуіне қарсы болатын. Қайта, керісінше, жиын-тойларға өзімен бірге ала жүріп, ән салғызып, ұялып қысылмауын талап ететін. Дәлилә жастай сауатын ашты. Тіпті 1923-жылдары Кенттен Аждар Оспанов деген орысша сауатты жігітті алғызып, өз үйінің бір бөлмесін босатып беріп, сол айналадағы балаларды жинатып орысша сабақ та оқытқызды. Өз балаларын да сабаққа беріп отырды.

1927 жылы жазғытұрым бір Қызылордадан хат алдық. Хатты жазған Дәлиләнің күйеуі Құсайын екен. Біз бәріміз әкеміздің айналасына жиылып хаттың сөзін тыңдауға ынтықтық. Хаттың басына «Сүйінші» деп үлкен ғып жазып қойыпты. Біз ентелеп әкеме қараудамыз. Әкем хатты оқи бастады. Қысқаша амандықты білдіріпті де, «Қареке, Дәлиләң қазақ қызының көрмеген жақсылығына бөленді. Бүкілодақтық Советтер съезіне арналған концертке шығуға Москваға жүріп кетті» деп жазыпты.

Әкем «Москва, Москва!» – деп өз көзіне өзі сенбегендей танданып, тоқтап қалды. Біз болсақ ештеңені түсінбей, аң-таңбыз. Өйткені, ол кезде «одақ», «съезд», «концерт» деген сөздер түсініксіз еді. «Одаққа кетті дей ме?, Советтерге кетті дей ме?» – деп бір-бірімізден сыбырлай сұрасып, жұмбақ сөздердің мағынасын шеше алмай танданудамыз. Әйтеуір, «Сүйінші» деген сөзден жамандық емес екенін сеземіз.

Әкем біздің аңырып қалғанымызды енді ғана байқағандай күлімдеп қарады.

– Бәйбіше, жаса тойыңды! Шақыр ауыл адамдарын. Сойғыз ана Құрбан Айтына деп байлаған бордақыңды. Нағыз айт бүгін. Дәлиләң Москва қаласында өтетін үлкен жиында ән салуға кетті. Кішкентайынан өнерге, әншілікке баулыған еңбегім зая кетпепті. Қазір мен өмірде көрмеген қуанышымды көріп, бұл фәниден күткен үмітім ақталғандай болып отыр, – деп қатты толқып, көзі үлкейе жасаурап отырып қалды. Біз даурықпай, ептеп басып үйден шығып кеттік.

Ол күнгі қуанышымызда шек жоқ. Ол біздің бір ғана ауылымыздың қуанышы емес еді. Сол кездегі бүкіл қазақ елінің қуанышы болатын.

«Батыр – батыр емес – бастаған батыр». Бауыржан Момышұлы бұл қағида-ны Отан соғысы жайындағы кітабында жазған. Сұрапыл соғыс болып жатқанда, үстінен қардай бораған оқ бас көтертпей қағып түсіп, әрбір андаусыз қозғалыс ажал минутын төндіріп тұрған кезде ұран шақырып лап қойып, ұмтылуға тура келетін жағдайлар кездеседі. Бұл кезде қанша батыр болсаң да, бірінші ұмтылу – өте қиын. Өйткені, сені аңдып тұрған жау қырқып түсуі сөзсіз. Мұндайда өте батылдық керек. Сен бастап берсең, артыңнан ерушілер көбейеді. Сондықтан да «Батыр батыр емес, бастаған батыр» деп айтылудың мәні бар. Ертерек уақытта тыңнан туған жаңалықтарға қалың көпшілік үрке қарайтын еді.

Өнер саласында да бұрын көрмеген, театр дегеннің не екенін түсінбейтін ел алдына шығып әртүрлі келісімсіз кейіпкерді ойнауға ол уақытта көпшілік жат көзбен үрке қарайтын. Соған қарамай, сол «тар жол тайғақ кешуде» қиыншылығына төзіп, бірінші болып сахнаға шығып, кейінгі ұрпағына із сала ілгері ұмтылған қазақ қыздарының бірі Дәлилә болатын. Қазақтың тұңғыш театры ашылатын болып, жер-жерден сол театрға ойнайтын артистер іздестіре бастады. Сол алғашқы толқынның ішінде Дәлилә да бар еді.

Театрдың қырық жылдық тойына арнап жазған өлеңінде, атақты ақын Асқар Тоқмағамбетов алғашқы қарлығаштардың бірінші ойнаған рөлдерін халыққа таныстырғанда:

*Еңлік боп алғашқы рет көзге түскен,
Жас қыршын, Қарақбайдың Дәлиләсі, –*

дейді. Сөзсіз шындық. Дәлилә Еңлік ролін алғашқылардың бірі болып ойнаған еді.

«1927 жылы ақпан айында Ташкентке жаңадан ашылған қазақ театрының труппасын шақыртады (барлығы жиырмаға тарта артист), он бес күндей ойын беріп, концерт қояды. Бұл сапарда да Дәлилә «Арқалық батырда» – қалмақ ханының қызы Бикешті, «Қарагөзде» – Қарагөздің жеңгесі Ақбаланы ойнады. Әрбір қойылған концерттің бәрінде ән салып, көрермен жұрттың құрметіне бөленді», – дейді бірге болған жолдасы Серке Қожамқұлов. «Дәлилә ән айтқанда өте байсалды, мәнеріне келтіре әнмен бірге толқып, күндегі айтатын әнін жаңа ғана үйренгендей бар ықыласымен айтушы еді» – дейтін марқұм Құрманбек Жандарбеков.

Амал қанша, Дәлиләнің денсаулығына Қызылорданың ауасы жақпады. Дәрігерлер өз туған жеріне қайтуын ұйғарды. Бұл ұйғарыс Дәлилә мен Құсайынға оңай тиген жоқ. Дәлиләға мұнда тұруға болмайтын болса, Құсайын да қала алмайды деген сөз. Сонау Қарқаралыдан қол ұстасып келіп, өмір жолын тапқан жастар еліне еңбек етіп, еңбек жүлдесінен нәр алып, бойындағы бар қайратын халқына жұмсауға құлшына кіріскен кезде аурудың салдарынан амалсыз елге қайтты.

Ауылға келген соң Дәлилә қалған ғұмырының талшығындай театрдағы өткізген кезін ылғи да айтып отырушы еді.

«Біржан – Сара» айтысын қойдық. Біржан болып Иса ақын ойнады. Шіркін, Иса Біржанның әсерлі үнін, шабытын айнытпай көз алдыңа әкелетін еді. Кейде өлең сөздерінен жаңылысып қалса, оған тоқтайтын Иса жоқ. Өз бойындағы ақындық шабытпен өлең сөздерін әрі қарай жалғастыра алып кете беретін» деп біздің көз алдымызға келтіріп, әсерлендіре айтып беретін еді. Болмаса Мәскеуге барғанын, концерт соңында РСФСР халық ағарту комиссары Луначарский әйелімен келіп, бұларды құттықтағанын Дәлиләнің қолын алып: «Сонау түкпірде жатқан қазақ елінің ішінен шығып, өнерге алғаш қадам басқан қазақ қыздарының бірісіз. Артыңыздан Сіздей талантты, қыздар көбейе берсін» деген сөздерін еске алғанда Дәлиләнің көзі жасаурап отырып қалушы еді. Мен тәтеммен бірге күлімсіреп, тәтеммен бірге мұнайып, ынтыға тыңдаушы едім.

Дәлилә ақыры ауруынан айыға алмай, өмірінің жауқазын шағында үзіліп кетті. Жүсіпбек екеуміздің өмірімізбен сабақтас жатқан сол талант иесінің бейнесі әлі күнге көз алдымынан кетпейді. Жүсекең: «Дәлилә – қазақ өнері үшін жаралған жарық жұлдыз еді. Тым ерте ағып түсті» деп үнемі есіне алып отыратын.

«ЖАР БОЛДЫМ ЖҮСЕКЕНДЕЙ ӨР ТАЛАНТҚА...»

Мен Жүсекеңді алғаш көргенде жеті жаста едім. Бала болғандықтан шығар, түрі, киімі, жас шамасы, болмаса жанындағы басқа адамдар есімде жоқ. Менің есімде қалғаны «Ағаш аяқ» әні. Қостың жанында бір тізерлеп отырып, домбыраға қосыла шырқата салған «Ағаш аяқ» әні мәңгі есімде қалды. Бұл ән біздің елге естілмеген жаңа ән болғандықтан ба, әлде біз білетін әндердің айтылуы бөлектігінен бе немесе орындаушы жігіттің соншалықты әсерлендіре шарықтаған әсем үнінен бе – әйтеуір, сол көрініс өмір бойы көз алдымда қалып қойды.

Әннің мазмұны – қыз іздеген зар, сағыныш, жылау. Бұрын біз естімеген ән. Мені, әсіресе, Дәлиләні қызықтырған әннің осы жағы болса керек. Апамыз екеуіміз әнді үйренуге құлшына зер салдық. Егер жаңылмай, бүлдірмей, өз қалпында үйреніп айтып барсақ, әкеміздің қуанышында шек болмас еді. Осындай бұрын естімеген әнді үйреніп қайту – біз үшін аз олжа емес. Мен де жасымда ұғымтал, зерек едім. Тәтемнің ойнап жүрген жерімнен тез шақырып алғаны содан. Біз әнді қаз қалпында үйреніп алдық. Қуанышымызда шек жоқ. Енді сол әнді ұмытпай елге жеткізуіміз керек.

Арқалық тауын бөктерлей, күн еңкеймей елге жету үшін асыға жүріп келеміз. Ауылға жеткенше «Ағаш аяқ» аузымыздан түскен жоқ. Арбаның жанындағы салт аттылар да бізге қосылып үйрене бастады.

Жүсіпбек Семейден үйренген «Ағаш аяқ» әнін асқақтата шырқап елге жайып жіберді. Семей мен Абыралыға, Қуға жетіп, Қарқаралыға көшіп, онан Кент, Темірші елдерінде осы ән үзілмей айтылатын болды.

1934 жылы Қарқаралы округ болып құрылды. Соған байланысты театр ашылған. Сол театрға бірнеше кісі артист болып алынған. Ең бірінші екі әйел алынды, оның бірі – Алматыдан келген Рахима Түгелбаева деген жас келіншек, екіншісі – мен. Тағы Қырықбай, Баймұқаш деген әншілер, кейінірек Жаңыл Қаратаева келіп қосылды. Міне, біз де бүгінгі концертке ынтыға асығудамыз. Шымылдық ашылып, сахнаға Қалибек Қуанышбаев шыға келді. Көрермен қауым дуылдай қол ұрып орындарынан тұрды. Тіпті, әр жерден уралап айқайлаған жастардың дауыстары да шығып жатыр. Біразға дейін ел тыныштала алмады. Енді тыныштала бергенде Қалекеннің күлдіргі тақпақ сөздеріне мәз болып қайта күліседі. Қалекен бір-екі сықақ әңгіме айтқан соң, Жүсіпбектің шығатынын хабарлады.

Менің Жүсіпбекті көз тоқтатып бірінші көруім. Үстінде қара сұр костюмі бар. Домбырасын оң қолына ұстаған, сахнаның еркесіндей жүрісі жеңіл, өзін еркін ұстайды. Ортадағы қойылған орындықтың жанына келді де, халықпен бас иіп амандасып, сол күлімдеген бойы орындыққа отырды. Қалекен:

– Жүсіпбек қазір ең бірінші сіздерге, Қарқаралыға сәлем бермекші, – деп жұртпен бірге өзі де қол ұрып құрмет көрсетті.

Қаллеки Мәдидің «Қарқаралы» атты өлеңін жанындай жақсы көруші еді. Қазақ әндерінің ішінде нендей керемет әндер бар ғой! Бірақ Жүсіпбек Мәдидің «Қарқаралысын» айтқанда Қаллеки мүлде өзін ұмытып, көзі жасқа толып, езіліп кететін. Бірде:

– Қаллеки, неге сонша осы әнге құмарсыз? Маған онша әсер бермейді. Бір сарында қайталананы да отырады ғой, – дегенімде қатты ренжіп:

– Ойбу, шырағым-ай, бұл әнді сүймесең, түсінбесең, онда не болғаның? Мәдидің әнін түсінбеуің ұят екен. Бірақ қазір түсінбесең, кейін түсінесің әлі, – деді де домбыраны қолына алып осы әнге тарта жөнелді. Мен: «Бұл қалай? Қаллекидің ән түсінуі күмәнсіз. Түсінбесем, ұға алмасам, өз ішімде жүре бермей ме? Нем бар еді білгішсініп. Қарап отырып ренжітіп алдым. Және өзімнің де таяздау екенімді аңғарттым ғой», – деп іштей қатты қынжылғаным бар.

Кейінгі жылдары елге барған сайын қашықтан Қарқаралы тауы көрінгенде, Мәди «Қарқаралысының» тіліме қалай оралғанын өзім де білмей қаламын. Сонымен қатар, Мәдидің өмірі тағы да бір көз алдыңнан өтіп жатады.

*Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма, –*

деген Абайдың сөзі Мәдиге арналғандай көрінеді. Кейбір ән өзінің асқақтығымен, жаныңды әлдилейтін әсемдігімен тыңдаушыны өзіне тез үйіріп әкетеді. Ал, Мәдидің «Қарқаралысынан» қасіретті заманның зорлығы байқалады. Бұл әннің керемет жұмбақ сыры да, Қалекеннің тебіреніп кететіні де содан болса керек.

Міне, Қалекен тағы да Жүсіпбектің жанында ынтыға қарап тұрып қалған. Көрермен жұрт қол ұрған соң өзінің сахна сыртына кетуі керек екенін жаңа ғана байқап, сонысына аздап қысылып қалды да:

– Кешіріңіздер, сіздермен бірге отыра қалып мен де тыңдасам деп едім, – деп жұртты ду күлдіріп шығып кетті.

Жүсіпбектің күлімдеген жүзі бірте-бірте өзгеріп қуқыл тартты. Залдағы жұрттың үстінен жанарын жүгіртіп өтіп, бір жерден іздегенін тапқандай тесіле қарап қалды. Сол-ақ екен, он саусақ ішектің үстінен сырғанап, жорғалай жөнелді. Жүсіпбек өзін ұмытқандай. Бұрын Қарқаралы тұрғындары бұл әнді талай естіген. Ал бірақ дәп бүгінгідей кеңейе биіктеген шағы екені аңғарылды. Әннің сегіз шумағын айтып болып, кейіннен қосқан шумағын көтере айта бастағанда Жүсіпбек мүлде өзгеше боп, асқақтай биіктеп бара жатқандай. Әндегі ыза, жапа шеккендердің кегін алуға айтылған серттей естілді. Асқақтата керемет орындаған әншінің парасаттылығына сүйсінген жұрт әннің аяғында дүрлігіп кетті. Әннің әсерінен көпке дейін айыға алмаған Жүсіпбек қайта отырып басқа ән салуға шамасы жоқ екенін байқап, бас иіп шығып кетті. Мұны сезген Қалекен осы

әнді бірінші рет бекер айтқыздым-ау деп, қынжылып, енді халықты алдандырып күлдіре бастады.

– Сіздер ойламаңыздар бұрынғы Жүсіпбек деп, қазір бұл да керенау тарта бастаған. Көрдіңіздер ме, бір-ақ ән айтып шығып кетуін. Осының ызасына бүгін өзін әбден тұралатайық.

Ел Қаллеки не айтса да мәз. Осы сөзді басқа біреу айтса күле қоймас еді. Көрермен жұртты сиқырлап қойғандай өзіне табындырып алған ба, әйтеуір ғажап! Жүсіпбек біраздан кейін жайдары, жарқылдай күлімсіреп сахнаға шықты. Кейде артист сахнада ауыр қайғылы кейіпкердің бейнесін ойнағанда соғылып шаршайды. Бірақ сол шаршаудың өзінді рақат құшағына бөлегендей бойындағы қытымыр күйкі мінезден тазарып, кеңпейіл мейірбандық пайда болып, өзінді дүниедегі ең бақытты жандай сезінесің. Шын мағынасындағы артист сахнадағы осындай ерекше бақытты өмір басқа жақсылықтың біреуіне де айырбастамайды, Жүсіпбек те жаңағы Мәди әнінен өзіне бақыт тауып, бойындағы құрысы жазылып, терісі кеңейгендей, бүгінгі кеште шаршайтын түрі жоқ сияқты болып көрінді.

Жүсіпбек бірнеше ән айтты, ел қол соғып босатар емес. Енді «Ағаш аяқ» әнін шырқады. Менің жүрегім дір ете түсті. Япыр-ау мына ән маған таныс қой... Иә, мен осы әнді тура осындай орындауда естігем! Бірақ, кімнен? Қашан естідім? Есейген кезімді түгел ой елегінен өткіздім. Кімнен естігенімді ойыма түсіре алмадым. Маған «Ағаш аяқ» әні маза бермеді. Ендігі орындаған әндерді құмарта тыңдаумен қатар, қашан, қайда, кімнен естігенімді есіме түсіріп отырдым.

Концерт бітіп, үйді-үйімізге тарқастық. Үйге жеткенше ойлағаным «Ағаш аяқ» әні болды. Есіме түскені бала кезімде далада, қостың алдында бір кісіден тәтем (Дәлилә) екеуіміз бірінші рет үйренген едік. Кейін бұл әнді айтушылар көбейген болатын. Бірақ біз алғаш естіген орындау дәл осы дауыс, осы мәнер. Құлағымда өшпестей қалып қойған еді. Ол кісі басқа шығар. Осы «Ағаш аяқ» әнін кімнен естіп едім деген ой мазамды кетірді.

Ертеңіне клубқа жиналды. Қалекен:

– Бізге қараған артистерге аудан басшылары бір спектакль қойып беруді өтініп отыр. Жаңадан ашылған театрларыңа байғазымыз болсын, сіздерге «Малқамбай» атты күлкілі спектакль қойып беруді ұйғардық. Спектакльді жазған Ержанов деген кісі. Қазір рөлін жазып алыңыздар, ертеңнен бастап жұмысқа кірісеміз, уақыт аз, тездетіп сөзін жаттаңыздар! – деді.

Маған сондағы негізгі кейіпкердің көршісі Хадиша деген әйелдің ролі тиді. Ертеңіне жұмысқа кірісіп кеттік. Қалекен бізге рольді қалай жасауды түсіндірді. Кейде алғашқы театр құрылғанда жан-жақтан келген жас түлектердің іс-әрекеттерін әңгіме етеді. Мен болсам осы әңгімелердің бәрін тәтемнен естігем, тіпті, айтып отырған адамдардың аттарын да ұмытқаным жоқ. Сөйте тұра, мен Дәлиләнің сіңлісімін деуге қанша оқталсам да батылым бармай қорғаншақтай беремін.

Сонымен бірнеше күн өтті. Спектакль қойылуға жақындап қалды. Менің бірінші айтатын сөзім әлі есімде.

Сырттан жүгіре басып кіріп келемін де, Малқамбайдың иығынан нұқып қалып: «Құдай атқан Малқамбай, немене елдің бәрін бытыстырып жүргенің?» – деймін. Осы бірауыз сөз Қалекенге ұнап қалды. Сірә, өмірдегі шындық болып шықты-ау деймін.

– Міне, міне, осылай болу керек. Сіздер де осылай, жұрт сенетіндей шындыққа жетулеріңіз керек, – деп мені үлгі етті.

Жұмыс аяғында мені шақырып алып:

– Шырағым, қаланың тұрғын жатағынансың ба, жоқ әлде ауылдан келдің бе? – деп сұрады.

– Ауылдан келдім.

Кім екенімді айтуға батылым бармайды. Көңілімде сайрап тұр, тілді Құдай байлап тұр. Неге екенін білмеймін, ернімді желімдеп қойғандай ашылмайтын сияқты. Ұяламын ба, жоқ әлде асқардай биік өнер адамдарының мысы басып сөйлетпей тұр ма, не болмаса соншалықты ынжық, қормын ба – сөйлей алар емеспін. Егер Қалекен өзі қоймай сұрастырмаса, мен сол жауап бермеген бетіммен қала берер едім.

– Қай жақтан келдің? Қай ел боласыңдар? – деп сұрады.

– Темірші еліміз.

– Руларың кім болады?

– Шормыз.

– Қай ауылдансыңдар?

– Секербай ауылымыз.

– Кімнің қызысың?

– Қарақбайдың.

– Не дейді, Қарақбайдың? Кәдімгі Дәлиләннің әкесі Қарақбай ма?

– Иә.

– Сен Дәлиләннің сіңлісің бе?

– Иә.

– Жаным-ау, түнеу күннен бері неге айтпадың? Жүсіпбек, мұнда кел! – Айқайлап есік алдында жүрген Жүсіпбекті шақырып алды. – Мынаны қара, мұндай да жаңалық болады екен! Жүсіпбек, мына бала Дәлиләннің туған сіңлісі екен ғой. Сен Дәлиләні көрген жоқсың ғой. Ол бір ерекше жаралған жан еді. Жаратылыс тұлғасына көркі сай, көркіне нәзік, биязы мінезі сай, оған табиғаттың берген дарын өнері қосылғанда тәңірінің таңдап жаратқан аруы болып шықпай ма? Дәлилә сондай адам еді, бірақ аққан жұлдыздай жоқ болды. Мына бала сол Дәлиләннің сіңлісі екенін айтпапты. Сен Дәлиләні білмейсің ғой.

– Жоқ, Қаллеки, мен Дәлиләні көргем.

– Қашан, қайда көріп жүрсің? Сендердің ауылдарың бұларға шалғай емес пе?

– Мен сізге айтпап па едім. 1924 жылы өзіңіз білетін біздің ағайымыз Ынтықбектің жылқысы қотыр болып, жылқы емдеуге Тұзашы көліне барғанбыз. Дәлиләні Құсайын мен әкесі шақыртып, бір топ жолдастарымен кетіп бара жатып, біздің қосымыздан сусын ішіп кеткен. Сонда көргем. Япыр-ау, сонда жанында бір кішкене қыз бар еді. Сол сен болмағайсың!

– Иә, сонда мен бар болатынмын.

– Мен сендерге ән салып бердім емес пе? Мен ән айтқалы жатқанда, Дәлилә көбелек қуып, ойнап кеткен жеріңнен сені әкелгенше ән айтқызыбай тоса тұрғызған. Сен мені танымайсың ба?

Мен бетіне қарадым да үндемедім.

– «Ағаш аяқ» әнін айтпадым ба? Сен Дәлилә екеуің лезде үйреніп алғансындар.

– Есімде «Ағаш аяқ» әні, ұмытқан жоқпын.

– Ал енді айтқан мені білмейсің. Бұл қалай? Айтқан әнім есінде, өзім есінде жоқпын. Қаллеки-ау, мұндай да әділетсіздік бола ма? – деп маған жақындай түсіп, бастырмалатып барады.

– Ендеше менің айтарым, бұдан былай қарай сені мәңгі есіне сақтауы үшін не жасауы керек. Енді соны ойластыр, – деп Қалекен қалжыңдады. Жүсіпбек ішегі ката күлді.

– Жо-жоқ, сен ұшқары ойлама. Талай ұшқары ойлар болған шығар, бірақ Қарақбайдың қызы ұшқарылықты қаламауға тиіс.

– Қаллеки, кешіріңіз, менде басқа ой жоқ. Бұл кісінің ойында мәңгі орын алып қалам ба, жоқ па оны мен шешпеймін ғой. Ал мен өзім қазірдің өзінде бұл кісіні есіме сақтау ғана емес, барлық тағдырымды қолына беруге даяр екеніме сізге сөз бере аламын, – деді Жүсіпбек. Мен қатты қысылдым, көзімді жоғары көтеруге шамам келмей қалды. Соны байқаған Қалекен:

– Жарайды, бара ғой, ертеңге дейін қош бол, шырағым, – деді.

Мен аяғымды тезірек басып далаға шықтым. Өзіммен-өзім ой толқынында келем. Бұлары қалай? Мені қолжаулық еткілері келе ме? Жоқ, әлде шын мағынасында өмірлік жарым болса деп ойлай ма? Бұл мені елпілдетіп, еліктіре қойған жоқ.

«Малқамбай» спектаклін қойдық. Ойын қызықты шықты. Қалекендер ертең Баянауыл ауданына жүргелі жатыр деп естігем. Мен оларға жуымай қашқақтап жүретінмін. Ойынның соңынан Қалекен мені шақырып алып, оңашалау жерге апарды, сол жерге Жүсіпбек те келе қалды.

– Шырағым, Жүсіпбектің жолдасы жоқ. Әйел табылмай жүрген жоқ, бірақ дәл біз ойлағандай кісі кездеспей жүр. Кейде мұның ұнатқаны менің сынымнан өте алмай қалады. Осы дұрыс-ау деген менің ойымды бұл құптай қоймайды. Сонымен біраз уақыт өтіп кеткен жайы бар, енді екеуміз де бірдей сенің басыңа тоқтап, егер сен келіссең, Жүсіпбекке өмірлік жолдас болсаң деп ойлаймыз. Тіпті, бұған келіспесең де сені Алматыға ала кетіп, театрға орналастыруға бекіндім. Біз ертең Баянауылға жүреміз, үш күннен соң қайта ораламыз, келісімен Алматыға қайтамыз, сен де жолға дайын отыр. Қалай шешсең де өз қалауыңда болсын, бірақ бізбен бірге жүресің. Міне, біздің ойымыз осы.

Жүсіпбек үйге дейін шығарып салды. Есік алдына келген соң қош айтыстым да, кідірмей үйге кіріп кеттім.

Менің тұрған үйім Шайағзамның Лағалия деген қарындасының үйі еді. Бұлар бізге ауылдас жамағайын болатын. Қалекен айтқан сөздерді апамызға айтып ақылдасып едім, Лағалия қуанып кетті. Маған апа болғанымен, жиырмаға жасы жаңа ғана іліккен.

– Тіпті, жақсы, – деп алақанын ұрды. – Ойбай-ау, не ойлайтыны бар. Ел маңына бара алмайтын сондай үлкен адамдар сені қадір тұтып сөз салса, өзіне тең көріп, өмірлік жолдас болам десе, бұдан артық не керек. Жүсіпбекке жар болғаннан артық не тілейсің? Неге сол жерде жауабыңды бермедің? Сен өзің қызық адамсың. Сені ештеңе қызықтырмайды. Тоқырап қалған егде адам сияқтысың.

– Лағалия, қайтесің мені сөгіп. «Жетім қозы тасбауыр» дегендей, мен сияқты бір үйірлі жаннан жалғыз қалып қатігез тағдыр қатырып, тым ерте есейген адамда елпілдеген жастық қайдан болсын. Сондықтан шығар менің түсініксіз жұмбақ жандай көрінетінім. Менің жанымға түскен жара жазыла қоятын мезгіл бола қойған жоқ. Мүмкін келешек ұмыттырар, кінәлама мені, – дедім.

– Кешір, айналайын, байқамай айтып қалдым. Қайтесің өткенді ойлай беріп. Мен саған жақсылық қана тілеймін ғой. Кешіре гөр, жаным!

Үш күннен соң Жүсіпбектер қайта оралды. Келісімен біздікіне келіп, мені сұрады. Мен далаға шығып, есік алдында екеуіміз біраз сөйлесіп тұрдық. Ертең таңертең жүретіндерін айтып, маған даяр отыр деп ескертті. Мен паспортымның жоқ екендігін айттым. Ертеңіне қалалық Советке ертіп апарып, паспорт алатын сенім қағаз жазғызып алды.

Содан он бір шамасында есік алдында жүк машинасы тоқтай қалды. Жүсіпбек үйге кіріп, мені алып шықты. Лағалия қалжыңдап:

– Қызымызды үн-түнсіз алып барасың. Басқа біреу болса бұлай жібермес едім. Ел құрметтеген азаматсың ғой, қандай еркелігің болса да үйлеседі. Айтарым, ата-анасы жоқ болғанмен, өнегелі тәрбие алған ұясы бар екенін ұмытпа! Жалғыздығын есіне түсіре көрме, айналайын! Сен қадір тұта білесің, бұл да сенің жұлдызыңды төмендетпес! Бақытты болыңдар, – деп көзіне жас алды. Мен де Лағалияны құшақтап, қош айтысып машинаға міндім. Сөйтіп, 1935 жылы тамыздың үші күні Қарқаралыдан сәтті бақыт тілеп, жолға шықтық.

Сонымен Жүсіпбектің етегінен ұстап, жаңа өмірге жол тарттым. Машина жүрісі жеделдеген сайын, Қарқаралы тауы бұлдырап көгілдір тартып көмексі бастады. Туған жердің алыстап артта қалуы адамға ауыр тиетінін бірінші рет сезінгендеймін. Жасымнан жалғыз жетім қалып, өмір қиындығын қанша көрсем де, ауылымның төбесі көрініп тұрғанда, сол көріністен өзіме қуат алғандай болушы едім. Біздің қыстауымыз жолдың оң жағында 70–80 шақырымдай Кеңөлке деп аталатын жерде еді. Кеңөлкені ойласам сайраңдап өткен балалық күндерім есіме түседі. Мені еркелетіп еркін өсірген ата-анам, туған туыстарым бәрі көз алдымнан өтіп жатады. Осындай ой елестері мені жебеп отыратындай көрінеді. Енді осылардың бәрімен біржолата қоштасатындай көңілім қобылжып, көкірек көзінен өкси төгілген жасты ақылмен тежеуге ырық берер емес. Жүрекке беріштей байланған жан жарасы, әзір еңсемді көтертер түрі жоқ сияқты. «Көзге қамшы тигендей» қорқып қалған сорлы бас, қасқая қарап жарқылдап күлуге де шамасы жоқ. Бүгін менің мұңаятын күнім бе. Бүкіл ел болып құрмет тұтатын Жүсіпбектей саңлақ әншінің жары болып астанамыз Алматыға бара жатырмын. Ел аузына аңызға айналған Қаллекидің өзі де, туған қарындасындай бауырына тартып еркелете сөйлейді. Менің орнымда басқа біреу болса, қанатымен су сабалап ойнайтын

шағаладай шалқитын кезі емес пе?! Бүгін серпіле көтерілмеген көңіл қашан сергиді. Әлде жақсы мен жаманды, қайғы мен қуанышты, махаббат мен жиреніштің бәріне бірдей қарап, меңіреудей мелшиіп өтемін бе. Әлде бұл тұншыға өксіген күндерімнің соңы ма екен?! Мүмкін, менің де маңдайымнан жарқырай жанған жарық жұлдызым туған шығар.

Жүсіпбек те Алматыға өзіне өмірлік жар тауып, көңілі көтеріңкі, қуанышпен оралған еді.

Ол кезде Семей мен Алматының екі аралығына поезд екі күн жүретін. Поезда кісі көп. Жәркен екеуіміз ең жоғарғы қабатқа орналастық. Менің поезды бірінші көруім. Маған Жәркен бәрін түсіндіріп айтып жатыр.

Поезд ағызып келеді, көңілім алып-ұшып поезбен жарысып келе жатқандай. Жастық, шіркін, саған жетер не бар екен! Айналадағы дүниенің бәрі қызық. Бәріне шаттана, мейірлене қарайсың, қызығына тоймай қарайсың! Ол кез біздің де жалынды жас шағымыз еді ғой!

Аягөз тұсына келгенде Жүсекең Қаллекиге:

– Міне, мынау менің салған жолым! Қазіргі сіздің ағызып келе жатқан поездарыңыз мен салған жолмен келе жатыр. Менің де бұл жолда үлесім бар, – деп қалжындайды. Соны айтып терезеден жол бойына қарап ұзақ отырды. Шамасы, отызыншы жылдардағы осы маңда бір жылға жуық қара жұмыс істеген қиыншылық күндері көз алдынан өтіп жатты-ау деп ойлаймын.

Біз екі күн жүріп, тамыздың сегізінде таңертең Алматыға келіп түстік. Кісі таситын бір-екі жүк машинасы бірінен соң бірі келіп тоқтады. Артында кісі шығару үшін іліп қойған басқышы бар. Оған көтерілу өте қиын. Поездан түскендердің бәрі де осы машиналарға мінеміз деп бірін-бірі баса көктеп жапырылысып жатыр.

Ол кезде пойызда төсек-орын жоқ. Әркім жататын көрпе-жастығын өзімен бірге ала жүреді. Буулы көрпе-жастығы, басқа жүктері, шайға су алатын шәугімі, осының бәрімен машинаға ұмтылады. Қара суға түсіп, терлеп-тепшіп машинаға ілігудің өзі бақыт. Біз машинаға мінеміз деп ойлағанымыз да жоқ. Біз бар жүгімізді салып, арбаға орналастық. Бұрқылдаған топырақ жолмен жүріп келеміз, ол кезде асфальт жоқ. Егер жауынды күні көшеде жүре қалсаң, сазбалшықтан аяғыңды ала алмайсың. Кейде кебісіңнің қай жерде қалып қойғанын таба алмайсың. Лезде сазбалшыққа батып жоқ болады.

Ол кезде Алматының көлемі Ташкент көшесінен басталып, жоғарғы жағы Басарық (Абай) көшесімен бітеді. Екі қабат үй сирек кездесетін. Бұрынғы Үкімет үйі Қарасай батыр көшесі мен Панфилов көшесінің қиылысындағы және Фурмановпен қазіргі Бөгенбай батыр көшелерінің түйіскен жеріндегі Түрксіб басқармасының үйі. Ең көзге түсіп, мақтана қарайтын үйлеріміз де осылар.

Бұрын Алматы сондай болды дегенге кім сене қояр екен. Біз қазір Алматының небір әсем қалалармен бәсекелесе алатынын білеміз.

Сонымен, шабан ат, жайдақ арбамен шаң жұтып екі сағаттай жүрдік. Жолдың сол жағы жазық дала да, оң жағы қалың жыныс тоғайды жағалап отырады.

– Мына тоғайды «Мүттәйім бак» деп атайды, сен естіп пе едің, Жүсіпбек?

– Иә, атын естігем. Бірақ мұттәйім деген жаман сөз емес пе? Тоғайды неліктен олай деп атайды екен?

– Бұрын жалғыз-жарым кісілер бұл бақты маңайлап жүре алмапты. Мұның ішінде кісі тонаушы бұзықтар жүреді екен. Бірді-екілі жүрген адамдарды тонап, болмаса өлтіріп кететін көрінеді. Сондықтан «Мұттәйім бақ» деп атаса керек.

Мұттәйім бақтың тарихы маған қорқынышты болып естілді.

Өз-өзімнен үрейлене бастадым. Маған қазір де біреулер шыға келетіндей, қашып құтылуға атымыз да шабан, жан-жағыма қаранып елегізе бастадым. Қаллекки соны байқап:

– Жүсіпбек, егер қазір біреулер шыға келсе қайтесің? Алдымен шетте қатар отырған сен екеуінді сүйретіп кетеді-ау?! Байғұстар ең болмаса дұрыстап бір-екі күн бірге де болмадыңдар, – дейді қалжыңдап.

Сөзінің қалжың екенін түсінсем де, іштей үрейленіп отырдым.

Бір кезде қалаға да жеттік. Ташкент көшесімен біраз оңға жүрдік те, Коммунист көшесімен жоғары көтерілдік.

– Қазір жолшыбай алдымен Қаллеккидің үйіне кіріп шығамыз. Бұл үй – мен үшін қара шаңырақ, үлкен үйім. Қазия жеңгейге сәлемдесіп, кішкене тізе бүгеміз де, сонсоң үйге барамыз, – деп ескертті Жүсіпбек.

Біз Совет көшесімен Коммунист көшесі түйіскен жердегі үйге тоқтадық. Кішірек екі бөлмеде Қалекен тұрады екен. Жәркен бәрімізден бұрын жүгіре жөнелген болатын. Біз үйге жақындағанымызда алдымыздан жүгіре басып Қазия жеңгей де шықты. Келе менің маңдайымнан сүйіп, құтты болсын айтып, жақсы тілектерін білдірді. Көптен күтіп отырған ең бір жақын абысындай қарсы алды. Жеңгеміздің аяғы ауыр екен. Жүрісі тым мамырлап кетіпті. Бірақ онысына қарайтын емес. Бұрын көрмеген адамын, әсіресе, сырттан келген келінге бойын тарта ұстап, сынай қарайтын абысындай емес, ет жақынындай баурап әкетті. Жәркен маған алма, помидор әкеп беріп жатыр. Көптен аңсап келген жемістерін өзі де құшырлана жейді.

Вокзал (қазіргі Абылай хан) көшесімен жоғары көтеріліп Артиллерия (қазіргі Құрманғазы) көшесімен оңға бұрылып, бұрыштан екінші үйге тоқтадық.

Жүсекеңнің үй іші алдымыздан шығып, қуанысып қарсы алды. Біз көлденең тұрған үйдің астыңғы жертөлесіне түстік. Кішкентай екі бөлме екен. Екеуін қосқанда үлкен бір бөлмедей-ақ. Осы кішкентай екі бөлмеде он адам тұрдық. Аға-жеңгесі, үш баласымен інісі, немере інісі, қарындасы, Жүсекең және мен. Дүние-мүлік дегеннен терезенің алдына көлденең қойған темір төсек бар. Ауызғы бөлмеде де бір темір төсек, төсектің аяқ жағында ыдыс-аяқ қоятын шкафтың үстінде кішілеу абдыра, бөлменің ортасында тамақ ішетін биік стол, бірнеше орындықтар бар, басқа еш нәрсе жоқ. Тағы бір қызығы, жаңбыр көп жауған күні арыққа су сыймай, төмен-ылдиға қарай жайылып кететін. Біз тұрған үй мен Басарықтың арасы бір ғана көше. Ал, біз тұратын бөлменің терезесі жермен бірдей еді. Жоғарыдан төмен қарай аққан су терезеден бөлме ішіне құйылатын. Мұндай күні аяқкімімізді шешіп тастап, суды шелекпен далаға тасумен болушы едік. Бірақ ренжімейтінбіз. Суды құрғатып сүртіп алған соң да дымқыл жерге әуес келетін

құрбақа ашық терезеден түсіп, үйдің ішінде секеңдеп жүретін. Бірімізді-біріміз қорқытып, құрбақаның секіріп жүргеніне күлетінбіз. Бұның бәрі бізге уақытша қиыншылық сияқты көрінетін. Ал Жүсекең болса, бұл сияқты күнделікті күйкі тұрмыс жайын ойлағысы да келмейтін.

1935 жылы қыркүйектің төрті күні сынақтан өтіп, сол күннен бастап драма театрының мен де бір мүшесі болдым.

ҚАЗАҚ ӨНЕРІНЕ МӘСКЕУ ҚОЛ СОҚТЫ

Мәскеудегі алғашқы онкүндік туралы

Отызыншы жылдардың басында үкімет орындары көп ұлтты республикалардың өнерінің өсу жолына жағдай туғызып, қамқорлық жасап отырды. Осыған байланысты Кеңестер Одағы астанасы Мәскеуде әрбір республиканың өнер онкүндігі өткізіле бастады. 1936 жылы наурыз айында бірінші рет Украина көркем-өнерінің онкүндігі өтті. Ендігі кезек Қазақ Республикасының әдебиеті мен өнерінің онкүндік байқауына арналмақ. Бұл кезде қазақтың кәсіби сахна шымылдығының ашылғанына он-ақ жыл болған еді. Әні де, күйі де, драмалық ойыны да – бәрі бір өзіне жүктелген жалғыз театрдан осы он жыл ішінде ондаған отау бөлініп, облыстық театрлар ашылды. Өз алдына музыка театры, концерттік филармония құрылды. Театр өнері профессионалдық сатыға көтерілді.

Қазақ өнерінің Мәскеу жұртшылығымен бірінші кездесуі 1927 жылы сәуір айында болатын. РСФСР Халық ағарту комиссары Луначарскийдің арнайы шақыртуы бойынша он бір адам барып, Бүкілодақтық Кеңестер съезіне арналған концертке қатысып қайтқан. Ал бұл – Қазақстан өнерпаздарының Москваға екінші рет келуі. Және де жалғыз өнер адамдарымен емес, әдебиетімен бірге келіп отыр. Өз тұрғысында кеңейген, музыкалы-драмалық өнерінің өскен, кәсіби жағынан көтерілген кезінде шығармашылық есеп бере келгендей еді.

Алдымызда өте жауапты сыннан өтетін кезең тұрды. Бұл сынақтан сүрінбей өту үшін талмай дайындық үстінде болдық. Даярлық жұмысына тікелей басшылық ету және осы сапарды басқарып беру Қазақстан Халық ағарту комиссариатының бастығы Темірбек Жүргенов жолдасқа тапсырылған. Даярлық жұмысы бір айдан артық уақыт қазіргі Пушкин көшесіндегі Қазақконцерт үйінде өтті. Ал жұмыс шираған кезде, Держинский (қазіргі Наурызбай батыр) көшесіндегі қазіргі Ұйғыр театры орналасқан ғимаратта өтті.

Бұл онкүндікке «Қыз Жібек» және «Жалбыр» спектакльдерін апару туралы шешім қабылданды. Бірақ спектакльдің бұрынғыдай шағын қалпында емес, көпшілік сахнасын молайтып, көркейтіп дайындады. Кейбір ойнаушыларды ауыстырды. «Қыз Жібектегі» Базарбайы – Қалибек Қуанышбаев, Бекежанның Жібекке арналған тілегін әнмен орындайтын жолдас жігітін – Жүсіпбек Елебековке берді. «Жалбырда» Елубай Өмірзақов – жалшы жігіт Қайрақбайды, Қапан Бадыров – уезд бастығын орындаса, Серке Қожамқұлов, Шәкен Айманов та осы спектакль рольдерін орындады. Талантты, тәжірибелі артистердің қатысуы спектакльді

көркейте түсті. Осы екі спектакльмен қатар үлкен концерттік бөлім даярланды. Концерт негізінде көпшілік хормен байланысты болды. Ол үшін облыстық театрлардан адамдар шақырылды. Семейден, Қарағандыдан таңдаулы әнші артистерді шақырды. Көркемдік жағын режиссер И.Г. Боров басқарды. Ол осыдан бір жыл бұрын драма театрына арнайы бас режиссерлікке шақырылған. Өте талантты, тапқыр жан еді.

1936 жылы мамыр айының бірінші жартысында сәтті сапар тілеп, астанамыз Мәскеуге жол тарттық. Бұл сәтті тілекті жалғыз біз ғана емес, бүкіл қазақ елі болып тілегендей еді. Өнер десе ішкен асын жерге қоятын қазақ халқы, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан дәстүрлі өнерін, астана жұртшылығының алдына сарапқа салып, жоғарғы дәрежеде бағасын ала ала ма, жоқ па деген күдік барлық елдің көңілінде еді. Бара жатқан топтың да, арттағы елдің де көздегені – осындай бір тілек, бір мақсат.

Алдымызда қаншалықты жауапты міндет тұрғанымен, көңіл шіркіннің тасқындай тасып шалқуын еш нәрсе бөгей алатын емес. Атағы әлемге жайылған астанамыз Мәскеуді көру – қазақ жастары үшін қуаныш. Мәскеу жұртшылығымен кездесу, астанада тұратын өнер қайраткерлерімен жүздесу ойынды ғарышқа самғатып, жүрегінді аттай тулатады.

Ол кезде поезд Мәскеуге бес күн жүріп барады. Осы ұзақ жолдарда, қазақ жерінен шыққанша, әрбір аялдамаға тоқтай қалғанымызда, хабардар болып отырған ел жан-жақтан андыздай құйылып қоршап алады. Әрқайсысы шын жүректен шыққан тілектерін айтысып, тіпті аяғы жиналысқа айналып кетеді. Осылайша халықтың мейірімді тілеуінен қуаттанып жолымыз қысқара берді.

Ұлттық өнердің небір дүлдүлдері осында. Арамызда Жамбыл ақсақал да бар. Атамыз ол кезде тоқсанға келген. Өте еркін, айтатынын тура бетке айтып салатын. «Әй, сұлулары қайда, қасыма бір сұлуды отырғызбайсындар ма?» деп қалжыңдайтын. Бір жолы мен Жамбыл атамызға жақын отырдым. Арамызда бір кісі ғана бар.

– Әй, сен арғынсың ба? – дейді маған.

– Оны қайдан білдіңіз?

– Жағаңнан білдім.

Менің жағамның несі бар деп, таңғалып едім сонда. Өзі әркімге де көңіл бөліп, маңайын күлдіріп бірдемелерді айтып отыратын еді, жарықтық!..

Бесінші күні Мәскеуге де жеттік-ау, Бізді қарсы алғандар өте көп. Құшақ-құшақ гүлдермен орап тастады. Сақадай сайланған жігіттер біздерді арнайы сайланған көліктерге отырғызып, қонақүйге қарай ала жөнелді. Әрқайсымызға арналған бөлмелерге жайғасып орналастық.

Міне, енді біздің көптен күткен жауапты күніміз де жетті. Ол мамыр айының 17 күні болатын. Үлкен театрда «Қыз Жібек» спектаклі қойылғалы жатыр. Жұмысқа тым ерте келіп, жақсылап дайындалып алғанбыз. Ойын басталуға әлі көп уақыт бар болса да, әрқайсымыз өз орнымызда даяр тұрмыз. Бұрын алдымызда ауыр сынақ бар деп көңіліміз қобалжитын болса, енді сол қобалжу қорқынышқа айналғандай түрі бар. Бір-бірімізбен ауыз ашып сөйлесуге батылымыз бармайды.

Бұрынғы өткен адамдар Ораза айында Қадір түні Құдайдан бір тілек тілейді екен. Сол тілектің үстінде басқа ой ойлап, басқа сөз сөйлесе, тілегі орындалмай қалады дейді екен. Қазіргі біздің халіміз тура сол сияқты. Шымылдық ашылуға жақындаған сайын тіпті, тіземізге діріл пайда болғанын сезіп тұрмыз. Мынандай жағдайсыз кейпіңді жаныңдағы адамға айтуға ыңғайсызданасың. Оның түрінен де соны сезесің.

Дәл осы сәтте мынау басты кейіпкер, ал мынау көпшілік сахнасындағы адам деп бөлуге болмайтын еді. Бәріміздің көтерген жүгіміз бір, тек құламай көтерсек екен деп армандаймыз. Ол – қазақ елінің бізге артқан сенімі. Осы бір аз ғана өнер тобы қазақ халқының басынан өткізген өмірінен, әдет-ғұрпынан түсінік бере ала ма, арттағы қалың қауымның сенімін ақтай ала ма? Осы аз ғана топқа сенім артып, бәйгеге қосқан тұлпардай аруақ шақырып, тілек тілеп елің отырса, бүкіл ел намысы мойнында тұрғанда, тізең қалтырамаған қайтсін?!

Міне, шымылдық та сыпырылып ашыла бастады. Сахналық өмір басталып кетті. Көп кешікпей сахнаға Күләш – Жібек те шықты. Еркін жанбай тұрған отты аузының желі мол адам бір-екі үрлегенде, лаулай жанып жөнелмеуші ме еді. Сол сияқты Күләш та өзімен бірге көпшілік сахнасындағыларды айналасына үйіріп жетегіне ерте жөнелді. Біз сахнада Күләшті емес, шын Қыз Жібекті көрдік. Сонау өткен заманның Қыз Жібегінің қасында қошемет көрсетіп жүргендей, қайғысына бірге қайғырып, қуанышына бірге қуандық. Ойнап емес, шын қайғырдық. Әсіресе, Төлегеннің өлгенін естігеннен кейінгі «Дүние-ай» әнін айтып жүріп, жағалай тұрған қыз-келіншектермен қоштасқандай бірінен соң бірін құшақтап: «Маған енді өмірдің керегі жоқ, араларыңнан мен де кетуім керек, жастайымнан бірге өскен құрбы-құрдастарым, кешіріндер мені, туған ел, өскен жерім бақұл бол» дегендей айналасына аймалай қарап қоштасқаны, барлық қимыл әрекетінен айқын білініп тұрды.

*Әуелі бас қосқаным Жағалбайлы,
Жылқысын көптігінен баға алмайды.
Өлгені Төлегеннің рас болса,
Құдайым Қыз Жібекті неге алмайды?! –*

деген зарлы әуен, бүкіл залды толтырып жіберді. Мынандай қасіретті зарлы әуенді естіп отырған біздер, өзімізге ие бола алмай еңіреп кеттік. Енді бір сәт бізден әнтек бөлініп көрермен қауымға айтқандай, «Көріңдер, міне, бұрынғы өткен Қыз Жібек сияқты ару қыздардың қайғысымен қан жұтып тұңғиыққа батқанын» деп өксіді. Осы қалпына әнін үзбей жоғарыдағы қия жартасқа көтеріліп алды да, ақтық рет бізге бұрылып, екі қолын созып бақұлдасқандай болды. Біз де үрейленіп ілгері ұмтылдық. Сөйткенше болмай терең суға құлап кетті.

Енді, міне Жібек жоқ. Артында тек «Гәкку» әні ғана қалды. Біздер бір-бірімізге ұйлыға түсіп «Гәкку» әніне қосылып ілгері жылжыдық. Бұл жолғы айтқан «Гәккуіміз» зарлы жоқтау болып естілді.

Сонымен шымылдық жабылды. Шымылдық қайта ашылғанда көрермен қауым тыпыр етпей ұйып қалыпты. «Бұл қалай?» деген сезім қылы дененді дір ет-

кізгендей болады. Сөйткенше болмай дуылдай соққан алақан үнінен зал жаңғырып кетті. Көрермендердің тынып қалу себебі – Күләштің соңғы қоштасу әнінің соққысына жығылғандай, соның әсерінен шыға алмай қалғаны екен.

Біздің бірінші жұмысымыз аяқталып, астана жұртшылығы дән риза болғанын көріп, төбеміз көкке тигендей қуандық. Сол сәтте Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы Ораз Исаев пен Темірбек Жүргенов те келе қалды. Ол кісілер де баладай қуанып, бәрімізді құттықтап: «Қазір далаға шыға көрмендер, тер қатып ауырып қаласындар» деп бәйек болып жатыр. Сол күнгі қуанышымыз өмірде естен кетпес. Беташар спектакліміз ойдағыдай шықты. Сол кештегі қазақ өнерінің жоғары бағалауына негізгі себепкер болғанның бірі, үлкен сезім иесі, қазақ халқының дарынды, ару қызы – Күләш еді.

Жаңа ғана, осыдан екі сағат бұрын есіміз кете дірілдей қорқыныш билеген денеміз қазір нұр құшағына бөленгендей жайраң қағамыз. Адам көңіл күйінің өзгеруіне байланысты, барлық дене құрылысын да солай бейімделеді емес пе. Егер көңіл күйің ақаусыз көтеріңкі болса, денең қуатты, жаның нәрлі, жүзің көрікті болады. Ал, көңілің жабырқап қаяу түссе, барлық ақыл-ойыңа тоқырау пайда болып, дене құрылысын әлсіреп, жүзің де солғын тартып жүдеп қалмайсың ба. Адамның көңіл күйі лезде өзгереді ғой. Сол күнгі біздердің шаттана шалқуымызда шек жоқ еді.

Ертеңіне «Правда» газетінің бетінде қазақ өнерінің жетістіктерін кең түрде айта келіп, соның ішінде Күләш Байсейітованың, Құрманбек Жандарбековтің ерекше дара шеберлігін жазған үлкен мақала шықты. Қазақ өнерінің бастамасы жоғары дәрежеде деген мақаланы оқып, көңіліміз сабасына түсіп, жұмысымызды ары қарай жалғастыра бердік. Келесі ойынымыздың көңілдегідей өтіп жатқанын спектакль үстіндегі көрермен қауымның қарым-қатынасы арқылы сезіп-біліп отырдық. Егер сахнадағы кейіпкер, өзі жасап жүрген тұлғаның өмірін дұрыс кешсе, оған сендіре алса, онда көрермен қауым да сахнадағы кейіпкермен бірге өмір кешеді. Оның қуанышы мен қайғысына ортақ болып, жасаған әрекетінің бәріне сеніп отырады. Осыған байланысты «Исатай – Махамбет» спектаклі кезінде болған бір жайды айтқым келеді.

1938 жылы М.Ақынжановтың «Исатай – Махамбет» атты пьесасын қойғанбыз. Кейіпкерлерінің ішінде Жәңгір ханның тыңшысы, екіжүзді сатқын Балқы деген бар. Балқының бейнесін жасаған Әбікен Хасенов еді. Балқы өзінің ізін білдірмей, Махамбеттің жанашыр жолдасындай қасынан қалмайтын. Балқының ойлаған ойы – қайткен күнде де есебін тауып Махамбетті жау жағына ұстап беру.

Махамбет бірнеше күндей ұйықтамай қалжырап, әбден шаршаған кезде жанындағы Балқыға: «Мен кішкене көз шырымын алайын, сен сақ бол, қарауылдай тұр» деп өзі ұйқыға кетеді. Осы сәтті күтіп жүрген Балқы сыртта торуылдап жүрген хан әскеріне хабарламақшы болып сыртқа кетеді. Енді хан адамдары келіп, Махамбетті байлап әкететінін көрермендер біліп отыр. Сол сәтте әскери киінген бір жігіт залдан жоғары шығып, ұйықтап жатқан Махамбеттің жанына барып, қалтасынан нағанын алып, атуға дайындап қойды да, өзі жан-жағына қаранып жанында тұрды да қойды. Егер Балқы роліндегі Әбікен хан адамдарын

ертіп сахнаға шықса, жаңағы жігіт бірнешеуін өлтірмей берісетін түрі жоқ. Дегеніміз, шымылдықты жауып жіберіп, жаңағы жігітті шығарып әкетіп, шымылдықты қайта ашты. Залдан көріп отырған көрермендер қорқып дүрлігіп кетіпті. Ал жігітті тиісті орынның қызметкерлері алып кетті. Нерв жүйелерін тексергенде дұрыс болып шығыпты. «Неге олай істедің?» – деп сұрағанда: «Балқы бейнесін жасаған Хасеновтің жауыздығына сенгенім сонша, дәл сол сәтте Хасенов сахнаға шыққанда атып тастауым сөзсіз еді!» – деп жауап беріпті. Мұндай жағдай сахна тарихында сирек кездеседі. Дегенмен осы оқиғаны көзімізбен көрдік. Егер сахнадағы кейіпкер сенімсіз ойнаса, мұндай жағдай болмас еді, әрине.

Ең соңғы күні үлкен концерт қойдық. Концерт той болып жатқандай, жеке әншілердің өзі көпшілік сахнасымен тығыз байланыста өтті. Концерттің соңы үлкен хормен аяқталды. Хордың әнін Манарбек Ержанов, сөзін Әбділда Тәжібаев жазған болатын. Сөз қандай серпінді, тәкаппар болса, әні де соған сай, әрбір сөзін құптап, көтермелеп әкететін еді. Жүсіпбек пен Манарбек хорды бастайтын, қалған көпшілік қайырмасына қосылатын. Әбекеңнің жазған өлең шумағы мынандай еді.

*Шырқал ән, төгіл дауыс көмекейден,
Сайра тіл, ағыл, құйыл салған жерден.
Келіңдер, кел, жолдастар, ән шырқайық,
Жойқын ән жатсын тарап біздің елден.*

*Ән-күйлер отарбаға сыймай бәрі,
Елде көп кезек күтіп қалғандары.
Жалынды жұрт сәлемін тиіп тегіс,
Пар жеккен паровоздың келмеді әлі.*

*Өлеңдеттік әләуләй,
Күйді төктік,
Нәсерлеттік,
Екпіндеттік,
Шырқатамыз аянбай.*

Қайырмасы тым жоғары асқақтап кетеді. Ал, бір таңғаларлық нәрсе – Манарбектің хорға арнап жазған осы әнін біз қайтуға қамданып жатқан кезде, сәске түс шамасында радиодан Иван Семенович Козловскийдің орындағанын естіп, Жүсекең екеуіміз есіміз кете таңғалдық. Біз тездете, серпінді етіп айтатынбыз. Ал И.С. Козловскийдің орындауы тіпті, бөлекше, тамылжыған жайма-шуақ, бала ұйықтататын бесік жыры сияқты тым нәзік, Жүсекең сондай зейін қойып тыңдап:

– Мынау әннің айтылуы маған үлкен сабақ беріп тұрғандай. Қандай ән болса да, айтылуына байланысты өзгеріп, тіпті, бөлекше болып естілетінін байқаймысың, – деді.

– Егер біз хорды мынадай жайлап айтсақ, әннің ішкі қызуы төмендеп кетпесе еді, – дедім.

– Мен біздің айтқанымыз дұрыс емес деп отырғам жоқ. «Жойқын үн жатсын тарап біздің елден» деген сөзді әні де асқақтап құптап тұр. Мұндай сөзге жазылған әнді ширықтыра, серпінді етіп орындамаса болмас еді. Біз солай орындадық та. Ал сол ән Иван Семеновичтің орындауында тіпті басқа болып шықпады ма. Жай ғана сылдырап аққан мөлдір бұлақтай, болмаса шалғынды көк орайдың үстінде, басқа дүниеден бейхабар, жаныңды әлдилеп жатқандай сезінеді емессің бе. Ән қандай болса да, айтуға байланысты екеніне әбден көзім жетті, – деді Жүсекең.

Біз қайтуға дайындалып жүрген күндердің бірінде Қаллеки:

– Жүсіпбек, біз бүгін барып Нығметке сәлем беріп шығайық. Москваға келіп тұрып амандаспай кеткеніміз ұят болар, – деді.

– Қаллеки, бұныңыз дұрыс. Нығмет қазақ халқының мақтан тұтатын ұлдарының бірі ғой. Елінен келіп тұрып амандаспай кетсек, тіпті де ыңғайсыз болар. Мен Мәскеуде қазақ тұрады деп ойлаған емеспін.

– Қаллеки, ол кісі кім? Мәскеуде қазақтар тұра ма?

– Тұрғанда қандай? Және де ол осал қазақ емес. Саяси бюроның мүшесі, Ұлттар кеңесінің бастығы болып істейді. Әйелі де біздің Қарқаралыныкі. Саған апа болады, – деді.

– Шын айтасыз ба?

– Өзің көрмесең де, әкесін, туыстарын білесің.

– Ол кім, айтсаңшы, – деп ентелей түстім.

– Сені балам деп үйге келе беретін Ыбырай деген ақсақал бар емес пе? Зүфнін деген Нығметтің жолдасы сол ақсақалдың қызы болады.

Менің ойыма Ыбырай ақсақал орала кетті. Жүсекең мені Алматыға әкелгеннен кейін, бір-екі күннен соң бір ақсақал келіп, менімен таныс адамдай екі қолын ұсынып сәлемдесіп, бауырына басып маңдайымнан сүйіп:

– Шырағым, мен сенің әкең боламын. Әкеңмін дегенге таңданып, танымай тұрған шығарсың. Танымайтын орның бар. Мен сені сыртыңнан білем. Сенің әкеңмен құрбылас жолдас едім. Оның үстіне жерлес туыстығымыз да бар. Әкең Қаракбай жақсы адам еді. Жақсыдан қалған жалғыз көз болған соң, Жүсіпбек жар етіп әкелді дегенді естіп, жасымның үлкендігіне қарамай, орның құтты болсын, бақытты бол деп айтуға әдейі келдім, – деген. Нығмет ағаның жолдасы сол кісінің қызы екенін білдім. Біле тұрсам да, жаратылысымдағы ұяңдығыма бағып, барғым келмей:

– Мен не аламын, бармай-ақ қояйын, – дедім.

– Не алғаны несі, барасың, Нығмет ағамен, Зүфнін апамен танысасың. Жақсы адаммен танысудың өзі ғанибет емес пе. Сен өз-өзіңнен именшектеп, ұяласың да жүресің. Үлкенге иба жасау дұрыс, әрине. Ал артық ұялшақтық – жамандыққа тән нәрсе. Оны азайту керек. Сонан соң сен жасың кіші болғанмен, араласатын кісілерің жасы да, жолы да үлкен адамдар екенін ұмытпа. Сен солармен теңдес сөйлесуге хақың бар. Қарай гөр өзін, Жүсіпбектің жасының үлкендігіне кара-

май күйеуге шығасың да, оның жолдастарынан ұяласың, оның болмайды, – деп қалжыңдайды.

– Қаллеки-ау, оны қайтесіз, «аяқтыға жол, ауыздыға сөз» бермейтін сумақай етіп, – деп жатыр Жүсекен.

– Жоқ, «аузынан сөзі, қойнынан бөзі түсіп» мыңқиып отыруға болмайды. Әсіресе, театрда істейтін адам ширақ болмаса, өз сыбағасынан құр қалады. Ойындағысын айта алмай ұялып отырса, оның не жақсылығы болушы еді, – деп қалжыңы аралас шындықты да айтқандай болды. Қаллеки өздерімен бірге мені де ертіп апарды.

Есігінің алдында милиция тұрады екен. «Қазақстаннан, елден келген адамдармыз» деп телефон соққыздық. Ол жақтан рұқсат болған соң бізді ішке кіргізді. Үшінші қабатқа көтеріліп, үйдің қоңырауын соқтық. Біздің келуімізді асыға күтіп тұрған болу керек. Дереву Нығмет аға өзі есік ашты. Шын ықыласымен қарсы алып, төрге шығарып, шүйіркелесе сөйлесіп, ел жайлы сұрастыра бастады. Үйде жалғыз өзі көрінеді. Әйелі мен баласы қаланың сыртындағы дачада жатыр екен. Бізге шай қойып, өзі құйып берді. Бір-екі сағаттай әңгімелесіп қош айтысып үйден шықтық.

Сөйтіп, 1936 жылы мамырдың аяқ кезінде Нығмет Нұрмақов ағайдың үйінде болып, қолынан дәм татып едік.

Осы жылғы Қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінде өнер жолынан да, өмір жолынан да алған тәжірибеміз ұшан-теңіз. «Жақсы жерге жатсаң жақсы түс көресің, жаман жерге жатсаң жаман түс көресің» дегендей, біз де астанамыз Мәскеуде болып көптеген жақсыларды көрдік. Ленин мавзолейінде ұлы бабамыздың бейнесіне бас идік. Орыс халқының үлгі тұтар көптеген мәдениетіне көзімізді суардық. Сонымен қатар қазақ халқының әріден келе жатқан өзіне тән дәстүрі, әдет-ғұрпымен таныстырдық. Астана жұртшылығы қазақ өнерін тамашалап, өнер адамдарымен танысып, естерінен шықпайтындай әсер алды.

Осы онкүндікте ерекше көзге түскендердің бірі Манарбек Ержанов еді. Оның онкүндіктің жақсы өтуіне қосқан үлесі ерекше. Осы жолы алып келген екі спектакльдің екеуінде де басты рольде ойнап, спектакльдің сәтті шығуына себепкер болды. «Қыз Жібекте» – Шеге, «Жалбырда» Елеместің бейнесін атқарды. Екеуі де үлкен тұлға болып шықты. «Қыз Жібектегі» Шегенің әнін айтатын Манарбектің даусында теңдесі жоқ алып күш жатқаны байқалатын. Ол күш тек жаңғырған бос дауыс емес, тым әсерлі кербез, үнінің жарқыншақсыз, мүлтіксіз біркелкілігі сымға тартқандай, тазалығы кәусар бұлақтай әсер беретін Манарбек – Шеге жанына еріп жүрген мырзасының кім екенін әнмен баяндап, шалқыған байлығын айтатын жерінде оның саф алтындай таза, асқақтай, серпінді, шалқыған әсем даусынан Төлегеннің байлығы емес, қазақ халқының байлығы, оның сән-салтанаты, тіпті, ұшы-қиыры жоқ кең даласына дейін Мәскеу жұртшылығының алдына жайып салғандай әсер етті. Оның даусынан қазақтың өзіне тән рухани өзгешелігі айқын естілетін. Оның серпінді сұлу үнінен қазақ халқының кербездігі, тәкаппарлығы, алғырлығы, бауырмалдығы, ақындығы, салдығы – бәрі білініп-сезіліп тұратын.

Күләш Байсейітова мен Манарбек Ержанов Мәскеу жұртшылығын дүр сілкіндіргендей болды. Қазақтың шалқыған кең даласында еркін өскен ұл-қыздарының бойында өнер қазынасының мол екендігін дәлелдеді. Осы жолы Одақ бойынша бірінші рет берілген КСРО халық артисі деген атақты алғандардың бірі біздің Күләш болды. Мұндай асқан құрмет, зор бағаға ие болу бәрімізді қуанышқа бөледі. Бұл қуаныш жалғыз біздікі емес, бүкіл қазақ халқының қуанышы еді. Көз тігіп, құлақ түріп бақылап отырған қазақ елінің намысын қорғап, сенімін ақтағанымыз зор абырой болды.

Онкүндіктің қорытынды концертінде Үлкен театр сахнасына Жүсіпбек те шығып ән шырқап, Мәскеу жұртшылығының алғыс мерейіне бөленді. Ол жаңа көтеріліп келе жатқан қазақ өнерінің туын көтеріссе, сол тудың астында өз мәртебесі де көтерілді. Осы онкүндік сапар Жүсіпбектің болашақ өсу жолына нық сенім берген еді.

Бұдан он шақты жыл бұрын туған жері Қойтас қойнауындағы жеркепе үйінде домбырасымен сырласып, ертегінің сиқырлы кілеміне мініп ұшқандай аяқ жетпес жерді ой-қиялымен аралайтын Жүсіпбектің арманы шындыққа айналды.

Мамырдың жиырма бесі күні кешкі сағат сегізде Кремльдің Үлкен сарайында өтетін кездесу кешіне шақыру билетін алғанбыз. Өзімізше мерекедегідей киініп, енді біреулеріміз ұлттық киімдерімізбен түрленіп келгенбіз. Үлкен залдың ұзын бойына үш қатар етіп үстелдер қойылыпты. Үстінде неше түрлі біз көрмеген тағамдар жайнап тұр. Біз жайғасып отыра бергенімізде екінші есіктен Саяси Бюро мүшелері келіп кірді. Біз орнымыздан дүрліге тұрып қарсы алдық. Біздерге күтуші қызметін атқарып жүрген азаматтар сыпайы түрде орнымызға отыруды өтінді. Орнымызға отырғанмен сол жаққа жалтақтап қараумен болдық. Саяси Бюро мүшелерімен бір үйде отырмыз... Қазақ театрының құрылғанына он жыл ғана болса да, онкүндік байқаудан сүрінбей өтіп, өнер төрінен орын алғандай болдық.

Саяси бюро мүшелерімен бір қатарда Күләш Байсейітова мен Елубай Өмірзақов қана отырды. Жүсекең екеуіміз отырған орнымыз олардан онша қашық болмады. Жүсекең көрсетілген орын – он сегізінші, менікі – он тоғызыншы. Бәрін жақыннан анық көріп отырдық. Саяси Бюро мүшелері біз қойған спектакльдер мен концерттерге үзбей келіп тұрғанмен, оларды онда анықтап көре алмағанбыз. Сондықтан да жақын жерде көз алмай қарай бергіміз келеді, Кремльдегі осы отырыста, біраздан соң шағын концерт берілді. Бұл жерде жеке орындаушы болмады. Көпшілік хор ғана айтты. Тек бізден кейін И.С. Козловский бір-екі ән айтып берді.

Қазақстанымызға қайтар алдында бізге арнап дүкен ұйымдастырылды, іші толған дүние, көздің жауын алады. Не аларымызды білмей алақтап, әрқайсысын бір көреміз. Қалтамызда ақша жеткілікті. Екі айлық еңбекақымызды алғанбыз. Бірақ өзімізге лайықты киім алудың ретін білмейміз. «Жақсыда жаттық жоқ» демей ме Сәкен аға (Сәкен Сейфуллин) әрқайсысымызға ақылын айтып: «Мынаған мынадай түс ұнайды, саған мына көйлек жарасады» деп шын ықыласымен көмектесті. Өз ауылының ұл-қыздары табысқа толы көркейген көңілмен сәнді, әдемі киініп жаңарып қайтқанын қуаныш көретін болу керек. Шынында да, ішіміз де, сыртымыз да жаңарып, жаңғырып, марқайып қайттық.

Сонымен, бірінші рет қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінен үлкен табыспен оралдық. Жолшыбай тоқтаған жерімізде күнделікті газет бетінен жақсы бағамен оралып қайтқанымызды оқып отырған ел, қуана қарсы алып, кей жерлерде ақсақалымыз, жыр алыбы атанған Жамбыл атамызға сыйлыққа шапан жауып, қуанышты сөздерін айтып, тіпті, шоқтығымызды онан әрі көтере түсті. Сол сапарда Жүсіпбек пен Ахаң – Ахмет Жұбанов бастаған филармония ұжымы Ақтөбеден түсіп қалды да, өзгеміз Алматыға тарттық....

АСЫЛ БЕЙНЕ, АСҚАР БЕЛ

Серке Қожамқұлов туралы

1935 жылдың 4 қыркүйегі болатын. Өмір жолымды өнер саласына арнап ниет білдірген өтінішім бойынша мені сынақтан өткізбекші болды. Бірнеше кісі ұзын столдың жанына орналасқан екен. Басқарып отырған Серағаң (Серке Қожамқұлов). Менде зәре жоқ. Осыдан аз күн бұрын ғана елден келгенмін, тіпті жастау-мын, оның үстіне ұяң едім. Алдымда отырғандарға туралап қарауға батылым бармайды. Олардың сұрағына жауап беруге қанша ұмтылсам да, тіліме бір ауыр нәрсе байлағандай міз бағар емеспін. Осындай күйде бойымды жаза алмай бүрісіп тұр едім, Серағаң орнынан тұрып келді де, «шырағым, артист болам деп өнеріңді көрсетуге келіп тұрып, осыншама ұялуға бола ма?! Мына түріңмен не көрсете аласың. Артық ұялшақтық жамандыққа тән. Біз ондай адамды қатарымызға алмаймыз! – деді де, қолымен иегімнен жоғары көтеріп, – Көтер басыңды!» деп зекіп қалды. Осы үн менің намысыма тиді ме, болмаса мінезіңнің оғаштығын айтып ақыл айта ұрсатын әке үніндей естілді ме әйтеуір бойымда бір жігер пайда болды. Сонымен сынақтарынан өтіп сол күннен бастап М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының мен де бір мүшесі болдым.

Осы жылдар Жұмат Шаниннің «Арқалық батыры» жүріп жатыр екен. Менің тырнақалды жасаған бейнем осы спектакльдегі Қарагөз еді. Қойылымға алғашқы буын майталман ағаларымыздың бәрі қатысады екен. Ажіхан Тәлләни – Қалибек Қуанышбаев, Қарашешен – Серке аға (Серәлі Қожамқұлов), дуана – Елаға (Елубай Өмірзақов), Арқалық – Қапан Бадыров, Жұбай – Құрманбек Жандарбеков (Құрманбек бұл кезде музыкалық театрда істейтін, келіп ойнап кетеді екен), Қияқ – Әбікен Хасенов, Тұяқ – Әбен Мұхамедияров, Дүрбіш ханының қызы – Мәлике Шамова. Сөйтіп Серағамен «Арқалық батырда» алғаш рет сахналас болып, өнеріне тандана қарасам, сол таңырқау әрі қарай жалғаса берді.

Серағамен сахнада 1940 жылы М.Әуезовтің «Абай» трагедиясында кездестім. Өнер тарланымен сахналық өмірді бір кешсең жас актриса үшін ол бір күнің бақыт құшағына бөленгендей емес пе?! Сенің ой-шұқырыңды білдірмей, түзу жолға қақпалап, бұйдаңнан жетелеген тайлақтай сүйреп шықпай ма?! Бұл спектакльге Қалибек Қуанышбаев, Шәкен Айманов, Рақия Қойшыбаева сияқты талант иелері қатысатын. Мен – Қаныкей ролінде ойнадым. Осылардың арасында жүріп мен де көрермендердің ризашылығына ие болдым.

1941 жылы Серағамен сахнада үшінші рет серіктес болдым. Бұл жолы әйелінің ролін орындадым. Ол – Шахмет Хұсайыновтың «Марабай» пьесасының режиссері Асқар Тоқпанов қойған спектакльдегі Мәрияш еді. Пьесаның қысқаша мазмұнына келсек, үлкен ақыл иесі, коммунист Марабай тың игеретін совхоздар құру керектігін, осыған лайықты жоспарын негізгі мақсат етіп көрсете біледі. Бұл үлкен мәселе ретінде қазақ сахнасында сол жылдары көтерілген болатын. Осы үлкен шаруашылықты басқарып отырған, совхоздар тресі директорының бейнесін жасаған Шәкен Айманов еді. Ал Марабайдың орынбасары Сабатайды Серке Қожамқұлов бейнеледі.

Марабайдың көтеріп отырған жоспарын зиянкестік теріс жол деген жала жауып, партиядан алып, орнынан босатады. Осы кезде бұрынғы жолдас-жоралары қашқақтап жырақтай түседі. Ал Сабатай Марабайдың адал азамат, жаңа ақыл иесі, абзал жан екенін біледі. Бірақ Марабайдың орнына келген жаңа бастықтың қыбын тауып, соның айтқанымен жүру – Сабатайға жаңа заңдай көрінді. Сабатай тығырыққа тіреліп, өзін екі оттың ортасында тұрғандай сезінеді. Оның үстіне өз әйелі Мәрияш Марабайды қасиет тұтып, күйеуіне осы адамға жақын жүруін талап етеді. Ал Сабатай әйелінің парасаты мол екенін бағалайды. Өзінің оғаш мінезін әйелінің алдында көрсеткісі келмейді. Және де әйелінен өте именеді. Сабатай бейнесі автордың жазуында да кездесе бермейтін өткір характер бейне болатын. Сераға оны бұрынғыдан да тереңдете, ел көзіне түсе бермейтін сезімге құрылған ішкі жан дүниесін сыртқы құбылыстармен қабыстырып, әр жағдайға байланысты мінезін өзгертіп сала беретін. Кейде майда, кейде қатаң, кейде серіппе, кейде жорғалай, майпаң қаға бүлкілдейтін. Өзінен төменгі адамдардың алдында кеудесімен көк тірегендей даусы гүрілдей шығып, аяғын алшаңдай басып, ешкімді көзіне ілмей, жаһандағы барлық жұмыстың тұтқасын өзі ұстап тұрғандай, қолдарын сермеп сөйлеп кететін. «Сабатай анда, Сабатай мұнда, Сабатай сабқозға бар, Сабатай сабқоздан қайт, бұ не бұл Сабатайсыз түк бітпейді!» – деп серпіп сөйлеп тұрған үстіне әйелі Мәрияш келіп қалғанда, жаңағы кеуде керген келбетті кейпін күрт өзгертіп, тіпті, бойы да бүрісіңкірей, кішірейе пұшайман болып, «Мә-рия-ш..., балалар аман ба?» дегендегі кейпі әлі күнге көз алдымда тұрады. Шебер зергердің қолынан шыққан қылдай нәзік өрнектерді көзіңмен көрсең ғана оның асқан шеберлігін сезінесің. Әрине оны сөзбен айтып жеткізе алмаған болар едің! Әсіресе, көркем өнердегі талантына тәңірдей табынатын құдірет иелерін тек көзіңмен көргенде ғана бойыңды булаған, жан дүниенді толқытқан мейірлі махаббатқа бөлегенін аңғарасың. Сондай-ақ Сераға өнерін сөзбен жеткізу – өте қиын.

Біз өнер адамы жайында сөз болғанда оның үздік жасаған бейнелерін сөз етеміз. Соның бірі Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқты» пьесасы бойынша спектакльдегі Ақтоқтының әкесі – Қоңқай бейнесін көргендердің мәңгілік естерінде қалғанын еркін айтуға болады.

Бұл спектакльді еске алсақ, ой жетегі жетелеп, осында қатысқан бірнеше кейіпкердің бейнелері еріксіз көз алдына келеді. Ш.Аймановтың – Ақаны, Ш.Жандарбекованың – Ақтоқтысы, Қ.Қуанышбаевтың – Баланы, С.Қожамқұловтың – Қоңқа-

йы, Қ.Әділшіновтің – Науан хазіреті, Р.Қойшыбаеваның – Дәмелісі, Қ.Қармысовтың – Сердалысы... – осы бейнелердің бәрі де өз тұрғысында өте шебер жасалған сәулетті мүсіндер еді. Бұл спектакльді көріп отырғанда әттеген-ай, мына бір жері жетіспей қалды-ау, деп өкініш айтуға себеп таба алмаушы едің. Сахна кейіпкерлерімен бірге, бөтен бір өмірді басыңнан өткізіп отырғандай сезінетіңсің.

Спектакльдің мүлтіксіз болып шығуына, біріншіден, жазған авторы Ғабеңнің адам тұлғасын жасаудағы, біріне-бірі ұқсамайтын дараланған сом мүсініне, әр кейіпкерге лайықты жүйе-жүйесімен ағытылған меруерттей тізілген сөз зергерлігінен болса, екіншіден, жаңағы жоғарыда айтылған осы спектакльге қатысушылар да әрқайсысы жолына жүк тастамас қалың сауырлы өнер нарлары еді.

Осы спектакльдегі Серағаң жасаған Қоңқай бейнесі ерекше болып шықты. Ойын кезінде Қоңқай – Серағаңа қарап отырып әрі күліп, әрі соншалықты бишара мүсәпірлігіне аяп қарайтынбыз. Спектакльге өзіміз де қатысатынбыз. Бірақ Серағаң шығатын жерде қарап тұруға тоймайтынбыз. Қызын ұзататын тойдағы Қоңқайдың бақытты шағын айтып жеткізу қиын. Сахнаға шыға келіп үстіндегі шапанын шешіп алып, серпе сілкіп қағып-қағып жібергенде-ақ сөзсіз қозғалыстарынан, аяғын алшандай басысынан ішіне сыймай тұрған шаттықты айқын көріп тұратынбыз. Көзін қолымен күннен қалқалап жан-жағына қаранып тұрып, «мына бетті қара – қаптап келеді» дегенінде бүкіл әлем келе жатқандай сезінетіңсің. «Сорлы Бәсентин де келе жатыр екен, аяқ асты болып қалмаса жарар еді» деп, менсінбей өзін соншалықты биік санап, аралары алшақ жатқандай тең көрмей тұрғанын, сырт кейпінен, бет құбылысынан еркін көріп тұратынбыз. Енді бірде «осының бәрі хазірет жарықтықтың арқасы-ау» деп хазіретті мадақтай жөнелгенде, басына қонған дәулет құсындай қол жетпейтін мынандай бақытқа сен арқылы жеттім ғой деп шын қуана маз болатын. Бірақ Қоңқайдың қуанышы ұзаққа бармады. Той үстінде Ақтоқтысын байлап тастап, өзіне осынша жақсылықты үйіптөккен хазіреті: «әкетіндер әрі қарай» деп ақыра бұйрық бергенде Қоңқай мен әйелін қолдарын бұрап сүйрей жөнеледі. Сол кезде Сераға – Қоңқай, жаңа ғана елден ерек оскыра, одырандай басып, өзін басқа елден биік санап тұрған Қоңқай, бәрінен жұрдай тоналып, өзіне-өзі сенбей алақтап хазіретке қарайды. «Аузыңда Алла, қолыңда Құран емес пе, шын айтып тұрсың ба?» дегендей жаутаңдайды. Енді ғана шындығына көзі жеткен Қоңқай кімге паналарын білмей, әйеліне қарай ығысып тығыла түседі. Міне, осының бәрін Серағаң сөзсіз ойнайтын. Қимыл-әрекетінен, бет-әлпетінен бәрі көрініп тұратын.

Болмаса «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» спектакліндегі Баянның әкесі Қарабай бейнесін алайық. Автор Ғабеңнің жазуы бойынша, қазақ драматургиясында Қарабай сияқты бейнелер кездесе бермейді. Серағаң оны одан сайын құлпыртып, ішкі сырын аша, Қарабай сияқты тек баюды мақсат еткен, сол жолда қандай жамандыққа болса да бара алатын қара ниеттілердің бейнесін суреттеді. Баю – оның негізгі көздеген мақсаты. Бұл бір ғана сараң байдың бейнесі емес, сараңдық арқылы баю жолын көздейтін, сол жолда қандай жамандық болса да бара алатын қара ниеттілерді көрсетті. Қарабай – Серағаның жүріс-тұрысы, қимыл-қозғалысы, үстіндегі киімі, тіпті, қолынан тастамай ұстап жүретін құрығына дейін кейіп-

кердің ішкі дүниесіне лайықты қабысып жататын. Қарабай – Серағаң адамдарды жек көретін. Осылар менің қалың жылқыма сұғанақ қолын тигізеді-ау, дегендей сезіктене қарайтын. Қазақтың «мал – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген қағидасына қарсы Қарабай керісінше, ардан жаны аяулы болса, сол жанның өзін малға құрбан етуге даяр екенін аңғартатын. Сол мыңғырған қалың жылқысының ішінде жалғыз өзі болып, солардың тұяғының астында жатып тапталып өлсе, сүйгенінің құшағында жатып өлсе армансыз кететін ғашықтардай, Қарабайда армансыз кететінін анық танытатын еді.

Серағаңның өз өміріндегі ең бірінші жасаған бейнесі М.Әуезовтің «Еңлік – Кебек» спектакліндегі Еспембет бейнесі болыпты. Бұл рольді Серағаң театр құрылмай тұрғанда 1922 жылдары ойнаған екен. 1926 жылы қазақтың тұңғыш ұлттық театрының шымылдығы алғаш ашылғаннан бастап, үзілмей қойылып келе жатқан «Еңлік – Кебек» спектакліндегі Еспембет те Серағаңмен бірге жасасып келді. Әрине 22-жылғы ойнауы мен кейінгі жылдардағы ойнауының арасы жер мен көктей деуге болады. Қаттылығымен «безбүйрек» атанған, жүздеген жыл бойы ел аузына аңызға айналған Еспембетті, кесіп алса қан шықпас, айтқанынан қайтпайтын, қырсық, қайсар бидің бейнесін мүлтіксіз етіп шығарды. Жыл асқан сайын тәкаппарлығын, паңдығын асқақтата, ішкі сырын тереңдете түсті. Әсіресе, сөзсіз қимыл-әрекетінен ішінде буырқанып қайнап жатқан қаныпезер жауыздығын танытып отыратын. Екі жаққа кезекпен сөз беріп отыратын Төбе биге сөйлеу үшін ұлықсат сұрап, қолындағы қамшысын тастайды, содан соң барып сөйлейді. Сол қамшыны қайта алғанда жай алмай, ызамен жұлқи алып, тақымының астына басып, сол қамшы жатқан тізесін нығарлап, екі қолымен түйгіштеп басып-басып қойып, оқтау жұтқандай тіп-тік болып безірейіп отыра қалатын. Осы отырысы жай оғы түсіп сындырмаса, басқа ешбір күш майыстыра алмайтын кәрі емен ағаштай болып көрінуші еді. Осы бір сөзсіз қимылдарынан: тізем астындағы қамшыдай бүктеп-мыжырмын. Екеуін бірдей қос қолдап қылғындырам, бұл бетімнен мені ешбір күш қайтара алмайды деген байлауын көрермендер анық көріп отыратын.

Серағаңның өнер жолындағы өмірінде, жүздеп жасаған бейнелерінің куәсі болдык. Ақпандағы ашулы бурадай жан-жағына зәрін шашқан Көбіктісі, айралы түлкідей сиқыр Қарашешені, аңқау, таза жанды еңбек иесі Бекені, қызғаншақ, күншіл Ошағаны, ішіндегі уын білдіртпей, шым-шымдап дарытатын жауыз Ягосы тағы-тағылар. Соның бәрінде де, кейіпкер бейнесін жасауда атүсті қарағанын көрген емеспін. Сол өзі жасайтын бейнеге терең үңіліп, сол адамның сыртқы келбеті, жүріс-тұрысы, сөйлеу мәнері, мінез-құлқына қатты көңіл бөлетін. Тіпті кішкентай рольдің өзін құлпырта, жоқтан бар ететін еді. Серағаң жасаған бейнесіндегі берілген сөзге өте ұқыпты болатын. Сол сөздерге сүйсіне, құштарлана айтушы еді. Әрбір сөзін нақысына келтіре, даралап, шегелегендей нықтап жеткізетін. Сахнада ойын үстінде абайсыз сөзі қалып қалса, кілт тоқтап жаңағы қалған сөзінен қайта бастайтын. Сахна өмірінде байқалмай сөз қалып қоятын жағдай әредік болса да кездеседі. Осындай жағдайда Серағаң өзін кешірілмес кінәлідей санайтын. Ол кеште қабағына қар жауып, еш адаммен сөйлеспей қоятын. Сөзге деген ұқыптылығы, ұқыптылығы емес-ау құштарлығы ерекше болатын.

Өзінің жаңадан кіріскен жұмысына, жасайтын роліне өте жауапкершілікпен қарайтын. Адам характерін ашуда соған лайықты табылған ұсақ қимыл-әрекеттеріне, өзінің соншалықты үлкен шебер екеніне қарамай, «сен қарап көрші, осы тапқандарым ұнамды ма, жоқ па» деп ойымен бөлісетін. Сенің мақұлдағаныңды естисе, өзінің үлкендік мінезінен айырылып, баладай мәз бола қуанатын еді. Сірә, өз көңіліне қонымды болғанмен, көріп отырған қауымға қалай әсері болады, деп біздің қарауымызды сұрайтыны содан болу керек.

Серағаң сахнаға шыға келгенде көрермендер ду ете түсіп, қол ұрып жіберетін. Қандай типтегі кейіпкер, жағымды ма, жағымсыз ба – оған қарамайтын. Бұл – сол жеке өнер иесіне деген сүйіспеншілік, махаббат. Ал өнер адамына, халықтың мейірлене қарсы алғанын дуылдай ұрған қол соғысынан сезініп, арқаланып, биіктей түсуден артық бақыт болмауға тиісті.

Серағаң өз өміріндегі көрген-білгендерін қазіргі ұрпағына дәлме-дәл түрінде көрсете білді. Адам бойындағы түрлі келісімсіз мінез-құлықтарды, мүсәпір-мүшкіл, шерменде, зұлым, көрлақат сияқты әртүрлі типтерді бұлжытпай әкеледі. Сондықтан да болар, көрермендердің Серағаң шыға келгенде еркінен тыс көңіл серпінімен қуанышқа бөлене дуылдай қол соғатындарын өздері де байқамай қалатындары.

Серағаң қазақ өнерінің бірінші қаз-қаздаған әлсіз қадамын бірге басып өсу жолындағы кездескен қилы кезеңдерден асты. Еліне саналы рухани тәрбие беру жолында талмай еңбек етті. Қазақ халқының өнерін дамытудағы қосқан үлесі ұшан-теңіз. Кешегі беймәлім, тек қиялмен ғана болжайтын театры бұл күнде одақ бойынша алдыңғы қатардағы театрдың бірі болып саналады. Осынша биікке көтерілуі де Қуанышбаев, Өмірзақов, Қожамқұлов бастаған өнер қайраткерлерінің арқасы деп білеміз. Сіздермен бір шаңырақтың астында жұмыс істегенімізге мақтана отырып, ақ тілек таза еңбекпен құрған театрыңды кейінгі ұрпағың кір келтірмей дамыта береді деген сенімдеміз.

1996

ЖҮСЕКЕҢНІҢ ҮЛКЕН ДОСЫ ЕДІ...

Мұхтар Әуезов туралы

Ұлы Мұхтар Әуезов, Мұхтар ағаны алғаш рет театрда көрдім.

Қара шаңыраққа 1935 жылы келдім ғой. Ол кезде М.Әуезов театрда әдебиет бөлімін басқарады екен. Мұхтар актерлермен бірге биге қатысып, фокстрот, танго билеп жүрді. (Актерлер би үйрену керектігі туралы мәселе көтерілген кез еді). Театрдың Әуезовсіз сәні болмайтын. Театр ұжымын – қайнаған қазан десек, ошақтың үш бұты – Ж.Шанин, О.Беков (директор) және М.Әуезов еді. Сол жылдары Әуезов театрмен ғана тыныстаған жандай көрінетін. Театр жанындағы студияда сабақ берді, театр актерлерінің өзіне аптасына бір рет дәріс оқитын. Театр жанынан кітапхана аштырған да Мұхтар. Сахна өнерінің өсуінде драматургия ма-

ңызы ерекше екенін білген ол өзінің атақты пьесаларымен қатар репертуар үшін «Шекарада», «Алма бағында» сияқты дүниелер де жазды. Әлемдік классиканы аударды. Театрдың алғашқы он жылда-ақ шығармашылық күрт биікке көтеріліп, «академиялық» атағын алуына М.Әуезовтің игі ықпал-әсері қатты тиді. Әдеті – өзінің әр пьесасынан стол басында оқуға міндетті түрде қатысатын. Сонсоң он шақты күннен соң келіп бір тындайтын. Сахнаға шығуға бірер күн қалғанда тағы бір келіп, ең ақырғы шешуші репетицияға да міндетті түрде қатысатын. Ол кісі сөзге өте мән беретін, дұрыс айтылмаса қатты ренжитін.

Мұхаң театрға соңғы рет шамасы, 1960 жылы келді. Бәріміз қатты сағынып жүргенбіз. Сол жолы көп сөйлестік. «Мен сендермен бұрынғыдай араласа алмай кеттім. Енді байланысты күшейтемін. Өйткені, қазақ өнерінің күре тамыры, дарынды адамдары осында, театрда. Сендерге тілегім – тілге қатты көңіл бөліңдер. Қазақ тілі – бай тіл. Оны сорлатып жүрген өзіміз. Мен, Қаныш, тағы біз сияқтылар тілді жақсы білеміз ғой. Бірақ біздің айтқанымызды аз адам естиді. Сөзді халыққа жеткізетін сендер. Осыны естен шығармаңдар! Тіл жақсы болса, өзге мәселелердің де жақсы болатынына сенемін» деген. Бұл сөздер – меніңше, Мұхаңның біздерге қалдырған өсиеті. Өсиетті орындадық па, жоқ па – халық айтар.

1935 жылы қойылған «Шекарадағы» колхоз бастығы Ажардан бастап, ұлы драматург пьесалары бойынша шыққан қойылымдарда рольдер орындадым. Көп нәрсе үйрендім, үлгі-өнеге алдым, ширап-шынықтым. Жүсекең – Жүсіпбек Елебековпен Мұхаң қатты дос еді, отбасымызбен араластық.

* * *

Қазіргі музей-үйі салынбай тұрғанда, яғни 1951 жылға дейін Мұхаң біздің үйге жиі келіп тұратын, әсіресе, жаз айларында. Біз тұратын үй Пушкин көшесі мен Артиллеристер көшесінің түйіскен жері – қазіргі Құрманғазы көшесі. Үйіміз бір қабатты, жеке қорада болушы еді. Ауламыз өте кең, іші толған жеміс ағаштары, төр жағында арықтан су ағып жататын. Алма ағаштарының арасы көк шалғын. Мұхаң бұл кезде Калинин көшесі мен Фурманов көшесінің түйіскен жерінде тұратын. Көбіне біздікіне Қаллеки екеуі келеді. Олар әзілі жарасқан, сырлас дос. Көңіл сергіте серуен құрарда екеуі әрқашан бір жерден табылады. Кейде Жүсекеңді үйден ертіп әкететін. Егер біздің аулада отырғысы келсе, кешке қарай келетін. Кейде тіпті жалғыз өзі келуші еді. Ондай кезде Мұхаңның өзі жақсы көретін орны – қораның төр жағындағы алма ағаштың саясы. Біз сол жерге киіз төсеп, дөңгелек стол қойып, шайды сонда жасайтынбыз. Кешкі шамның жарығымен самал желге салқындап, еркін, кең отырып сөйлескенді жақсы көретін еді. Сол кештердің бірінде Мұхаң жанында жатқан аттың қылынан істеген шыбын қуғышты қолына алып қызыға қарап отырып:

– Жүсіпбек, мынау қазақ қолөнерінің өте шебер жасалған мұрасындай екен. Қандай әдемі! – деп таңырқап айналдырып қарап қалды. Шынында да, солай болатын. Тобылғысаптың сыртынан ақ қылмен қара қылды шабыстырып, төрт бұрышты үшкірлеп өріп шығарған. Саптың шыбын ұратын үш жағы топталған

ұзын ақ қыл. Сап пен ұзын қылдың түйіскен жерін айналдыра қысқа қара қылмен шоқ шашақ жасаған.

– Мұха, бұл шыбын қуғыштың әдемілігінен басқа да қасиеті бар, – деді Жүсіпбек.

– Не дейді, қандай қасиет?

– Мұха, бұл – қасиетті қолдар ұстаған шыбын қуғыш, Абай аға қолына ұстаған. Мұхаң оқыс бұрылып, аңырып қалды.

– Пәлі, не дейді, жаным-ау, рас айтасың ба?!

– Рас, Мұха, Семейде тұратын Абай ағаның досы Бекбай ақсақалды білетін бе едіңіз?

– Иә, білем, білмегенде ше?

– Сол Бекеннің бәйбішесі Салиқа апай Ақан туғанда: «Ырым ет, Абай атасы қолына ұстаған зат еді», – деп сыйлаған еді.

Мұхаң қолындағы шыбын ұрғышқа тесіле қарап қалыпты.

– Абай ұстаған дейсің бе? Қазақ халқының дара туған данышпан ұлының қолына ұстаған заты жарты ғасырға жуық уақыттан соң біздің қолымызға тиеді деп кім ойлаған.

Мұхаң тағы да үнсіз қолындағы шыбын ұрғышқа қарап біраз отырды да:

– Жүсіпбек, мен жазушылық өмірімнің көпшілігін Абайды зерттеуге арнадым. Сол дәуірдің әлеуметтік қайшылықтарын жеткізе, Құнанбай бастаған кер-тартпа қара күштің арасында туып, жалғыз өзі көпке қарсы сайысқа шығып, халқын өнер-білімге, еңбекке шақырып, сол жолда өткір тілін құрал еткен Абайдың сарқылмас қазынадай асқан ғалым екендігін суреттеп бере алсам – арманына жеткен бақытты адам болар едім. Абайдың балалық шағынан бастап жазғанымды жалғастыра отырып, бүгінгі өмірге жеткізсем деген ойым бар. Егер осы ойымды іске асыра алсам, содан кейін өліп кетсем де ризамын.

– Мұха, бұл мақсатыңыз сіз ойлағаннан әлдеқайда артық болып шыққанына бірінші кітабыңыз дәлел.

– Жоқ, Жүсіпбек, Абай сияқты теңіздей терең жанның өмір тарихына әбден қандым деп айту артық. Өмірде қандай қаламы жүйрік дарынды жазушы бол-масын, ойлаған ойынан жазғаны төмен жатады. Тіл шешендігі жетіспейді. Жазушы жазу үстіндегі әсем, ұшқыр қиялы мен жазғанының бірдей шықпағанына киналады. Амал қанша, солай кете барады. Бұл қынжылу барлық жазушыға тән. Жалпы жазушының арманы таусылмайды. Осындай жазып қалдырсам деген ойлар Абайда да болуы сөзсіз ғой. Қоғам қайраткері, ағартушы-ғалымның армандаған, жазылмай қалған мақсатын жете түсініп, кемеліне келтіріп жазсам деп қатты толғанамын. Бір ғана Абай емес, оның айналасындағы топтар да аялап, аршып, бөліп алуды керек етеді. Олардың бәрі де тәрбиелі асыл жандар емес пе? Осыған байланысты өмірден алған, соған ғана тоқталған түйінімді айтайын саған. Мен оқу, іздену арқылы көп дүниені кездім. Талай елдің жақсылы-жаманды әдет-ғұрпымен таныстым. Дарынды асыл адамдарын зерттедім. Осылардың бәрін көріп-білгендегі адамның жеке басының адамшылық қасиетіне келсек, менің түйгенім, ол – жақсы ата-анадан алған тәлім-тәрбие. Бұған жетер ештеңе жоқ.

– Мұха, білімсіз құр тәрбие неге жеткізеді? Сол білімнің өзі тәрбие әпермей ме? Жаңағы өзіңіз айтқандай, білім арқылы жақсыдан өнеге, жаманнан жирене қашпайсың ба?

– Жоқ, білім мен тәлімді шатастыруға болмайды. Біз мұнда адамның жеке басындағы адамшылық қасиетті айтып отырмыз. Оқу-білім, әрине жақсы. Біліммен алған тәлім адамның сыртқы киімі сияқты. Киіміңді дұрыстап кие алмасаң қандай жақсы киім болса да, бойыңа қонбай тұрмай ма? Парасатсыз мәдениетті бола алмайсың. Ана сүтімен бойыңа сіңген адамшылық қасиет, жақсы ата-ананың берген тәлімінен артық мәдениет жоқ. Мен өзім осыған тоқтадым. Абай айналасындағы адамдардың тәрбиесі жаратылысымен біткенін таныдым. Олардың жан дүниесі жете түсініп, көп зерттеуді керек етеді. Мен өз басым Абайдың зор тұлға, ғаламат күш екенін тани білген адамдарды да құрмет тұтуға бармын. Абай сияқты адамдарды танығысы келмейтін есектер де кездеседі. Ондайлар Крыловтың шығармасындағы пілді тақымдай үрген қанден ит сияқты қала бермек. Мұндайлардың өресі де, түсінігі де сол қанден сияқты.

* * *

Мұхаңның мінезі бала сияқты, сәл нәрсеге ренжіп, кейіп, ал кейде біреудің бірауыз сөзі орынды шықса, соған мәз болып қуанады.

Бірде Сапекең үйінен (Сапарғали Бегалин) қонақтан Мұхаңмен бірге қайттық. Мұхаң бұл кезде қазіргі музей-үйінде тұратын. Ал қазіргі біз тұратын үй бұрынғы Карл Маркс көшесі мен Калинин көшесі түйіскен жерде жаңа салынып жатқан кезі. Мұхаң әңгімелесіп келе жатып сол салынып жатқан үйден Абайдың тұқымдарының біреуіне үй әперетінін айтты. Мен де пеш жағып, күл шығарып, суды даладан таситыным есіме түсіп, «Мұха-ау, біз пақырды да есіңізге алыңызшы», – деп қалдым. Сол-ақ екен, Мұхаң жатып күлгені. Тіпті көзінен жас аққанша күлді.

– Пәлі, мына Хабибаны қара! Қандай жақсы сөз тауып айтты. Біз пақырды дейді. Ауызға түсе бермейтін сөз ғой, – деп соған рақаттана күлді. Былай қарағанда соншалықты мадақтай күлетін ештеңесі жоқ сияқты. Ал Мұхаңның бірауыз сөзге сонша күлгені есімде қалыпты. Сол кездерде қонақта жиі бас қосатынбыз. Кейде қонақта отырған адамдар бөлектеніп, карта ойынына салынып кетсе, Мұхаң ұнатпай ренжитін.

– Жайшылықта басымыз қосыла бермейді. Осылай бас қосқанда уақытты мағынасыз картамен өткізудің қерегі не? Сөйлесіп, пікір алысып отырсақ, тіпті, қалжың сөздің өзі де адам жанын жадыратпай ма? Мен осы карта жүрген жерді ұнатпаймын, – деген еді.

* * *

1954 жылы Абайдың қайтыс болғанына елу жыл толғанын еске түсіру кеші өткізілді. Соның артынан Мұхаң бастаған әдебиет қайраткерлері мен өнер қайраткерлері Мәскеуде өтетін Абайға арналған кешке поезбен сапарға шықты. Жүсе-

кең өзімен бірге менің де баруымды қалаған соң, алты жасар ұлымыз Біржанды алып шықтым. Бір вагонға түгелдей өзіміз жайғастық. Өнер адамдары мен әдебиет адамдары қосылып серуен жолына шыққанда, үлкен бір қуанышты тойдың ортасында отырғандай серпінді көңіл, шалқыған пейілде болатыны белгілі. Жол бойы бір-бірімізді кезектесіп қонаққа шақырып, ойын-сауықпен уақытты көңілді өткіздік.

Осылайша, шадыман көңілмен Мәскеуге бара жаттық. Рязань қаласынан өте бастағанбыз. Тағы да ән шырқалып жатқан. Вагонның коридорынан өтіп бара жатып, бір топ әскер есік алдына тоқтай қалды. Ән біткенше тыңдап тұрды. Ән тынған соң Әбділда Тәжібаев жанағы әскерлерге өздерінің қазақстандық екенін, Абайға арналған кешке Мәскеуге бара жатқандарын айтып, әркімнің аты-жөнін жеке-жеке атай келіп, Мұхана тоқталып: «Абай» романын оқығандарың бар ма? Сол кітапты жазған Әуезов» дегенде, біріне-бірі қарап, орындарынан қозғалақтап кетті. Сосын ішінен біреуі бөлініп ішке кірді. Сірә, ішіндегі шені үлкенірегі болу керек.

– Не дейсіз? Қайта айтыңызшы? Мына кісі Әуезов дедіңіз бе?

– Иә, Әуезов деймін. Әлгі солдат сенер-сенбесін білмей, енді Мұхана қарады.

Мұхана бір нәрсеге ыңғайсызданғанда, басын әнтек төмен еңкейтіп, қолы мұрнына қалай барып қалғанын байқамайтын еді. Кішкене бөгеліп:

– Иә, Әуезовпін, – деді. Әлгі солдат өз көзіне өзі сенбегендей әлі де көңілінде күдік бар сияқты.

– Сіз кәдімгі «Абай» романын жазған Әуезовсіз бе? – деп қайталай сұрады. Мұхана бұл жолы тура қарап күлімсіреп:

– Иә, сол Әуезовпін, – деп нықтап айтты. Солдат Мұханның алдына тізерлеп отыра кетті.

– Рұқсат етіңіз, қолыңызды алуға, – деп басын иіп, қолын ұстай алды. – Білесіз бе, сіз жазған «Абай» романын солдаттар қалай оқитынын. Бізде өте аз болғандықтан, кезекпен оқуға шыдамымыз жетпей, әрбір тарауын бөлшектеп алып, таласып оқимыз. Сол жауынгерлердің атынан сізге ұзақ өмір тілеп, құттықтауға рұқсат етіңіз. Қазір өз бөлімшеме барған соң, «жолдастар мен бүгін «Абай» романын жазған Әуезовті көрдім, құттықтап қолын қыстым», – деп айтамын.

Мұхана солдаттан бөлімшесінің тұрған жерін жазып алып, Алматыға қайтқан соң «Абай» романын көбірек жіберуге уәде берді. Осы көрініске сол жердегі отырғандар қатты толқыдық. Отан үшін жанын шүберекке түйіп жүрген солдат жанына рухани нәр бергеніне қуандық. Солдаттардың уақыт тауып «Абай» романы арқылы қазақ халқының өмірімен танысқанына қуандық.

– Жігіттер, кейде тақырып іздеп таба алмай шатасып жүреміз, міне саған тақырып, жаз жанағы Мұханды көргендегі солдаттың кейпін, – деген Әбділда Тәжібаевтың сөзінен кейін отырғандар сөзге араласып кетті.

* * *

1945 жылы Ақан деген жас баламыз қатты науқастанып, ауруханаға түсті. Тамыз айының орта тұсы. Жүсекең екеуміздің зәреміз қалмады. Бұдан бұрын бір

баламыз тоғыз айында, бір баламыз екі жасында шетінеген. Тағы да алдымызда әлдеқандай күн күтіп тұр деп есіміз кетті. Екеуміз де баламен бірге ауруханадамыз. Баланың халі өте нашар. Дәрігер соңғы емін қолданды. Осыдан кейін бала не бері қарауы, не жүріп кетуі ықтимал. Бірнеше минуттан соң баланың беті бері қарағанын хабарлады. Сонда ғана ес жия бастадық. Сол күні таңертең сағат жетілер шамасында медбике жүгіріп келіп: «Аулада сіздерді Әуезов шақырады» деп хабарлады. Далаға шықсақ, Мұхаң мен Қаллеки күтіп тұр екен.

– Сендердің осында екендерінді кеше ғана Қалекеңнен естідім. Жас бала ауырмаушы ма еді! Тым үрейленбеңдер. Мұндайда сабыр керек. Жүсіпбек, сен опырыла қаусай көрме, жарқыным! – деп жақсы тілек, тоқтау сөздерін айтып жатыр.

– Өздерің немене, суға тоғытқан қойдай сүмірейіп кеткенсіңдер? Мұха, Әбікен мені: «Қалибек сиыр мөңіресе де жылап жібереді» деп мұқатады. Бірақ мен дәл Әбікен айтқандай боркемік емеспін. Ол сөз маған лайық емес, мына Жүсіпбекке лайықты сөз. Қай-қайдағы уайымды мен мұндалып өзіне шақырып алады. Түрін қарашы. Осындай босбелбеу адамға келуге тұра ма? – деп Қаллеки қалжың сөздер айтып, екі-үш күннен бері күйзеліске түскен бізді күлдіріп, көңілімізді сергітті.

Айта берсе, Мұхаң туралы, Жүсіпбек екеуінің достығы, пікірлестігі туралы әңгіме көп. Мен Мұхаңдай адаммен, оның ортасымен дос-жаран болып ғұмыр кешкеніме бақыттымын.

1997

ҚАДІРЛІ ИСА АҒА

Иса Байзақов туралы

1941 жылы қазан айының аяқ шенінде біздің Еркін деген екі жасар ұл баламыз қайтыс болды. Ұлы Отан соғысының басталғанына үш айдай болған кез еді. Алғашқы күндерден бастап-ақ майдан даласынан ызғар есе бастады. Ел иығына ауыр салмақ түсті. Ер-азаматтар Отан қорғауға аттанып кетіп жатыр. Халық жұдырықтай жұмылып, белін бұды. Күндіз-түні бел шешпей жеңіс үшін еңбек етті. Өнер адамдары оқ жауған майдан даласында, халық ортасында болып үгіт-насихат жұмысын жүргізді.

Жүсекең де сол күннен бастап ел арасында концерт қоюға кеткен еді. Бауырындағы жалғыз баласынан айырылу анаға қандай ауыр екені айтпаса да түсінікті. Мұндайда тек көңіл айта келген дос-жолдастарың ғана көңіліңді бөле алады. Сол күндердің бірінде үйде құлазып жалғыз отыр едім, Иса аға келді.

– Қарағым, әдейі келдім. Ертең жолға жүруші едім. Жүсіпбек келген уақытта мен үйде болмаймын, сондықтан айтқан көңілімді менің атымнан сен жеткіз. Саған да оңай тиіп отырмағанын білемін. Бірақ мұндайда ерлі-зайыпты адам біріне-бірі қайрат беруі керек. Жүсіпбекті мұқалтпауға тырыс, шырағым! Мұқалған алмас қылышты қайта жетілдіру оңайға түспейді. Жүсіпбек – ел үшін жаралған адам, әсіресе, қазіргі жағдайда, халыққа тіпті керек. Әннің, күйдің, қызыл тілдің сайрайтын кезі осы кез. Боздағынан айырылып боздаған ата-анаға, жан-жары-

нан айырылып зар шеккен аяулы асыл жарына тоқтау салатын, көңілін сергітетін осылар ғой. Сондықтан біздер елмен бірге болуымыз керек. Ертең мен де жүремін, – деп есікке бет алып, есіктің тұтқасын ұстай берді де, қайта бұрылып:

– Қарағым, маған қағаз, қарындаш берші, – деді. Мен дереу әкеліп бердім. Иса аға орындыққа отырған жоқ. Сол қолымен столды шынтақтай сүйене түрегеп тұрып, тездете тоқтаусыз жаза бастады. Қағазын жазып болып «мынаны Жүсіпбекке бер» деп маған берді де, өзі тез басып шығып кетті. Сондағы тез арада түрегеп тұрып жазғанын оқырман назарына ұсынуды жөн көрдім.

Қалқам, Жүсіпбек!

*Жүсеи-ау, адам бар ма өлмейтұғын,
Ажалдың жаны бар ма жеңбейтұғын.
Ақылдаспай туғызып және өлтіріп,
Жүрекке шоқ тастайды сөнбейтұғын.*

*Өлімнен бір нәрсе бар мықты бірақ,
Сары уайым, қайғыға салма құлақ.
Үмітің, келешегің әлі алдыңда,
Жарығын жоғалтпайды жанған шырақ.*

*Тумасаң көрер ме едің мұның бәрін,
Жалғыз Еркін деме сен жанның нәрін.
Өліп-өліп өлімнің сырқаттары,
Талайдың күлкі қылған қайғы зарын.*

*Жанды ауыртар сезімің алып ұшар,
Жүрегің мен қолқаңды бірдей құшар.
Еркін беріп билейтін ессіз ойға,
Өзіңді-өзің қасіретке қылма душар.*

*Ағаң Иса,
31.12.1941 ж.*

Исаның бұл жазғаны Жүсіпбекке деген шын ықыласы, көңіл айтуы еді. Исаның жазып кеткенінен жазылмай қалғандары әлдеқайда көп. Тіпті айтып жеткізуге болмайды. Кейбір кештерде, ақынның шабытты сәттеріне кездессең, бірнеше сағатқа созылған толассыз толғаған өлең-жырлар ағыл-тегіл құйыла беретін. Мұндай сәттерде жырға өзек болатын, ой-толғанысына жүйе бере алатын тақырып тауып бере біл. Осындай кештерде Исаға әркім әртүрлі сұраулар беріп, сұрауына жауапты өлеңмен алушы еді. Иса аға электр лампасының қашан, қайдан шыққанын бізге айтып беріңізші деп сұрақ қояды. Мұндай сұраққа табан астында

жауап бере қою, кімге де болса онай емес. Өйткені, электр жарығының қашан пайда болғанын кім біле берсін. Ондайда Иса сәл ғана толғанып, жан-жағына қаранып іздегенін таба алмағандай тықыршып күйзеліске түсетін. Көзін сығырайтып, бір нүктеге қадай айтатын тақырыбының негізгі түйіндерін рет-ретімен тізбектеп қойып алғандай болады да, кішкентай кідіріс жасайды. Сөйтіп, жүйткі жөнелуге қанатын қомдай бастайды. Томағасын сыпырған қырандай ешкімді көзіне ілмей, жалғыз өзі жоғарылап биіктеп бара жатқандай сезінеді де, өлең-жырды нөсерлете жөнеледі.

Сондай кештерде жиылған адамдар Исаның теңдесі жоқ суырыпсалма, төкпе ақын екендігіне тағы да көздері жеткендей болатын. Амал қанша, Исаның көптеген жырлары бір кештік ғана ғұмыр кешіп, жазып алынбағандықтан ұмытылып қалды.

Исаның төкпе жырлары ел басына түскен ауыр күндерде халқының жігерін ұштап, еңсесін көтеріп отырғанына өз басым талай рет куә болдым.

1989

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ, ӨРЕСІ БИІК ӨНЕРПАЗ

Шәкен Айманов туралы

I

Болса гүлсіз,
Бұлбұл үнсіз,
 үнсіз бұлбұл жай сұр құс.
Үнсіз өмір,
Сөнген көмір,
 отсыз жүрек – бос қуыс...
 М.Жұмабаев

Мағжан ағаның осы жолдарының тереңіне бойласаң, қаншалықты сыр жатыр. Я, қыстың құлазыған көңілсіз аязды күндерінде бұлбұл қайдан сайрасын. Бұлбұл үні жайнаған жаз, құлпырған көкорайлы бәйшешек, сылдырап аққан мөлдір бұлақ, жан-жануарды маужырататын мамыр, маусым айларында ғана шалқиды ғой. Адамдар да сол сияқты. Бойындағы қасиетінді қанаттандыратын, демеу беріп отыратын жағдай тілейді. Ол үшін өз орныңды табу керек. Сонда ғана шалқи аласың, сонда ғана ғарышқа көтерілесің. Мен бастан кешкен өмірімде талай жақсыларды, талай өнерпаздарды көрдім. Солардың кейбіреулері есіңнен кетпей, көз алдында елес беріп, жүрегінде мәңгі сақталады. Неге? Жаратылыс бітімі, ой санасы, ерекше өнері – бәр-бәрі басқалардан басым болғандықтан өзгермей, өшпей, мәңгілік маздайды ғой. Міне, сол адам біздің Шәкен еді.

Қазіргі М.Әуезов атындағы драма театрына 1935 жылы келіп едім. Шәкен содан екі жыл бұрын келген екен. Бұл жылдар Шәкеннің жиырмадан енді асып бара

жатқан шағы болатын. Бәріміздің де ойын-сауыққа тоймайтын жас шағымыз. Басымыз қосыла қалса Шәкен қызықты бір әңгіме айтып күлкіден бас алмаушы едік. Өздерінің алғашқы театрға келген күндегі кейіптерін айтқанда шегіміз қататын. 1933 жылы қазақ сахна өнерін көркейту үшін Халық ағарту комиссариаты өнерлі жастарды ел арасынан іздестіруге Ғабит Мүсіреповті Семейге жіберді. Осы уақытта Семейге келіп жатқан Риддер жұмысшы жастар театрының бірнеше өнерлі дегендерімен театрға баруға келіседі. Олар: Шәріп Мәрденов, Жағда Өгізбаев, Оразғали Жұмағұлов, Ғаббас Ғалиев, Жанысбек Ғұсманғалиев. Ал педагогикалық институт көркемөнерпаздары арасынан Шәкенді де тауып алып, оған да театрға баруға келісімін алады. Бұлар Алматыдағы үлкен театрға баратын болдық деп, қуаныштары қойнына сыймай, бар ақшаларын жиыстырып, билет алып, поезға мінеді. Халық отыратын вагондарда бәрі бірдей сығылысып, астыңғы орынға бірнеше кісіден отыра беретін. Тек екінші, үшінші сөрелеріне де жататын. Жас жігіттер таласа-тармаса елден бұрынырақ кіріп, төбеден орын алып, еркін, жалғыз жататын болғандарына мәз болып рақатқа батады. Поезға мінген адамдардың тамаққа да арандары ашылатын әдеті. Солай бола тұрса да, бұлардың тамақтары жоқ. Қалтада бір тиын ақша қалмаған. Біреудің ішкен тамақтарына қарап, көзімізді сатқанша ұйықтайық десіп, киімдерін шешіп, жалаңаяқтанып, қалың ұйқыға кіріседі. Қанша ұйықтағанын кім білсін, елдің Алматыға жақындадық деген ду-дабырынан оянып, тұруға қам жасап, киінейін деп жан-жағына қараса, киетін сыртқы киімдері мен аяқкиімдері түгелдей жоқ болып шығады. Жұрдай болып тоналған жастар не істерін білмей жаман сасады. Сасқанымен не шара, елмен бірге түсуге тура келеді. Ол кезде екінші Алматы салынбаған. Бірінші Алматымен екі аралыққа кісі таситын қорапты машина жүретін. Оған билет алуға ақшалары да жоқ. Оның үстіне үстерінде майка ғана, өздері жалаңаяқ. Түстерінен адам үркетін болған соң, елден оқшауырақ іркіліп тұрып қалады. Енді не істеу керек. Қалай ойласа да, басқа табар амал, мынау күлкілі суреттен шығар дәрмен таба алмайды. Бәрібір театрға барудан басқа еш шаралары болмаған соң бұлар қалаға жаяу тартып кетеді. Ол кезде тақтайдай тас жол деген атымен жоқ еді. Жолды айтпағанда қаланың орталық көшелері де жөнді болмайтын. Толарсақтан келетін майда топырақты бұрқыратып біріне-бірі қарап мәз болып күліседі. Шәкен айтады:

– Әй, жігіттер, біздер қандай бақыттымыз. Шалбарымызды шешпегеніміз қандай жақсы болған. Егер шалбарсыз болсақ, ішкііміміз де жетісіп тұрған жоқ, сонда қайтер едік. Бізге құдай болысқан дендер. Тіпті аяқкиімімізді алып кеткені де жақсы болды. Сендерді білмеймін, мен өзім қуанып келемін. Неге десең табаны қақырап, жүрген сайын аузын бақадай ашқан жаман бәтенкемен барудың өзі ұят қой. Менің аяқкиімім жаман ба, жақсы ма қайдан біледі. Барлық киімдерін тонап алып кетіпті деп, қайта аяйды ғой. Ренжімендер, көресіндер, қайта бізге киім сатып алып береді. Ана шалбарларыңның балағын түріп, жіті басындар. Тезірек жетейік. Екі аралық сегіз шақырым көрінеді. Ерте барғанымыз жөн болар.

– Ей, Шәкен, – дейді сонда Жағда. – Мына түрімізбен күн жарықта баруға несіне асығасың. Одан да күн бата, алакөлеңкеде барғанымыз жөн емес пе?

– Ойбай-ау, ала көлеңкеде бір топ болып жартылай жалаңаш күйде жетіп барсақ, бүкіл театрдың адамдары зәрелері ұшып безіп кетер. Өздерің түрлеріңе қарап көріндерші, – дейді Шәкен.

Бәрі күліседі. Міне, Шәкең бастаған бір топ жастардың театрға келген сәті осылай болған.

Мен келген 35-жылдар фокстрот биінің Алматыда жаңа шыққан кезі еді. Би сабағына міндетті түрде қатысуымыз шарт болғандықтан бәріміз де келетінбіз. Бұл кезде Мұхаң бізде әдебиет бөлімін басқарушы еді. Биге Мұхаң да бізбен бірге қатысып жүрді. Келе-келе қолы тимеді ме, болмаса би сабағын беретін қыз бен жігіттің қатал талабынан ыңғайсыз сезінді ме – кейін сабаққа келмей қойды. Біздердің ішімізден Шәкен, Сұлтан Бекбосынов деген актер, Сәбира нені болса да лезде меңгеретін. Бильярд ойынынан Шәкең мен Сұлтанды ұтатын Алматыда ешкім болмайтын. Шәкеңнің өнер жолы да оңынан басталды.

1935 жылы М.Әуезовтің «Түнгі сарыны» дайындалып жатыр екен. Сахнаға қоюшы-режиссер – Ю.Л. Рутковский. Шәкен сонда уезд бастығы Казанцевтің бейнесін саралап, тұтас толыққанды тұлға етіп көрсетті. Жиырмадан енді асқан кезі болса да, көпті басынан өткерген тәжірибелі актердің жасағанындай сенімді бейне шығарды. Казанцевтің онша үлкен роль болмаса да аз ғана көріністерінде ішкі қырларын ашып бере білді. Мысалы, Жүзтайлақпен сөйлесе қалса, әйел-құмар, биязы мінезді, тәрбиелі жерден шыққан инабатты адам болып көрінсе, ауыл шонжарларымен кездескенде момақан, маңғаз, ірі тұлғалана түсетін. Ал қарапайым адамдар арызын айтып келгенде, түгі сыртына теуіп, айбарлана, бет қаратпайтын қызыл шұнақ аяздай ықтырып жібереді. Шәкен жасаған Казанцев бірбеткей, осқырынған, бақырауық, ұрда-жық, бір ғана қара бояулы емес. Өз табын, мақсатын алға алып бару үшін, көп сырларын ішіне бүгіп, әр кезеңінде әр түрге түсуі – бейне жасаған актердің үлкен шеберлігі еді. Бұл бейне әлі күнге көз алдымда.

Шәкен жасаған роль жетерлік. Бірақ соның ішіндегі адам жүрегін қозғайтын шынайы сом жасалған кейбіреулерін айтпауға болмайды. Солардың бірі – Шахмет Хұсайынов жазған, режиссер Асқар Тоқпанов қойған «Марабайдағы» Марабай ролі. 1930-жылдардың аяғында қазақ интеллигенциясының қорқыныш үрейінің иықтан басып тұрған кезі еді. «Кеше ана кісіні алып кетті, бүгін мына кісіні алып кетті» деп біреумен біреу араласуға қорқатын шақ болатын. Солай бола тұрса да, кейбір азаматтар «қазақ елін қайтсем әлдендірем, жоқшылық тұрмыстан қалай құтқарамын?» деп жаңалық іздеумен болды. Бірақ, оның ауылшаруашылығында жаңа тақырып – тың игеретін совхоздар болуы, малшаруашылығын өнімін арттыру жөніндегі жоспарын қаскүнемдік деп тауып, орнынан алады. Осы жайда барлық жолдастары, тіпті, әйелі де алыстап кетеді. Марабай өзінің дұрыстығын, адалдығын, әділдігі үшін аянбай күресіп, жеңіп шығады. Бұның бәрі екі ауыз сөзбен айта салуға, жаза салуға оп-оңай. Ал сол өзі жау болып, құртқысы келіп жүрген Есіркеп сияқты бірнеше кісіге, тіпті, өзінің орынбасары Сабатай сияқты, кімнің тарысы піссе, соның тауығы болып жүрген екіжүзді жағымпаздарға, солардың әрқайсысына деген арақатынас сөздері, қимыл қозғалыстары, кейбіріне

тура қарауға жиіркенетін сезім-құбылыстар актер үшін қаншалықты қиындыққа түсетіні айдан анық белгілі. Кешегі жолдас болып жүргендер бәрі теріс айналып кеткенде тек Сабатайдың әйелі ғана айнымас дос болып қасында қалады. Үй шаруасымен отырған үш баланың анасы әлсіз әйел бола тұрса да қарлығаштың қанатымен су сепкендей сабырлы, ұстамды болу, ақырын күтуін айтып, ақыл кеңестер береді. Бұл Мәрияш ролін мен ойнап едім. Шәкенмен бұдан бұрын да сахна серігі әріптес болып кездескем-ді.

Гогольдің «Ревизорында» Шәкен Хлестаков ролін бейнелесе, мен Пошлепкина ролін ойнаған едім. Бұдан кейін де сахна серігі боп кездесіп жүрдім. Шәкенмен сахналас әріптес болу – актер үшін бақыт. Актер жасаған бейнесінің ішкі сыртқы сыр-қырына еркін түсе алмай қиналыңқырап тұрған кездер кездесіп қалады. Егер әріптесің Шәкендей дарынды болса, жаңағыдай толқынды әрекетінен лезде құтқарып, өзіне ілестіріп кетеді. Осы жылдары А.Островскийдің «Таланттылар мен табынушылар» драмасын аударған Ғ.Мүсірепов, қойған Ш.Айманов болатын. Спектакльдің негізгі кейіпкері Негинаның анасы Домна Пантелевнаның ролін атқарып едім. Алпауыт Великатовты Шәкен ойнады. Шәкен жасаған Великатов ақсүйек тегінен шыққан байсалды, сыпайы, барлық мінез-құлқында асқан тәрбиелі екені көрініп тұратын. Ішінде ит өліп жатса да зымияндығы өрттей өршіп, бұрқанып тұрса да, оны сырт пердесі көрсетпей, адамға жақсылық істегісі келіп, болмаса кеңпейілді мырза екенін көрсететін. Великатовтың бар ойы – асқан өнерлі, нәзік жанды Негинаны қолға түсіру. Сол үшін бар айласын жасауда. Бірде Негинаның үйіне келіп, шешесіне сыйлық беріп, өзімен теңдес адамдай сырласа сөйлесетін, ішсе тамаққа, кесе киімге жарымай отырған кедей артистің шешесі өмірінде мынандай қымбатты орамалды иығына жамылып көріп пе!? Ұсынса қол жетпейтін бекзаттың өзімен сырласқанына есі кетіп, елти бастайтын. Енді бір сәтте байлығын көркейтіп айта бастағанда, мен – Домна Пантелевна алдымда шын Великатов тұрғандай аузым ашылып, аңырып қалатынымын. Шәкенмен кездескен сахна серігі әманда осындай сахналық бақытқа бөленуші еді.

Шәкен жасаған сом тұлғалар жетерліктей еді. Бірақ та солардың ішінен шоқтығы биік оқшау тұрған Ақаның қалай айтпайсың. 1942 жылы ел басына күн туып, соғыс басқыншылары жаналғыштай жалаңдап екі өкпеден қысып дем алғызбай тұрған кезі болатын. Бұл кезде еңбектеген жастан еңкейген кәріге дейін жауды жерімізден тазарту тәсілі тек еңбек екенін жақсы біліп, сондықтан да еңбек майданында аянбай күндіз-түні жұмыс істеуді өзіне міндет еткен шақ болды. Өнер қайраткерлері де өнерге қояр тілек-мақсатын жете түсінді. Көркемөнерге рухани күш берерлік шығармалар қойыла бастады. Айтар сөз, шырқалар ән, қойылар спектакль – бәрі де халықтың тілегіне сай келерліктей еңбек етті. Осы жылдары Ш.Хұсайыновтың «Марабай», «Алдар Көесі», Ә.Әбішевтің «Жолдастары», М.Әуезовтің «Сын сағаттасы», «Қобыландысы», Шекспирден аударған «Асауға – тұсауы», Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлуы», «Ақан сері – Ақтоқтысы» қойылды. Бұлардың бәрі де жоғарғы сатыдағы өнер тарихында орын алған келісті, келбетті спектакльдер болды.

Ақан сері – Шәкен туралы «Ақан сері – Ақтоқты» спектаклі туралы жазған естелігім бар болғандықтан кеңірек тоқталмай-ақ қояйын, бірақ, қойылымның төртінші картинасында Жалмұханға айтатын сөздері қатты есімде қалыпты.

Ақан сері Ақтоқтыны алғалы отырған күйеудің қызғанышын байқап қалып, былай дер еді:

– *Қызғанышың да бар екен ғой. Қызған, Қызған! Ақтоқтыдай қыз тәңірісін қызғанбаған қылмыстай. Жасырмаймын, құр қызғанба, қорғай да біл еркекше.*

– *Оны сенен сұрамасын.*

– *Жоқ, Жалмұхан, қызғанба. Ақтоқты – бір мөлдір бұлақ. Құяр жері – кең дария. Ақ төсінде құстар шулап, Ақеркедей ән төресін салғандай... Ән – ауруым не тыңдамай, не қосылмай өте алман. Кез боп қалсаң жағасында мырза бол да, сол жағаны маған қи. Аққуына үн қосайын... Сарыарқада салған әнді Көкшетауда жұрт тоссын. Бар арманым – ән менен жыр. Ақтоқты әннің арқауы екен. Арқауы жоқ ән болмайды. Мәжнүн етпе сол арқауды қызғанып, – деп айтатын жерде көрермен жұрт дыбыссыз ұйып қалушы еді. Осы сөздер арқылы ақын жанның сұлулықты, тазалықты, абзал әсемдікті қалайтынын жеткізе айтушы еді. Тек көріп отырған аз ғана топқа емес, бар әлемге жар салып тұрғандай. «Қыран шабытты қиялшыл жандар қақ қанатыңды, самға биікке!» – деп тұрғандай естілетін. Ақан бейнесін жасауда бір ғана серінің басынан өткен қиыншылық, аңсаған арман ғана емес, Ақан сияқты өнер иелерінің тартқан азабын, аңсаған мұратын аша түсті. Өнерпаз жандардың мүддесін жоғары көтерді. Шәкеннің Ақаны сахна өмірінде дара тұрған кесек тұлға болып шықты. Бұған бір себеп – Ақан тұлғасы Шәкенге тым етене еді. Ақан сері әнді сүйді, сауық-сайранды қалайтын жан болса, солардың бәрі Шәкеннің өз басынан табылатын. Ақан – өз заманындағы азаттықты, еркіндікті көксеген, өнер дәнін еліне, кең-байтақ жеріне себуді, ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп қалдыруды аңсаған азамат болса, Шәкен де өзінің бар өмірінде Ақан аңсаған арманды басынан өткізген еді. 1936 жылы Жүсіпбек екеуімізге суретін сыйлаған. Сол суреттің сыртында мынандай жазуы бар болатын. «Қазақтың қараңғы даласында бұлбұлша сайрап, өз Отанын сүйсіндірген Жүсіпбек пен театрда бірге істейтін жолдасым Хабибаға Қазақстан еліне саналы-сапалы көркемөнер береміз деп алысып жүрген күндердегі жолдасың Шәкеннен» (Алматы 9/ХІІ.1936) деп жазылған.*

Міне, Шәкеннің де аңсаған арманы – өз елін алдыңғы қатардағы елдердің қатарына қайтсем де жеткізем болды. Шәкен жасаған Ақан бейнесінің шоқтығының тым жоғары тұруының себебі осыған байланысты ма деп ойлайсың.

1943 жылы М.Әуезовтің аударуымен Шекспирдің «Асауға – тұсау» пьесасы қойылды. Қазақ театр тарихында бұл да бір үлкен белес болды. Шәкен мұнда да негізгі геройы Петруччионы ойнады. Спектакльге қатысқан қазақ актерлері бұл жылдар нағыз кемеліне келіп жетілген қай елдің ұлттық өнеріне арналған дүние болса да қысылмай-қымтылмай еркін, тіпті, автордың ойынан жоғары көтеруге де күш-қуаты артыла жететін шақ болатын. «Асауға – тұсау» спектаклі соны дәлелдеді. Бұл туралы атакты сыншылар да сол кезде аса жоғары бағаларын берген болатын. Спектакльді қоюшы Б.В. Бибиков пен О.И. Пыжованың ой-

шешімімен ойнаушылардың түсінік-шешімі ұштасып, қабысып жатты. Спектакльдің декорациясы мен костюмдері (қоюшы-суретші Э.Чарномский), музыкасы бірін-бірі толықтыратын. Әсіресе, композитор А.Сандлердің комедияға арнайы жазған екпінді де от шашқан қызғылықты қызу музыкасы ойнай бастағанда көрермен қауым сахнадағы ойнаушылармен бірге еліктеп, бірге өмір кешкендей елпілдеп отыратын. Бұл спектакльдегі Айманов ойнаған Петруччио Шекспир қаһармандарының ең биігіне көтерілді. Әсіресе, спектакльдің героинясы Катарина – Хадиша екеуі кездесетін жерлері өте тапқыр, шебер, отты шыққан еді. Бұлар кірпік қақса атылатын тағыдай көздерімен от шашып, бірін-бірі үнсіз аңдып тұрып алатын. Осы сәттері сөз таласынан анағұрлым артық, анағұрлым жеткілікті болушы еді. Бұндай сәттерді сөзбен жеткізу қиын-ақ. Тек көріп-сезінген адам ғана майталман актердің асқан шеберлігіне риза болып алғысын айтады. «Асауға – тұсау» спектаклі көп жылдар қойылды.

Әр қойылымы бізге мейрам сияқты болушы еді дедім ғой жоғарыда. Сол күні көруге қалмай баратынбыз. Шәкен бастаған өнер алыптарының ойынын көріп бір жасап қайтушы едік. Шіркін, өнердің құдіреттілігі сонда ғой. Ол бір кісінің қуанышы емес, дүйім халықтың қуанышы. Бұл спектакльді көрген халық есіне мәңгі сақтары хақ. Шәкен жайында аз айтылып жүрген жоқ. Ол туралы жеке кітап та шықты. Алайда осымен Шәкен туралы сөз бітті деп айтуға болмайды. Оның қазақ өнеріне сіңірген еңбегі ұшан теңіз. Әлі де талай естеліктер жазылары сөзсіз. Шәкеннің шығармашылығын ғана емес, жан-жақты өмір соқпақтарын да қуалай тексерген жөн болар еді деп ойлаймын.

Шәкеннің жаратылысы бөлек, мінез-құлқы өзгеше болатын. Өмірге көзқарасы басқаларға ұқсай бермейтін еді. Шәкен дүние-мүлікке қызығып жинайын деген жан емес. Барға қанағат етіп, жоққа ренжімей жүре беретін. «Жомарттың қалтасы тесік» дегендей, өзінде бар болса кісіден аямайтын. Сонша ақша алып жүріп қарызға батып жүретінін қайтерсің. Ақшаға баланың ойыншыққа қарайтынындай қарайтын. Бала ойыншықпен біраз ойнап лақтырып тастап жүре бермей ме. Шәкен де сондай еді. Шәкенмен бір театрда жұмыс істедім. Үй іші араласуымыз да жиі болатын. Сонда да оны жете түсіндім деп айта алмаймын. Жер қойнауында тереңде жатқан асыл қазынадай Шәкеннің де жан-сыры тереңде, жете түсіну оңайға түспейтін. Сырт көзге ашық-жарқын, тек ойын-сауықты қалайтын жандай көрінетін. Ал, бірақ шешіліп сыр шерткенде оны мүлдем танымай қалатын едік. Өмірдегі болатын жақсылы-жаманды жайттар дүниенің қыр-сырын саралап ашқанда аңырып тыңдап қайран қалатынбыз. Тегінде Шәкенді жек көретін кісі шамалы шығар. Тек көре алмайтын күншілдер болмаса. Ол жекеленіп жалғыз жүрмейтін. Әманда жанында бір топ адам жүретін. Ойламаған жерден танытын адамдарының біреуіне бара салатын. Бірақ сол барған үйі қандай күйде отырса да ренжіп көрді ме екен. Өйткені, Шәкен өзімен бірге көңіл күйің көтерілетін қызық думан, шаттық ала келетін.

II

«АЙЛЫҚ АЛАРДА ШӘКЕННІҢ ҚОЛЫНА БЕС-АЛТЫ СОМ ТИЕТІН...»

Қазақ кино өнерінің негізін қалаушылардың бірі, актер, режиссер Шәкен Аймановтың туғанына биыл 90 жыл толып отыр. Осы ретте Шәкен Кенжетайұлы туралы естелік тыңдайық деп көзін көрген қарт актерлердің біразына барып едік, Хабиба Елебекова апамыздан басқасы жарытып әңгіме айта алмады... Сонымен, Хабиба апаның әңгімесі.

Шәкен Алматыдағы бас театрға 1933 жылы келіпті. Ал мен Алматыға 1935 жылы келдім. Шәкеннің бір кереметі – амплуа дегенді білмейтін. Ол серіні де, саранды да, батырды да, қорқақты да – бәрін ойнай беретін. Шәкенмен «Таланттар мен табынушылар» спектаклінде партнер болып ойнадым. Сонда ол бір асқан байдың ролін керемет ойнады. Әлі көз алдымда, жан дүниесімен беріліп ойнап, сөздерін жеріне жеткізіп айтатын. «Ақан серіде» Ақанды ойнады. Ақанды сол Шәкендей жеріне жеткізіп ойнаған әлі ешкім жоқ. Кейіпкерінің сөзін бар дүниесімен құйылып айтқан уақытта еріксіз аузыңды ашып қаласың.

Ол кезде Алматы – кішкентай ғана қала. Жұрт бірін-бірі біледі. Шәкен бильярд ойнағанды жақсы көретін. Сұлтан Бекбосынов деген бір актер болды, керемет актер еді. Бобчинский, Добчинскийді екеуі бірге ойнайтын. Сол Сұлтан екеуіне бүкіл Алматыда бильярд ойнаудан ешкім жетпейтін. Бұл сол 35–36-жылдар. Түні бойы бильярд ойнайды да Шәкен, өзі ұйқыны жақсы көреді, ертеңгісін тұра алмайды. Жұмыстан қалып қояды. Ылғи сөйтеді. Театр директоры Әбдірахман Қадырбаев, 37-де атылып кетті, марқұм жақсы кісі еді, «кімде-кім жұмысқа келмесе соның бір күндік еңбекақысы ұсталып отырсын» деп шешім шығарды бір күні. Сонда айлық берер кезде Шәкен қолына бес-алты-ақ сом ақша алып шыға келеді. Оған біз күлеміз. Оған ренжіп жатқан Шәкен жоқ. Сырдың суы сирағынан келмеуші еді ғой. «Е, бұған сыра ма, бірдеңе ішерміз» деп төсқалтасына салып, күліп кете береді.

Шәкен кинодан көп ақша тауып жүрді. Бірақ сонысын қалай болса, солай ұстап шашып жіберетін. Мәскеуге барады, дос-жарандарына шашып келеді. Жаратылысының өзі сондай еді. Сері болды ғой. Әйелі Хадиша: «Шәкен, сен неге нөкерсіз жүре алмайсың, бәрің жиылып ішесің де кетесің, бала-шағаға не қалады?» – деп ренжитін көрінеді. Қай әйел мұндайды жақсы көреді дейсің. Шәкен кейін өзі күлдіріп айтып отыратын. «Кеш келген күндері, звонок беріп кірем, кіре берген уақытта үндемесін деп Хадишаға қалтамнан алып ақша бере қоям. Сонда ол айлық алдым ба, тауып алдым ба, біреуді тонап алдым ба, онда жұмысы жоқ, тіпті, санамайды да; «өңгесі қайда?» деп сұрайды-ау... Шәкеннің қолына ақша түссе ұстап қоятынын біледі ғой бәйбішесі...

Соңғы жылдары Жүсекең – Жүсіпбек Елебеков екеуі қатты дос болды. Даусы онша болғанымен Шәкен әнді нақышына келтіріп, құйқылжытып айтатын. Біздің

үйге көбіне жалғыз келетін. Ол күні-түнімен екеуі отырып, қазақ әндерін талқылайды. «Әннің мына сөзі келмей отыр, оны өзгертсе, қалай болады?» деп немесе «бұл әннің мына жеріндегі кілтпанын олай емес, былай айтса» деп отыратын. Екеуі кейде таласып қалатын, сонда көбіне Шәкен жеңіп кетеді. «Әнді түсінсең, Шәкендей болсашы» деп Жүсекең өзі айтып отыратын. Жаратылысында аса талантты еді ғой Шәкен.

Театрда да режиссер болды. «Таланттар мен табынушыларды», «Абайды», Шахмет Құсайыновтың «Амангелдісін» өзі қойды. Шәкен режиссер болғанда сенің ролінді түсіндіріп айтады. Бір рет, екі рет айтады, актер ала алмаса, үндемей қоя салады. Кейбіреулер сияқты қайта-қайта ескертіп, қуырып жатпайды.

Шәкен кейін кинорежиссураға ойысты. Алдымен «Қозы Көрпеш – Баян сұлуды» түсірді. Содан көп кешікпей басы бүтін киноға кетті.

Шәкеннің өлең шығаратын ақындығы да болатын. «Әкеме» деген өлеңі былай еді:

*Ассалаумағалейкүм, асыл әкем,
Ағарған бейнетпенен шашың, әкем.
Ақтармын ақ батаңды өзің берген,
Тигенше қара жерге басым, әкем.*

*Ат бердің аталусыз қалмасын деп,
Ат бердің ұзақ жолға талмасын деп.
Жетелеп өнер-білім есігіне,
Қияда қанат бердің самғасын деп.*

*Сағындым домбыраңды қоңыр майда,
Күй төккен жанды бөлеп талай жайда.
Тізеңде отырушы ем сазыңды ұғып,
Бал татыр сол күндерім кетті қайда?*

Аяғы былай бітетін:

*Бұл өмір – ұлы жарыс асуы көп,
Білмеймін, оза алдым ба, кем қалдым ба?!*

Соғыс кезі. Ол жылдары біз, театр артистері, жер-жерде ойын қоямыз. Жағда Өгізбаев бастаған топ Кеген жаққа, Шәкен, Жүсекең бастаған топ Нарынқолға кетті. Атайбек Жолымбетов деген актер тамақсаулау адам еді. Нарынқол жақта сонысын көрсетіп қалса керек. Қайтып келгенде Шәкен оған әзіл өлең шығарыпты. Оны өзі домбыраман «Молдабай» әніне салып айтатын:

*Е-е-й,
Нарынқолға барған ек,*

*Нарынқолға келісімен
Атайбек тапты жақынын.
Ертең ерте тұрды да
Желдеп кетеді ақырын.
Одан тойып келсе де,
Мындағы біздің тамақтан
Есесін алды-ау пақырың,
Мойны ыргайдай қылқып,
Түсетін құстай жұнтып,
Осы тамақ үстінде өлмес пе екен,
апырым,
Апырым, апырым, апырым!..
Е-ей, –*

деп алады да даусын бәсеңдетіп:

*Атайбек , ақырын,ақырын,ақырын...
Ә-ә-й-й!.. –*

деп бітіретін. Шәкеннің өзі әндетіп, құбылтып салғанда, елді қыран-топан қылатын.

Театрда Сейфолла Телғараев деген актер болды. Негізі, Жағда Өгізбаев, Сейфолла Телғараевтардың есімдері қазір онша көп аталмайтын болса да керемет актерлер еді. Жағданың үні ғаламат еді. Менің театрда келе жатқанымға жетпіс жыл болды. Міне, осы уақытқа дейін дәл Жағданың, Нұрмұхан Жантөриннің, Өнуар Боранбаевтың үніндей күшті үнді әлі естігенім жоқ. Театрға үн де керек қой. Ал әйелдерден Жамал Жалмұхамедованың үні керемет еді. Сол Сейфоллаға бір жолы Шәкен былай деп өлең шығарыпты:

*Көрің құрғыр алмапсың сен, Сейфолла.
Бақбергенің жүруші еді ылғи қолда.
(Бақберген – Сейфолланың ұлы)
Кэстрөлмен тамақ тасып күнің өтті,
Ұйқыңды қандырышы бір осы жолда.
Ойбай-ау, карта ойнауды шығардың ба,
Қолыңнан келмейді гої , олла-біллә
Ақыры үш жүз сомнан айырылдың,
Қартадан тапқан сенің пайдаң сол ма?
Қоймасаң бұл қылығыңды, ей Сейфолла,
Қаларсың бір тиынсыз қалқып жолда!..*

Шәкенді еске алсам, оның берекелі айналасы, әріптестері де еске түседі. Негізі, актерлер музейін ашу керек. Үлкен музейдің бір-бір бөлмесін бір-бір ак-

терге арнау керек. Әйтпесе бәрі ұмытылып бара жатыр. 1936 жылғы Мәскеудегі Қазақ өнерінің декадасына 300-ден астам адам барған екен. Содан қазір үшеуі ғана қалыпты. Ұлы әнші Әміре Қашаубаев 1934 жылы қайтыс болды, содан бері ұмыт қалған. Ешкім басына барып еске алмапты. 60 жылдан кейін әнші Кенжегүл Сыздықова композитор күйеуімен ел аралап, концерт қойып, қаржы жинап, Әміренің Алматыдағы зиратына құлпытас қойғызды. Әміренің бейітін Жарқын Шәкәрімов ғана біледі... Әйгілі Әміренің өзін керек қылмай отырған біз бара-бара қазақ өнерінің корифейлерін ұмытып та кетерміз...

*(бұл әңгімені Нұржан ҚУАНТАЙҰЛЫ жазып алып,
төрт-бес жыл шығып, жабылып қалған
«Ақжол Қазақстан» газетінде,
24.02.2004 ж. жариялады)*

«АҚАН СЕРІ – АҚТОҚТЫ»

Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан қиын кез. Бүкіл тілек, бүкіл ниет – жауды жеңу. Театр ұжымы да барын салып көрерменге қызмет етеді. Өнер топтары майдан даласына барып өнер көрсетіп қайтады. Соғыстың алғашқы қиын жылдарының бірі 1942 жылы театрда қазақ драматургиясының негізін салушылардың бірі Фабит Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқтысын» М.Гольдблат қойды. Осы спектакльдің 1942 жылдың 10 наурызы күні өткен алғашқы премьерасы күні бүгінгідей көз алдымда.

Театрға халық лық толған. Қабырғаға жабыса жағалай тұрған адамдар да сығылып сыймайды. Көрермендер спектакльдің басталуын асыға күтуде. Міне енді, шам да сөніп, музыка басталды. Оркестр үнінен кешегі қараңғы заманда күңіренген ел зарын естігендей денең тітіркенеді. Енді бірде қабат-қабат тұтасқан қалың қара бұлт арасынан көрініп қалатын шұғылалы күндей, Ақан әні сызылта сыр шертеді. Осылайша, алма-кезек ойналған ауыр сарын мен Ақан әні алма-кезек ауысып келіп, шымылдық ашылды.

Сахнада мешіт ішінде тарауих айтып отырған шәкірт балалар. «Субіхан уәзіл мүлки уал мәләкут. Сүбіхан уазіл ғиззати, уал ғазамати, уал құдрәти, уал қвриаі уал жабарут». Міне, осы сияқты сөздер айтып, күнде сарнайды. Не айтып отырғанын өздері де білмейді. Әбден шаршаған балалар дауыстары бәсеңдеп, біртіндеп тоқтап қалғанын да байқамай қалады. Енді бірде хазірет ойларына түсіп, ұйқыдан шошып оянғандай бойлары тітіреп жамыраған қозыдай қайта шулайды.

Осы бірінші көріністен-ақ, Науан хазіреттің қолына ауыр гүрзісін алып, зындан аузында күзетіп отырған заман сұрқылтайы екенін сезесің. Екінші жақтан әділет сәулесіне талпынған, дін шырмауының пәресін шығарып, қалған өмірін әні арқылы қамкөңіл жұртқа қуат беріп, нұр шуағын себу үшін ел ортасына жетуге асыққан Ақанды көреміз. Осындай шиеленіске түскен оқиға түйіні көрермен қауымның көз алдынан өтіп жатты. Көрермендер сол түйіннің шешілу сәтін асыға күтуде.

Спектакльге қатысқан актерлер қазақ театрының айтулы саңлақтары еді. Қ.Қуанышбаев – мылқау балуан, С.Қожамқұлов – Қоңқай, Р.Қойшыбаева – Дәмелі, Қ.Бадыров – Науан хазірет, Қ.Қармысов – Сердәлі, С.Сәлменов – Балта, ал Ш.Айманов – Ақан, театрға жаңа келген жас буын Ш.Жандарбекова – Ақтоқты ролінде ойнады.

Бұл сияқты терең сырлы шебер, дара артистер сомдаған бейнелердің нашар шығуы мүмкін емес болса, спектакльдің сонша жоғары шығуына негізгі себепкер шығарманың иесі Ғ.Мүсірепов еді.

М.Әуезов пен Ғ.Мүсіреповтей жалынды драматургтердің шығармасына қатысқан актерлер өздерін бақыттымын деп санауға тиісті. Сахнадағы артистің негізгі құралы сөз болса, Ғабеннің ой елегінен өткен саналы, сәнді сөздер бұл шығармада баршылық еді.

Толассыз тулаған саналы ойдан, тұңғық тереңнен терген меруерттей асыл сөздер туып, шиеленіскен драмалық тартыс көрерменді баурап, ынтықтырып отырады. Өрімдей өрілген сөз шумағы бойынды балқытып, тыңдаушы қауымды уысынан шығармай, өзімен бірге өмір кештіреді.

Шәкен Ғабеннің толқын атқан сөз маржандарын өзіндей түсініп тереңдете түсті. Суырыла шумақталған шешен сөздер алтын аяққа құйып ұсынған кәусар судай шөліктеген қауымның сусынын қандырады.

Ақан ауылы. Шеткерірек тігілген ақ отау. Іші әсем жиһазбен жабдықталған. Сүйекпен оюланған қайқы бас ағаштөсек үстінде Ақан жатыр. Үлбіреген кестелі ақ жібек көйлекті шалбарының ішіне салып, белін қызыл берен белбеумен қынай бұған. Үкілі домбырасын екпіндете шертіп-шертіп жіберіп, сазды әуенді сызылтып барып, ойлана мүдіріп қала береді. Домбыраны жанына қоя салады да, өзі ерсілі-қарсылы жүріп кетеді. Кенет тоқтай қалып, домбыраны қайта қолға алады. Тағы да безектей жөнеледі.

Осы екпінді сарын шабыт шақырып, дүниеге жаңа бір ән туайын деп тұрғанын көрермендер сезіп біле отырып, Ақанмен бірге толғатады. Ширыққан толғақ жиілей түсіп, дүниеге нәресте келгендей, ән толғағы да ширыға түсті. Енді бірде әсерлі, сазды ән шырқала жөнеледі. Әнмен бірге қабысқан жаңадан шыққан өлең шумағы да өрімдей өріліп бірге толқыды.

*Ауылым қонған Сырымбет саласына,
Ғашық болдым ақ сұңқар баласына.
Бидайыққа лайық қарағым-ай,
Бөктергіге жем болып барасың ба?! –*

деп аһ ұрады. Ақын, композитор, асқан әнші. Ән қанаты дауылға қарсы екпіндей суылдайды. Дауыл күшімен көтеріле бірде биіктеп шырқаса, енді бірде баяулап діріл қағып, бір жерде қозғалмай тұрып алады. Қанат дірілі көңіліңе сазды мұң төгеді. Ақын жаны әлемге құлашын жая барлық елді құшағына баурап алғандай. Тыңдаушы жұрт ләззат алып, әннің зәмзәм бұлағына шомылғандай, жаның тазарып ойың рақат табады. Көңіл құсың көкке көтеріліп шарықтайды. Ұйқыда

жатқан сезім тамырларына қызулы қан жүгіріп, діріл қағып соға бастайды. Адам бойындағы бұйығып жатқан қайғы-мұң, болмаса аңсаумен өткен таза махаббат сағынып өре бас көтереді. Ән күдіреті адамның ақыл-ойына, сана-сезіміне түгелдей өзгеріс туғызады.

Міне, Шәкен – Ақан айтқан «Сырымбет» әні Ақтоқтыға арнап жаңа ғана шығарғандай әсер еткен еді.

Ақан әні байлаудан босанған, томағасын сыпырған қырандай шалқиды. Дәл қазір көзіне шалынған қандай жыртқыш болса да, іліп түсердей. Шеңгеліне ілінгендерді қан соқтасын шығармай босатпайтын секілді.

Ақан жаралы жанын әнмен емдегендей сезіледі. Ақын бойына өзгеше шабыт, өшпес өнер нұры құйылғандай. Осы нұрлы сезім Ақан бойын серпілтіп, еңсесін көтере түскендей. Ақан жаны қазір биіктен, көктен орын алғандай еді. Осындай асқақ ән әсем сазды шалқыған көңілде отырған Ақан үстіне қанаттас жігіттер келеді.

Бұлардың да көңілі көктемдей жадырап күлім қағады. Көптен бері керең боп қалған құлақтары енді ғана ашылғандай Ақан әнін тоймай тыңдағысы келеді. Қайта келіп қолдарына қонған бақыт құсындай әншісін аялап бастарына көтереді. Серіге лайықты елден тандап жинап әкелген сәнді киімдерін Ақан алдына тартады.

Дәл қазіргі Ақан көңілінде иран бағындағы хош иісті зағфран гүлдерінің ортасында жаны рақат тауып масайғандай шағы еді. Ақан өзіне деп арнап әкелген құндыз бөрікті қолына алып қызыға қарап отырып:

– Бас қадірін мұнша білген, мұны тіккен кім, Мұрат? – деп сұрайды. Сері жүрегі махаббаттың сонарлы ізін сезінгендей ентелей жауап күтеді.

– Ән еркесі, ақ саусақты қыз еркесі Ақтоқты ғой бұл елде, – деп бөріктің Ақтоқты қолынан істеліп шыққанын айтады. Өзі де Ақтотының есімін естігісі келіп отырғандай еді. Енді міне, жан дүниесінің алай-түлейі шықты.

– Ақтоқты дедің бе? Былтыр жазда көргенімде, қара көзді бір жалт етіп алғанда, ләхаулімнен жаңылып бір кетіп ем. Аяғандай қайтып көзін салмап еді. Ұрлап қана дем алғандай болғанында ішінен, сол демінен естен тана жаздап ем. Ұзын кірпік найзадай боп қадалғанда, кеудеме сорлы жүрек құр дірілдеп қалып еді қансырап. Аузы ашылып кетпегей-ақ япыр-ау!

Екінші пердедегі төртінші көрініс – Ақтоқтының ұзатылу тойы. Осы тойға Ақан келетінін естіген жұрт асыға күтуде. Міне, аңсаған серісі де жетті.

– Амансың ба, Қарауылдың қыз-жігіті?

Сахнадағы көпшілік қауым Ақанға деген сағыныш құрметін жасай тұрып, Шәкенін көріп шаттана жайраң қаққандай.

Шәкен бірінші айтқан сөзімен барлық жұрттың мұрындық жібін өз қолына алып, жетелей жөнелді. Әрбір адамның көңілі күлмендей лүпіл қағып: «Бар екен ғой қазағымның өнердегі жарық жұлдыз сәулесі. Тәубе етемін тәңірге. Сенімен кешкен сахналық өміріміз ұзағынан болса екен. Тек ұзағынан!» деп іштей айтылған сөздер, көпшілік сахнасындағы әрбір кейіпкердің көздерінен ұшқын атып көрініп тұрды.

Шолпан – Ақтоқты

Осылай телміріп көз ала алмай тұрған кезде, жанындағы нөкер қыздарымен Шолпан – Ақтоқты шықты. Жаңағы ұйып тұрған ел. «Ақтоқты келеді» деген соң енді солай қарай толқыды.

Үстінде қос етекте ақ торғын көйлек, шетіне алтын шашақ ұстаған сары барқыт камзол, басында үкілі тақия. Нөкер қыздарынан сәл ғана ілгерілеу бөліне, елегізген еліктей, елпілдей Ақанға тезірек жеткісі келіп, жеделдете басқан жүрісінен қыз жүрегiнiң лүпіл қағып, жан дүниесі құйын соққандай алаулап жатқаны сезіліп тұрды. Ақтоқтының жүрісінен соншалықты биязы, ұяң, сонымен қатар, Ақанға деген алып ұшқан ынтықтығы сезілді. Әдептіліктен қанша озбайын десе де, ғашықтық бойын билетпей, Ақанға жақындап қалғанын өзі де байқамай қалды. Ақанның «Амансың ба, Ақтоқты?» деген жалғыз ауыз сөзін естігенде, Ақтоқты ұяңдық пердесін серпіп тастағандай, әдепті, астарлы сөзбен шешіле сөйледі. Жаз лебінен нәр алып, күн нұрымен бүр ашып, жапырағын жайқалта жая бастаған жас өрімдей, Ақан әнінің лебі, өнер құдіреті, ән құдіреті Ақтоқтыдай аруды еліктіре, елжірете ерте жөнелді. Қуанышын, күйінішін білдірмей, сыр сандығына бекітіп тастайтын қазақ қызының әдет шеңберін үзді. Жарықтан кете алмайтын көбелектей Ақаннан ажырай алмады.

Шолпан үнсіз тұрып-ақ осылардың бәрін жеткізе алды.

Ақан мен Ақтоқтының жарасқан бақытты шағы көпке созылмай, зорлықшыл топ, күшті қол екеуін екі айырып жіберуге мәжбүр етті. Ақтоқты зар шеге отырып, Ақаннан айырылуға көнгенін айтты. Сондағы жылап тұрып айтатын сөздері жүрегімізге таңба басқандай жазылып қалды.

«Қара көзден нұр тайғаниша, жүрек сөніп қартайғаниша, атың қалар жүрегімде, шығара алман есімнен... Сары белден сарғайып таң атқанда, нәрестедей ойым таза кезімде Ақаным деп оянармын қашанда... Салған әнің бәрі есімде... Бұлбұлдарға үйретемін тоғайда... Дұғам сенсің өмір бойы оқитын, Ақан!», – деп барып, шөкелей шөгіп құлап түсетін. Ақ торғын көйлегінің етегі жан-жағына жайылып, бір қолымен жер тірей әрең көтеріліп, бота көздерінен жас парлап, зар илейді. Топшысынан оқ тиген аққудай, енді қайтып көк жүзін шарлай алмайтынын біліп, аспан әлемімен қоштасып отырғандай елес беретін.

«Ақан сері – Ақтоқты» спектаклінің алғашқы қойылғанына елу бес жылдай уақыт өтсе де, осы көріністерді аңсай отырып, Ақанға айтылатын сөздерді оймен қайталап, сол сәттегі суретті көз алдыға келтіру арқылы талшық алғандай боласың.

Шолпан көркемөнерге өзімен бірге сәулелі нұр шолпанын әкелген еді. Шолпанның да айының оңынан туып, жұлдызының жануына себепкер болған Мұқан мен Ғабеннің дарынды шығармалары деп білемін. Өнер табалдырығын аттағанда бірінші орындаған ролі М.Әуезовтің «Сын сағатта» пьесасындағы Рәш бейнесі болса, екінші жасаған образы Ақтоқты болды.

Шолпан Ақтоқтыдай арудың бейнесін жасау үшін жаралған жандай еді. Талдырмаш, нәзік тұлғасынан мүше сұлулығының бәрі табылатын. Кең маңдайы күмістей жарқырап, сәуле шашып тұрғандай.

*Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,
Аласыз қара көзі нұр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.
Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын,
Ақша жүз, ал қызыл бет тіл байлайды.
Көрінер аузын ашса маржан тісі,
Секілді қолмен тізген, іш қайнайды.
Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес,
Нәзік бел тал шыбықтай бұраңдайды, –*

деген Абай өлеңінің шумақтары дәл осы көріністегі Ақтоқты бейнесіндегі Шолпанға арналғандай еді. Абай армандаған сұлулық пен нәзіктіктің бәрі табылатын осы бейнеден.

Шәкен – Ақан

Ал, Ақан бейнесіндегі Шәкен ше? Осы спектакль қойылған сайын сахнаға Шәкеннің шығуын асыға күтуші едік. Шәкен өз заманымыздың Ақанындай болатын. Ол – Ақанның басқаша түрі болар. Бірақ біздің заманымыздағы Ақандай дара туған өнерпаз ұлдарының бірі еді. Ақанға жасалатын ізет, құрмет Шәкенге де жасалушы еді.

Шәкен сахнаға жаңа көрік әкелетін. Шәкенмен бірге сахнада болу – қуанышты, тойда жүргендей әсер ететін. Жайшылықта сонша құрмет тұтатын адаммен сахнада бірге болу үлкен жауапкершілік жүктейді. Өзің де сол адамның қатарына көтерілуіңе талпынасың. Шәкен сияқты өнер саңлағымен сынарлас болу адамға үлкен бақыт әкеледі. Шынайы өнер саған да шапағатын тигізіп, бықсып жанбай тұрған өнер отына май құйып тұтатқандай, өзімен бірге көтеріп әкетеді. Мұндай өнер адамымен әріптестік, дос-жарандық неге бақыт болмасын.

«Ақан сері – Ақтоқты» спектаклінің қойылғанына көп жылдар өтсе де, сол бүгінгідей көз алдымда тұрады. Ақан бейнесіндегі Шәкеннің киген киімдері де есімде. Ашық көк барқыттан тіккен бешпент, шалбар. Жағасын, өңірінің ұшын, шалбарының балағын кестелеген. Сыртынан желбегей киген қызыл барқыт шапан. Басында Арқа елі киетін жеңіл құндыз бөрік болатын.

Шәкеннің киетін сол көк барқыт бешпентін, қазір көпшілік сахнасында жүретін жігіттердің үстінен көргенде, сол Шәкен жасаған Ақанның сом тұлғасы, сәнді де, салмақты жүгімен, өнер көшін тартып бара жатқандай көз алдымнан тізбектеліп өте бастайды. Шәкен тұрсын, оның киімінің өзінде де, ұшы-қиыры жоқ тарихи мұра жатқанын сезінесің. Осы бешпент Ақан бейнесіндегі Шәкен үстінде қол жетпес өлшеусіз бағалы асылдай көрінуші еді. Тек Ақан үстінде осындай бешпент болу керек деп ойлаушы едік.

Ал қазірде әзіл-сауығы жарасқан дос-құрбыларынан көрген түстей ажырап қалған, қызықты өмірін аңсаумен сарғайған, жүдеген жандай бұл бешпент те

әсерлі аспан түстес әдеміліктен айырылып, жұртта қалған қу шүберектей бозарып, бағасыз болып қалған. Осы бешпентті көріп тұрып, ойың онға бөлінеді. Әр нәрсе өз уақытында-ау деген ойға келесің.

Осындай санаулы тарихы бар мұралар қастерленіп сақталса, қандай жақсы болар еді деп те ойлайсың. Шәкен сияқты қайталанбас тұлғалар уақыт озған сайын қол жетпестей биіктей беретіні сөзсіз. Олай болса, оның киген киімін де сақтаған дұрыс болар еді. Бұның бәрі кейінгі ұрпаққа қажет.

Шәкеннің Ақаны – Қазақ сахна өнеріндегі дара тұрған кесек тұлға. «Ақан сері – Ақтоқты» спектаклі Қазақ драма театрының өнер қазынасына гауһардай тазалығымен өз үлесін қосты.

1998

НҰРМҰХАН ТУРАЛЫ СӨЗ

Нұрмұхан Жантөрин М.Әуезов атындағы драма театрына 1952 жылы келді. Әрбір келген жас актерге театр адамдары сынап қарап, болашағынан үміт күтетіні белгілі. Біз Нұрмұханның ең алдымен үні ұнатқан едік. Театрымызда Жағда Өгізбаев деген актердің үні жақсы болатын. Жағданың даусындай жақсы екен деп қуанысқан болатынбыз. Содан әрі істеген еңбегі де көзге түсе бастады. Енді Нұрмұханның жасаған еңбектеріне тоқталғым келеді.

Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» спектакліндегі Нұрмұхан жасаған Қодар басқа қырын, басқа сырын тапқандай болды. Нұрмұханның Қодары – өзі бай, өзі батыр, сөзге шешен, тұлға бітімі сымбатты, сегіз қырлы сері жігіт. Бетіне жан келмеген, еркін сөйлеп, аяғын нық басып, серпінді жүретін Қодар еді.

«Ел құлағы елу» дегендей, атағы неше тарау елге жайылған Баянның сұлулығы, ақылдылығы, биязы нәзіктігі, керекті жерінде намысын аяққа басқызбайтын ер мінездігін естіп жан-жақтан келіп жатқан – кеудесіне нан піскен менменсіген тоқсан сері бай-манаптың балаларын Қодар – Нұрмұхан бойына тең көрмейтін. Өзім тұрғанда Баянды басқа кім алсын, деп санайтын. Бұл уақытқа дейін бетіне жан келмейтін, ешкім қарсы тұра алмаған, сенің мұның теріс деген сөз естіп көрмеген Қодар өз істеген ісінің бәрі жөн, дұрыс істедім деп білетін. Сондай тәкаппар батыр Баянды бірінші көргенде ай жүзді ару қыздың сұлулығына масайып, есінен шатасып қалғандай өзінің не сөйлеп, не айтқанына мән де бере алмайды. Тіпті, Баян не айтты, оған да түсіне алмай қалады. Баян кеткен соң барып әбден есі кірген Қодар «не деп кетті-ей мына қыз!» – деп жан-жағына алақтайды. Жанында тұрғандар қытығына тиіп, «қош болыңдар» деп кетпеді ме деп кекесін әжуалайды. Мұны естіген Қодар ашуға булығып, қыз қорлығына өлердей түтігіп «Айдаңдар Қарабайдың бар малын!» – деп жарлық етеді. Ол тіпті, Қарабайдың жылқысын айдап кетемін деп ойламаған да болар. Баянды сырттай меншіктеп, өзіне балап келгенде мынандай қорлыққа шыдай алмағандықтан амалы бітіп қара күшке салғаны байқалады. Нұрмұханның осы бір аз ғана көрінісінің өзінде паңдану, қобалжу, қызығу, ызалану, қорлану, жаңа шешімге, байламға келу сияқты әрқилы күйге

түсуі актердің ішкі байлығын анық көрсететін. Ал Қозымен болған сайыстан жеңіліп, мерт бола жаздаған Қодар өмірінде мұндай күйге ұшыраймын деп ойлап па еді. Бұл жеңіліс өзіне үлкен ой салғандай. Өзінің әділетсіз дәрежелігін сезінетін, осындай қалың тұманды ойда отырғанында Баянның достыққа шақырғанын естіп, тіпті, қуанып кетеді. Қодар – Нұрмұхан бұл жерде шын дос болуға бекінеді. Бірақ, «Алланың шайтанынан адамның шайтаны күшті» демекші, тағы да азғындық жолға түсуге барады. Ақыры Қозыны қапысын тауып, өз қолымен өлтірген Қодар – Нұрмұхан ұйқыдан шошып ояғандай өзінің қанжар ұстаған қанды қолынан өзі қорқып не істерін білмей азапқа түсетін. Тіпті өзін-өзі өлтіруге де дайын екені байқалушы еді. Спектакль бойында Қодар – Нұрмұхан неше алуан құбылыстарды бастан өткізетін. Солардың бәрі де өзінің Нұрмұханның басынан өтіп жатқандай шынайы шығушы еді.

1960 жылдарда қойылған «Отелло» бұрынғы қойылымынан әлсіз бола тұрса да Н.Жантөрин жасаған Яго бейнесі есте қаларлықтай. Яго – Жантөрин сырт көзбен қарағанда сондай елгезек, елдің бәріне жақсылық істегісі келетін таза жанды, ақпейіл боп көрінетін. Мұндай адамның қолынан жамандық келеді деп тіпті де ойламайсың. Жаңағы аңқылдаған ақпейіл жан жауыздыққа, сұрқиялық жолға шыққанда оның сұмдық ниетін аңдап білу өте қиын. Сужыландай сусылдап жүріс-тұрысын да сездірмейді. Көздеген жері дөп келсе, ақпейіл жанның әлсіз жерін тура басып, улы тырнағын қанжардай қадап уытын жая түсетін. Ол жауыздық жолында ешкімді де аямайды. Оның бар мақсаты – бойындағы бар күшін адалдыққа, тазалыққа қарсы қоюға арнағандай еді. Оның жасаған Ягосы өмірдегі жақсылық пен жамандықтың, адалдық пен арамдықтың біріне-бірі қарсы тұратын жауыздықтың түйіндісі болып шығатындай еді.

Нұрмұхан жасаған Шоқан Уәлиханов бейнесі де есте қалар тұлға болып шықты. Н.Хикметтің 1960-жылдары қойылған «Елеусіз қалған есіл ер» спектакліндегі дәрігердің бейнесін де айтарлықтай етіп шығарды. Оның жасаған бейнелерінде дүмбілез болып шыққан ешбірі жоқ. Аса бір ерекше шыққан бейне М.Әуезовтің «Еңлік – Кебегіндегі» Кебек еді. Кебек бейнесін Нұрмұханнан бұрын ондаған актер жасаған еді. «Еңлік – Кебек» спектаклі театр алғаш ашылғаннан бастап біраз ғана үзіліс жылдар болмаса ылғи да қойылып келді. Кебек бейнесін Қаллеки – Қалибек Қуанышбаев бастап талай майталман шебер актерлер ойнап кеткен. Солай бола тұрса да, Нұрмұхан жасаған Кебек бейнесі өзгеше қырын тапты. Адамның бірден көзіне түсетін сыртқы бейне-бітімі, сымға тартқандай сымбаттылығы, жүріс-тұрысы, сөз мәнері, әсерлі де сүйкімді кішіпейілділігі жан біткеннің жанында қаларлықтай, көрген адамды өзіне тартып алатын сырбаздықтың биік шоқысына көтерілген еді. Әсіресе, жаныңды әлдилегендей ерекше әсер беретін қоңыр сазды әсем үні осы Кебек бейнесінде ерекше мәнермен естілетін.

Мен театрға келгелі бері ұзақ жылдар ішінде жаныңды тербеп, жүйке тамырыңды шымырлатар әсерлі үнді сирек кездестірдім. Олар санаулы ғана. Жағда Өгізбаевтің, Жамал Жалмұхамедованың, Нұрмұхан Жантөриннің үндері. Олардың өзі де барлық жасаған бейнелерінде емес, актердің өзі сүйіп жасаған кейбір бейнелерінде ерекше мағыналы, серпінді болмаса қасіретке тұншыққан мұңлы,

не болмаса асқақ арманға, ызалы кекке толған сәттерде ғана күңірене толқитын болу керек. Ақынжановтың Ә.Ысмайылов қойған «Исатай – Махамбет» спектаклінде Махамбет бейнесін орындаған Ж.Өгізбаевтың бір көтерілісте шаршап-шалдыққан Махамбет асыға жортып келгенде қаңырап ессіз қалған жұртын көріп, өзінің күңіренген сөз маржанын төккенде өн бойымыз тітіреп тұра алмай кететінбіз.

Ал, Жамалдың «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» Баян бейнесіндегі екінші пердесінен басталатын

*«Қозыға сәлем айт.
Өзі келіп құтқарсын деп айтты де Баян.
Отым өшкелі тұр.
Өзі кеп тұтатсын деп айтты де Баян.
Таңым атқаниша,
күнім батып та болды деп айтты де Баян» –*

дейтін жерден бастап тыңдаушысын өзімен бірге елжіретіп есінен айыратын күңіренген үн әуезі естілетін. Осы бір үн әуезін естіп отырған жұрт Баянмен бірге қосыла күйзеліске түсетін еді. Осы сәттен бастап бітетін жеріне дейін көрермен қауымда жыламайтын бірде-бір адам болмаған шығар. Егер актер жасаған тұлғасының жан дүниесімен өзінің жан сезімі бөлшектенбей бірігіп, бір кісідей болып кетсе, оған әсем сазды әсерлі үн әуезі қосылса, көрермен қауымды өз жетегіне ілестіріп әкетуі сөзсіз. Нұрмұханның да Кебегі осындай еді. Кебектің Нысан Абызға келіп сәлем беретін жеріндегі Абыздың сұрағына жауап беретін жерін еске алғым келеді.

– Жауың бар ма, соны айтшы?

– Бір де бір өшім мен қасым жоқ...

– Досың бар ма?

– Өз көңілімді барласам, дүниенің бәрі дос. Жарқыраған күн де дос, тұнжыраған түн де дос, бәріне де жаным шат, бірақ, Баба, бір деп бекем ұстаған анық досым өзі жоқ...

Айып қылма Аз-аға, сүйерім мен сүйсінерім мүлде көп, сауық құрам ән сүйем, саят құрам, аң сүйем, жалын ұрам – жар сүйем. Қазір де міне, сүйгендеймін. Ынтығам. Бірақ қайда сол! Кім сол өзі, кезікпедім, таппадым. Тек алдымда нәркес қана қарагөз «Ізде мені, тап мені» деп тұнжырап қана бір қарап, наз тастап қана бір кетеді. Кезігермін бе, табармын ба мен соны. Көрсем бұрын сүйіп ем, көрермін бе сәл ғана бір көз нұрын» деген сөздерді айта бастағанда Кебек бейнесіндегі Нұрмұхан мүлде өзін ұмытып, дүниедегі азаттықты, достықты, сұлулықты аңсаған, таза жанды мейірімді, жүрегіне әлі қаяу түспеген, ойындағысын ашық айтатын ерке назды, бала мінезді кейіпкеріне айналатын. Ол сөз маржанын төккенде көрермен қауым да бірге өмір кешетіні де сөзсіз еді. Ой әуені мен сөз әуені бірімен-бірі қабысып, бірін-бірі толықтырып жатса онымен қоймай қоңыр самал жібек желдей ескен әсем сазды үн қосылса әсерлі үн әуезі тыңдаушы қа-

уымды әлдилеген баладай рақатқа бөлейді. Өзіңді ұмытып сол әсерлі үн әуезімен бірге өмір кешіп, бірге жылап, бірге күліп сиқырлы үннен ажырай алмай қаласың. Сирек кездесетін осындай үн әуезі құлағымда әлі естіліп тұрғандай сезінетінмін.

Осы спектакльді қоюға жақындап қалғанда бір күні Мұхаң – Мұхтар Әуезов келген болатын. Мұхаң өз шығармасын бергеннен кейін әр белесте келіп отырушы еді. Алғашқы белес актерлер оқу үстінде жүргенде олардың сөз сөйлеу мәнері, сөздің астарын түсінуі, бір-біріне көзқарас, қарым-қатынас жайында тыңдасақ, кейін қоюға жақындағанда, өзі жеке стол қойғызып алып, кемшіліктерін жазып отырушы еді. Театр адамдары Мұхаңның алдындағы шамы жанып жаза бастағанын көргенде, жүректері лүпілдей бастайтын. Бүгін тіпті, шам жанып қағаз қолына алынбағандай болды. Мұхаңның мейірлене тыңдап отырғанын бетбейнесінен байқап отырған театр қауымы да көңілдері жадырап жайрандай түскен болатын. Сол күні Жүсекең де – Жүсіпбек Елебеков келген еді. Репетиция біткен соң Мұхаң келіп, сәлем беріп жанына отырды.

– Қалай Жүсіпбек, ойнаушылар ұнады ма? – деп сұрады Мұхаң.

– Маған өте ұнады, Мұха. Өзіңізге ше?

– Маған да ұнады. Тіпті, жақсы әсер алдым. Кебек пен Есенді ойнаған жастар Нұрмұхан мен Ыдырыс жасаған бейнелері өзімнің көздеген, ойлаған жеріме дөп тигендей сезіндім. Екеуі бір-біріне мүлде ұқсамайтын батырлар жасапты. Нұрмұханның батыры сымбатты да сабырлы әрі сері. Серпінді де сазды үні қандай әсерлі еді. Тамаша! Тыңдай бергің келеді. Ал Ыдырыс бейнелеген Есен тіпті басқа. Нағыз мен ойлаған аңғал батырдың өзі болып шығыпты. Сәтті жасалған бейнелер, – деп Мұхаң ризашылық лебізін айтқан еді.

Сөйтіп, Кебек тамаша жасалған тұлға болды.

Нұрмұхан елеулі еңбектер жасаса да өмірінің аяғына дейін театрда істей алмады. Қазақта «малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» дейтін мақал бар. Нұрмұхан – осы сөзді берік ұстанған азамат. Ана сүтімен ауызданған нәрестедей, өнер уызымен бірінші нәр алған өзінің қара шаңырағын тастап кетуіне себеп болған да сол намысын, арын биік ұстауы деп ойлаймын. Арына кір келтірмейтіндер өз үлесін ала алмай сыбағасынан құр қалатын жағдай көп кездеседі. Нұрмұхан да соның бірі деп білемін.

Мен өзі өмірімде бірнеше келеңсіз жағдайды көрдім, естідім де. Ертеректе, 1936 жылы қазақ декадасына дайындалып жатқан кез болатын. Бәрін ұйымдастырып, бастап жүрген режиссер шығатын жерінен кешігіп қалғаны үшін ызаланып, бір артисті түгін қоймай боқтап, қамшының астына алып сабайды. Сонда әлгі бейбақ «ағатай, домбыра тартатын қолыма тие көрме» деп жалынады. Әкесіне дейін тіл тигізген, сүйектен өтетін ащы сөзбен ел алдында масқаралау, арын аяққа басып қорлау түк емес. Қорлаған сайын қолтығына кіріп, аяғына жығыла берсе бастыққа жағатынын біледі. Бұндайларға ар-намыс деген ештеңе емес. Тек өз көздеген жеріме жетсем болады деп армандайды.

«Арсыз болмай атақ жоқ, алдамшы болмай бақ қайда» деген данышпан Абай атамыздың сөзі кейбіреулерге келеді-ақ білем. Нұрмұханның театрдан гөрі ки-

нода жасаған бейнелері анағұрлым көп. Оны айтып жатудың керегі де болмас. Себеб, кино театрдай емес, қазақ жерінің бұрыш-бұрышының бәріне, тіпті басқа елдерге де танымал. Сол Нұрмұхан жасаған кинодағы бейнелер халықтың көңілінен шығып, ризашылығын білдіруі де сөз жоқ деп білемін.

1997

САРЫАРҚА САЗЫ

Даңғайыр домбырашы, танымал артист Әбікен ХАСЕНОВТИҢ туғанына 100 жыл толу мерейтойы Ұлытаудың Ағадыр атырабында кеңінен атап өтілді.

Өнер үшін жаралған жанның, ананың ақ сүтімен ызданған нәрестедей, оған деген құштарлығы мен құмарлығы ерте басталатыны аян.

Әбікен Хасеновтің әкесі ауқатты, ел ішінде беделді, аузында сөзі, қолында малы бар адам болыпты. Ол кездегі ел ұстаған адамдардың бәрі де жасы ұлғая бастағанда балаларының ішінен «ел ұстай алады» деп үміттенген біреуін өз орнын басуға баулитын әдеті емес пе? Міне, Әбікенді де әкесі шешендік сайысқа, тағдырлар тартысына, ел мен жер тануға баулиды. Бірақ, Әбікеннің жасынан жаны сүйіп аңсағаны – күй өнері еді. Ол басқаға мойын бұрмай, шеберлігін дамытумен күн кешті. Қай жерде кім жақсы күй тартып, көңіл күйін шертеді деп естісе, ат сабылтып содан барып үйреніп, өз жүрегінің елегінен өткізіп, өндеп, мәнерлеп орындауды міндет етеді. Көп ізденіс, талмай талпыныс, күйдің шығу тарихын зерттеу, оны өзі шығарғандай сезініп, жан дүниесінің сол өзі орындайтын күймен бірге астасып кетуінің арқасында шертпе күйдің шеберіне айналды. Әбекең Арқа елінің ардақтасының бірі емес-ау, бірегейі еді.

Ал, Әбекеңнің екінші қыры қандай? Ол абзал азамат еді. Мен театрға келген 30-жылдар ортасында қазіргі М.Әуезов театрының белді актерлерінің бірі болатын. 1935 жылы Жұмат Шаниннің «Арқалық батыры» қойылып жатты. Сонда ол Арқалықтың сері досы Қияқ батырды ойнаған болатын. Тұлға бітімі нағыз қас батырға лайық болушы еді. Ол не ойнаса да сол өзі жасап жүрген бейнемен бірге күн кешті. Көрермен қауым ол сахнада сомдаған тұлғаға шын сенетін.

1938 жылы М.Ақынжановтың «Исатай – Махамбет» атты пьесасы қойылды. Кейіпкердің ішінде Жәңгір ханның жансызы, екіжүзді Балқы деген бар болатын. Ол басқан ізін білдірмей, Махамбеттің нағыз жанкүйер жолдасындай, қасынан қалмай құрақ ұшып жүреді. Барлық мақсаты – ақынды есебін тауып қалайда орға жығу. Сондай майлы қасықтай жылпып, ішке еніп кететін айлакер қуды бейнелеген Әбікен еді. Махамбет бірнеше күн ұйықтамай, әбден қалжырап шаршаған уақыты. Жанындағы Балқыға: «Мен кішкене көз шырымын алайын, сен сақ бол, қарауылдан көз жазба!» – деп ұйықтап кетеді. Осы сәтті көптен армандап жүрген Балқы осы маңда торуылдап жүрген хан әскеріне хабарламақ болып әрекет етеді. Енді жасауылдар келіп, Махамбетті байлап алатыны залда көріп отырған жұртқа анық. Сол сәтте жалдамалы бір жігіт жоғары шығып, ұйықтап жатқан

Махамбеттің қасына барды да, қалтасынан тапаншасын алып, атуға дайындалып айнала қарап, Махамбеттің жанынан бір елі алыстамай тұрды да қойды. Сол әзірде Балқы роліндегі Әбікен хан адамдарымен шыға қалса, бірнешеуін жайратпай берісетін түрі жоқ еді. Мынандай жайдың беталысын көріп отырған көрермендер қатты абыржыды. Лезде шымылдық жабылып, жасауыл әкетіліп, ойын қайта жалғасты. Осыдан бұрын ол Хасан көлінде соғыста болған екен. Балқы бейнесін жасаған актердің жауыздығына сенгені сонша – қайтып сахнаға шықса, атып тастауға оқталып тұрыпты. Мұндай жағдайлар сахнада бола бермейді. Дегенмен, оны көзім көрді. Мен сол спектакльде Мария деген орыс әйелді ойнайтын едім.

Ә.Хасеновтің Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлуы» бойынша қойылған спектакльде ойнаған Қодар бейнесі ерекше болатын. Ол Баянды өлердей сүйетін, сол сезімге беріліп, Қарабай «ал» деп бұйырса да, Баянға қатты сөз айтуға да дәрменсіздік танытатын кейіпкерді бейнеледі. Оттың қызуынан еріп бара жатқан майшамдай әлсіреп, телміріп қалатын Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқтысындағы» Балта бейнесі де бір төбе еді.

Жақсы жазылған пьесадағы негізгі бас кейіпкерді ойнау жас актер үшін оншалықты қиынға түспейді. Себебі, жазушы-драматург барлық оқиғаны соған арнайды. Сөз асылы да, іс-әрекеттің үлкені де соның айналасында өрбиді, қоюшы-режиссер де сол төңіректен табылады. Оқиға қоюлығы да жетіп жатыр. Тіпті, екінші, үшінші қатардағы қосалқы кейіпкердің тұлғаланып, жақсы шығуы да шеберлікке байланысты. Балта үлкен роль болмағанымен, Әбікеннің орындауында өте кесек тұлға болып шықты. Кімнен болса да именбей ойындағысын айтып, бүкіл елді уысынан шығармай, өктемдігімен ықтырып алған Науан хазіретпен де тең сөйлесе алатын дара еді бұл.

М.Әуезов пен Ә.Тәжібаев пьесасы бойынша шыққан «Ақ қайың» спектакліндегі жүкші Жойқынбек – алып денелі, екі иығына екі кісі мінгендей шомбал бітімді аңғал жігіт. Жүріс-тұрысы да басқалардан бөлек, аяғын нығарлай басып, жойқын күш иесі болғандықтан оны ел «Жойқынбек» деп атап кеткен Әбекеңнің нағыз атына сай еді... Қ.Қуанышбаев пен Ш.Құсайыновтың «Шаншарлар» пьесасындағы болысты айтсақ, ол тек пасық, ешнәрсені парықтап білмейтін надан, тіпті, қалтасындағы сағаттың тілін танымайтын көрсоқыр жан болатын. Сөйте тұра кеудемсоқ. Еріксіз езуге күлкі де үйірілтетін Әбекең сол кейіпкермен біте қайнасқандай тамаша ойнады. Әбекеңнің актерлік өмірбаянындағы шоқтықты бір еңбегі «Абай» спектакліндегі Құнанбай болды. Әбікен – Құнанбай бейнесі ірі тұлға болып, өнер өңіріне енді. Құнанбайдың қатыгездігі мен қайсарлығы, түсінің суық, өңін бермейтін тасбауырлық сипаттары – Әбекеңнің өз тағдырында бастан кешкен, өзіне етене таныс жайттар. Сондықтан да болар, Құнанбай көзге бірден түсетін еді.

Ә.Тәжібаев пьесасы бойынша сахналанған «Майра» спектакліндегі Тайман да есте қаларлық бейне еді. Әбікен аға жасаған образдар саналуан. Бірі, ақпанда аузынан көбік шашып шабынған бурадай қаһарлы, жалынды болса, екіншісі, момақан, қоңыр қозыдай әлжуаз, енді бірі, айлакер, жымысқы, улы жыландай, тағы бірі ызғарлы, айбынды, ішкі сырын шашыратпай берік ұстайтын үлкен ой иесі болатын. Ол жасаған бейнелер галереясы қызық та мол.

Әбекең – М.Әуезов театрының алғашқы аға толқынының өкілі, өмірінің соңына дейін сонда еңбек етті. Әбекеңнің жүзге толған торқалы тойы үстінде сан қырлы таланты еске түседі. Артына осындай өрелі өнер қалдырған азамат ағаны өлді деуге бола ма?!

«Егемен Қазақстан», 7.12.1995

ӘБІКЕННІҢ КӨҢІЛ АЙТУЫ

Соғыс басталған жылы Еркін деген екі жасар баламыз шетінегенде Жүсекең үйде жоқ еді. Атақты күйші Әбікен Хасенов көңіл айта келді.

Әбікен үйге кіргенде мен еңіреп жылап жібердім. Жұрттың бәріне бірдей егіле бермейсің ғой. Жаныңа жақын, түсінер адамыңды көргенде ғана мұңынды шаққандай егіліп кеткеніңді білмей қаласың ғой. Әбікен маған жақын ағайымдай көрінуші еді.

– Әбеке, бауырымдағы жалғыз перзентімнен тағы да айырылдым ғой, – деп жылап жібердім.

– Бастарың жас. Түңілме, түңілетін уақыт емес, – деп жұбатып жатыр.

– Жоқ, Әбеке, Еркінді еш уақытта ұмытпаспын! Маған бала қызығы жоқ шығар, – деймін өзегім өртеніп. Дәл осы кезде Еркіннің қайғысын болашақ перзенттің қуанышы жояды деп ойлаппын ба. Әбекең мені жұбата отырып, өз басынан өткен ауыр оқиғаны баяндап берді.

– Әкеміз әлді шаруа еді. Мені жасымнан ел билігіне араласуға баулыды. Бірақ мен өнер жолын таңдадым. Жаныма жақын өнер – күй мен үшін одан асқан құдірет жоқ. Үйренген күйлерімді ерекше нақышпен мәнерлеп тартып ел арасында жақсы күйші деген атаққа іліктім. Халықтың әнші, күйшілерге қошемет көрсетіп, құрмет тұтатыны белгілі. Мен де сол құрметке бөлендім. Алған келіншегім өнді, әрі ақылды еді. Отасқан соң бес балалы болдық.

*Толқынын жүрегіңнің хаттай таныр,
Бүлк еткізбей қалайша соқса тамыр.
Жар көңіліне бір жанын тида қылып,
Білместігің бар болса,
Қылар сабыр. –*

демей ме Абай! Келіншегім дәл сондай еді. Жақсы жай-күйді көтере алмаған адамға кейде көкірек бітеді екен. Сол кезде іштей әлденеге масаттанғандай айналаға тәкаппарси қарайтын әдет таптым. «Ел құрметіне бөленіп, көтерілген бағым мынау, үбірлі-шүбірлі төрт ұлым, бір қызым бар. Бұдан артық маған не керек? Бәрі де бар, енді бұл жақсылықтан ешкім айыра алмайды» деймін паңданып. Сөйтіп жүргенде елге сүзек ауруы тарады.

Бұл 1931 жыл, алғашқы колхоздастыру кезі. Халықтың әл-ауқаты нашар, асыра сілтеушіліктен арылмаған уақыт. Осы аурудан әйелім, төрт балам бір жұманың

ішінде қаза тапты. Менен басқалар да осындай қырғынға ұшырады. «Жығылғанға жұдырық» дегендей, бір қайғыға екіншісі қосылып, өзегім өртеніп бүк түсіп жатып қалдым. Ел сең соққан балықтай сенделіп қалды. Сүзекпен мен де ауырдым. Әйтеуір тірі қалдым. «Бүйтіп тірі қалғаным құрысын, жан жарымнан, төрт бірдей балапанымнан айырылып, қалай күнелтпекпін? Құдай, мені де ал!» деп жалбарындым. Қолымда кішкентай қызым қалды. Өзім әбден жүдедім. Бірнеше күн ұйқы көрмей қалжыраған басым қызымды бауырыма басып жатып ұйықтап кетіпшіні. Әлден уақытта біреу таяқпен салып жібергендей шошып ояндым. Таң атып, күн көтеріліп қалған екен. Жүрегі құрғыр бір жамандықты сезгендей дүрсілдеп қоя берді. Жалғызымды біреу ұрлап әкеткендей алақтап, бауырымдағы балама қарасам жатыр екен, бірақ бойымды қорқыныш сезім билеп әкетіп барады.

Осы бала тірі ме, жоқ әлде... деп күмілжимін. Балаға қолымды тигізуге батылым бармайды. «А құдай, осы жалғызымның жанын қия гөр, ендігі қалған өмірімнің жалғыз алданышы осы ғана емес пе? Осыдан басқа қызық сұрамаймын, өмір жасын ұзақ қылғай!» – деп жалбарынам. Кенет көзім бұлдырап, дір-дір еткен қолыммен баламды жұлмалап жібердім. Денесі мұздай, жансыз жатыр. Менің дәл осы сәттегі халімді ешбір адамның басына бермесін. Оны сөзбен айтып жеткізе алмаспын.

Әлден уақытта белімді мықтап байлап, ілбіп далаға шықтым. Аяғымды эзер басып, ақырғы күшімді жиып үйдің жанынан қабір қаздым. Алыстағы зиратқа апаруға шама жоқ.

Баламды жерлеп, қалжырап үйге кірдім. Бұл өмірдің адамы емес сияқтанып. Қуаныш, қайғы, үміт, тілек, қорқыныш – бәрі де маған жат секілді. Аласұрған көңіл қиялы сөнген. Байлық та, аштық та, тоқтық та, көңілің орнында тұрғанда ғана ойлайтын нәрсе екен. Енді бұл жерде қалудың қажеті жоқ. Балқашта, Шуда туыстарым тұратын, біреулердің көлігіне мінгесіп, Шет ауданының орталығына жеттім. Ептеп ілбіп базарға бара жатқанмын. Аудандық абақтының алдынан әрі қарай өте бергенімде артымнан біреу жүгіре басып келді де, жағамнан ұстай алды. Мен етпетімнен құлай жаздадым. Менде қанша қауқар бар, жағамнан түйгіштей ұстағанының өзі желкемнен қойып жібергенмен бірдей болды. Артыма бұрылып қарасам, милиция киімін киген жас жігіт жүр, «сені шақырып жатыр» деп өктем үнмен дікіндейді. Мен таңырқап әлгі жігітке қараймын.

– Не дейсің, шырағым-ау, кім шақырады?

– Түрме бастығы шақырады.

– Мені ме? Неге шақырады?

– Оны барған соң көресің. Жүр тез!

– Қой, айналайын, мені босқа әурелеме! Менің ешкімге жазығым жоқ, – деймін.

– Жазығыңыз болмаса абақтыға жап деп бұйрық бере ме? Сөзді қой! Жүр тез!

– Айналайын-ау, түсінсейші! Жаңа ғана келдім. Әлі баратын үйіме барып та үлгергем жоқ. Сен басқа біреумен шатастырып тұрған шығарсың. Кісіге жазық

істейтін қандай түрім бар. Қарасайшы мына адам шошырлық ұсқыныма. Қанша жалбарынып түсіндіргеніммен милиция көнбеді. Сүйрей ала жөнелді.

Менің терезе алдынан өтіп бара жатқанымды іште жұмыссыз ерігіп отырған түрме бастығы көріп қалса керек. Соншалықты жүдеп, аяғымды әрең басып бара жатқанымна жаны рақат тауып, езуінен мысқыл күлкісі жылтындап:

– Ә, бәлем, сенің де иығың төмендейді екен-ау, – деп рақаттана күлді. Ол аз болғандай жанында отырған милиционерге:

– Ей, мына сүмелекті дереу апар да түрмеге жап, – деп тұжырымды қысқа бұйрық берді. Сол әмір бойынша менің сөзімді құлағына да ілмей сүйрелеп әкеп, түрменің есігінен ішке қарай итеріп жібергенде етпетімнен құладым. Сол жатқаннан бас көтермедім. Көтергім де келмеді. Өткен өмір бұлыңғыр сағымдай көз алдымнан өтіп жатты. Бұл күйге қалайша тап болдым? «Жау жағадан алғанда бөрі етектен тартады» деген осы ма? Тағдырдың талқысына түскенім аз болғандай, ендігі қалғаны абақты ма еді? Бірақ мен үшін енді бәрібір... Сұм тағдырдың азабынан, мазағынан аяр не жаным бар менің. Қызықты өмірім біткен. Қан тамырым суалған. Енді мен үшін бәрібір еді. Күн бе, түн бе көңіл бөлмеймін. Осылайша күндер өтіп жатты.

Кейде «бұл қалай, ешқандай жазығым жоқ еді ғой» деп ойлаймын. Ойлап-ойлап кінәмнің жоқтығына көз жеткіземін.

Адам кейде бойындағы ең таза, қымбатты қабілетінен жапа шекпей ме? Біреудің тазалық-адалдығына екінші біреу «Жетерсің адалдығыңмен мұратқа», – деп мазақ етіп күле қарайды. Ал жапа шеккен адам «Құдай, мынандай пасық етіп жаратпағанына тәубе», деп тітіркене жиіркенеді. Кейде айтылған шындығың басыңа пәле болып жабысады. Ал, өнерлі адамда өз өнерінен опық жейтіні өмірде көп кездеседі. Әбекең – өнерінің арқасында бас қосқан жиындарда елдің құрмет сыйсияпатына бөленген кісі. Сол жиында отырған шонжармын-сымақтар Әбекеңнің барында көзге түспей қала беретін. Сондай кеудесіне нан пісіп, өзін ғана сүйетін есерсоқтар Әбекең алдында қанаты жұлынған шыбындай болып қалғанына тістерін қайрап, реті келсе, «домбыраңмен қоса қолыңды да майырар едім!» – деп, өздеріне серт еткендер де болатын. Мына түрме бастығы солардың бірі болуы керек. Өйтпесе, өз бетімен кетіп бара жатқан адамды ұстап әкеп түрмеге жаба ма? Жазықсыз жапа шеккен жандар қазақ даласында аз болып па еді! Кешегі Біржан, Ақан, Сара, Жаяу Мұса, Мәди, Құрманғазы, Махамбет сияқты асыл жандар бәрі де бойындағы өнерінен, шыншылдығынан жапа шеккен болатын. Бұл – осы уақытқа дейін болып келген тартыс. Шындық бар да, сол шындықты тұншықтырушы бар. Әлемге жарқырата нұрын шашқан күн бар да, түрлі зұлматтыққа жағдай туғызатын қараңғылық түн бар. Жан-жануардың өмірін жадырата жасыл мәуесі мен гүл шашағын жайған жаз бар да, сол жайнаған жазды сұрғылт тұманымен бірте-бірте жылуын азайтып, бара-бара сықырлаған аязымен жер бетін суық, ызғарлы қарымен бүркеп алған қаһарлы бораны бар. Сол сияқты әрбір жамандық-жақсылықты қанша жоям десе де, сол қиындыққа өзі түсетінін жамандық атаулы да біле бермейді.

Әбекең күнәсіз жәбірленсе, батпаққа батқан қылмысымен ертең сол түрмеге өзі түсетінін қайдан білсін.

Түрме жағдайының ауырлығы айтпаса да белгілі. Әсіресе, қамалғандар таза ауаға мұқтаж. Күніне екі рет он бес, жиырма минуттай далаға шығарып жүргізеді. Осы сәтті түрмедегілер асыға күтіп отырады. Айналыра биік тақтаймен қоршаған қорғанның бір шеті абақты бастығының үйіне тіреледі. Далаға шығып, қыдырып жүргенде түрме бастығының есігінің алдынан өтеміз. Осы кез маған оңайлыққа түспейді. Дәл есік тұсынан өтіп бара жатқанда денемді электр тогы ұрғандай дір ете түсіп, артыма жалт қарап, сәл аялдап қалғанымды өзім де байқамай қаламын. Бірақ тоқтап тұруға болмайды, ілбіп жүре беремін.

Далаға шыққанда бір жас келіншек бізге ылғи телміре қарап тұрады да қояды. Әлде біздің сыртқа шығуымызды аңдып тұра ма – әйтеуір босағада сүйеніп тұрғанын көресіз. Алғашқы кезде түрме бастығының әйелі болған соң қызықтап қарайтын шығар деп іштей ызалана, сол жаққа қырындай өтетін едік. Бара-бара байқасақ, олай емес, келіншектің көз жанарынан бізге деген ізет, аяушылық байқалады. Көз – көңілдің айнасы емес пе? Мына келіншектің ішінде жатқан мұң барын аңғарасың. Мүмкін, ең аяулы жақыны жазықсыз түрмеде отыр ма екен? Болмаса, сүйгеніне қосыла алмаған бейбақ па? Кім білсін, әйтеуір, шерлі жүректің күрсінуді сезіледі. Сол есіктің алдынан өтіп бара жатып селк етіп артыма қараймын. Мені артыма қарататын домбыраның даусы болатын. Біз өткен сайын домбыра үні естіледі. Мен өзімнің есік алдында сәл аялдап қалғанымды аңғармай қаламын. Ақыры шыдам бітіп, жаңағы таныс инабатты жас әйелге еріксіз тіл қауға тура келді.

– Қарындасым, кешірім өтінем. Ана үйіндегі домбыраны біраз шертуіме ұлықсат па? Келіншек сөзге де келген жоқ. Үйге кірді де, домбыраны алып шығып қолыма ұстатты. Көптен көрмеген досым кездескендей, домбыраны сипалап, қос ішегіне, пернесіне, тиегіне айналдырып қарап, бөрене ағаштың үстіне барып отырдым. Домбыра күмбірлеп-ақ тұр, көптен тартпаған соң ба, үнін сағынып қалыппын. Өзімнің жазықсыз мүшкіл халімді күй арқылы жеткізгім келгендей. «Сарыжайлаудың» мұңды сазын тарта жөнелдім.

Бала-шағамнан түгелдей айырылып, жұртта қалған жерге тайлақтай күңірене боздаған қайғы-қасіретімді домбыра үніне қосуға шамам келген жоқ еді. Енді, міне, өзімнің жаныма жақын ескі сырласыма мұңымды шаққандай өзегімді өртеген өкініш-зар өксіген домбыра үніне қосылып, сай-сүйегімді сырқыратты. Күй біткен соң домбыраны бөренеге сүйей салдым. Бірақ өзім жаңа шерткен күй әсерінен шыға алмай қозғалмай тұрған келіншек күй толастаған кезде жаңа ғана өзіне-өзі келгендей өксіп-өксіп жылап жіберді. Сонан соң өзін тез жиып ала қойып, аяғын ептеп басып алдыма келді де, алғысын айтқандай қолын кеудесіне қойып, әнтек басын иіді. Басын қайта көтергенде қайратқа мінгендей жаңағы мұңды, ойлы көзі от шашып тұр екен. «Ғазиз аға, сен үшін, асыл өнерің үшін жіңішке жолды әлсіз әйел болсам да, сені аман сақтауға барымды салуға тиістімін. Сол борышымды орындауға сенің алдында серт беремін», – дегендей еді.

Келіншек менің жанымда тұрған домбыраны ізетпен алды да, бір-екі адым кейін шегініп барып, тез үйіне кіріп кетті. Ертеңінде мені түрмеден босатып қоя берді. Мен аң-таңмын. Мұнысы несі? Жазығын айтып тергемей, алдына

шақырып жауап алмай, шығарып жіберді. Мұндай да болады екен деп таңдандым.

Сол ауылда тұратын Қоңжас деген ұстамен көңілдес жақын едім. Соның үйіне келіп, бір-екі күн бойы жатып тынықтым да, Балқашта тұратын ағама жол тарттым. Содан Шудағы туыстарыма, жағалап отырып Алматыға келген едім.

Алматыда Сәкен Сейфуллиннің тұратынын білетінмін. Сәкенмен бұрыннан дос-жар жақын едім. Сұрастырып үйіне келдім. Сәкен бірер күн өткен соң Серке Қожамқұловты үйіне шақырып, мені таныстырды. Менің өнер адамы екенімді айтты. Сонымен театрға алындым.

Әбекең басынан өткен әңгімесін айтып болып:

– Солай, шырағым, сонау бір қайғылы қара түнек күндерде түрмеде отырып, өзімді түпсіз зынданда жатқандай, қалған өмірім осы түнекте өтетіндей көрініп еді. Қазір, міне, республикаға еңбек сіңірген артист атағына ие болдым. Өнердің арқасында халқыма белгілі адамдардың біріне айналдым. Жанымды түсініп, көңіліме шіркеу келтірмейтін сезімтал Шәкендей жарым бар. Өткен перзент қайғысын ұмыттырған Ермек, Исақ атты екі ұлды болдым. Басқаны былай қойғанда, өнер арқылы тапқан достарым өнер биігінің өркешінен орын алған сом бейне: Қалибегім, Жүсіпбегім, Серке, Елубайым, Шәкен, Қапаным бар. Түсімде ғана көретін Мұхаңмен табақтас болдым. Бұдан артық бақыт бола ма? Мен қазір шын мағынасында түйгенім, «бақыт бастан таймайды» деп асқақтамау керек екен. Тағдыр қырына алса бақыт дегенің үріп жібергенде ұшып кететін күл сияқты, қайда кеткенін білмей де қалады екенсің. Ал, қиын күндерде маған енді жақсылық жоқ деп өмірден торықпау керек екен. Шырағың сәулесін шашып жанған соң қанша әлсірегенмен ертең қайта маздауына шек келтірме. Мен саған өз басымнан өткен күндерді әдейі айтып отырмын, – деді.

«Осының бәрін ол кісі маған не үшін айтып отыр? Кім үшін?» – деймін өзіме-өзім. Әрине, Жүсіпбек үшін. Соны мұқалдырмау үшін. Өнер адамының жан дүниесін түсінер сезімтал әйел болса, Жүсіпбектің жүзін төмендетер өрескел іс жасамас дейтін шығар-ау!.. Иә... Солай!

1989

ӨНЕРДЕГІ ӨНЕГЕЛІ ӨМІРЛЕР

Бикен Римованың жақында республикалық «Білім» баспасынан шыққан «Өнердегі өнегелі өмірлер» атты кітабын оқып отырғанда Қазақ өнерінің Қара шаңырағы Мұхтар Әуезов атындағы өнер ұжымында қызмет етіп жүрген жылдардағы, өмірде қайталана бермейтіндей біртуар, абзал апа, ағалармен бірге өткізген керуен-көші көз алдымнан тізбектеліп өтіп жатқанын сезіндім. Көз жазып қалған қызықты өмірімді бір сәтке болса да қайта оралтқан Бикеннің шығармашылық шебер еңбегіне дән риза болдым.

Өнер адамдары жайында жеріне жеткізе жазу қиын. Ондай дарын иелерін тек қана көзіңмен көріп, құлағыңмен естіп, денеңмен сезінгенде ғана талантына тә-

ңірдей табынып, құлдық ұра бас иесің. Оны сөзбен жеткізіп айту қиын. Солай бола тұрса да Бикен осы қиындықты жеңе білген. Еңбегі сәтті шыққан. Біз кезде өнер отауын өз қолдарымен құрған алғашқы буын ағаларымен бірге жұмыс істеген адамдар да өте сиреп қалды. Ал Бикен болса сол ағалар-апалармен қоян-қолтық араласып жүріп, көргенін-ұққанын кейінгі буын жастарға мәнерлеп жеткізе алыпты. Бұл еңбек осынысымен де бағалы.

Еңбегің құтты болсын, Бикен досым!

1983

АРМЫСЫҢ АҚ ТІЛЕУЛІ АҚ ОРДАМ – АСТАНАМ!

Қазақ халқының жаңа астанасын еске алсаң, бүкілдей Сарыарқаның тарих беттері ашыла бастайды. Ұлан-байтақ Арқаның шұрайлы жері, жер қойнауында лықсыған кені, саумалды көлі, салтанатты елі еріксіз көз алдыңа келеді. Осыған байланысты мына бір шумақ өлеңдер еске оралады.

*Арқада Алтай жатыр шөккен нардай,
Арқада мыс-жез, күміс-алтын қандай!
Сол Арқам – қап-қара алтын көмір кені
Жарасқан сол байлықпен елдің салты-ай!*

*Арқаның топырағы – май, жері – самал,
Арқада мал сүмесіп, бал боп тамар.
Жер кені, еңбек кілті, бәрі сонда
Арқада аспанға өрлеп жан жай табар!*

Осы шумақ өлеңдерге зер салсаңыздар Арқа жерінің байлығын аңғаруға болады. Әлемге аты шыққан асқан байлар алтын-күміс, жиһаздарын, кең сарай қоймаларына толтырса, тәңірім бейілін беріп, сол алтын-күміс қазынасын Арқа жерінің қойнауына толтырыпты. Жердің асты қандай бай болса, жердің бетіндегі көз суарар, жаныңды жадыратар әсемдік те жеткілікті. Қазақ жерінде тамылжыған Иран бағындай ондаған қорықтар болса, сол қорықтың ең үлкені де, әсерлісі де Қорғалжын қорығы екен. Көлемі екі жүз қырық төрт мың гектар алып жатқан алаңда, көз жасындай мөлдіреген сексен көл бар көрінеді. Сол көлдерді мекендеген неше түрлі түсті құстары, көл жағалай біткен тоғайы. Тоғайлар арасынан жасырынбақ ойнап жүргендей жылт етіп көрініп кетіп жатқан әралуан аңдары, көгорай бәйшешекті мөлдір сулары Мағжан Жұмабаевтың мына бір өлеңін ойына оралтады.

*Көңілді қайғы қалдырмас,
Қандай да болса үш нәрсе.*

*Көгорай шалғын, ағын су,
Әдемі жарың әсіресе.*

Көңіл кірбінінен тазарып, жаның ләззат алатын Қорғалжын алаңы Астананың иегінің астында. Болмаса айдауда жүргенде жер шұрайларын сағынып Иманжүсіп жырлаған мына бір шумақтарды алайықшы.

*Қырық мың жылқы су ітсе лайланбас
Нияздың Аюылыда Қара көлі, –*

десе, тағы бірде:

*Тағылы мен Бұғылы бүркіт салға,
Ұйпалақтап бауырыңда түлкіңді алған.
Есіл, Нұра, Ереймен, Қара қойтас
Көзімнен бір-бір ұшты дүние жалған, –*

деп аһ ұрып аңсаған бұл жерлер де Астананың аясында. Арқада аттары әйгілі асқар таулар да, бірімен-бірі ұласып жатыр. Ортау, Биғаз, Қызыарай, Қарқаралы, Кент, Балқантау, Абыралы, Шыңғыстау. Бұл таулардың да әрқайсысының өз ерекше әсемдіктері бар. Мысалы, Қарқаралы тауының ұшар басындағы жағалай біткен қия жартастарының дәл ортасындағы Шайтан көлін көрсеңіз есіңіз кете таңырқайсыз. Ал, Көкшенің сұлулығы, тіпті бөлек. Тағы да Көкше жайында Мағжан ағаның жазған бірер шумағын айтқым келеді.

*Арқада Бурабайға жер жетпейді,
Басқа жер ойыңды ондай тербетпейді.
Бурабайдың көлі мен Көкшетауды,
Көрмесең көкіректен шер кетпейді.*

*Қиясымен бұлтқа ұшқан Оқжетпестей
Басқа тау ойды аспанға өрлетпейді, –*

деп басталатын жырында Көкшенің кербез, кермарал тәкаппарлығын жеткізе жырлайды. Менің білетінім Көкшеге барсаң жаның сая табады, дертіңе дауа табасың. Ал Баян тауының көлдері ше? Жасыбай көлі, Торайғыр көлі, Сабынды көлдерінің ерекше қасиеттері тіпті бөлек. Тегінде осындай асқар белді, саумал көлді, шұрайлы жерден асқан ойшыл ғалым, дауылпаз ақындар, жүрек сырын шертер сазгерлер, от ауызды, орақ тілді шешендер көп туатын болу керек. Әнет баба бастаған ғұламалар, Абылай ханның ақылшысы – Бұқар жырау, Қаз дауысты Қазыбек би, Жаңғұтты билер, суырып салма ақындар – Кемпірбай, Шашубай, Исалар. Қазақ халқының маңдайына ұстар адастырмас темірқазық жұлдызы, ойшыл ақын, дана туған, дара туған Абай, Шәкәрім. Сыршыл ақын Мағжан,

Сәкен, Қасымдар. Еркіндікті аңсап, халық үшін жанын қиған Кенесары, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатовтар, әрі сазгер, әрі әнші Сегіз сері, Біржан сал, Ақан сері, Балуан шолақ, Ғазиз, Иманжүсіп, Әсет, Мәди, Жаяу Мұсалар. Алапат әнші Әміре, Қали, Ғаббас, Күләш, Майра, Манарбек, Жүсіпбектер. Қырық түрлі күй оралған бармағына шертпе күйдің атасындай Тәттімбет, Тоқа, Ықылас, Дайрабай, Қыздарбек, Әбікен, Мағауиялар. Қазақ өнерінің қара шаңырағындағы, сол шаңырақты өз қолдарымен көтеріп, үлгілі елдің қатарына жеткізіп, кейінгі ұрпағына табыс еткен аға-апалар – Қалибек Қуанышбаев, Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов, Қапан Бадыров, Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Құсайын Оңғарбаев, Жанбике Шанина, Дәлилә Қаракбайқызы Оңғарбаева. Қазақтың тұңғыш режиссері Жұмат Шанин. Міне, бұлардың бәрі де осы Сарыарқаның саңлақтары, осында туып, қанат қаққан түлектері болатын.

Кеше ғана ортамызда жүріп, кейінгі інілеріне үлгілі жол салып берген Қаныш Сәтпаев аға, Мұхтар аға, Ғабит, Ғабиден, Сәбит ағалар ше? Бірінші ғарышкер Тоқтарым, бұл да Арқаның ақиық қыраны. Осындай кең-байтақ Сарыарқа елінің орталығына жаңа астанамыз орын тепті. Астана – ақ тілеулі қарт анадай ақ дастарқанын жайып, құшағын аша, барлық елін өзіне шақырып отырғандай. Сонымен қатар, сұқ көзін қадаған арам пиғылдыларға ызғарын шашып, бет қаратпай тойтарып тастауға өкпе тұсынан қадалып тұрғандай. Қашанда кең-байтақ далаға, игере алмай жатқан қазынаға қызықпайтын ел болмайды. Бір кезде осы Ата қоныс жерімізді, толықсып тұрған елімізді басып алып, қызымызды күң, ұлымызды құл етіп, тоз-тозымызды шығарғанда қазақ халқының көз жасын көріп, жаратқан жар болып Абылайдай алапат терең ойлы, алмас қылыштай өткір, қырандай көреген, әділ де адал ұл берді. Соның арқасында қайта ел санатына қосылдық. Елімізді тазалады. Қазақ халқының өміріне зер қойсаңыз, әрқашан жақсылық пен жамандықты қайталап отыру мандайына жазғандай. Әрбір ой-санасы бар адам өткенді естен шығармағаны дұрыс болар. Бір кезде Қазақ деген атымызды да дұрыс білмеуші еді ғой – «қайсақ, киргиз» демеуші ме еді. Ал, қазір ше? Қазір өз қожалығымызды өзіміз билейтін тәуелсіз ел болдық. Бұл күнде әлемде қазақ елін білмейтін ел жоқ. Қандай шарықтаған ірі мемлекеттер сенімен достасуға, араласуға дайын отыр. Әрбір жақсылық та, жамандық та себепсіз болмайды. Осындай зор дәрежеге жетуіміз ел басшысы Нұрсұлтан Әбішұлының арқасы деп білеміз. Нұрсұлтанға бүкіл әлем көңіл аударуда. Нұрсұлтан Әбішұлы өзін де, елін де әлемге танытты. Сонымен қатар, мынадай жаңа дәуір қиыншылықтан халқымды қалай жүдетпей алып шығам деп қиналып жүргенін де білеміз. Абылай атаңның жолын берсін!

Өмірде екі бірдей атау бірімен-бірі ажырамай, бірін айтса, екіншісі есіңе орала кететіні болады. Мысалы, Қарқаралы атын айтсақ Мәди түседі есіңе. Ғабит Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» спектаклінде Қозының шешесі Мақпалдың айтатын сөзі бар еді:

«Қозым» десем-ақ ар жағым «Баяным» дейді қосыла. Жасаған, осы екі атты айыра көрме» – дейтін. Міне, Нұрсұлтан, қарағым, сенің де атың астанаңа бай-

ланысты. Келешек ұрпағың астана десе Нұрсұлтан, Нұрсұлтан десе – астана деп қоса айтатын болады. Ол күмәнсіз. Астанаң – Ақ ордаң құтты болсын! Халқыңның әр отбасына құт-береке қонсын! Астанаң әлемдегі ең сәулетті шаһардың бірімен қатар тұрғанда иығы биік тұратындай болсын. Сол сәулетін көріп, көңілің шалқитын болсын. Әмин!

*Қарақбайқызы Хабиба ЕЛЕБЕККЕЛІНІ
«Егемен Қазақстан»,
маусым, 2007*

ҒАБЕҢ СҮЙГЕН СҮЛҮ

Туған әдебиетімізде ана бейнесін жасаудың, қазақ әйелін жырлаудың гажайып үлгісін жасаған жазушы Ғабит Мүсірепов еді. «Ал осы бір бекзат болмысты суреткердің зайыбы қандай жан болды екен?» деген сауалдың да көкейге оралуы заңды болса керек. Бұл ретте жазушының жастай қосылған жары Хұсни апай жөнінде Хабиба ЕЛЕБЕКОВА былай деп сыр шертер еді.

Алдымен Ғабен туралы бірер сөз айтайын. Өйткені, той Ғабендікі ғой. Ғабен нұрдан жаралғандай жан еді. Айналасындағыларға сәуле шашып отыратын. Артық сөзі жоқ, әр сөзінің өзі жүректі баурап алатын сырлы саздай естілетін. Ғабен өте сері кісі болды. Сондықтан болар отбасының ұсақ тірлігіне, күйкі күйбеңіне бас қатырмайтын. Табиғаты қыз-келіншектерге қаншалықты жақын болса, отанасы Хұсниді де аялай білетін. Көп ретте ақын-жазушылар мен өнер адамдарының зайыбы мықты болу керек пікір айтылып жатады. Олар неге шыдамды, төзімді болуы керек? Өйткені, менінше, күйеу деген де бір бала секілді. Сондықтан ба екен, әйел баласы перзентіне қандай мейіріммен қараса, бірте-бірте бұл ықыласпейіл күйеуіне ауысатын секілді. Осындай ұлы мейірім ғана үлкен махаббат туғызады. Осындай сыйластық қана отбасындағы адалдықты сақтайды.

Міне, біз осы қасиетті Хұсни апайдан көретінбіз, көріп қана қоймай, таң қалатынбыз. Өзінің ер-азаматына ол кісідей адал болған, алдын кеспек түгіл, бірауыз қарсы сөз айтпай өткен адамды мен өте сирек кездестірген шығармын. Сексеннің бел ортасынан асқан жасымда бір түйгенім – осындай кісілермен сыйласып, сырласып, табақтас болып, әзіл-қалжыңымыз жарасып өткен күндеріме дән ризамын. Тағдыр-талайыма қазақтың жезтаңдай әншісі Жүсекеңді жолықтырып, сол кісі арқылы өнердегі, әдебиеттегі алатаудай ағаларыма қызмет ету бақыты бұйырғанына үнемі шүкіршілік етіп отырамын.

1940-жылдардан бері отбасымызбен таудағы Шығармашылық үйіне демалуды әдетке айналдырып едік. Қалибек, Шәкен, Құрманбек және біз – жұбымыз бір жазылмайтын. Ғабендердің саяжайы «Алатау» шипажайының жанында еді, тасада, ел көзінен оқшау орналасқан, сонда жатып бір-бірімізді қонаққа шақырысамыз, түнімен думандатып, әңгіме-дүкен құрып, ән салып, күй тартып отырамыз.

Ғабең ақынжанды, сұлулыққа құмар-тын. Бірде Ғабекендерге бара қалайық. Әңгімемен отырып кеш батқанын білмей қалыппыз. Бәріміз жиналып бізге келе жатырмыз, екеу-екеуден, үшеуден болып әңгімеміз қайта жалғасты. Содан бір қарасам, Ғабең екеуіміз топтан сәл бөлектеніп қалыппыз, өзімше батылданып, ол кісіні әңгімеге тартайын.

– Ғабе, көптен бері ойымнан кетпей жүр еді. «Ақан серіні» жаздыңыз. «Қозы Көрпештегідей» емес, ондағы сөздеріңіз меруерттей таза, сұлу көрінді. Сол «Ақан серіде» серінің Ақтоқтыға айтатын мынадай бір сөздері бар:

*...Былтыр жазда көргенімде,
Қара көзі бір жалт етіп қалғанда
«Ләхаулымнен» жаңылып бір кетіп ем.
Аяғандай қайтіп көзін салмап еді!
Ұрлап қана күрсінгендей болғанында ішінен,
Сол лебінен естен тана жаздап ем.
Ұзын кірпік найзадай кеп қадалғанда кеудеме,
Сорлы жүрек құр дірілдеп, қалып еді қансырап, –*

деген сөзіңіз бар. Осы сөздерді жазу үшін сізді қатты толқытқан біреу болды ғой. Сосын Ақтоқтыны алатын күйеуі Жалмұқан келіп жатқанда, екеуінің тағы да сөзден қақтығысып қалатын мына бір сөзін есіңізге салайыншы:

*...Ә, қызғанышың да бар екен зой!
Қызған, қызған!
Ақтоқтыдай қыз тәңірісін
Қызғанбаған қылмысты
Ақтоқты – бір мөлдір бұлақ,
Құяр жері кең дария!
Ақ төсінде құстар шулап,
«Ақ еркедей» ақ ән төресін салғандай,
Ән ауруым не тыңдамай,
Не қосылмай өте алман
Кез боп қалсақ сол жағада,
Мырза бол да, сол жағаны маған қи!
Аққуына үн қосайын
Сарыарқадан салған әнді,
Көкшетауда жұрт тоссын.
Бар арманым ән менен жыр –
Ақтоқты әннің арқауы, –*

дейсіз. Сізге арқау болған нәркес ару кім болды екен? – деп сұрадым.

Ғабең жарқылдай күлді. Күлді де:

– Япыр-ә, мына Хабибаны қара, өзі байқамапшын шынында да әдемі сөздер екен ғой. Оның рас, ондай найза кірпік, мөлдір көз болды, – деп бастай бергенде дуылдасып келіп қалғандар әңгімемізді бөліп жіберді.

Сондағы «Ғабең не деген болар еді, қалай жауап берер еді» деген өкініш әлі өкіндіреді. Ол кісінің ақынжандылығын айтпаңыз. Ал, ақынжанды адам сұлулыққа өлердей ғашық келеді. Сол сияқты Ғабеңнің де қыз-келіншектерге жақын болғанын білеміз. Ғабеңдердей кісілердің өзі сол сұлулыққа арналғандай, солар үшін жаралғандай қабылданып, ешқандай сөкеттігі жоқ көрінетін-ді бізге. Бірақ кейде ойлаймын, Ғабеңнің жан жары тек қана Хұсни апай болуы керек еді-ау деп. Өйткені, әйел затында сырты мен іші келіскен жаратылысы бөлек жан еді Хұсни. Көп сөйлемейтін. Әйел болып артық сөз айтуға жоқ еді. Бірде қонақта отырып, әйелдер оңаша қалған бір сәтте Хұсни апай өзінің жас кезіндегі суретін көрсетті. «Мен де әдемі болатынмын, осы Ғабең ізімнен қалмай жүріп қолына түсірген. Әрине, Ғабитті мен де жақсы көрдім. Ол кісіге деген махаббатымды өздерің де білесіңдер ғой», – деп жымиды.

Сонда деймін-ау, төңірегіндегілерге анау-мынау естіп қалатын сөздерге еріп, әңгіме етіп жүре ме деген үрей ме, оны сып-сыпайы жеткізгенін көрмейсіздер ме? Хұсни апай Ғабеңді алақанына салып аялады. Ол кісінің серілігін, жігітшілігін білмейді ғой дейсіз бе? Жо-жоқ, білгенде қандай, білетін. Сезетін. Еститін. Бірақ сезбеген, көрмеген қалып танытатын. Ғабеңнің қабағына кірбің түссе, қазақтың сондай азаматтарының қабағына да кірбің түсіремін-ау деп ойлайтын. Ғабең аң аулауды жақсы көретін-ді. Оның әр түрі бар ғой. Сонда Хұсни апай күйеуінің қандай «саятқа» бара жатқанын білетін. Біле тұра, дайындаған тамағын мол, ішетін шараптарын тандап салу былай тұрсын, ыдыс-аяғын үнемі артық салып отырады екен. Көрдіңіз бе, неге артық ыдыс салды? Сонда Хұсни апайға оңай тиді деп ойлайсыз ба? Мүмкін емес. Күйеуін қызғанбайтын әйел бола ма? Бірақ, әйелдік қызғанышты еріне деген құрметке жеңдіріп тұр. Барлық ғұмырын Ғабеңе арнағаннан кейін, «Ғабең көркейсін, ойлағанына жетсін, шарықтасын, шабыттансын» деген ниет бәрін-бәрін жеңіп, солай болуға тиіс дүниедей қабылдайды. Оған үлкен жүреппен қоса төзімділік, шыдамдылық керек екенін ондай «еркектің еркелігін» көрген, сезген әйел ғана біледі.

Сабырлы да, салмақты осындай үш әйелді білемін. Хұсни апай – солардың бірі. Өзін-өзі ұмытып, тек қана ер-азаматтың абыройын ойлаған сол әйелдердің өзі де жаман болған жоқ. Хұсни апай тек қана Ғабеңе жар болуға лайықты еді. Пендесің, кейде сондай ақылды, парасатты азаматтардың қосағының осы қасиетінің бағасын білсе ғой деген де ой келеді. Ғабеңдер, Хұсни апайлар – өте сирек кездесетін аяулы жандар. Сәбеңнің үйіндегі Мәриям апай, Ғабиденнің әйелі Зейнел апайлар да – тек жолдастарын сыйлаумен, соларды дәріптеумен, соларға кір жұқтырмай, іздеріне ерген қанқу сөзге мән бермеуге тырысып, дүниедегі бір бақыт – ерлі-зайыптылардың татулығы деумен өткен жандар.

Шынында да барлық жақсылық осы қасиеттерден бастау алады ғой. Ұрыс-жанжал жайлаған отбасында қандай береке болсын. Оның үстіне ер-азаматтың

жаратылысы да қызық қой. Бірденеге қуанса да, ренжісе де ішіп жібереді, ал бұған долылау әйел араласса, арты маскүнемдікке айналып кетуі де мүмкін. Қазақ әйелдері мұндай сәттерде ашуды ақылға жеңдіріп, күйеулерін көкбеттеніп емес, шыдамдылығымен аялап ұстаған. Ал қазір ше?

Бүгінде тәрбие бөлек пе, ә десе мә деп жатады. Бүгін үйленіп, ертеңінде ажырасып кетеді. Өйткеніне өкінбейді. Осылай болуға тиіс, қалыпты жағдайдай қабылдайды. Негізінен қазақ отбасына жат – ұрпағының мезгілсіз оталғаны емес пе!? «Еркек – үйдің иесі, әйел – киесі» деп неге айтқан ата-бабамыз, киесі кірленген жерде өмірдің мәні де жоғалады. Бір үрім бұтақтың өсіп-өнуі анаға байланысты болғаннан кейін, қыз баласының тәрбиесіне көңіл ерекше бөлінген. Ендеше анандан биік, қасиетті ешкім жоқ. Әрбір қазақ әйелі Хұсни апай сияқты, ер-азаматына адал болса деп ойлаймын. Ғабеннің шығармалары өміршең. Осынау ғажайып дүниелердің өмірге келуіне отбасындағы шуағы мол тіршіліктің әсері болғанын ескерсек, Хұснилардың өлшеусіз еңбегі ойға оралады.

Жастар театры «Қозы Көрпеш – Баян сұлуды» қойғалы жатыр деп естідім. Кезінде Баянды Жамал Жалмұхамедова деген актриса ойнаған. Баян трагедиясын Жамалдай жеткізген ешкім жоқ. Әрине, қазіргі жастарға да сенімім мол.

Өнерсіз, әдебиетсіз өмірде өнеге жоқ. Ал сұлулықсыз сұрқия тірліктен әдемі дүние тумайтыны тағы белгілі. Әйелсіз, анасыз, сұлу бойжеткенсіз шығарма – шығарма емес. Мен Мағжан ақынды көп оқимын. Сонау заманның өзінде Сапарғали Бегалиннің үйінде Мағжан кітабы болған. Сол кісіден Жүсекең арқылы алдырып оқитынмын. Ғабеннің Хұсниін, Хұсни апайды ойлағанда мына бір шумақтар еске түседі.

*Мен ақынмын жел-жүйрік,
Гүлдеймін, ұшамын.
Мен ойыншы көбелек,
Көрінген гүлді құшамын, –*

десе, енді бірде:

*Ұшуға іңкәр, тұра ма тұлпар,
Бір жерде ылғи шаң жұтып.
Жел едім, ұштым, талайды құштым,
Кетіпін сені ұмытып, –*

дейді ағынан жарыла.

Сол сияқты Ғабен де Хұсни апайға ғашық болып қосылып, тамаша ғұмыр кешті. Үш перзент сүйді. Мағжан ақын айтпақшы, желмен жарысып, ұшқысы келіп тұрса, кейбір сұлуларды құшқысы келген болса, ол үшін кінәлауға тіпті де болмайды. Бұлбұлдар да гүлді көргенде ғана жырлайды. Қыранды да қызыл көрсетіп барып қайыратыны бар ғой. Шәкенді де, Сәкендерді де сөгуге болмас...

Хабиба апайдың сәл үнсіз қалғанынан пайдаланып, «Осындай серілік Жүсіп-бек ағамызда да болды ма?» деп қалдық. Апай болмашы ғана езу тартып былай деді.

– Әрине, болды. Бірақ мен Хұсни апай сияқты шыдамдылық таныта алмадым, ренжідім. Бірақ жеме-жемге келгенде, Жүсекең балажан адам еді. Балалардың болашағын ойладық, осындай бір қызғаныш тудырған оқиғадан кейін Жүсекең екеуіміз, тіпті, жақындаса, татуласа түскендей болдық. Ол кісінің халқына, еліне, өз перзенттеріне деген махаббаты мені де жеңді. Жүсекең қайтқанда қатты қиналдым. Жақсы өткен күндерге деген сағыныш кітап болып шықты. Қазір шаршап қалдым. Денсаулық болса жоқ. Жүріп-тұрудың өзі қиындап барады. Өнердегі өткен алпауыт актерлердің көзін көргендер санаулы-ақ қалдық. Көкейде сайрап жатқан талай дүниелер бар, соларды жазып қалдырсам деймін. Ұмытшақпын.

Бала мінезді кешегі Сәбең, Мұқан, Ғабендерді ұмыту мүмкін емес. Түкке тұрмайтын нәрсеге қуанатын, сәл-ақ нәрсеге балаша өкпелеп қалушы еді.

Хұсни апайдан кейін Ғабен оңашада, отбасында қандай дәурен кешкенін кім білсін... Қайтыс боларының сәл-ақ алдында Әбу, Қалижан, Сәбең, Шәкеннің әйелдерін шақырып, қонақ етті. «Сендерді сағындым, көңілді бір тұман шалғандай күй кешіп жүр едім. Ер-азаматтарыңды сағындым, солармен бірге отырғандаймын қазір» деп қатты толқығаны бар. Бұл – менің Ғабенді соңғы көруім еді. Хұсни апайдан кейін де басына бас қосылып жатты. Дегенмен, жақсысын асырып, жаманын жасырған ондай адал жардың орны Ғабен үшін бөлек еді. Оны Хұсни апайымыздың көзін көргендер де білер.

Солай, қанша қиналсам да, қысылсам да, сол кісілермен қол ұстасып бірге жүрген күндерім әлі күнге маған жұбаныш. Хұсни апай сол салиқалы мінезімен талайымызды тәрбиелеп кеткенін қазір ойласам, көзіме жас келеді. Тірі пендеге, қыз-қырқынға қимай жүрген Ғабендер, Жүсекеңдер де кеткелі қай заман. Бәрі де қалды ғой. Аз ғана тірлікте жаның жанымен бірге болып кеткен жан қосағыңның қадірін білгенге не жетсін!?

*әңгімені жазып алған
Таңсұлу АЛДАБЕРГЕНҚЫЗЫ
«Түркістан», 30 мамыр, 2002*

ӨНЕРЛЕРІҢ ҰМЫТЫЛМАС

Қайран, Қапан...

Қапан Бадыровпен қоштасқанда

Біз қазақ өнері ордасының Абыз атасы, қазақ өнерінің шаңырағын алғаш көтерушілердің бірі, тілеуқор ағамыздан айырылғанымызға бір айдан асып барды...

Өнер шаңырағын ең бірінші боп көтерген кімдер еді десек, олар: Қалибек Қуанышбайұлы, Серке Қожамқұлұлы, Құрманбек Жандарбекұлы, Қапан Оралұлы (Бадыров), Елубай Өмірзақұлы, Өміре Қашаубайұлы, Иса Байзақұлы болатын. Міне, осы ағалар өнер шеңберін күннен-күнге кеңейтіп, қандай қиындық болса да төзе жүріп, барлық саналы ғұмырын арнап, қазақ елінің кештеу дамып, кенже қалған өнерін үлгілі елдер қатарына жеткізуге аянбай еңбек етті. Соның нәтижесінде жеті-сегіз жылдың ішінде-ақ ондаған театрлар отау көтеріп, музыка театры, концерттік филармония ашылды. Небәрі он жылда бас театр академиялық атағын алды. 1936 жылы Мәскеуде өткен Қазақ өнері мен мәдениетінің онкүндігінен есте қаларлықтай үлкен табыспен оралды. Қандай өнегелі елдермен болса да сайысқа түсерліктей биікке көтерілді. Аз уақыттың ішінде осындай бүкіл ел мақтанарлықтай даңққа ие болуымыз кімдердің арқасы еді? Әрине, дарындылығымен, адалдығымен, әділдігімен, қол ұстасып, өнер жібін үзбей ынта-жігерін тек өнер жолына арнап, тынбай еңбек еткен ағаларымыздың арқасы емес пе еді? Бұлардың әрқайсысының жасап кеткен еңбектері ұшан-теңіз. Кейінгілердің бірі білсе, бірі біле бермес. Олардың қазақ өнеріндегі орнын білетіндердің есіне тағы бір салып, білмейтіндерге білсін деген оймен жазып отырымын бұл сөздерді.

Қазақ өнеріндегі орны ерекше, аттары аңызға айналған сол арыстардың қалың ортасында Қапекен де бар еді. Амал қанша, өмір шіркіннің соншалықты тез өтетіні белгілі. Ертелі-кеш алты ағамыз да о дүниелік болды. Тек қана сол асылдардың көзі болып, бәрі үшін бір өзі болып Қапан ағамыз қалып еді. Енді ол да бақиға сапар шекті... Қапан ағамыздың атқарған еңбегіне келсек, ол өмір жолында үзбей сексен жыл ғұмыр кешкен екен. 20-жылдары қазақ зиялыларының ұйымдастыруымен Семейде «Ес-аймақ», Орынбор, Омбыда «Қызыл керуен» ұйымдары ашылып, олардың қалың ортасында, белсенді мүшелері болып, Ел-ағаң, Сер-ағаң, Қапекен жүрген. «Театрдың жасы жетпіс төртте болса, Қапекен сексен жыл қызмет етті» дейтінім сондықтан. Қазір өнер жолында сексен жыл еңбек етіп, театрмен бірге жасасқан адамды шырақ алып іздесең де таба алмайсың. Бұл ағамыз тек театр тарихын ғана емес, бүтіндей бір ғасырдың тарихын арқалап келген жоқ па? Қапанның орындаған жүз сексен ролінің ішінде тұлғалы батырлардың бәрі дерлік бар екен. Мысалы, «Арқалық батырдағы» – Арқалық, «Қобыландыдағы» – Қобыланды, «Амангелдідегі» – Амангелді, «Жомарттың кілеміндегі» – Жомарт, «Оттелодағы» – Оттелло тағысын тағылар. Қапекеннің творчествосы жайында театртанушы Назекет Шәуқенова кандидаттық диссертация қорғады. Бұл – өнер адамы жайындағы бірінші ғылыми қорғау болған. Қапанның өзі болса, театр, драматургия жайында, өнер адамдары жайында, жүз он тоғыз мақала, «Өткендер мен өткелдер», «Естен кетпес есімдер» атты екі кітап жазды. Бұл кітаптары «Театр – моя судьба» деген атпен орысшаға аударылды. Республикалық Орталық архивке керек ең құнды деген бес жүз елу екі құжат тапсырыпты. Осынша байлықты кім қалдырып жатыр? Қапанның ұқыпты, жан-жақты мәдениетті болуына ықпал еткен Орынборда, Қазақ Халық ағарту институтында оқып жүргенде дәріс алған

ұстаздары – Ахмет Байтұрсынұлы, Елден Омарұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Міржақып Дулатұлы сияқты қазақтың біртуар ұлдары. Өзі айтатын еді: «Егер менің бойымда бір қасиет болса, ол – тек ұстаздарым берген қасиет» деп.

1949 жылы Ш.Айманов пен Я.С. Штейн бірігіп жасаған «Абай жолы» спектаклінде ол Абай тұлғасын жасады, сол жылы жеті адам КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болды, арасында Қапекен де бар. Бұл қазақ театрына берілген алғашқы Мемлекеттік үлкен сыйлық еді... Кезінде М.Әуезов оған «Үлкен, үлкен сындарда өнімі мен өнері көп, сенімді күш иесі, ойлы, жақсы Қапанға» деп өзінің М.Әуезов «Абай жолы» кітабына қолтаңбасын жазып бергенін де білеміз. Осыншама еңбек еткен көркемөнердің Абыз-атасы маусым айының 14 күні дүниесі салды... Мен Қапан арманда кетті, жас кетті, еліне елеулі еңбек ете алмай кетті деп өкінбеймін. Өкініш басқада. Сол Абыз – ағамызды бақилық сапарға дұрыстап шығарып сала алдық па? Кейінгі жас ұрпақ өнегелі, үлгілі қарт ата-сымен қоштаса алды ма?

Басқа жұрт түгіл өзімен тұстас, қиыспас замандастары хабарланды ма? Қапан – өнердің дарабоз көшбасшысы, қайталанбас тарланы, алғашқы буын ағалардан қалған ең соңғы көзі емес пе еді? Қапанды дұрыстап шығарып салмағанда кімді қадірлемекпіз?.. Қапекен маусымның 14-і күні, сәрсенбіде, кешкілікте көз жұмды. Ертеңгі, бейсенбі күнгі газеттерден хабарлауға әрине, кеш еді. Қалың қауым хабарланып үлгермей жатып-ақ осынша қадірлі азамат үлкен тұлғаны жер қойнына жасыруға неге сонша асығыс болды?..

Қапанның денесін салған табыт театрдың жоғарғы фойесінде қойылды. Төменде, жанында қаралы балалары отыр. Келіп жатқан адам өте сирек, тіпті, жоқ деуге болады. Тым-тырыс. Өмірімде мұндай сағатты көргем жоқ...

Ертеде, о дүниелік болған адамның ауылына жан-жақтан ат қойып, «ой, бауырымдап!» андыздап келу, мәйітті қадірлеу, қазақ елінде дәстүрге айналса, қазіргі жаңа түрі – лықсыған қауым мәйітті айналып ақырғы рет көз салып өтіп жатады. Бұл да сол баяғы дәстүрдің жаңаша жалғасы. Қайран ағамызға бұл дәстүр де бұйырмады. Не істерімізді білмей жер болдық... Бар болғаны, Ғ.Мүсірепов атындағы театр ұжымын Әмина Өмірзақова бастап өтіп бара жатты. Менің ойыма «Абай әні» киносында Қапанның – Айдар, ал Әминаның – Ажар болып ойнағаны түсті. Әминаның да сол әріптес болып, бірге ойнаған сәттері есіне түсіп езіліп өткені сөзсіз еді...

Енді бірде, есеңгіреген ауыр ойда отыр едім, иығымнан кеп біреу құшақтады. Қарасам, жылап тұрған Бибігүл екен. Міне, бар болғаны осылар. «Елеусіз қалған есіл ер» деген осы жолы тура Қапанның мәйіті болды. Әдетте қайтыс болған актерлердің түскен киноларынан, ойнаған спектакльдерінен үзінділер беріліп, ақтық рет бейнесін көріп, даусын естіп қоштасушы едік. Қапекенге ол да бұйырмапты. Қабір басында қоштасу сөзі айтылмайтыны белгілі еді? Қай адам қай жиынға сөйлейді? Сол қоштасу сөздер театр ішінде айтылады. Сонда сырттан келген бір азамат: «Бұларыңыз не? Қапан Бадыровтай ағамызды ешқандай хабарсыз, қалай болса солай қоя салуға бола ма?» деген ауыр сөздерді ашық айтты. Ашық

айтылмаған, күбір-сыбыр еткендер, наразы болғандар өз алдына... Тіршілігінде сыйлау-сыйламау ол әркімнің түсінік-түйсігіне байланысты, ал өліні құрметтеу – парыз!

«Қазақ әдебиеті», шілде, 2000

Қош бол, қимас досым Сәбира!

Алтыс жыл бірге жүріп, бірге жасасып едік.

Жастайымыздан үміт-тілегіміз де бір болып, иыққа түскен қайғыны да, реніш-қуанышты да бірге өткерген едік. Тіпті, туған нәрестелерімізді де бесікке кезектесіп салушы едік. Соның бәрі бір күндей болмай, алпыс жыл бірге кешкен ғұмыр алты күндей болмай өте шықты. Опасыз өмір-ай десеңізші! Иә, тағдыр солай – ешкімді аямайды. Тумақ бар да, өлмек бар. Тек сол жасаған өз өмірінде кейінгілердің есінде ұмытылмастай істеріңмен қала білгенге не жетсін. Құдайға шүкір, Сәбирада мұндай шығармашылық жетерліктей қалды. Оның жасап кеткен бейнелері халық есінде сақталатынына күмән жоқ. Көңілге ендігі медеу сол ғана. Қош бол, қимас досым, сырлас жолдасым, Сәке!

«Қазақ әдебиеті», 21 ақпан, 1995

Өнерді кие санаған...

Ұлттық сахна өнеріміздің ақсақалдарының бірі, өмірі-өнерге, еліне шынайы қызмет етудің үлгісіндей болған Ғабдолла Сүлейменов, аяулы Ғабдош дүниеден көшті.

Ол қара шаңыраққа жастайынан, сонау 50-жылдардың басында Нұрмұхан, Ыдырыс, Матан, Таңаттармен үзеңгілес келіп, өмірінің соңғы күндеріне дейін көрерменіне жан жылуын, өнер нұрын шашты. «Абылай хан» спектакліндегі Жақай ролімен Астана тұсаукесеріне қатысуы, сол сапар зайыбы Рима екеуі Хадиса, Бикен, Шолпан, Жамал, Мәнұра бәріміздің басымызды қосып, әңгіме-дүкен құруы, енді ойлап қарасақ бой жазуы, қоштасуы екен ғой!... Өз міндетін терең сезініп, өнерді кие көретін Ғабдолланың үлкен шеберлігі «Абылай ханда» Жақай болып айтатын «Көнбейді бұған ер қазақ!» деген бірауыз сөзінен-ақ байқалар еді. Нағыз актер үшін рольдің үлкен-кішісі болмайды. Кешегі Серағаң, Елағаңдардың көзіндей Ғабдолламен сахнада талай серіктес болғанда осы пікірдің дұрыстығына көзіміз жететін. Ол сахналық ғұмырында Қозы, Қарабай, Көбікті, Еспембет, Абылай хан, Құнанбай сияқты күрделі рольдерден бастап жүзден аса бейне жасады. Ешқашан асып-таспайтын, ешкімді басып-жасытпайтын, жаны таза әрі турашыл әріптесіміз қара шаңырақты өмірінің мәніне балап, қасиеттеп өтті. Өнерге, өз театрына аз еңбек сіңірген жоқ. Ортасына сыйлы, қадірлі, болмысы қазақтың қариясына лайық болды. Мінезі, жүріс-тұрысы, сөз саптауымен кейінгілерге үлгі танытты. Ер мен әйелдің дос-сырлас болуы сирек кездесетін

шығар. Ғабдошпен көп сырласатын едік. Сондай сәттерде ішіндегі ойын, арманын айтатын. Шынында да Ғабдош өзінің еңбегіне сай халық артисі құрметті атағын алып үлгермей көз жұмды. Әсіресе, өнер адамы о дүниеге өкініш арқалап кетсе артында қалғандарға да оңай емес қой. Ғ.Сүлейменовтей атпал азамат, өнер тарланына халық артисі атағын беруді мәдениет саласындағы басшылар дұрыс шешсе екен деген тілегіміз бар.

Жатқан жерің жайлы, жаның жаннатта болсын, Ғабдошжан!

«Қазақ әдебиеті», 1998



A decorative border with intricate floral and scrollwork patterns, framing the central text.

III бөлім

**ӨРЕЛІ ӨНЕР
КӨШІНДЕ**

Сұхбаттар

ТАЗА ӨНЕР – ТАЗА ЖҮРЕКТЕН

70 жылдық мерейтой кеші қарсаңында

– Хабиба апа, биыл қара шаңырақ – М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының шымылдығын алғаш рет ашқанына 70 жыл толып отыр. Сексен жыл ғұмырыңыздың алпыс екі жылға жуығында осы театрда еңбек етіп келесіз. Жақсыны да, жаманды да бастан өткердіңіз. Жүсіпбек Елебековтей біртуар талант, атпал азаматпен өмірде, өнерде серік болдыңыз. Күнделікті тұрмыс-тіршіліктік жағдайлардан емес, биік рухани өлшемдерден келгенде сізді бақытты ғұмыр иелерінің қатарына жатқызуға болатын шығар...

– Бақыт деген күрделі ұғым ғой. Қан базардың қақ ортасында жүрген сендердің буын, кейінгі көкөрім жастар мен базардан қайтып келе жатқан біздердің бақыт туралы ұғымымыз әртүрлі шығар. Дегенде де қарапайым ой тұрғысынан айтқанда, бақыт дегенің – еліңнің, жеріңнің амандығы, отбасыңның жарасымы және өз көңіліңді тоғайтатындай іспен айналысу және содан жаныңның нәр алуы болса керек. Өзің айтпақшы, жақсыны да, жаманды да бастан өткердің. Сонау 30-жылдардағы аштық, одан берідегі нәубеттер де бізді сырт айналып өтті дей алмаймын. Мәди «Атыңнан айналайын» деп әнге қосқан Қарқаралыда туып-өстім. Әкем Қарабай – әнші, аңшы, құсбегі, өз уақытының көзі ашық адамы еді. Газет-журналдарды үзбей жаздырып алатын. Балалары да ерте хат таныдық. Ж.Аймауытовтың «Арқалық батырын», С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуін», бір актілі пьесаларды, басқа да жаңа шығармаларды әкеммен жарыса оқитынбыз. Абайдың «Сегіз аяғын» алты жасымда әкемнен үйрендім. Оның әуені қазіргі айтылып жүргеннен мүлдем бөлек. Бұл ән қазір театрдың «Абай десем...» спектаклінде мен білетін нұсқамен орындалып жүр. Жалпы, Абай әндерінің халық арасындағы нұсқаларын жинаса дұрыс болар еді-ау деген ойға қала беремін.

Туған әпкем Дәлилә Оңғарбаева осы театрдың алғашқы актрисаларының, 1926 жылы Серке Қожамқұлов сахналаған «Еңлік – Кебекте» Еңлік ролін орындаушылардың бірі болған. Оның күйеуі Құсайын Оңғарбаев Кебек ролін орындаған. 1927 жылы Луначарскийдің шақыртуымен, Затаевичтің ұйымдастыруымен Мәскеуге барған он бір адамның біреуі де осы менің әпкем. 1931 жылы әкем үш жылға жер аударылып, Атырау жақта қайтыс болды. Шешем, әпкем Дәлилә, жалғыз бауырым Рымбай Кемерово жақта дүние салды. Қабірлерінің қайда екенін де білмеймін. Сөйтіп, жападан-жалғыз қалдым... Менің әкем де, ұстазым да, ақылшым да, досым да, жарым да Жүсіпбек болды. Бақыт деген мен үшін Жүсіпбекке кездесуім, тағдыр қосып, оған жар болғаным шығар. Соның тәрбиесін көріп, тағылым түйгенім шығар.

– Жүсіпбек ағаға тұрмысқа шығуыңыздың өзі бір қызық тарих қой...

– Оның рас. Жүсіпбекті алғаш рет бала кезімде, 5–6 жаста болуым керек, көргенмін. Бірақ зер салмағам. Ойын баласында не тереңдік болсын. Дәлилә әпкем-

ді құтты орнына қондыруға бара жатқан сапарымызда айдалада жалғыз тігілген бір киіз үйге аялдағанбыз. Сонда әпкем ойнап кеткен мені шақырып алып, «ән үйренеміз, әкемізге айтып барамыз» деген еді. Келсем, бір кісі домбырамен «Ағаш аяқты» шырқап отыр екен. Әнді үйреніп алдық. Кейін білдім ғой, сол әнші Жүсекең екен. Бай ағайындарының жылқысынан қотыр шығып, аулақ оңашаға киіз үй тігілген екен...

Қарқаралы 1934 жылы округ болды да онда театр ашылды. Аудандық комсомол комитетінде жұмыс істеп жүрген мені осы театрға жіберді. Алматыдан жіберілген Рахима Түгелбаева екеуіміз штаттағы актриса болдық. 1935 жылы Қарқаралыға Қалибек Қуанышбаев пен Жүсіпбек келді. Қаллеки біздің театрда «Малқамбай» деген пьесаны қоймақшы болды. Маған Хадиша деген әйелдің ролін берді. Малқамбай – байдың қызын жылқышы жігітке қоспақ болып жүрген жылпос жігіт. Менің «Құдай атқан Малқамбай, немене, елдің бәрін бытыстырып жүргенің?!» – дейтін сөзім бар еді. Осыны айтуым, жалпы ролім Қаллекиге қатты ұнапты. Сұрастыра келе Дәлиләнең сіндісі екенімді білді. Сонсоң Жүсекеңді шақырып алып, «Әй, Жүсіпбек, мына бала өзі талантты, өзі Дәлиләнең сіндісі екен. Сен бірақ, Дәлиләне білмейсің ғой!» – деді. Сонда Жүсекең «Неге білмеймін» деп мен жаңа айтқан оқиғаны есіне түсірді де, «сондағы ойнап жүрген бала осы Хабиба екен ғой», – деді. Содан соң Қаллеки төбемнен жай түсіргендей «сен Жүсіпбекке жолдас боласың», – деп бір-ақ кесті. «Оған ұнағанды мен дұрыс көрмей, мен айтқанды ол жақтырмай жүрген жайымыз бар еді. Орайы енді келіп тұр». Өмірден әбден түңіліп жүрген кезім, күйеуге шығамын-ау деген ой-қаперде жоқ. Семейде бір ағайым бар еді, есіл-дертім – соған жету. «Жүсіпбекке жолдас болмаймын» деп қарсы сөз айта алмадым, паспортым жоқтығын сылтаураттым. Сонда Қаллеки «Жүсіпбекке шығарсың-шықпассың, бірақ сені мұнда қалдыра алмаймын, Алматыға алып кетемін, театрға орналастырамын», – деді.

Сонымен, Алматыдан бір-ақ шықтым, Жүсекеңмен тағдыр қостым. Қара шаңыраққа – осы театрға сол 1935 жылы келдім. Ұлттық өнердің қара шаңырағына Жүсекең 1931 жылы келген ғой. 1934 жылы опера және балет театры бөлініп шығып, «Айман – Шолпанды» қойғанда ол Әлібектің ролін орындады. Театр директоры О.Беков деген азамат Жүсекеңді театрдан жібермеймін деп, алып қалды. Ал 1935 жылы филармония өз алдына жеке отау тіккен соң амалсыз жіберуге мәжбүр болды. Кейінірек Қазақконцерт бірлестігі құрылғанда Жүсекең сонда қызметке жіберілді. Реті келгенде айта кетейін, өткен жылы күзде филармонияның 60 жылдығы аталып өткенде іргетасын қаласқан Жүсекеңнің ең болмаса аты да аталмады. Есімде, филармонияда 1936 жылы «Сары» деген музыкалық шығарма қойылған. Авторлары – М.Әуезов пен А.Жұбанов. Сарының ролін орындайтын Жүсекең бір акт бойы оркестрге қосылып ән айтатын. «Сары» қойылатын күні көрермен жыртылып айырылатын. Филармонияны өз қолымен құрған Жүсекеңнің есімі ауызға алынбай ұмыт қалдырылғаны жаныма қатты батты.

Менің өмірім, өнерге келуім Жүсекеңе байланысты. Сондықтан да әңгіменің негізгі арқауы Жүсекең болса, оның еш артықтығы жоқ шығар.

– Жүсіпбек аға туралы, оның рухани ортасы, сол ортаның тағылымы, өнерге көзқарасы туралы, шәкірттері туралы әңгімеңіз оқырманға қызғылықты болары сөзсіз.

– Ол – өнерге шын берілген жан болды. Өнерін – халыққа қызмет ету жолым деп таныған, бойындағы бар талантын, күш-жігерін халқына арнап өткен, шын мәніндегі қас өнерпаз еді. Оның жан тазалығы кім-кімге де үлгі. Қазақ әнін халықтың өзіне жеткіземін, халыққа әнмен қуат, нұр беремін деп күн кешті. Республикада ол барып ән салмаған түкпір жоқ. Соғыс енді біткен жылы Атырауға барған сапарында Жүсекең теңізде, шеткеріректе жатқан балықшыларға арнайы бұрылып, екі рет концерт беріпті. Соның бірінде пароход теңізде тұрып қалыпты. Қасындағылар «айдаладағы балықшыларға бармаса болмайтын ба еді» деп Жүсекеңе ренжіпті. Сонда ол «мұндай әңгімені қойыңдар, қиыншылықпен еңбек етіп жатқан жандарға біздің әніміз қуат бермей ме, осыны неге түсінбейсіңдер!» деп кейіпті. Мұның өзі қас өнерпаздың өнер мұратын терең түсінгендігінің бір ғана мысалы.

Жүсекең мен оның әріптестері – ұлттық өнердің туын тігушілер ғой. Ол қай жаңа істің де басы-қасында болды. Қазақ радиосы алғаш құрылғанда жұмыс істеген үш-төрт адам екен. Жүсекең – әнші, Әміре – хор бастығы, Қасым Аманжолов – әдебиет бөлімін басқарған. Өнердің, әннің күдіреті деген керемет қой. А.Жұбанов «Арқа әндерінің күдіретін Жүсіпбек арқылы түсіндім» деуі бекер емес. Арқа әндерін, Абай, Біржан тағы басқа халық композиторларының әнін Жүсекеңдей орындайтын әнші жоқ. Халық әндері орындаушысы келіссе керемет рух, қуат береді. Мысалы, театрдың «Кебенек киген арулар» атты жаңа спектаклінде Жүсекең репертуарындағы «Көгаршын» әні орындалады. Түрмеде әбден азап-қорлық көрген әйелдердің жан сілкінісіне, бас көтеруіне осы ән қандай дөп келіп тұр. Бұл да – өнер күдіреті.

Жүсекеңмен қырық екі жыл тату-тәтті ғұмыр кештік. Менің өмірімдегі мақсатым – ел сүйген азаматтың, қас өнерпаздың адал жары, жан серігі болу еді. Ол апталап, айлап сапарларда жүрді, демалу дегенді білмеді. Өз өмірімізде біз демалысымызды екі рет қана бірге өткізіппіз. Мысалы, Жүсекең мен Қаллеки демалыстарында көбіне Абай ауданына барып, концерт қоятын. Ертеректе қойған концерттерге ақша алмай, театрға керек заттарды әкелетін. Сол кездері әкелген қоржын театрда әлі бар. Жүсекеңдердің буыны, дос-әріптестері өнер деп, халық деп өтті ғой. Ол кез адамның ниетін ақша билемеген кез еді. Ш.Айманов 1936 жылы бізге сыйлаған суретінің сыртына «қазақ халқына саналы, сапалы өнер беремін деп алысып жүрген күндерде» деп жазған еді. Олардың өмірінің мәні де осы болғанына сөз жоқ. Олардың буыны бір-бірімен дос бола да білді. Халқымыздың мақтанышы, жарық жұлдыздары – Мұхтар, Сәбит, Ғабит, Ғабиден, Қаллеки, Шәкендермен дос-жолдас болып өттік. Араласқан ортаң, көргенің жақсы болса таза, сара жолмен жүресің. Сонау қиын кездерде, соғыс жылдарында да бір-бірімізбен қатты араластық. Бір артық сөз, қыңыр қаракет болмайтын. Жалпы, бықсық сөз, бықсық ойдан шығады ғой. Әңгіме өнер, шығармашылық туралы болатын. Мысалы, Жүсекең мен Шәкен бір түн бойы бір әннің ғана төңірегінде әңгіме

қозғайтын. Ол әннің әр сөзін, музыкасының әрбір нотасын талдайтын. Шығу тарихын айта келе әр әннің өзіндік қасиетін іздейтін. Халық қасиеті – серілігі, тәкаппарлығы туралы айтысатын. Қазіргі бас қосу, жиындарда осындай ұлағатты сөздер, сәнді әңгімелер айтылмайтынына көңіл жүдейді. Бір жолы Қаллекидің дастарқанындағы бас қосуда жұрт преферанс ойнауға кірісіп кеткенде Мұхаңның: «осы анда-санда бас қосқанда карта неменеге керек, тіпті, болмағанда қазақы қалжың айтып отырайық та» деп ренжігені де есімде.

Жаны таза, көңілі кәусар адам бала сияқты болады ғой. Жүсекең бала сияқты еді. Әрі-арыдан ойлайтын кулық-сұмдық, есеп дегенді білмейтін. Айтарын айтып салып қарап отыратын. «Хабиба, дайындал, қонақ шақырып келдім» дегенді жиі айтатын. Шәкірттерін үйге жиі ертіп келетін. Жәнібекті (Кәрменов) баласындай жақсы көрді. Біздің үйдің бір ерке баласындай болған ол Жүсекеңнің нағыз шәкірті еді ғой. Қайратты (Байбосынов) жақсы көрді, тіпті, кейде ол ән айтқанда «шыдай алмадым» деп көзіне жас алатын. Жезқазғанда Мара, Ғалым атты шәкірттері бар. Шәкірттерін әншілік өнерімен қатар адамгершілік өнеріне үйретіп өтті. Оларға «әр тау, әр тастың тарихы бар, соны білу керек, елге қызмет ету керек» деп жиі айтатын. Сапарға үнемі шәкірттерімен шығатын. Ғалым айтады: «Бір жолы далада концерт бердік. Менің кезегім келгенде жауын құйып кетті де мен сахнаға шығуға іркіліп қалдым. Сонда аға мені арқамнан нұқып, сахнаға шығарып жіберді. «Жаңбырдың астында отырған көрерменнен жаның артық емес» деді. Сонан соң жаңбырмен жарысқандай өзі де ән шырқады». Жүсекеңнің әншілік дәстүрі жалғасып келеді. Аталған әншілер өнердегі баласы болса, Бекболаттар (Тілеуханов) немересі деуге лайық. Өзі дәріс берген шәкірттерінің бәрі керемет әнші болуы мүмкін емес, бірақ аз да болса избасарлары баршылық. Тек бір тілек – жастар бір ыңғайдағы, тіпті, көп айтылатын әндерге үйірсектей бермей, репертуарларын байыта түссе құба-құп.

Жүсекеңнен айырылу оң қабырғам сөгілгенмен бірдей күйзелтіп кетті. Қарындасындай әлпештеген жанның алдынан мен де бір рет те кесе-көлденең өтпедім. Жүсекеңнің: «Хабиба, шығармашылық өз алдына, адами өмірімде сені ренжітпесем екен» деген сөзі есімнен кетпейді. Жоғары білімім жоқ. Өмірімде өтінішарыз жазып көрген жан емеспін. Бірақ, Жүсекеңнің осы сөздері көкейімнен кетпей қойды да қолыма қалам алдым. Жүсекеңнің өнерін, өз болмыс-бейнесін келер ұрпаққа қалдыруды парыз санадым да «Үні кетпес құлақтан» және «Ән-аманат» атты кітаптар жаздым. Жаман шықпаған сияқты, оқырман жылы қабылдады. Адал жар болдым, өнер жолында да небір саңлақтармен әріптес болдым. Қазір де бойдағы қуат-күшті театрға беріп келемін. Өміріме ризамын. Бақыт деген, мүмкін, өз өміріңе, мәнді күндеріңе деген ризашылық сезімің шығар.

– Қара шаңыраққа – осы театрға 1935 жылы келіпсіз. Содан бергі уақытта театрдың өсу-өркендеу жолы көз алдыңызда өтіп келеді. Осы жолда өзіңіздің де үлесіңіз аз емес. «Соңғы кезде академиялық театрда бір рухани серпіліс бар» деген пікірлер жиі естіледі. Бұған не дер едіңіз?

– «Елу жылда ел жаңа», – дейді халық. Бұл – ұрпақ ауысуы, өмірдің түлеуіне байланысты айтылған сөз болса керек. Өсу-өркендеу – өмірдің өз заңы ғой. Те-

атр тарихы көз алдымызда. Менің ең алғашқы ролім Ж.Шаниннің «Арқалық батырындағы» Қарагөз еді. Профессионалды актриса болып қалыптасуыма ықпал еткен режиссер И.Боров. Оның қойған «Ревизоры» тарихи спектакль деу керек. Мен Пошлепкинаның ролін дайындау барысында көп нәрсеге қанықтым, нағыз театр дегеннің не екенін зерделедім. Театрға келген алғашқы екі жылда «Ақсүйектерде» – сопы әйел, М.Әуезовтің «Шекарасында» – Ажар, Б.Майлин мен Ғ.Мүсіреповтің «Амангелдісінде» – Қырмызы тағы басқа – бас-аяғы алты роль орындаппын. Театр – ұжымдық өнер, онда тек бір адамның ғана жарқырап шығуымен өнер жасалмайды. Біздер үлкендердің үлгісін, өнерге деген ынтасын, көзқарасын көріп өстік. Алғашқы жылдары олардың ойынын сахна сыртында тұрып тыңдап көретінбіз. Қаллекидің: «Драма артисінің сөзі көрерменге естілуі керек, сондықтан сахнадағы актер даусын бірнеше есе көтеруі керек» деген сөзін үнемі жадымда тұтамын. Ол буын – Қаллеки, Серке, Мәликелер жастарға қатты көңіл бөлетін, бір-екі жылда өз қатарларына қосып алатын.

Театрда жұмыс істеген режиссерлер аз болған жоқ. Мен Асқар Тоқпанов қойған «Абай» спектаклінде Қаныкей ролін орындадым. Содан бері, міне, елу бес жыл өтті, әлі жанымдай жақсы көріп ойнаймын. Бір қызығы – рольді жаныңдай жақсы көрсең әрі ол роль өз болмысыңмен астасып жатса, роль мен актер бірегейленіп кетеді. Қаныкейді алғаш рет жиырма жасымда ойнадым. Мінезі өткір, тәкаппар, мінезі шапшаң, кейде адуын Қаныкейдің Әйгеріммен диалогында қанша астар, терең ой бар. Әйгерім екеуі екі елдің елшісі сияқты ғой. Сексенге келгенде тез қимыл, шапшаң мінез көрсету оңай емес. Бірақ грим салып сахнаға шықтымақ сексендегі жасымды да, Хабиба екенімді де ұмытып, Қаныкейге айналамын – еркін жүремін, еркін қозғаламын, шапшаң да – мен, тәкаппар да – мен, адуын да – мен. Тіпті, өзім таңғаламын. Бұл қалай? Роль құдіреті деген осы болу керек.

Театр тарихында өрлеу де, тоқыраған кездер де болды. Қалыптасып қанат қағуымызға Г.Боров, Гольдблаттардың еңбегі мол. Төл режиссурамызға келсек А.Тоқпановтан кейін, әрине Ә.Мәмбетовті атаймыз. Театрдың 70-жылдардағы өсуі соның есімімен тығыз байланыстырылады. Әзірбайжан – сөз жоқ, үлкен шебер. Оның «Ана – Жер-анасы», «Қан мен тері» шын мәніндегі биік өнер. Мен бірақ Ә.Мәмбетовтің қазақ классикасын, мысалы, «Қобыланды», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу». «Айман – Шолпанды» сахналауда ашқан жаңалықтарын (жаңалық деп айтылды ғой) қабылдай алмаймын. «Қозы Көрпештің» жаңа қойылымын көрген соң қызым маған: «Сіздер классиканы бүгінге лайықтап қойдық дейсіздер. Біздер бүгінгі күнді өзіміз де жақсы білеміз. Сондықтан да әр шығарманы өз бояуымен көргіміз келеді» дегені бар. Осы пікірдің жаны бар ғой деймін.

Сахна деген не? Сахна – өмір шындығы, сахнаның өз заңдылығымен бейнеленетін шындық. Мысалы, жаңа туындымыз «Кебенек киген аруларға» көрермен неге көп келеді? Сол уақыттың шындығын, сол шындықтың тағылымын таниды. Сахнада жиырма жеті актриса түгелдей шындық өмір кешеді. Көрген қорлықтарынан жаны түршігеді, адам рухының мойымастығынан қуат алады. Мен осы орайда жас та болса бас боп жүрген режиссер Болат Атабаевтың сахнаны – өмір-

тану, өнертану құралына айналдыру жолындағы еңбегіне ризалығымды білдіргім келеді. Театрда соңғы кезде рухани серпіліс бары рас. Ізденістер жүріп жатыр. Өз басым тапсырылған әр рольге аса бір іждағатпен қараймын. Мысалы, «Соқырлар» (Метерлинк) спектакліндегі ролімнің тереңіне үңіле ойнамауға болмайды. Өз көрін өзі қазған, өйткені, ең бастысы, көзі емес, көңілі соқыр әйел бейнесінің айтары аз емес. Немесе Асқар Сүлейменовтің «Жетінші палатасындағы» ой тереңі қандай! Әубәкір Рахимов қойған бұл спектакльде мен жалғыз немересі ішіп кеткен кемпірдің ролін орындаймын. Аянышты бейне. Өмірде ондай кейуаналар аз ба? Шындықты жүректен өткізіп ойнайсың. Бір монологпен болашағы беймәлім әулеттің тағдырын таныту керек. Әулет тағдыры ұлт тағдырына жалғасып жатады. Осыны жеткізу керек. Оңай ма? Оңай емес. Станиславскийдің: «Нағыз актер үшін рольдің үлкен-кішісі жоқ» дегенін жиі айтамыз. Бірақ, актер біткен бас кейіпкерді, тіпті, қаһарманды ойнауға бейіл тұрамыз. Қаһарманды ойнау қиын емес. Автор да, режиссер де оған күш салады. Ал, екінші, үшінші пландағы кейіпкерді жарқырата шығару – қиынның қиыны. Ол актерден көп еңбекті, оқу-тоқу, ізденісті қажет етеді. Біздің театрдың 70 жылдық мерейтойы кезінде сахнада үлкен туындылар дайындалып жатыр. Бүгінде ақсақал, қария болған біздің буын да қол қусырып қарап отырғанымыз жоқ.

Уақыт озады, буын алмасады. Кейінгі жастардың өнер туын құлатпайтынына сенемін. Әсіресе, сіңлілерімнің талантына «Кебенек киген аруларды» дайындау кезінде қатты риза болдым. Бұл өзі, бір есептен, сахнада дүниеге келген спектакль ғой. Әрбір актрисаның, ой қосуы, бейне шындығын іздеуі әбден тәнті етті. Театр жалғандықты, жалаң пафосты көтермейді. Өнерде әр буын өз сөзін айтуы керек. Меніңше, біздің театрда жас буынның сахнадан айтар ойы, өнердегі мұраты айқын.

– Жас буын бойынан нендей қасиеттерді көбірек көргіңіз келеді?

– Сократтың: «Менің білерім – түк білмейтінім» деген сөзін көп айтасындар ғой. Сократтай ғұлама бұлай десе – өмір бойы оқу-тоқуға, білім-ғылымға тоймағаны шығар. Абай айтады: «Өзіңе сен, жас ойшыл», «Қуатты ойдан бас алып, еркелене шығар сөз», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат, екі түрлі нәрсе ғой мен сыр мен сымбат». Талантты талай жастың жылдар өте келе тоқырағанын аз көрген жоқпыз. Себебі, талант баптауды, көп оқуды, тынымсыз ізденісті қажет етеді. Қазіргі жастар да көп оқып ізденсе екен деймін. Қазақ театры, қара шаңырақ сахнасында өнер көрсететін болған соң ұлттық дәстүрді терең игерулері қажет. Біздердің көрген, түйгенімізден біліп қалса деймін. Бірақ көбінде сұрап білу, іздену аз. Тіпті, кей жастар театр тарихын білмейді. Осыған қарын ашады.

– Қоғамдағы қазіргі тыныс-тіршілік туралы не ойлайсыз?

– Қазақстанның дербес мемлекет болып, әлемдік өркениетке бет алуы, әлем Қазақстан деген ел, қазақ деген ұлт барын танып-біле бастауы көңілге қуаныш ұялатады. Президентіміз бен үкімет басшыларын әлемдік небір үлкен мәслихаттардан көріп көңіл тоятын болды. Іштей «тәубе, тәубе!» дейміз. Ал, елдің, мемлекеттің өсуін, рухани биігін танытатын – өнер. Шіркін, қазақ өнері, мысалы, біздің театр – қара шаңырақ бізде тек мол табиғи қазба байлық қана емес, қордалы

рухани байлық бар екенінің бір дәлелі болып, Қазақстанның атағын аспандатып, шет елдерде өнер көрсетер ме еді!

– **Өнер – мемлекет саясатының құрамдас бөлігі болуы шарт дейсіз ғой.**

– Әрине. Жас ұрпақ тәрбиесіне, бала тәрбиесіне де отбасынан басталып мемлекет деңгейінде назар аударылуы керек. Жақсылық та, жамандық та ат жетектеп келмейді. Бәрі де – тәрбиеден. Қазақта үлкенді сыйлау, әдеп-иба деген қасиеттер бар. Мысалы, келіннің немесе жасы кішінің үлкеннің алдын кесіп өтпеуінің өзінде табиғи тектілік пен мәдениет бар емес пе? Қазақ халқының ғасырлар бойғы асыл қазынасы – адамгершілік қағидалары жоғалмаса екен деймін. Мұны қадай айтып отырғаным – мені қазіргі жас ұрпақтың дарақылығы, даңғазаға, сырты жылтыр нәрселерге көп әуестігі алаңдатады. Басқаны былай қойғанда теледидардан небір сұмдықты, көргенсіздікті «тамашалап» өскен бала ертең кім болып шығады? Ел басқарған азаматтар осыған қатты назар аударса деймін. Айта берсем, әңгіме көп. Осымен доғарайын. Әйтпесе, жастар «осы үлкен кісілер-ақ ақыл айтудан жалықпайды екен» деп жүрер.

Хабиба апайдың жағымды қоңыр дауыспен айтар қызғылықты да мазмұнды әңгімесін тыңдаған жан жалықпасына кәмілмін. Кейінгі буынға берер тәлімі мол, өйткені, рухани тұғыры мықты актрисаның сөзін естіп, өнеріне көзі мен көңілін суарғысы келетін көрермен осы жұма күні – 28 ақпанда М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында өтетін шығармашылық кешіне келеді деген ойдамын.

Әлия БӨПЕЖАНОВА

«Қазақ әдебиеті», 20 ақпан, 1996

ЖҮСЕКЕҢНІҢ ХАБИБАСЫ

Ғасыр-ғұмыр иесі Хабиба Елебекова есімі мұқым қазаққа мәшһүр. Бар өмірін Жүсіпбек Елебековтей ән алыбының айнымас адал жары, ұрпағының ардақты анасы болуға арнаған апамыздың өнер саласында салған сара жолы да тағзылымды. Өнерімен ғана емес, өмірімен де ұлылықтың биік үлгісін көрсетіп келе жатқан ғасыр талғамындағы гизратты ғұмыр иесі 16 шілдеде 95 жасқа толады. Талғамы терең, парасаты пайымды сахна саңлағының әуелгі әңгімесі де кіндік қаны тамған туған жеріне деген сағыныштан басталды.

– Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында өмірге келдім. Кімге болсын туған жер деген ыстық қой. Кезінде жас болдық, туған ел, жер дегендерге аса көп көңіл бөле бермедік. Қартайған шағында адам жершіл болып ала ма? Елін аңсай ма? Кім білсін? Қасиетті Қарқаралымды, туған топырағымды сағындым. Қыркүйек айында Қасым Аманжоловтың 100 жылдығына арналып өткелі жатқан торқалы тойды желеу етіп елге барып, жастық шағымның тәтті елестерімен қауышып, ата-бабамның аруағына Құран бағыштап қайтсам арманым жоқ.

Иә, Қарқаралысы қалай ыстық болмасын?! Кіндік қанының тамғаны, қыз болып бойжеткені өз алдына, «Үні кетпес құлақтан» деп жырлайтын сүйген

жары, айнымас серігі Жүсіпбегімен ең алғаш дәл осы жерде табыспап па еді?!

Ғұмырының соңына дейін тату-тәтті бір шаңырақтың астында тұрып, арыстай азаматтың алтындай басын ардақ тұтып келген апамыз, бүгінге дейін Жүсіпбек ағамыздың ошағының отын сөндірмей, маздатуда. Дариға, Ақан, Біржан, Естай атты есімдері де әнге айналған асылдардың атын иеленген балаларын тәрбиелей жүріп, сахнаның да сан сынағын қайыспай көтерді.

– Әрине, отбасы мен жұмысты қатар алып жүру, әсіресе, өнер адамдары үшін тіпті оңай емес. Біздің заман қиын әрі қызық еді ғой. Бала туғаннан кейін 57 күн ғана демалыс береді. Одан кейін қалай өсірсең олай өсір, жұмыстары жоқ. Амалсыз балаларымызды әлі шақалақ болғанына қарамастан, үйге тастап жұмысқа шығатынбыз. Мәселен, тұңғышымыз Дариға дәл соғыс уақытымен тұспа-тұс – 1942 жылы өмірге келді. Соғыс уақыты, жағдай қиын, үй суық. Содан бір күні жұмысқа кетіп бара жатып, кеудесіне түйенің жүнінен тоқылған кеудешені кигізіп, ішікке орап отырғызып кеттім. Қайтып келсем, әлі жүре алмайтын төрт айлық сәби үйдің суықтығынан жылап-жылап, шаршап ұйықтап қалыпты... Осындай қиындықтарға қарамастан, жұмыстан бір күн де қалмайтынбыз. Ал, қазір бала өмірге келгеннен кейін үш жыл демалыс беретін көрінеді. Ол уақытта екі айға да толмайтын демалысқа қанағат ететінбіз. Әрі тұрмыс та қиын. Жұмыстан келе салып отын-су әкеліп, пеш жағатынмын. Соның бәрін көріп жүріп балаларымызды ержеткіздік. Қазіргі жастардың арманы жоқ.

Осындай қауырт жұмыспен қарбаласа жүріп, жаны нәзік, жүрегі жұмсақ, жан баласын өкпелетіп көрмеген әннің еркесі Жүсекеңін де аса сезімталдықпен сыйлап, аялап, бағалай білді. Ардақты азаматының сенімді сырласы болумен қатар, өнер жолындағы әділ сыншысына да айналған еді. Жүсекең жайында естелікпен бөліспекке әңгімесін бастаған апамыздың демінен асыл жарға деген ұлы сағыныш пен шексіз құрметтің лебі сезілді.

– Жүсекең – әншілігімен қатар жаны да кіршіксіз, таза адам еді. Өмірінде бір адамға титтей де жамандық жасап көрмеді. Елдің қандай екендігіне әні арқылы-ақ баға беруге болады. Жүсекең – әнімен қазақтың қазақтығын танытып кеткен әнші. 1934 жылы бірінші рет Мәскеуге бірнеше әншінің әнін таспаға жазып алуға шақырады. Құрамында Күләш, Манарбек, Ұлықпан дейтін күйші, Жүсекең – бас аяғы төрт-бес адам Мәскеуге барады. Сонда Мұхтар Әуезов Жүсекеңді көптеген атақты адамдардың ортасына ертіп апарып, ән шырқатқан екен. Мұханның ондағы мақсаты – өзге ұлт өкілдерінің «қазақтың әнін білсін, қадіріне жетсін, түссін» деген терең түсінігі болатын. Жүсекең ән салғызып, өзі аудармасын айтып, түсіндіріп беріп отырыпты. Сөйтіп қазақтың әнімен жиналғандарды тамсандырған екен. Түн ортасына дейін өнер көрсетіп, қайтып келе жатқан Жүсіпбекке Мұхтан: «Әй, Жүсіпбек, есінде болсын, сен жай әнші емессің. Әнді адам ойла-нып, қастерлеп айту керек. Ән арқылы елінің қандай екенін білуге болады» дегені бар. Жүсекең шамасы келгенше солай өтті өмірден. Елін, жерін жанындай жақсы көретін. Халқы да оны төбесіне көтере ардақтады. Тек өзі ғана емес, аса жақсы көретін шәкірттерінің бірегейі Жәнібек Кәрменовті үнемі жанынан тас-

тамай, алып жүретін. Сонда Жәнібек айтып отыратын: «Тәте, концерттерден соң түнделетіп жол жүргенде көзім ілініп бара жатса, оятып алып, ұйықтатпауға тырысатын». «Неге?» десем: «Ұйықтама, көр мына жерлерді! Осы жер арқылы ертең әнің жетеді. Жерді, оның әрбір тасын сезініп айтсаң, сонда оның қадір-қасиеті артады» деп үнемі айтып отырады екен. Міне, ән деп келген жүрек, ән деп өтті де өмірден... Жүсекең елін шексіз сүйетін. Өмірінде бірінші және соңғы рет жылаған көз жасы да осы туған жерге деген махаббаттың құдіретінен ытқып шыққан еді жанарынан. Ақырғы жылағаны – ауруханада жатқанда елден келіп, көңілін сұрай барған жерлесіне: «елге сәлем айт» дегендегі көңілінің босағаны. Одан басқа жылап көрген емес.

– *Жүсекеңнің керемет әншілігімен қатар, аса сымбатты адам болғанын да естеліктерден білеміз. Сіздің де көркіңізге көз тояды. Үнемі халықтың алдында жүрген қос бірдей артист бір-бірін қызғанбай, қалай тату-тәтті өмір кеітті? – деген сауалымызға кемеңгер кейуана: – Енді, әрине, сүйсең қызғанасың ғой. Бірақ мен жарыма сендім. Жүсекең де маған шексіз сенім танытты. Мәселен, Сұлтан Қожықовтың қойшының өмірі жайындағы киносына түсу барысында төрт ай бойы далада жүрдік. Сол кезде құмды жер іздеп, Түркменстанмен шектесетін шекараның маңайына келіп, шекарашылар тұратын екі үйді түсірілім біткенше тұрақ еттік. Бірінші үйде отбасымен келген ерлі-зайыпты артистер жатса, екінші үйде кішкентай төсекте мен және ауыз үйінде күллі ер адам жатты. Бастығы – Сұлтан. Кілең ер адамның ортасында жалғыз өзім бір айдан аса уақыт тұрдым. Сонда маған бір адам бірауыз сөз айтып көрмеді. Жүрген жерімде мені өте қатты сыйлайтын еді. «Хабеке, Хабеке» дегеннен басқаға бата алмайды. Мұндай кездерде де Жүсекең менің өнеріме түсінікпен қарайтын, сенетін. Соның арқасы да болар, отбасымыздың мызғымас ынтымағын сақтай алғанымыз. Және тағы бір айтарым – «Әйел болып тудың ба? Әйел болып өл! Әйел сұлулықты тілейді. Кез келген ер адам әйелі әдемі болып отырса, сол әсемдіктен рақаттанады. Әйел өзінің сұлу болғанын қандай қаласа, еркек ол сұлулықты бірнеше есе артық тілейді. Сондықтан әйел болып тудың ба, әйелдің сұлулығын сақтауға тиістісің» деп бөлісті өмірлік тәжірибесімен.*

– Өлмейтін адам жоқ. Менің арғаным-тілегім – өлгеннен кейін артымнан жан сөздің ермегені. Барлық тілегім – осы ғана. Ешкім о дүниеге атақты да, байлықты да алып кетпейтін көрінеді. Барлығы қалады екен. «Бала үшін сөйттім» деудің де қажеті жоқ. Баласы ақылды болса, өз күнін өзі көреді, ал ақымақ болса, миллиард ақшаң болса да түкке тұрмайды.

Жасы тоқсан беске келсе де, сыны да, сыры да кетпеген апамыз Мағжан ақынның отыз жеті өлеңін жатқа оқып берді. Және жай ғана емес, бойындағы өнер адамына тән талғампаздықпен, шынайы образға кіріп, аса бір шабытпен жырлағанын көріп отырып, тәнті болмасқа шараңыз жоқ. Абай өлеңдерінің де бірнешеуін жатқа айтып отырған актрисаның айрықша ықыласпен оқыған:

*«Бір жерде бірге жүрсең басың қосып,
Біріңнің бірің сөйле сөзің тосып.*

*Біріңді-бірің гиззат, құрмет етіс,
Тұрғандай бейне қорқып, жаңың шошып, –*

деген өлеңі өмірлік ұранына айналғандай.

– Міне, менің театр сахнасында қызмет еткеніме биыл жетпіс жеті жыл толады. Мен келгенде театрдың үлкені Қалибек Қуанышбаев еді. Сол кезде Қаллекилердің жасы небәрі қырық екілерде болса да, біз үшін дана адамымыз сияқты көрінетін. Ол ағалардың алдынан кесе-көлденең өтпейтінбіз. Олар да біздің көзімізше басы артық бірауыз қалжың сөз айтпайды. Үлкенді үлкен, кішіні кіші деп сыйлай білуші едік. Өмір өзгереді, кетеді. Қазіргі театр да өзгерген. Кезіндегі ағадан ініге, қарындасқа берілетін сұңғыла сыйластықтың саркытын іздеңкіреймін.

Кейінгі жастар өнердің тектілігін сақтай білсе, театрды қолымен құрған ардагерлер есімдерін тиіп-қашып қана емес, олардың қазақ руханияты үшін істеп кеткен жарқын істері туралы жақсы білсе деймін.

Олардың еңбегі қандай ерен еді!? Мысалы, 1926 жылы Қызылордада театр құрылып, 1928 жылы осы Алматыға келген екен. Онда Алматыда ештеңе жоқ. Жапырайып жатқан жаман үйлерден өзге, кино көрсетіп, қойылым сахналайтын бірде-бір мәдени ошақ болмаған. Сонда олар ойынды қайда қоятындарын білмей, заттарын арқалап, әр жерге бір сүйретіп жүрген. Ашаршылық жылдарында да қажымай, халықты өнермен сусындатқан. Өгіз арбамен жүріп өнерлерін паш еткен. Қарағым, қайталап айтамын, олардың еңбегі деген ерен болатын. Дәл сол 1931–32 жылдары бір жағынан ашаршылық болып жатса, бір жағынан елдің үлкен тобы Қытайға көшіп кетіп жатты ғой. Соны тоқтатамыз деп жаңадан құрылған жалғыз ғана театр не істерін білмей, еліміздің бар аймағына барып өнерлерін көрсетіп, жанұшыра қызмет етті. Жүсіпбек Елебеков, Рамазан Елебаев, Камал Қармысов, Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақовтар жаяу жүрсе де, халықтың Қытайға барар жолына өнерлерімен тосқауыл болды. Ал сол кезде ел арасында бандылар көп болған. Елді тонап алып кетіп жататын. Міне, жоғарыда аты аталған азаматтар сондай қиын күндердің барлығын бастарынан өткізді. Ол уақытта ойын қоятын жер деген жоқ, спектакльдер қой қораның ішіне қойылады екен. Көрермен де көп емес, әр ауылда төрт-бес үй ғана отырады. Бірде концерт беріп жатқанда «ойбай, келіп қалды» – деп қойылым көруге келген жұрт тұра қашыпты. Сөйтсе бандылар келіп көрші ауылды тонап жатыр екен. Өнерге шын берілген арыстар өнер деп жүріп, неше түрлі қиындықтарды көрген. Жастар, әсіресе жас актерлер мұның бәрін жақсы біліп жүргені жөн. Өткенін білмей болашақ өркендей алмайды.

– Торқалы тойыңыз құтты болсын, апа!

*Назерке ЖҰМАБАЙ
«Ақ босаға», шілде, 2011*

ӨНЕРМЕН ӨРНЕКТЕЛГЕН ӨМІР

Ұлттық театр өнеріміздің абыз анасы, өнертанушылар «ән салудың академигі» деп бағалаған Жүсекеңнің аяулы жары Хабиба Елебекованы қазақ жұртына таныстырудың қажеті болмаса керек. Алдымыздағы шілдеде 95 жасқа толатын (құжат бойынша), осы ғұмырының 75 жылдан астамы Қазақтың М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының сахнасында өтіп келе жатқан, қазына-кеуде Хабиба Қарақбайқызының бүгінгі ұрпаққа айтары ой-пікірі де, артар аманаты да жетерлік. Сол себепті, Алматыға арнайы сапарлап, әз анамен жүздесіп, тілдесудің сәті түскен еді.

Есікті баласы Біржан ашты.

Осыдан бес-алты жыл бұрын өткен, қазақтың дәстүрлі әнін орындаушылардың Жүсіпбек Елебеков атындағы кезекті республикалық конкурсында көргендегі ең-түрін жоғалтпағанымен апай үй ішінде ғана болмаса (оның өзінде қоларбаға сүйеніп), сыртқа шығып жүрмейтін болыпты.

– Арқа аймағы аман, жұрт тыныш па? Адам қартайған сайын елшіл, жершіл болады екен. Қарағанды мен Қарқаралыға қатысты сөз естілсе, елеңдеп отырамын. Сыртқа шығудан қалып барамын. Театрдың қос шынарындай болып Хадиса Бөкеева екеуіміз қалып едік. Күні кеше ол да бақиға көшті. Міне, жалғыз қалдым. Бірер күн бұрын, әкімшіліктен бе екен, телефон шалып, Президент стипендиясын тапсыру салтанатына шақырған-ды. Барам деп едім, аяқ жүре алмағандықтан, үйде отырып қалдым. Біржан жанымда. Күтімім мына Рахима қызымның мойнында. Өзіміздің туыс – қаракесек. Түнеугіде басқа бір жұмыс тауып алып, кетпекші болып еді, жібермедім. Аяғым ертеден ауырады ғой. Былтыр кенжеміз Естайдың ұлы Шәкен үйленгенде Болат айналайын көтеріп апарды. Болатты білесің ғой, Атабаев – режиссер, – деп апай бірден әңгіме тиегін ағытып қоя берді.

– **Апай, биыл Қасым Аманжоловтың туғанына 100 жыл толады ғой. Қарағанды жұрты осы найзағай ақынның ғасырлық мерейтойын лайықты атап өтеміз деп әзірлік жұмысына кірісіп жатыр. Қазіргі таңда Қасым ақынды көрген, қатар жүрген адамдар сиреп барады. Қазақ өнерінің кешегі алыптарының көзі боп арамызда Сіз қалдыңыз. Ақын туралы не айтасыз?**

– Япыр-ай, Қасымның туғанына да жүз жыл толып қалған екен ғой. Өтіп жатқан өмір. Бір топырақтан жаралып, «өртке тиген дауылдай» өлеңдерін тамсана оқып жүрсек те, Қасымның тірі кезінде қатты араластығымыз болған жоқ. Қайта, Қасым қайтыс болғаннан кейін отбасымен қатысып тұрдық. Сақыпжамал жеңгеміз жақсы адам еді, мені қайын сіңлі көріп, бауыр тартып, «қыз» деп жүретін. Тек бір оқиға ғана есімде қалыпты. Соғыстың алдындағы мезгіл болуы керек, Сәбит Мұқанов қонаққа шақырды. Құрманғазы көшесіндегі жер үйде тұратын-ды. Көп адам жиналды. Дастарқан басына жайғасқан шағымызда «Ассалаумағалайкүм!» – деп Қасым кірді. Сірә, арнайы шақырылмаған болуы керек. Үйдің жанынан өтіп бара жатып, Сәбеңе сәлем беруге бұрылды ма, әлде бұл не қылған жиын екенін білгісі келді ме, ол жағы беймәлім. Қасым сәлемдесіп үлгерген жоқ, қонақтардың

арасында отырған кісі, аты аузыма түспей қалды... «Біржан – Саранын» либреттосын жазған...

– ...Қажым Жұмалиев.

– Иә, сол орнынан атып тұрып: «Бұл жерге неге келесің? Сені мұнда кім шақырды? Кет қане, кет!» деп дүрсе қоя берді. Не отырған қонақтардың бірі, не Сәбең: «Бұл менің үйім ғой. Қой!» – деп Қажымға тыйым салған жоқ. Қасым түсі бұзылса да үндемеді. Көпшілікті сыйлаған болар. Жақ жазбаған қалпы шығып кетті. Мұндай намыстанбаспын. Қонақта әзер отырдым, үйге келген соң: «Ынжықсың, жігерсізсің! Ініңе неге ара түспедің!» деп Жүсекеңді де біраз тықсырып алдым. Зады жуас адам ғой, «Үй иесі ештеңе демесе, мен қайтейін?» деп қоя салды.

Кейін ауырып жүрген шағында Жүсекең Қасымның әндеріне қатты ден қойды. Әсіресе, ақынның «Өзім туралы» толғауының:

*Дүние, жалт-жұлт еткен кең мекенім,
Көре алмай көп жеріңді мен кетемін.
Арпалыс, ала құйын заманалар
Арбасып тұрып алды, мен не етемін?!*

*Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ,
Қараймын елесіңе мен таңырқап.
Жаңғыртып жер сарайын сен келгенде,
Көрпемді мен жатармын қырда қымтап, –*

деген шумақтарын қайталап айтып, «Қайран Қасым-ай!» деп, көзіне жас алып қоятын. Сөйтсем, Қасымның сөзімен өз басының мұңын, қамшы сабындай қысқа ғұмырында атқарып үлгере алмаған, соңында қалып бара жатқан іске өкінішін айтқан екен ғой. Ұлы адамдардың жеке басының ой-пікірі, арман-мүддесі көпшіліктің көңілінен табылатынына, оларға ұлт атынан сөйлеуге құқық берілетініне бір дәлел осы болса керек.

– **Хабиба апай, бүкіл саналы ғұмырыңыз өнермен өрнектелгені көзі қарақты қауымға аян. Осы жол қалай басталған еді?**

– Өзің білесің, орыс отарлығы кәріне мінген кезде қазақтың көрмеген құқайы жоқ қой. Әсіресе, кеңес билігі тұсында. Соның көпшілігі менің көз алдымда өтті. Халқымыздың осы қаралы тарихын арқау етіп, бейнетаспаға «Ғасыр қасіреті» деген атаумен фильм жазған едім. Ел тағдырына жаны ашиды-ау деген бірсыпыра лауазымды кісілерге хабарластым, әзірге қозғалыс жоқ. Сол жаныма батады. Нәубет жылдары әулетінде отыз үш жан бар немере туыстарымнан жалғыз ұл, екі әулеттегі он жеті адамнан мен ғана қалдым. Сөйтіп, қаңғырып қалған жерімнен әке-шешемді көрген, кешегі Қарақбайдың қызы, Дәліләннің сіңлісі еді ғой деген жандар Қарқаралыға жеткізіп, 1934 жылы ашылған Шаруа жастар театрына енгізді. Театр дегенің не екенін де білмеймін, қайдағы актрисалық, әйтеуір мен күнін көрсін деген ғой...

– Сөзіңіз – аузыңызда. Сол жылдары Қарқаралыда Баймұқаш Қалабаев деген әнші болыпты. Танушы ма едіңіз?

– Әрине. Сауығымыздың жартысы ойын, жартысы концерт болып өтеді. Ұйымдастырушы Жақсыберген Толымбетов деген жігіт. Театрда Баймұқаш, Қырықбай деген әншілер болды. Келесі жылы Жаңыл Қартабаева қабылданды. Менімен бірге Рахима Түгелбаева деген актриса жұмыс істеді. 1935 жылдың жазында Қарқаралыға Қаллеки мен Жүсекең келді. Екеуі демалыс алып, ел аралап, концерт қойып жүр екен. Ол кезде республикалық театрдың өзінде спектакль үшін арнайы тігілген костюм, әзірленген реквизиттер жоқ. Концерттен соң халық берген шапан, бөрік, етік сияқты киімді, кілем, алаша тәрізді мүліктерді артистердің өздері пайдаланбай, театрға тапсырады. Сол заманнан келе жатқан бір қоржын Әуезов атындағы академиялық театрда әлі де бар...

Қазақ театр өнерінің шаңырағын көтеріп, уығын қадаған тұңғыштармен, дәстүрлі әншілік өнерімізді классикалық арнаға салған тарландармен қатар жүрген, солардың көпшілігіне қолынан дәм берген, тарихтың көзі тірі куәсі Хабиба апай сонау бір сағынышты жылдары ерекше тебіреніспен, толқумен еске алады. Біз үшін ертегі тәрізді оқиғалардың бәрі күні кешегідей көз алдында. Мақсат етіп шыққан мол қазынамыз орнынан табылғанына қуанып, мағмұрланып қалдық.

– Апа, ұлылардың қолын алдыңыз, ұлағатты сөздерін өз ауыздарынан естідіңіз. Арманыңыз жоқ шығар.

– Иә, дүйім дүлдүлдермен қатар ғұмыр кешуім, өнер өрісінде бірге жүруім – Алланың маған тартқан сыйы. Олар ұлы мақсат, ұлы мұрат жолында жеке бастың мүддесін, уайым-қайғысын жиып қойып, тастүйін болып жұмыс атқаратын жаратылысы бөлек жандар еді. Мәскеуде Қазақстанның алғашқы онкүндігі өтетін болып, сапарда кетіп бара жатқанда қазақтың тұңғыш режиссері Жұмат Шаниннің баласы қайтыс болды. Сәбидің шетінегенін білсе, теміржол басшылары ата-анасымен бірге жолда пойыздан түсіріп тастайды. Сондықтан, Жұматтың әйелі Жанбике өлген баланы құндақтап алып, емізген тәрізді өңгеріп отырды барғанымызша. Жүрегі қан жылап жүріп Жұмат мәскеуліктер мен көсемдер алдында кермет концерттер мен спектакльдер қойды. Елдің абыройы үшін. Бұл ерлік емес пе? Осындай жандарды «халық жауы» деген жаламен құрбандыққа шалдық.

Дәл осындай жағдай Жүсекеңнің де басынан өтті. Ұлы Отан соғысының қайнап жатқан уақыты. Хабарланып қойған көрермендерге қолайсыздық туғызбау үшін оң жаққа салып қойған ұлымызға қарамастан, Жүсекең көпшіліктің алдына шығып, концерт берді. Несін айтасың, азаматтық сертті, халыққа рухани қуаныш сыйлау парызын жеке басының қасіретінен де жоғары қоятын мәрт адамдар еді ғой олар. Сөйтіп жүріп, қандай қиын-қыстау заманда да әзіл-қалжыңға жол берген періште пейіл, тіні мықты тұлғалар-ды. Қаллеки Нәдір деген баласы тұғанда:

*Айналайын, бір кішкентай
жас бөбегім, балапан,*

*Мен тілейін тілегіңді, жайып
көкке алақан.
Тілегімді қабыл қылсын
тілеген,
Сен көргенді көрмей өтсін
дүниеде ешбір жан.
Бір тілегім: басбұзар бол
жасыңнан,
Жуықтасып, жолдас болып
жан жүрмесін қасыңнан.
Арақпенен күнің өтсін,
қарағым,
Борыш деген артық болсын
басыңдағы шашыңнан.
Бір тілегім: түзу қызмет бір
ай бір жерде істеме,
Бір школда екі ай оқып, өзіңді
өзің күштеме.
Шегірткеше ырғып түсіп,
тарта бер,
Кім істейді мұндай істі,
қызық емей немене?
Бір тілегім: бухгалтер мен
кассир болсаң, ақша ұрла,
Айдалусыз, байланусыз,
сотталусыз құр тұрма.
Оқимын деп, қызмет қылып,
талаптанып ұмтылма,
Асық боп жүр өзіңді-өзің жерге
тығып, құртуға.
Бір тілегім: бәрі келсін,
күнің өтсін осылай.
Қиыр жайлап, шет қонып
жүр, түзулікке қосылмай.
Сенен басқа жанға мұны
жазбасын,
Кім істейді мұндай істі,
шыбын жаны шошымай, –*

деп бата бергені бар. Қаллекидің өзі айтқандай, өмірдің бар көлеңкелі жағын әшкерелеген мұндай батадан кейін ол жолға қандай есі бар адам түседі.

– Апа, кеңес дәуірінде көптеген қазақ әндерінің мәтіні өзгеріп кетті деген пікір жиі естілуде. Мысалы, ел адамдары Мәдидің «Қаракесек» әнінің түп-

нұсқасы «Сұрасаң, руымды – Қаракесек, Обал-ды біз момынның малын жесек» деп басталғанын, отызыншы жылдары мәтіннің екінші жолы «Досымнан дұшпаным көп қылған өсек» деген тіркеске ауыстырылғанын айтады.

– Дұрыс айтады. Адамдардың ойлау жүйесін, таным-түсінігін түбірімен өзгерткен мүгедек қоғамда басқаша болуы мүмкін де емес еді. Коммунистік-кеңестік идеологияға томпақ келген сөзі құрбандыққа шалынса да әуенді сақтап қалу мақсатымен сұңғыла адамдар мәтіндерін қайта жазып, халықтың рухани қажетін өтеуге жаратты. Сейітжан салдың «Қанатталды» әнінің төл сөзі басқаша болатын.

*Тау қалғып, тамылжыған шілде күні,
Ызылдап шыбын-шіркей шықпайды үні.
Жалғыз-ақ сорғалаған бұлбұл күйі,
Дауыстан естілгенде өмір жыры, –*

деген шумақта кездесетін «шыбын-шіркей» тіркесі үстем тап өкілдерінің кедейлер мен жалшыларға қаратып айтқан сөзі деп сыналған-ды. Қазір айтылып жүрген әннің сөзін Қанабек Байсейітов жазды. Ол көп әндердің сөзін тыңнан шығарды. «Смет» басқа да халық әндерінің сөзін өзгерткен Иса Байзақов. Біраз әннің мәтінін Мақсұтбек Майшекин жазды. Бұның бәрі аталған адамдардың өздеріне дейінгіні құртып, жою мақсатынан емес, халық мұрасының тым құрыса қаңқасын сақтап қалмақ болған ізгі ниеттен туған әрекет еді.

– **Заманында саясаттың салқыны тигендіктен ән мәтіндері амалсыздан өзгерсе, осы күні бүгінгі сұранысқа сай қыламыз, аранжировка жасаймыз деген желеумен халық мұрасының әуендері де әралуан құбылысқа түсіп жатқаны белгілі. Осы дұрыс деп ойлайсыз ба?**

– Жоқ, әрине. Қай кезде де ән табиғаты сақталуы керек. Әрбір әннің тарихы, жаны, жүрегі, тағдыры болады. Оларды шығарған адамдар ақымақ емес. Әуен мен сөзді үйлестіріп, әрбір оқиғаға орай, сол сәттегі көңіл күйі мен айналасындағы болмысқа сай әнді дүниеге әкелген. Мысалы, Жаяу Мұсаның «Сапары» – сүйген жарының зираты басында көзінен қанды жас ағып, зарлап тұрып айтқан жан азасы. Біржан салдың «Теміртасы» мен Ақан серінің «Құлагері» де – осындай әндер. Осыларды алақайлап, қол шапалақтап, Жаяудың қасірет тұтасқан «Хаулауы» мен Мәдидің ыза-кек кернеген «Шіркін-айын» желдіртіп, желіктіріп орындаса қалай болар еді? Қазір кейбір әншілер солай жасап та жүр. Өнердің өрісін тарылтатын осындай өресіздер. Бірде Шәкен Аймановты айтам, Жүсекеңе: «Шеберлігіңде қапы жоқ, бұлбұлымыз – өзіңсің. Бірақ, кез келген әнді көркемдеп, бояуын қалыңдатып жібересің. Ерекшелігін сақтай бермейсің» деп ескерту жасап еді. Дұрыс сын. Жүсекең шынында да әнді түрлендіріп, құлпыртып, тым сұлулап жібереді ғой. Шәкеннің ескертуінен кейін ол ән мазмұнына терең бойлап, табиғатын танып айтуға ден қойды. Оған көз жеткізу үшін Жүсекең шырқаған Біржанның «Айтбайын», Мәдидің «Қарқаралысын», Р.Елебаевтың «Жас қазағын» тыңдаңыздаршы. Әрқайсысы болмыс-бітімі бөлек, жүрегі лүпілдеп тұрған дара-дара дүние

емес пе?! Тоқбайдан үйренген «Екі жирен» ше?! Мен әнші емеспін, бірақ әнді жақсы түсінем. Тіпті, кезінде Жүсекемнің өзі: «Мына тұсы қалай шықты? Басқа ырғаққа ауысып кеткен жоқпын ба?» – деп кеңесіп отыратын.

Өнердің кепіреті соғып кетпесін десеңіз, әнді түсініп, түйсініп айтыңыз. Сондықтан да «...құр айғай бақырған, құлаққа ән бе екен?» дейді Абай. Әннің әсері дауыстың күштілігінде емес. Күшті дауыс есекте де бар. Күшті даусы бардың бәрі әнші емес.

– Арқаның сал-серілері бастап, Жүсекең жалғастырған алтын арқауды – қазақтың дәстүрлі ән өнерін үзбей, ертеңгі ұрпақтың қолына ұстататын осы деп өзіңіз таныған әнші бар ма бүгінгі күні?

– Ерлан Рысқали. Әннің табиғатын танып, астарына зер салып, ақылмен айтатын саналы әнші.

– Өз балаларыңыздың ішінде әке жолын жалғастырған, өнерге ден қойғандары болды ма?

– Жоқ. Мына Біржанның жап-жақсы мүмкіндігі бар еді, біз де құнттаған жоқпыз, өзі де бой салып, ден қоймады.

Хабиба апамыздың жанында отырған, қас-қабағына қарап, кесесін әперіп қызмет жасаған баласы Біржан өзіне қатысты әңгімеден тыс қалғысы келмеген болуы керек:

– Қазақ мектебіне бермей, адам боласың, орысша оқы деген сендер ғой. Содан кейін басқа саланың жетегінде кеттік. Әйтпесе, біршама жерге баратын едім, – деп Мәдидің «Қарқаралысын» аңыратып қоя берді. «Ырғағын дұрыс алмай отырсың, тым қатты көтеріп бастамау керек. Міне, былай» деп Хабиба апа ашық даусымен өзі жалғастырып әкетті. Ана мен бала арасындағы әзіл-шыны аралас, жарастықты пікірталасты бір сәт қызықтай қарап қалдық.

– Апа, биыл мереке де, атаулы оқиғалар да көп болғалы тұр ғой. Еліміздің тәуелсіздік туын көтергеніне жиырма жыл, Желтоқсан көтерілісіне ширек ғасыр толды. Оның үстіне, жоғарыда айтқанымдай, Қасым атамыздың туғанына – жүз жыл. Аманжолов мерейтойының, әсіресе, Арқа жұрты үшін орны бөлек. Осыған орай ел-жұртыңызға айтар тілегіңіз, туған жерге жолдайтын сәлеміңіз бар болар?

– Қарағым, жоғарыдағы бір сөзінде «арманыңыз жоқ шығар» деп қалдың. Пенде баласында арман неге болмасын. Менің арманым – еліміздегі байлық пен барлықты жеке адамдар емес, бүкіл халқым көрсе екен. Жеріміз соншалықты үлкен болғанымен, онда өмір сүретін халқымыз аз. Осы аз халық бір-бірінің қадірін білгені жөн. Отызыншы жылдардағы аштық пен ұлттың барлық жақсы-жайсаңдарын жусатып салған репрессияның зардабы әлі білініп келеді. Абай мен Шәкәрімнің, Тәттімбет пен Мәдидің кіндік қаны тамған қасиетті жерде қырық жыл бойы ядролық сынақ жасап, қазақтың тұқымын тұздай құртуға әрекеттенген отаршыл империяға менің жүрегім жылымайды. Осындай азап шеккен арда халық бейнетінің зейнетін көруге құқылы.

Тағы бір айтарым: ұлттың болмысын түзетін, мерейін үстем ететін өнер шеберлерін – ақын-жазушы, әнші-күйші, артистерін қадірлеген халықтың келешегі

зор. Қасымның ғасырлық мерекесін атап өтуді қолға алғандарың игілікті іс екен. Ердің тойы – елге, елдікке сын. Оның дүбірін естігенде, мына жердегі Президент стипендиясын алуға аяғы жетпей отырған менің де елге барғым келеді. Құт қонған Сарыарқаға, Жүсекеңнің Балқантауына, менің Қарқаралыма дұғай-дұғай сәлем айт.

Қазақтың өткен ғасырда жасаған дүлдүлдері мен бұлбұлдарының көзін көрген дария кеуде аз анамен қимай қоштастық.

*Ермек БАЛТАШҰЛЫ
«Орталық Қазақстан», 5 наурыз, 2011*

НАҒЫЗ ӘНШІ АНАДАН ӘНШІ БОЛЫП ТУАДЫ

– Хабиба апа, сіз «әннің Абайы» атанған Жүсіпбек атамыздың жары ғана емес, Қазақ өнеріне еңбегіңіз сіңген актриса, сондай-ақ бірнеше қазақ әнін бүгінгі күнге жеткізушісіз де. Былтырғы жылы жарық көрген белгілі күйші Мұрат Әбуғазының «Сарыарқа әндері» антологиясына сіздің айтуыңызбен үш ән кіріпті. Бұл әндерді кімдерден үйрендіңіз? Ел білмейтін тағы қандай әндерді білесіз?

– Мағжанның «Сен сұлуының» Мағжанның өзі шығарған әуенін ешкім білмейді. Оны осыдан 40 жыл бұрын Әбікен Хасенов Жүсекеңе үйреткен. Дәлиләтәтем де айтушы еді, содан менің де миымда қалып қойыпты. Бұл әнді алғаш осыдан бірнеше жыл бұрын Ерлан Рысқалиға айтқан едім. Содан өзін айтқан кітапты шығарарда күйші бала Мұрат пен Еркін Шүкіманов екеуі маған келіп, өздерің секілді ел білмейтін, ескі әндер жайын сұрады. Мен онда Жаяу Мұсаның «Ләйлім» атты әнін айттым. «Мынау тамаша ән ғой» деп таңданып кетті олар. Осындай қазақтың әндерінің әлі менде бірнешеуі бар. Бірақ керемет ән болмаған соң, мен оларды айтпаймын. Бала кезімізде әнді көп естідік. Көбі сол бетімен қалып қойған. Мұхаң айтқан ғой: «Абайдың қара сөзінен қалған ештеңе жоқ. Ал әнінен әлі де болса айтылмай қалып қойған нәрселер бар деп білемін» деп. Ол рас. Абайдың «Сегіз аяғының» әні менің бала күнімде басқаша айтылатын. Қазір орындалып жүрген нұсқасы – Шәкәрімнің «Ең қызық жастық» өлеңінің әні. Әкем әнші, сері адам болатын. Қайда жақсы әнші бар десе, оны алдыртып тыңдайтын. Қайда жақсы ән шықты десе, соны үйреніп алатын. Есімде, тоғыз-он жастағы бала кезімде әкем Зәрубай атты інісін Шәкәрімнің бір әнін үйреніп келуі үшін үш-төрт күндік жердегі білетін біреуге жіберген болатын. Сол Зәрубай ағамыз, шынында да, ерінбей барып, әнді үйреніп келді де, бәрімізге үйретті. Қазіргі әнін ызаланып айтуға болады, ал ана әнде мұң бар, ойлану бар (ыңылдап отырып, «Сегіз аяқты» Абайдың өз әнімен айтып берді).

– Қазақты әлемге танытқан біртуар әнші Әміре мен Жүсіпбек атамыздың кездескендігі жайлы бір тамаша аңызға бергісіз әңгіме бар. Соның аныққанығын, шын мәнінде қалай болғанын сіз білесіз ғой. Айтып берер ме екенсіз?

– Жүсекең ең алғаш Семейге келгенде он алты-ақ жаста екен. Жас та болса, керемет әнші. Семейде бір жақындарының үйінде жатқанда көршінің әйелі босанып, шілдехана болыпты. Ол уақытта шілдеханаға шақырмайды, жұрт өзі келе береді. Жап-жас бала Жүсекең домбырасын алып шілдеханаға барады, басында мән бермей отырғандар ән салғаннан кейін «өй, айналайын, жоғары шық!» – деп төрге шығарыпты. Семейде 1920 жылдары ашылған «Ес-аймақ» деген театр, концерттерді ұйымдастыратын ұйым болған. Жиналған жұрт ішінде сол ұйымның мүшелері де отырса керек, ертеңінде-ақ Жүсекеңді концертке шығарыпты. Алғаш сахнаға шыққан сәтін Жүсекең былай айтып отыратын: «Сахна дегенді білмеймін, бойым шарқы болатын, орындыққа отырып едім, аяғым жерге тимеді. Аяғыма қарап едім, ел ду күлді. Соған қысылып қалдым». Жас кезінде даусы тіпті ащы болатын. Айқайлап әнге басқанда алдыңғы қатардағылар құлағын басыпты. Соған қарап Жүсекең «мыналар менің әнімді ұнатпады-ау» деп көңілі пәсейіп қалса керек. Өмірені Жүсекең сол «Ес-аймақта» жүргенде көріпті. «Өміренің әнін тыңдауға жиналған жұрт тіпті, орын жетпегеніне қарамастан, жағалап кеп, қаумалап тұратын. Ал ән салғанда, тамағында құдды бір қалта бар сынды, толып кететін» дейтін Жүсекең.

Ұйғыр, Кеген, Нарынқол – үшеуі бір аудан болған тұста, Өміре, Жүсіпбектерге тағы екі әнші қосып, төртеуін сол аудандағы бір жиналысқа жіберіпті. Алматыдан ауданға жеткенше Жүсекең Өмірені ұйықтатып, демалдырып барыпты. Клуб жоқ, далада ән салыпты. Ең бірінші Өміре шығып, әуелете әнге басқанда, дүбірлеген аттар тұяғының дыбысы естіліпті. Ел «қарақшылар келді ме?» – деп шошып кеткен көрінеді. Сөйтсе, сегіз шақырымдай жерде жылқы зауыты бар екен. Сондағы кісілер Өміренің үнін ести салысымен, бірден атқа қонып, шауып келген беті екен. Біржанның «Қозыкөш» деген әні бар ғой. «Қозыкөш жерге дауыс қалай жетеді? Сегіз шақырым қозыкөш болмайды да ғой» деп Жүсекең танданыпты. Мінеки, сол Өмірені Жүсекең теңдессіз әнші деп бағалап, қатты сыйлайтын. Қайран, Өміре! Елубай Өмірзақов, Қапан Бадыров, Жарқын Шәкәрім – барлығы Мәскеуге бірнеше рет барып жүріп, Өміренің даусын тапты. Бірақ ол әбден тозығы жеткен таспа, сондықтан ондағы даусына қарап, Өміренің әншілігіне баға беру – қателік. Жарқынның арқасында, әйтеуір, Өміренің басына белгі қойылды, айтпесе, болашақ ұрпақ Өміренің кім екенін де білмей қалар ма еді?..

Театр бірде гастрольдік сапармен Ташкент қаласына барғанда, Хадиша, Шолпан, Бикен – үшеуі өзбектің атақты бишісі Тамара ханумның музейіне соғыпты. Үйін музей ғып қойған екен. Қазақ деген халықты дүниежүзі халқы білмейтін еді ғой. 1925 жылы Парижде өткен дүниежүзілік көрмеге барып, ән салған Өміре арқылы алғаш қазақты халықтың барын әлем халқы білгенін әлі күнге аңыздай қылып айтамыз. Міне, сол көрмеге Тамара ханум да барған. Ертең концертке шығамыз деп отырғанда, оның ыстығы көтеріліп, дірілдеп-қалшылдап қатты ауырып қалады. Сонда Өміренің өзіне жаны қалмай қарап, ыстық шай бергені жайлы Тамара біздің Хадиша, Шолпан, Бикен – үшеуіне айтып беріпті. Қайран Өміре сонда биші қызға: «Тамара, тұр, біз өзіміз үшін емес, елімізді танытамыз деп келдік» деп намысын жанып, жігерін оятыпты. Сол сөздерден кейін Тамара бір-

ден-ақ бойын тіктеп, жазылып кеткенін білмей қалса керек. Сондықтан сол кездесуде біздің актриса қыздарымызға өзбек бишісі көзіне жас алып тұрып: «Мен Әміренің арқасында концертке шықтым. Дүниежүзілік байқауда Әміре қазақтың абыройын қорғап, атын шығарды. Сол үшін Әміренің басына алтыннан ескерткіш қоятын да жөндерің бар еді, бірақ, әттең, қазақтар Әмірені ұмыттыңдар ғой!» депті. Айтса, айтқандай, біз, қазақ Әміренің алтын басын сыйламақ түгіл, «Парижде Шоқаймен кездесті» деп, оны жау қылып шығардық емес пе? Қазақ десе, өзімізге тиеді, бірақ шыны керек, біз өзіміздің барымызды қадірлей алмайтын халықпыз ғой...

– Қазақ әнін жеткізуде Манарбек Ержанов атамыздың да еңбегі ерен. Бірақ кейінгі кездері қазақта сондай бір дарынды әншінің болғандығы туралы тіпті, ауызға да алынбайтын болды. Сондықтан да кейінгі ұрпақ Манарбек Ержанов тұлғасын танымауы да ғажап емес. Қали Байжанов сынды әнші атамыз да ұмыт болып барады. Көзкөрген адамнан бүгінде сіз ғана қалған сияқтысыз ғой, сондықтан реті келгенде сол аталарымыз жайлы айта отырсаңыз.

– Жүсіпбек үнемі: «Манарбектің ән салғаны – Әміренің ән салғанындай» деп отырушы еді. Мысалы, «Манарбек әнді әуелете шырқап, кілт үзетін, Әміре де тура солай шырқаған» дейді Жүсекең. Паһ, шіркін, Манарбектің үні керемет еді ғой. Әмірінің соңғы кезінде ғана жүрегі дертке шалдықты да, содан тыныс алуы нашарлап қалды. Әлі есімде, 1936 жылы Қазақтың бірінші декадасында Манарбек «Қыз Жібектегі» Шегенің ариясын шырқағанда, бір ғана Базарбайдың байлығы емес, бүкіл қазақтың кеңдігін айтып тұрғандай сезілуші еді. Бейнелеп айтсақ, үлкен тайқазанды үш бұты ұстап тұрады емес пе, сол онкүндікті тайқазан десек, үш бұтының біреуі – Манарбек, екіншісі – Күләш, үшіншісі – Құрманбек сияқты еді. Манарбек ұмытылып барады, Манарбектің еңбегін ешкім айтпайды. Неге айтпайды? Қазақтың кім екенін танытқан әншінің бірі Манарбек емес пе? Нота деген болмаған уақытта Біржан, Ақандардың әндерін солар үйреніп алып келмесе, бүгінгі ұрпақ қайдан алар еді? Батыстың әнін жеткізген Ғарифолла болса, Арқаның әнін алып келген – Жүсіпбек пен Манарбек. Сондықтан бүгінде Манарбек жайлы айтылмайды деп жүрегім ауырады.

Ал Қалидың әнін көп естігенім жоқ. Қали Шәкен Аймановқа жезде болып келетін. Қалидың әйелі – Кенжетайдың апасы. Қали бала сияқты қызық адам еді ғой. Жүсіпбек: «Қалеке, әнді бұзбау керек дейсің де, бірінші айтқаныңда басқаша, екінші айтқаныңда ән бұзылып кетті ғой» десе, Қали: «Қойшы, Жүсеке, соны өзім де байқамай қаламын, сөйттім бе?» деп өзі аң-таң болатын. Әйтпесе, әр әнші ішкі толқынысына, жанының сүюіне қарай әнді әр кезде әрқалай құбылтып айта беруіне болады ғой. Жақсы әнші өзі композитор да болуы керек, бірденесі жетпей тұрғанын сезсең, қосып жібер, онда тұрған ештеңе жоқ. Қазіргі «Жиырма бесті» Қалидың айтуы ұнайтын маған. Бұрынғы айтылуын қойып, Жүсекең кейінгі кезде Қалидың нұсқасын айтып жүрді.

– Апа, Кеңес өкіметі тұсында халық композиторларының әндерінде мұсылмандық, дінге қатысты сөз болса, оны мүлдем айтқызбайтын, не сөзін

өзгертіп тастаған ғой. Қазақтың көп әнін сіз баяғыда бастапқы қалпында тыңдаған адамсыз, қазір қай әнді сондай қатты бұрмалауға ұшыраған дер едіңіз?

– Жаяу Мұса өзінің жары Сапар дүниеден өткенде, қабірінің басында зарлап тұрып Сапарға ән арнаған. Сол әндегі қазір айтылып жүрген «қайғыға қайғы қосылды» деген жолдың орнында «Әптиек басы Ясынды» деген болатын. Ясын деген – Құранның сүресі ғой. Сондықтан оны діншілдікті уағыздайды деп бұрмалап жіберген. Сол секілді «Қанатталды» әнінің де өз сөзі басқа болатын.

*Тау қалқып, тамылжыған шілде күні,
Ызылдап шыбын-шіркей шықпайды үні.
Жалғыз-ақ сорғалаған бұлбұл күйі,
Дауыстан естілгенде өмір жыры, –*

деген жолдардағы «шыбын-шіркей» дегенді кедейлерге арналған сөз деп айтқызбай тастаған. «Әнім еді сүйіп салған «Қанатталды» деген қазіргі айтылып жүрген өлең сөзін Қанабек Байсейітов жазған. Біраз әндердің сөзін Қанабек жазды ғой.

– Қазақта Керекуден шыққан Тоқбай деген әнші болғанын бүгінгі буын мүлдем білмейді. Сол Тоқбайды Жүсекең қатты жақсы көрген, қамқорлығына алған екен ғой. Тоқбай туралы айтсаңыз.

– Тоқбай бай болған деп, оны жер аударған екен. Сол Тоқбайды Жүсекең тауып алып, филармонияға кіргізген. Үй бермеді, жағдайы болмады, қайта кетіп қалған. Оқиға былай болған: Бұрынғы жүрген жері Белағаштан сұрастырса, Тоқбай жоқ, ешкім білмейді. 1937 мен 60-жылдар аралығында, 23 жыл өткен соң Жүсекең тағы ойда-жоқта тауып алған. Иссапармен жүрген уақытта машинамен ағызып келе жатып, жолдың арғы бетіндегі бір салт аттыны көріп, көлікті дереу тоқтатқан екен. «Анау кетіп бара жатқан – Тоқбай» десе, елдің бәрі: «Қойыңызшы, Жүсеке, оның түрін көріп тұрған жоқсыз ғой, мықырайған бір шал, қайдағы Тоқбай?!» деп күлген екен. Көлікті бұрып, қайта барса, әлгі адам шынымен Тоқбай болып шығыпты. Тоқбайды Алматыға алып келді. 1960 жылы осы үйге кірген жылымыз болатын, Ғылым академиясына, радиоға барып, әнін жаздыртты. Әлі есімде, ән жаздыртқаны үшін 300 рубль ақша алып берген болатын. Кейіннен Тоқбайдың әнші екенін біліп, павлодарлықтар іздеп келіп әнін сұраса, бірін де таба алмапты, барлығының үстінен жазып тастаған. Бір күні «Тоқбай өлді» деген хабар келді. Жүсекеңнің жылағанын көрсең, «Ол өзінің әнші екенін еліне түсіндіріп айта алмай кетті ғой», – деп, қатты жылады. Тоқбай әнді балалайкамен айтатын. Жүсекең: «Балалайканы тастасаңшы» деп, домбыра алып берген. «Жоқ, Жүсеке, мұны тастамаймын. Күзетші болып жалғыз өзім отырғанда, осымен ызыңдап отырып ән салатынмын, серігім еді ғой. Домбыраға қалай көшем?!» депті. Жүсекең қызық өзі. Бір-екі ай жол жүріп келгенде: «Мен осы сендердің түрлерінді ұмытып қаламын. Ұмытпайтын екі-ақ адамым бар: кенжем Естай мен Тоқбай. Тоқбайды есіме алсам болды, мұрны қоңқиып көз алдыма тұра қалады» дейтін. «Қайран,

Токбай-ай» деп есіне алып, өксіп жылайтын (даусы дірілдеп, өзі де көзіне жас алды).

– **Апа, сіз бір сұхбатыңызда «атақты адамдар, атақты әншілер жерге байланысты туа ма?» – депсіз, осының мәнін ашып айтсаңыз...**

– Оған сөз жоқ. Мысалы, Көкшетауды алып қарасаңыз: Ақан, Біржан, Үкілі Ыбырай – бәрі сол жерден шықты ғой. Көкшенің жеріндей жер бар ма? Бойыңда өзің де білмейтін жасырынып жатқан тырнақтай бірдеңе болса, Көкшеге барсаң, көтеріліп шығып кетеді. «Арқада Бурабайға жер жетпейді» деп Мағжан текке айтпаған ғой. Жаксы жер адамға еріксіз ой салады. Ақан, Біржандардың жүрегін тербеп, ән шығарған Көкше ғой. Егіндібұлақтың тауы – Балқан таудың айналасынан көп әнші шыққан ғой. Жүсіпбек, ағасы Жақыпбек, Қуан Лекеров, Нығыман Әбішев, Ғаббас Айтбаев. Құдайдың күдіреті, сол Ғаббастың тұқымдарының бәрі әнші екен!.. Ғаббасты: «Ақын-әнші, ол ән айтқанда, өзі шығарып тұрғандай айтады» деп Затаевич айтқан екен ғой. 1927 жылы шақыртумен он бір әнші Москваға барды, солардың бірі – Ғаббас. Ол уақытта ол театрда жоқ, елде болатын. Елден алдыртқан екен.

– **Қазіргі дәстүрлі әншілерге көңіліңіз тола ма, апа?**

– Өнердің ішінде адамға ең тез жететіні, асылы – ән. Бірақ әншілердің барлығы әнді түсініп айта бермейді. Мысалы, Жаяу Мұсаның «Хаулау» әнінде: «Мінгенім қаз мойын мен майда жалды, Мекенім Баян тауы, шіркін-ай, артта қалды», – деп зарланып айту керек қой. Қайғылы әнді желпілдетіп, лепіртіп айтады. «Та-та-та» деп айтсаң, күлкілі ғой.

– **Жүсіпбек атамыздың қазақ әнінің көсегесін көгерткен, маңдай алды шәкірті Жәнібек балаңыз туралы не айтар едіңіз?**

– Тегінде тек ән жайында Жәнібектен басқа ешкім жазған емес. Оның сөз тапқырлығы, шешен сөйлеуі, әншілігінен де мін таба алмаймын. Мәселе, балам, дауыстың күштілігінде емес. Күшті дауыс есекте де бар. Дауысым бар екен деп, елдің бәріне «әншімін» деп айтуға болмайды. Түйені де үйретіп, билетіп қоюға болады екен ғой. Сол сияқты адамды да үйретіп, еріксіз әнші қылып шығаруға болады. Ал нағыз әнші Алланың жазуымен, анадан солай әнші боп туады деп білемін. Мен әнші емеспін, бірақ әнді жаксы түсінемін. Ең мықты әнші деген Жүсіпбегім: «Дұрыс айттым ба?» – деп менімен ақылдасып отыратын. Абай: «Сұлулық ол – дененің берген сыйлығы, бет сұлулығын елдің бәрі таниды, ал сұлу сөз бен әдемі ән – жан сыйы. Жан сыйын елдің бәрі тани бермейді» дейді. Жәнібектің артықшылығы – осында. Өзі қайтыс болған соң, әйелі Тоты Жәнібектің Жүсіпбек туралы «Әніңнің халық жетпес бұрмасына» деген кітабын шығарды. Әннің қасиетін тек қана Жәнібек біледі десем, қателеспес едім. Екі ауыз ән адамды жылатып жібереді. Мұны Жәнібек ғана ашқан. Адамның өнері мен адамгершілігі бірдей бола бермейді. Өнері бар, адамгершіліктен жұрдай адамдар қаншама?! Жәнібекте екеуі де бар: нағыз адам, нағыз әнші, нағыз жазушы, нағыз адамның жанын түсінуші (көзіне жас алды). Былтыр 60 жылдық еске алу кешінде Қайрат «Айбозымды» айтқанда мен жылап отырдым. 60 жылдығын Жәнібектің өзі өткізгенде қалай болар еді? Баласы Шәкәрім тамаша жігіт болып өскен екен.

Соған қуандым. Тоты да жақсы. Жақсы азаматтардың жолдастары жақсы кездесе, өнері өсе береді. Әйелдері ақымақ болса, құри береді. Құдай тағаладан өнерлі жігіттердің жолдастары жақсы болса екен деп тілеймін. Жәнібек Тотыны «нағыз мыстан, тәте» дейтін. «Мыстаны несі?» деймін ғой. «Мыстандар барлығын біледі ғой, Тотының да білмейтіні жоқ» дейтін. Жәнібекті туған баламдай жақсы көретінмін.

*Жадыра ЖҰМАКҮЛБАЙ,
«Алаш айнасы», 25 желтоқсан, 2010*

БІЗДІҢ ҮЙДЕ АБАЙ АТАМ ҰСТАҒАН ТОБЫЛҒЫ САПТЫ ШЫБЫН ҰРҒЫШ БОЛҒАН

1936 жыл – қазақ халқының мәдени өмірінде тарихи жыл болды. Қазақ халқының көркемөнерінің, театр өнерінің, ән-күйінің даңқы жер жүзіне танылған жыл еді ол. Қазақ өнерінің Мәскеуде өткен онкүндігіне қатысқан 300-ге жуық өнер шеберлерінен арамызда жүрген жалғыз көзі тірі Хабиба Елебекова апамыз күні бүгінге дейін театр сахнасынан түскен жоқ.

Бірінші онкүндік деген тарихи атауға ие болған мәдени шараның 70 жылдығына орай біз Хабиба апайды әңгімеге тартқан едік.

– Ол естен кетпес жылдар еді. Қазақ халқының көркемөнерінің шарықтауына жарқын жол ашып, таланттарына рухани күш берген ең алғашқы беташарымыз болды.

Бұл жылдарда партия, үкімет орындары көп ұлтты республикалардың өнерінің өсу жолына қамқорлық жасап отырды. Осыған байланысты әрбір республиканың онкүндігі өткізіле бастады. 1936 жылы наурыз айында алғашқы болып Украина көркемөнерінің онкүндігі өтті. Украинадан кейінгі кезек бізге беріліпті. Республика басшысы Мирзоян Сталиннен рұқсат алған көрінеді. Бұл кезде қазақ өнерінің сахна шымылдығының ашылғанына он жыл толған еді. Барлық дайындық жұмыстарына Халық ағарту комиссары Т.Жүргенов басшылық жасады.

Даярлық жұмысы бір айдай қазіргі Пушкин көшесіндегі Қазақконцерт үйінде өтті. Ол қыза келе қазіргі Наурызбай көшесіндегі Ұйғыр театрында өткізілді. Онкүндікке қандай спектакль апару мәселесінде таңдау ерекше талғаммен жүргізілген болуы керек, ақыр соңында іріктеу «Қыз Жібек» пен «Жалбырға» түсіпті. Бұл екеуі де тақырыптық жағынан да, музыкасы жағынан да жоғары еді. Онкүндік қорытындысы бойынша үлкен концерт беру қажет болды. Ол концертте қазақ өмірі, тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы көркемдік бейнеде сахна салтанаты болуы қажеттігі айтылды.

Концертіміз екі бөлімнен тұрды. Бірінші бөлімге халықтың ойын-сауығын, тұрмыс-салтын, мәдениетін көрсететін театрландырылған көріністер кірді. Оған қыз ұзату, келін түсіру, жар-жар, ақындар айтысы, сереккұлақ, ақсүйек ойындары алынды. Ән таңдау кезінде Сәкен, Илияс, Бейімбет, Мұхтар ағайлар көп көмек

көрсетті. Сол күндердегі бірлік-ынтымағымызды ойласам, сондағы асыл азаматтарымызды сағынғаннан жүрегім сыздап кетеді.

– Хабиба апай, өнер онкүндігіне Қазақстаннан қанша адам бардыңыздар? Мәскеу Сіздерді қалай қарсы алды және мәдени іс-шараны немен аштыңыздар?

– Қазақстан өнер шеберлерінің құрамы үш жүз адамнан болды. Жолға 5 мамыр күні шығып, Мәскеуге 11 мамыр күні келіп түстік. Жол бойы халықтың бізге көрсеткен құрметі ерекше болды. Мәскеуліктер бізді Қазан вокзалында қарсы алды. Вокзалда мінбер жасалып, халық жиналып тұр екен. Қазақстандық делегация атынан Күләш Байсейітова сөз сөйлеп, халықтың құрметіне ризашылық білдірді. Жол қаншалықты ұзақ болса, біздің жол бойы көрген қуанышымыз бір күнгідей болған сияқты. Арамызда Кенен, Иса, Нартай, Нұрпейіс, Доскей ағайлар бар – бәріміз Жәкенді – Жамбыл атаны қаумалап алып, талай қызықты күндерімізді өткіздік. Жолшыбай Куйбышевтен өткенде «Правда» газетінде Жәкеннің «Туған елім» атты өлеңінің жарияланғанын естіп бір марқайып қалдық.

17 мамыр күні онкүндіктің шымылдығын «Қыз Жібекпен» аштық. Онкүндіктің ашылуына Өкімет мүшелері, БК(б)П Орталық Комитетінің Саяси Бюро мүшелері, мемлекет және партия қайраткерлері түгел қатысты.

Спектакль біткенде халықтың қошеметі керемет болды. Сол күнгі Күләштің ойыны бұрынғыдан да ерекше болды. Сахнада жүрген Күләш емес, сонау өткен заманның Қыз Жібегі болып көрінді. Біздерді де өз айналасына үйіре білді. Ал біз өзімізді шын Қыз Жібектің жанында жүргендей сезіндік. Әсіресе, соңғы пердедегі Төлегеннің өлгенін естігеннен кейінгі «Дүние-ай» әнін айтып, жағалай тұрған қыз-келіншектермен қоштасқаны, сондағы «маған енді өмірдің керегі жоқ, араларыңнан мен де кетуім керек, жастайымнан бірге өскен кимас достарым, кешіріңдер мені» деген ойы көзінен, қимылынан сезіліп, спектакль үстінде біздің өзімізді үрейлендіре түсті. Осы спектакль үстінде Күләштің тұтатқан оты сахнадағы біздерді шабыттандыра түсті, өзімізді еркін сезінуімізге себепкер болды. Сол кеште қазақ өнерінің жоғары баға алуына себепкер болғанның бірі – үлкен сезім иесі, қазақ халқының дарынды ару қызы Күләш еді.

Әнін желмаядай созып барып, тау басынан суға құлап өлген Жібекке деген халықтың аяушылық сезімін көргеніңде тұла-бойынды ерекше бір тебіреніс билеп алатын.

Күләш Жібектің кезекті бір ариясын айтып бола бергенде, Сталин Исаевқа бұрылып:

– Біздің кейбір әншілер бар. Ән айтса, сол орнында қатып қалады, ал қозғалса, әнін айта алмай қалады, мына қызда бәрі бар, әнді де жақсы айтады екен, әрі қимыл-қозғалысы да жарасымды, жақсы ойнайды екен, – депті.

– Кремльдің Үлкен Сарайында қойылған концертке де Өкімет адамдары түгел қатысып, кейін Қазақстан өнер шеберлерінің құрметіне Сталин қонақасы беріпті ғой?

– Мамыр айының 25 күні кешкі сағат сегізде Кремльдің Үлкен Сарайында концерт қойдық. Оған БК(б)П Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелері тү-

гел дерлік қатысты. Күләш «Гэкку» мен Майраның әнін, биске тағы бір ән айтты. Осы кештен кейін Күләшқа «Қазақтың бұлбұлы» деген ат берілді. Оның шын бұлбұл екендігіне елдің де көзі жетті, бұлбұл екендігіне Күләш та көзімізді жеткізді. Өнер қорытындысы бойынша марапаттау рәсімі жүргізіліп, Калинин ақсақал Күләштiң кеудесiне Еңбек Қызыл Ту орденiн тақты. Күләш марапаттау рәсіміне кара атлас көйлек киіп шыққаны әлі есімде. Еңбек Қызыл Ту ордені екінші болып Жәкең алды. Одан кейінгі марапатты Сәкен, Темірбек, Құрманбек, Елубай ағайлар иеленді. Жалпы онкүндік қорытындысы бойынша он үш адам жоғары наградаға ие болды.

Соңында Кремльдің Үлкен Сарайында Қазақ өнерінің бірінші онкүндігіне арналған үлкен қонақасы берілді. Қонақасыға Сталин бастаған Өкімет мүшелері қатысты. Сахнаға көлденең президиум үстелі қойылып, оған мемлекет басшылары жайғасты. Жоғары көлденең қойылған үстелде артистерден екі-ақ адам – Күләш Байсейітова мен Елубай Өмірзақов отырды. Жүсекең екеуіміздің отырған орнымыз олардан қашық болмады. Жүсекеңе көрсетілген орын он сегізінші, менің орным он тоғызыншы болды. Бәрін жақыннан анық көруге мүмкіндік туды. Он күн бойы Саяси бюро мүшелері біздің ойынымызға келіп жүретін. Бірақ онда анық көре алмағанбыз. Сталинді жақыннан анық көрдім, менің көзіме оның үстіндегі киген киімі жұпынылау болып көрінді. Суретіне қарағанда суық адам көрінгенімен, ол күлімдеп, өте жайдары отырды.

Елімізге қайтар алдында бізге арнап дүкен ұйымдастырды. Дүкеннің іші толған дүние, көздің жауын алады. Не аларымызды білмей, әрқайсысын бір аламыз. Ақшамыз да бар, осында бір айлық еңбекақымызды берген болатын. Өзімізге не жарасатынын да біле алмайтын кезіміз. Сәкен ағай біздің сән-салтанатымызға қарай, жарасымды таңдау жасап, ұнамды киім алуымызға көмектесті.

Бізді мәскеуліктердің Қазақстанға шығарып салу кеші де мерекелік жағдайда өтті. Қазан вокзалы халыққа сыймай кетті. Гүл нөпіріне үш жүз адам түгелдей көміліп қалдық.

Жүсекең, Ахаң – Ахмет Жұбанов бастаған филармония артистері Ақтөбе облысында түсіп қалды.

1936 жылы Жүсіпбекке «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген артисі» деген құрметті атақ берілді. Бұл атақ Жүсіпбекті бұрынғыдан да шабыттандыра түсті.

– Қазақ өнерпаздарының Мәскеу халқымен бірінші кездесуі 1927 жылы сәуір айында болмап па еді?

– Иә, ол кездесудің жөні бөлек еді. Сол жылы РСФСР Халық ағарту комиссары Луначарскийдің арнайы шақыруы бойынша Мәскеуге он адам барып, Бүкілодақтық Кеңестер съезіне арналған концертке қатысқан болатын. Олардың құрамында: Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Серәлі Қожамқұлов, Құрманбек Жандарбеков, Елубай Өмірзақов, Жұмат Шанин, Дәлилә Оңғарбаева, Жанбике Шаниналар болған еді.

Ал Қазақстан өнерпаздарының Мәскеуге екінші келуі кең көлемде музыкалы-драмалық өнердің өскен, кәсіби сатыға көтерілген кезіндегі творчестволық есебі еді...

– Хабиба апай, биыл 90-ға толған театрдағы өнер кешіңізде театр сыншысы Әшірбек Сығаев Сізді «ұзақ өмір сүрудің техникасын меңгерген», «екі жақсы қосылмайды» дегенді жоққа шығарған актриса, деп атыңызға мадақ сөз айтқан болатын. Жалпы театр сахнасындағы ұзақ өмір Сізге не сыйлады?

– Қалқам, мен өз өміріме ризамын. Жүсекеңдей асыл азаматпен тағдырымның бірге болғанына, өнер атты қасиетті жолда әулиедей болған жеті муза – жеті шалмен бірге жүріп, сөздерін естігеніме, солардың сарқытын ішкеніме қуаныштымын.

Адам жас кезінде алғыр келеді екен. Арада қаншама жылдар өтсе де ұлы кісілермен болған күндерім күні бүгінгідей көз алдымда тұр. Менің қазіргі кезде ақыл-парасатым одан әрі өскен сияқты. Театр сахнасында ойнаған спектакльдердегі кемшіліктерімді қазір байқап жүргендеймін, қайталап ойнасам, оны енді жібермейтіндеймін. Мағжанның сол кездегі жаттаған қырықтан астам жырын әлі күнге дейін жатқа білемін. Әттең, соны өз алдына сахнаға шығарсам деймін. Қазір осының бәрін қағазға түсіріп қойдым, аманшылық болса, шығып қалар.

– Құсбек ханның шөбересі алдында ақтылы малы, астында даңғарадай үйі жоқ бейсауыт кезіккен артиске қалай тұрмысқа шығып кете барған? Махаббат майданында әйелдер кәсіпқой, ал еркектер әуесқой келеді екен. Сіздің кәсіпқойлығыңыз Жүсіпбек көкеміздің әуесқойлығын жеңіп кетіпті ғой.

– Ай, айналайын-ай, Абай атамыз: «Дүниенің бәрі – келісіммен жаратылған» демей ме?! Жүсекең шын мәнінде халықтың ұлы, өнердің құлы бола білді. Мен оны сол құлшылығы үшін өмір бойы сыйлап өттім. Ұсынса қол жетпейтін жайсандармен табақтас болуым Жүсекеңнің арқасы.

Жүсекең – өз есімін мәрмәр тасқа емес, адамдардың жүрегіне жазған адам. Басыма ақтан үй тұрғызбадың, ас ішетін аяғым алтыннан болмады деп ағанның мазасын алған жан емеспін, не көрсек те бірге көрдік. Сондықтан да бір-бірімізге деген тазалығымыз бәрінен биік тұрды.

– Әйелдер мен пілдер ғана ренішін ешқашан ұмытпайтын көрінеді. Жүсекеңнің бір ісіне ренжіген кездеріңіз болды ма?

– Адамдар өз шамасын асыра жоғары, не әсіре төмен бағалайды. Кемелдікке жетпей жатуы да содан. Өнердің өзін тануға емес, иесіне табынуға құмар. Талғамның тозғындауы содан. Менің өмірімдегі бар білімім – төрт-ақ кластық. Сондықтан өмірдегі орнымды білдім, бар өмірімді Жүсекеңе арнадым. Ол мені ренжіткен жоқ, ал мен өз кезегімде алдынан қия өтпедім.

– Өмірден іздегенін тапқан адам – шын бақытты адам екен. Жүсіпбек көкеміз – өмірінде де, өнерінде де іздегенін тапқан адам. Кейінгілердің есінде жүрсін, Жүсекең талантты іздеу, шәкірт дайындау ісінде де үлкен бақытқа кенелген кісі ғой.

– Жүсекеңнің мәңгілік аты өшпейді, өйткені, әні бар, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған мыңдаған шәкірті бар. Жәнібек Кәрменов, бүгінгі Қайрат Байбосыновтар бастаған ән керуені әлі талай ұрпақтың бесігін тербететін болады.

– **Ақан сері жарықтық ел аралағанда қасығына дейін алып жүреді екен. Гастрольдарға шыққанда ерекше күй талғайтын ба едіңіз?**

– Күй талғайтын уақыт болды ма бізде. Сәнденіп, баппен қимылдайтын уақыт қайда, біз өнерді шынайы, табиғи күйінде жасадық.

– **Кезінде Сіздердің үйлеріңізде Мұхтар Әуезовті таңғалдырған, Абай ұстаған тобылғысапты шыбын ұрғыш болыпты. Соның шығу тарихын айта кетсеңіз?**

– Ойпырмай, оны қайдан білесің!?

Мұханның мінезі бала сияқты, болымсыз дүниеге де қызығып қарайтын. Мұхаң біздің үйге жиі келіп тұратын. Үйіміз бір қабатты, жеке қорамыз бар еді. Үйге көбіне Қаллеки екеуі келетін. Мұханның өзі жақсы көретін орны қораның төр жағындағы алма ағашының саясы еді. Сондан күндердің бірінде Мұхаң үйде, жанында жатқан аттың қылынан істеген шыбын қуғышты қолына алып қызығып қарап отырды да:

– Жүсіпбек, мынау қазақ қолөнерінің өте шебер жасалған мұрасындай екен. Қандай әдемі еді! – деп өз таңданысын білдірді. Шынында да солай болатын. Тобылғысаптың сыртынан ақ қыл мен қара қылды шабыстырып, төртбұрышты үшкірлеп өріп шығарған. Саптың шыбын ұратын үш жағы топталған ұзын ақ қылдан тұратын. Сап пен ұзын қылдың түйіскен жерін айналдыра қысқа қара қылмен шок шашақ жасаған.

– Мұха, бұл шыбын қуғышты қасиетті Абай ағам қолына ұстаған. Оны бізге Семейде тұратын Абай ағаның досы Бекбай ақсақалдың бәйбішесі Ақанымыз тұғанда ырым етіп сыйлаған болатын, – деп Жүсекең оның тарихын түсіндіріп берді. Мұхаң оған «жаным-ау, рас айтасың ба?» – деп өз таңданысын білдіріп, ұзақты әңгімеге көшті. Оның қадірін білмеппіз, данышпан Абай ағамыз қолына ұстаған сол затты балалар сабау мініп, ирек қамшылап жүріп, соңында жоғалтып алдық.

– **Қазақ өнері біркиер киім сияқты болып барады деген пікір бар. Оған не деп едіңіз?**

– Рас, бұрынғы алыптар салған дәстүр бұзылды. Қаллеки барлық рольдерін әнмен айтатын. Қазір жеңіл-желпі, жыртақай күлкіге құрылған дүниелер қаптап кетті. Театр сахнасында қойылып жүрген «Әңгүдік» спектаклінен не ұғуға болады? Ондайлардың өмірі ұзаққа бармасы анық, біркиер киім дегеніміз осыдан болар.

– **Сән қуып киінуге ықтиярыңыз қалай? Жақында театрда өткен мерейлі тойыңызда сахнаға биік өкше аяқкиіміңізбен шыққаныңызды көрген қыз-келіншектер Сізді мұз айдынында конькимен тұрғандай көріп, жүректерін ұстап отырды.**

– Сахна әдемілікті тілейді, сондықтан оның тәртібімен жүруің керек. Әрине, тән сұлулығымен бірге жан сұлулығы да қажет. Қаллеки семіз әйел екі үйдің бірінен табылады деп, біздің шамадан тыс жайылып кетпеуімізді қадағалап отыратын.

– **Өнер адамының досы кім?**

– Достың шеңбері – адалдық, шынайылықта деп білемін. Жоғарыда аталған алыптар шоғырының тазалығында шек жоқ еді.

Адамдар шын сүйіспеншілікке күмәнмен қарап, тұманда адасса, жеккөрушілікке тез сеніп, теріс жолды таңдауға бой алдырады. Шын бақыттылардың сирек болатыны осыдан.

– **Табиғи дауыс, сұлу үн – актер бақыты. Режиссер Асқар Токпанов «еркек дауысты әйелде ұят болмайды, әйел дауысты еркекте қуат болмайды» депті. Қазіргі актерлерде тіл тазалығы жоқ, үндестік заңын бұзып алған деп сынап жатады. Бұл жөнінде не айтар едіңіз?**

– Қаллеки мен Елағаң ит болып үргенде сахнада шын ит жүргендей болатын. Қаллеки ұзатылатын қыздың сынсығанын, кемпірдің даусын, иттің үргенін, жылқының кісінегенін, сиырдың мөңірегенін айнытпай салатын. Күлкі үшін айтсақ болады, бірде Күләш: «Ойбай, әлгі екі ит те сахнада жүр екен ғой» деп әзілге басқаны бар. Қазіргі жастардың бірде-біреуі осындай өнерді қайталауға ұмтылмауы мені таңдандырады.

– **Дұрыс қартая білудің өзі де өнер екен. Данагөй, баталы абыздардың көзін көрген кезіңізден шерлі бір әңгіме айтпас па екенсіз?**

– Адамдар өнердің атасы – дарын, анасы – білім екенін білсе де ұмтылысы азайып барады. Олар құрмет-абыройдан емес, атақтан келеді деп сенеді, сондықтан да даңққұмарлықты асқындатып жатады. Қадірсіздіктің белең алуы да содан.

Мен ұзақ жылғы өмірімде көрген-білгенімді қағазға түсіріп, «Қазақ халқының қасіреті» деген сценарий жазып бітірдім, сонда бәрі айтылады. Өкініш, ренішім де аз емес. Қазақ театрын құрған жеті шалға күні бүгінге дейін ортақ ескерткіш қоя алмай келеміз. Ән атасы Әміреге қандай құрмет көрсеттік, мені көбіне осы ойлантады.

Халық жақсыны іздейді. Көбіне кештеу іздеп жатады.

– **Хабиба апай, Сіз шөберелеріңіздің алақанынан май жалау бақытына ие болған жансыз. Бақыт деген не?**

– Бақыт атаулыны бір мақсат-мұратқа жетумен шектеуге болмайды. Басына қайғы-қасірет түспеген адам да бақытсыз. «Өзің туғанға дейінгі дүниеде не болғанын білмесең, өмір бойы нәресте қалпында қалдым дей бер» деген аталы сөз бар. Мен кешегіні – бүгінгіге жалғастырған бақытты жанмын.

– **Хабиба апай, жүзіңізде де Сізді сахнада көрейік!**

*сұхбаттасқан Ермек ЖҰМАХМЕТҰЛЫ
«Алматы ақшамы», 20 маусым, 2006*

«ЕЛІМЕ БІРЛІК-БЕРЕКЕ ТІЛЕЙМІН»

Мақпал үнді дүлдүл әнші Жүсіпбек Елебеков есімі халқына кеңінен мәлім. Арқаның ән мектебінде орны ерекше. Оның өнеріне ұлы Мұхтардан бастап ұлтымыздың талай-талай талғампаз таланттары жоғары баға берген, әуелете, әсерлендіре, әрлендіре салған әндерін тамсана тыңдаған және сол аға буын – «алтын гасыр ардақтары» одан озған әншіні естімей кетті. Жүсіпбек пен Ғабиден аға-

ларымыз өле-өлгенше бірін-бірі қадірлеп, сыйласып өткен. Ғабеңнің 100 жылдығына орай Алматыға сапарымызда атақты, аруақты әнші ағамыздың орнына тәу еткенбіз. Құдайға шүкір, орнында асқар таудай болып сексен асқан Хабиба анамыз отыр. Ол кісіге елдің ыстық сәлемін жеткізіп, сағыныш сезімдерін, аналық ақыл-нақылын тыңдадық.

Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, Жүсіпбектей бұлбұл ағамыздың қосағы, көненің асыл көзі Хабиба апамыз соңғы жылдары замандастары – өрен өнерпаздар туралы теледидардан жиі сөйлеп жүр. Шабал Бейсекова, Бикен Римова, Хадидша Бөкеева, Шолпан Жандарбекова және басқалар туралы телехабарларда осынау бүкіл халық болып қастерлеп, төбемізге көтеріп отырған ардақтыларымыз жайында айтқан мәнді, парасатты ой-пікірлерін сүйсіне тыңдағанбыз. Бикен апамыз туралы әңгімесінде оның әр күн ертеңгілік аяғы бастырмай, қан қысымы көтеріліп, бойы жібермей жайсыз жүретінін, ал соған қарамай театрға келіп, сахнаға шыққан кезде ауруын ұмытып, құр аттай болып кететінін қызық етіп айтқан. Бұл кісінің естеліктерінің бір ерекшелігі – көптеген қадірменді ағаларымыз сияқты «мен және Мұхаң, Сәбең, Ғабең» демейді, өзін қыстырып жібермей, өзін оқшау қалдырып сөйлейді.

Сөйткен апамыз сексеннен асса да сахнаны әлі «рухани қорек» етеді екен. Бикен апамыз сияқты, театрға сүйретіліп әзер жетіп, одан жас адамдай құлдырап оралады екен. Бұл туралы кейінірек айтармыз, ал Хабиба апа Жүсекең мен оның айналасын, оның өнер дәуірін «Қайран, Жүсекем!» деген кітабында (Алматы, «Санат», 1998 ж.) тамаша суреттеп жазған. Біз сол кітаптан сырт қалған кейбір жағдаяттар мен бүгінгі заман жайында пікірлестік, асыл апаның ойын тыңдадық.

Хабиба апа қазақтың қасиетті Қарқаралысында туып-өскен зой. 1935 жылы тамыз айында Қалибек Қуанышбаев пен Жүсіпбек Елебеков екеуі ел аралап жүрген сапарында жас Хабибаны Қарқаралы халық театрындағы ойынынан көріп Алматыға алып кеткен.

...Содан бері Алматыдамыз, ел-жұртқа анда-санда атүсті соққанымыз болмаса, құмар қанатындай бір аралап қайта алмай жүрміз. Болат Атабаев анада: «Түсіме кірдіңіз, елге апармадың деп ұрсып жатыр екенсіз» деп жақсы бір жоспарлар айтып еді, күнде ертеңмен өмір өтіп барады.

Әңгіме ел, сонау сұрапыл жылдар жайына ауысты. Қарақбай әулетінен тараған отыз үш жаннан бүгінде Томарда жалғыз Жаңабай қалыпты. Отыз екінің сұмдығында бұлар Балқашқа шұбапты. Өлгені өліп, жоғалғаны жоғалып, қоңыр күзде Ақтоғайға жетеді. Аудан шетінен үңгір қазып, сонда тұрған. Осында бәрі қырылған. Апай екі шешесі, тағы бірер туысымен Кемер асады. Оларды да беріп, Қарқаралыға жалғыз оралған зой.

– «Өткен күнде белгі жоқ» деп бабаларымыз тегін айтпаған-ау, қарағым! Сонау отыз алтыншы жылғы онкүндікке қатысқандардан қазір үш-ақ адам қалдық. Жақында хабарлассам, Айгүл деген қыз архивтен ештеңе таппағанын айтты. Мұнда да бір пендешілік бар сияқты. Пендешілік дегеннен шығады, онкүндікке қатыс-

ты бір оқиға осы күнге дейін есімнен кетпейді. Ол онкүндік туралы көп жазылды ғой, көп оқиғалары тарихқа кірді. Бір келеңсіз жайт – алғашқы музыкалы театр «Айман – Шолпанмен» ашылғанда басты рольде ойнаған Әйнеш Ержанова Москваға бара алмай қалды. Тамаша әнші, өте сұлу, келісті адам болатын. Тәкаппарлығы да бар еді. Күншілдік пен бақталастық қырсығы тиді білем – әйтеуір біздің театрдан Оралға жіберіліп, ақыры өнер ауылынан жоғалып тынды.

Отыз алтыға бірден секіріп отырғаным – отыз екі қасіретінің қалай ұмытылғанын ескерту. Әрине, ол сұмдық еш уақытта ұмытылмайды, бірақ тіршілік деген алдарқатпай қоймайды. Жүсекеңнің орнында отырған мына мен қазір сендерге үлкен олжамын. Бірақ менің міндетім – ауыр. Өйткені, өткенді бұрмаламай, дұрыс айтуым керек. Біз сияқты көнекөздер сөзі – кәдімгі дерек, тарихи мұрағат. Жүсекеңді кітабымда әлім жеткенше жаздым. Ол шын мағынасында мақтаудан гөрі мақтаным тұтатын адам. Жақында Шолпан Шымкентке барып келді. Ол қалада Құрекең атында бульвар бар. Оңтүстік атақты азаматтарын ардақтай білетін, ұлттық дәстүрлерді қаймықпай дәріптейтін ел ғой. Осыларға риза болып оралды. Туған жері – Қарағанды да ұлттық озық дәстүрлер негізінде перзентіне ықылас көрсетсе керек. Үйде отырып осындай көл-көсір көңілге тояттап, шаттанып қаламын.

– Театрда өтіп келе жатқан ұзақ ғұмырыңызда талай-талай рольдерде ойнаған шығарсыз, солардың ішіндегі ең есте қалғандары кімдер?

– Жұмат ағамыз қойған «Арқалық батырда» Арқалықтың келіншегі Қарагөзді бар жанымды салып, сүйсіне ойнағаным есімде. Кәсіби сахнада режиссер Илья Боров деген кісі Погодиннің «Ақсүйектерінде» монах әйелдің, «Ревизорда» Пошлепкинаның ролін тапсырды. Тым жастығымнан шығар, ұялыңқырап ойнадым. Кейін «Абайда» Оразбайдың әйелі Қаныкей елу бес жыл бойы үздіксіз маған берілді. «Қобыландыда» – Күнікей, «Қозы Көрпеште» – Мақпал, «Абайда» – Ұлжан осылайша жалғаса береді.

Бұрындары айтылып, жазылып жүргендіктен шығар, апай өзінен гөрі өзгелер туралы сыр ақтаруға көбірек ойыса берді. Бір сәт Жүсекеңді еске алды. Әбден танылып, халқының өлшеусіз ықыласына бөленген шағында өзіне ізбасарлар іздеп мазасызданған көрінеді. Мәдениет Ешекеев табылғанда керемет қуаныпты. Ал Жәнібек пен Қайрат орындалған арманындай екен. Бүгінде Қарағандыда тұратын, ақтоғайлық атақты әнші Оралтай Сүлейменовтің әуелете шырқаған сайын ажарлана түсер мақпал үніне қатты қызығып, кәсіби сахнаға қиыла шақырғанынан да хабардар едік.

Ғабиден ағамыз Жүсекеңнің әншілігі туралы: «...әнге бар сезімін билетіп, балқи отырып, түгелдей беріліп айтатын нәзік, сыршыл әнші. Қазақ әндерінің табиғатын, байлығын терең түсініп, дәл жеткізеді. Көп адамға ұнайтыны содан болар» деп тұжырымды пікір түйген екен. Өзіне ізбасар, шәкірт іздегенде осынау өрнегі мен мәнеріне мұрагер таңдаған болар.

– Манарбек, Жүсіпбек, Ғарифоллалар туралы бұрынғы «Хабар-2», қазіргі «Еларна» концерт-хабар беріпті. Өшірбек жүргізіпті, тыңдағандар сүйсініп отыр. Өшірбек деген ақылды, өнерді терең түсінетін және өнерпазды шешен тілмен

үлкен парасаттылық деңгейінде шебер суреттеп жеткізе алатын ініміз ғой. Осы дәстүрді құп көріп, жалғасын тапса екен деп отырамын. Ұлттық кәсіби театрымызды құрған жеті ақсақалымызға бір музей керек. Оларды білетіндердің сөзін алып қалу қажет. Күй майталмандары өзінше шоқтығы биік бір сала. Кешегі Әбікен мен Мағауия, Диналардың әрқайсысына бір-бір музей ашу қиын болар, бірақ есімдерін жаңғыртып отырған жөн.

– Елге, газет оқырмандарына қандай тілек айтасыз?

– Жүсекең қатты ауырып, сартөсек болып көп жатты ғой. Сөзден, тамақтан қалып, ұзақ күн сарылып жатқанда жалғыз алданышы – радио тыңдайтын. Қарағанды туралы бірдеңе айтылса – елеңдеп, дегбірі қашып: «Сен газеттерден қарашы, не жазып жатыр екен?» – деп маған тапсырма беретін. Мұны айтып отырғаным – адам ақтық демі таусылғанша туған жерін, елін аңсаумен өтеді екен. Еліме не айтайын?! Байлық өз алдына, ал өнерсіз, мәдениетсіз ештеңе болмайды. Арқа – өнерлі өлке, соның әдебиеті, мәдениеті дамып, ауыл жақсарса деймін. Бар жақсы қалада, бірақ ауылсыз Отанның сәні келе қоймас. Сондықтан ауыл тез оңалса екен. Мына соңғы жылдардағы ауыртпалық ұлтымыздың мінез-құлқына теріс ықпал етіп, көп өзгерістер енгізді. Бауырмалдылық, ізеттілік, адалдық азаймасын. Азаматтарымыз еліне шын жүректен жанашыр болса деймін. Сырттан келген жау жоқ, өзімізді өзіміз талап, руға, жерге бөлініп жауласқаннан жаның түршігеді. Халқым осыдан сақ болсын!..

* * *

Осы күні кешкілік М.Әуезов атындағы театрға «Естай – Қорланды» көруге бардық. Естайдың қартайыңқырап, рухани жүздеушілікке ұшыраған кезі көрсетіле бастады. Иә, баяғы ыстық ынтызарлық кетіп, кейіпкерлерінің бәрі қартайып, шау тартқан сәт. Сонау биіктен, тегі таудың көрінісі болса керек, етекке қарай құлдыраңдап бір әйел түсіп келеді. Ол – Қорланның жеңгесі – Естай мен Қорлан махаббатының мәңгі үзілмес тіні сияқты қарапайым да қимас бейне. Жеңгенің жүріс-тұрысы, қимылы ширақ. Кейін байқадық, бұл рольдегі Хабиба апай екен. Бұл кісі де, өзі айтқан Бикен замандасындай, сахнаға шыққанда анамына ауру-сырқауын ұмытып, құлпырып, өзгеріп кетеді екен. Нағыз өнер үшін туған адам солай болса керек.

Серікбай АЛПЫСҰЛЫ
«Орталық Қазақстан», 31 шілде, 2002

ТУҒАН ЖЕР ӨЗІҢ ДЕГЕНДЕ...

Өлкетанумен айналысқаныма біраз жыл болды. Осы жылдар ішінде көптеген жерлес ақсақал ағаларымыз-апаларымызбен кездесіп, Қарқаралы тарихы жөнінде әңгімелесіп, түрлі себептермен ертеде басқа жаққа кетіп қалған қарияларымызды тауып, солармен хат алысып тарихымыз жайында көп нәрсе білдім...

Таяуда Жүсіпбек Елебековтің зайыбы, жерлесіміз, белгілі актриса Хабиба апайымыздың тұрып жатқан мекенжайын тауып алып, апамызға хат арқылы біраз сұрақтар қойып едім. Хабиба ана көп кешіктірмей жауаптарын салып жіберді.

– Хабиба апай, сіздің қасиетті Қарқаралы жерінде туғаныңызды білеміз. Сол туып-өскен жеріңіз, балалық шағыңыз туралы жазып жіберіңізші?

– Мен 1916 жылы туылыппын. Туған жерім, қыстауымыз тұрған жерді «Кен өлке» деп атайды. Балалық шағымда тым ерке, тентектеу болатынмын. Әкем бетімнен қаққан емес, не айтсам да орындайтын. Ауыл адамдары бір нәрсе әкемнен сұрағысы келсе маған айтатын еді. Сен атаңа айт, (мен әкемді «ата» дейтінмін) соны алып бер деп. Мен әкеме келіп «ата, ағаға соны бересің» деп бұйыра айтатынмын. Әкем күлетін де, «жарайды, балам, алсын» деуші еді. Тағы да есімде қалған бір жайт – ел арасында болатын ас берген жерге, тойға баратын болса, мені тастамай ала баратын. Балаға үлкендермен жүретін жолдың ешқандай қызығы болмайтыны белгілі. Барғым келмейтініне қарамай алып кететін еді. Тым ерте хат танып, оқуыма жағдай туғызды. Онымен қоймай Құранды да тануға, оқи білуге жетеледі. Балалық шағым еркін де ерке өткен еді.

– Әкеңіз, анаңыз, ата-бабаларыңыз туралы жазыңызшы. Өзіңіз қай рудан боласыз?

– Әкем Қарақбай сауатты, парасаты мол жан болыпты. Өмірде болып жатқан жаңалықтарды жібермей, Қарқаралыдан газет-журналдар алғызып оқып отырушы еді. Өзі оқығандарын бізге де оқып отыратын. Әкемнің әкесі Секербай – қажылыққа барған адам. Оның әкесі Қаңқожа әйгілі батыр болыпты. Руымызды «тоғалақ» деп атайды. Жеті-сегіз атаға дейін айтуыма болады, бірақ оның бәрін тәптіштеп айтып жату керек емес шығар деп ойлаймын. Анамның есімі – Жәкіш. Төрениң қызы. Әкесі Қоңыр төре. Оның әкесі – Құсбек. Құсбек – дуанбасы болған адам. Ол кезде дуанбасы тек төре тұқымынан болса керек. Қарадан бірінші дуанбасы болған Құнанбай қажы. Қысқаша айтқанда, ата-анам осындай жандар.

– Қарқаралы жерінен кетпей тұрғандағы өміріңіз туралы толық жазсаңыз. Қарқаралыдан қай жылы, қандай себептермен кеттіңіз? Ол кездегі Қарқаралы қандай болды?

– Менің жас кезім зұлматты күндерде болғандықтан, тағдырдың ойыншығына айналғандай еді. Қазақ халқының басына түскен кара түнек, қырғын, аштық жылдарының ортасында өтті. Әкемді Гурьевке жер аудартып жіберген. Сол жақта қайтыс болды. Екі анам, жалғыз бауырым, Дәлилә деген аяулы әпкем Ресейдің Кемеровосында қайтты. Екі апайым балаларымен елде аштан өлді. Он үш жасымда қаңғырып қалған мен бейбақ қайсысының қайда қалғанын тек елдің аузынан ғана естіп жүрдім. Міне, менің жастық өмірім. Саралап бәрін айтудың керегі де болмас. Осындай күндердің бірінде менің туыстарымды білетін бір адам сол жылы ашылған театрға апарып жұмысқа орналастырды. Бұл 1934 жыл болатын. Сол жылы Қарқаралы округ болып аталған. Алматыдан көп қызметкерлер келді. Соған байланысты театр ашылып, мен сонда жұмысқа орналастым. Келесі 1935 жылы Алматыдан Қалибек Қуанышбаев пен Жүсіпбек Елебеков келіп кон-

церт қойды. Және Кәлләки бір актілі «Малқамбай» деген ойын қойды. Сонда Хадиша деген әйелді мен де ойнадым. Қысқасын айтсам, сол жолы Жүсіпбекке өмірлік жолдас жар болып, тамыз айының төртінде туған жерім Қарқаралыдан аттандым.

– **Бәрімізге белгілі ақсақалыңыз (жұбайыңыз) Жүсіпбек Елебеков те – өзіміздің елдің адамы. Ол кісінің де ататегі, туып-өскен жері туралы жазсаңыз.**

– Жүсіпбек ескіше Семей облысы, Қарқаралы уезі, Сарытау болысы, 16-ауыл, Қойтас деген жерде 25 тамызда дүниеге келіпті. Әкесі Елебек жас кезінде ән салып, әсіресе, күй тартады екен. «Ауру жігіт», «Жекеннің желпуі», «Боз айғыр» деген күйлерді шебер тартады екен. Ал Елебектің әкесі Балғабаймен бірге туысқан Қарабатыр деген кісі жақсы әнші болса керек. Қарабатырдың баласы Әділден туған Балабек, Балабектің баласы Сламбек екеуі де белгілі әнші болыпты. Ал Елебекпен бірге туысқан Жақыпбек айтулы әнші болған. Жүсіпбектің тікелей ұстазы осы кісі. Бұл әулет өнерді, ән-күйді өте бағалаған, кейінгі кезге дейін әнші үзілмеген.

– **Келесі жылы Қарқаралыға 180 жыл толады. Жерлестеріңізге айтар қандай тілегіңіз бар?**

– Қымбатты жерлестерім! Алдағы жылы Қарқаралының 180 жылдық тойын күтіп отырғандарыңызды білемін. Қарқаралы жұпыны қала болса да, тарихта үлкен орын алған қала болғандықтан бұл тойға ерекше көңіл бөлінетін шығар деп ойлаймын. Өйткені, бұл қалада кімдер қызмет атқармады. Қазақ халқының бетке ұстар зиялыларының бәрі десе де болар. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермеков, Мұхтар Әуезовтер Қазақ елін қайтсек көркейтіп, еркіндік алып береміз деп талай тер төккен жер. Қазақ халқының адастырмас темір қазығындай Абай да болған, Құнанбай қажы арнап мешіт салғызған жер ғой бұл Қарқаралы.

Ал өнер адамдарының Меккесіндей құрмет тұтып, асыға сағынып бас қосатын Қоянды жәрменкесі Қарқаралыға елу-ақ шақырымдай тұрады. Қарқаралы жайында атақты жазушы, ақын Сәбең (Сәбит Мұқанов) «Сұлушаш» поэмасында:

*Көп таулардың ішінде Арқадағы,
Атақты кербез сұлу Қарқаралы.
Көркем кескін сұлу тау адам түгіл,
Аспандағы бұлтты да тарта алады, –*

деп жырлаған ғой. Ендеше әсемдік әсері өзіне тартып алатын Қарқаралыға өнерпаз жандар қалай соқпай кете алсын. Арқа елдеріндегі әсем сазды әнші-күйшілер түгелдей осы қаладағы кішкентай қоңыр клубта ән шырқап, күй тербеген. Күш атасы Қажымұқан да сиқырлы ғажайып күштерін көрсеткен. Қарқаралының өз аймағында туып-өскен ерекше тұлғалары да жетерлік. Шертпе күйдің пайғамбарындай Тәттімбет, әрі әнші әрі сазгер дара туған Мәди, дауылпаз ақын Қасым,

жазушы Әбдіжаппар, жүрек сырын шертетін әнші Жүсіпбек, Ғаббас, Қуан, Нығман, Сатандар. Қазақ өнерінің іргетасын өз қолымен қалаған Қалибек, кеше ғана ортамыздан кеткен ғұлама Ақжан, тағы да басқалар. Міне, осыншама аруақты адамдар басқан жұпыны қаланың 180 жылдық тойын тойлағалы отырсыздар. Қасиетті топырақта өскен адамдар да соған лайық болуы керек. Жер аруағын таудай көтеріп, алғы шепте жүрулерінді тілеймін. Үздік-создық оқшауланбай біркелкі баршылыққа жеткендеріңді тілеймін. Бөлшектенбей, бөлінбей, бір тілекте, бір мақсатта болғандарыңды тілеймін. Не жақсылық шықса бірліктен шығады. «Бірлік бар жерде тірлік бар» демей ме? Қымбатты жерлестерім! Алдағы аңсай күтіп отырған тойларыңа Алла қуанышпен жеткізсін!

*жерлес апаларың ХАБИБА,
19 қыркүйек, 2003 жыл*

Хабиба апамыздың бұл тілектеріне қосыла отырып, апамызға да зор денсаулық, ұзақ өмір тілеміз!

*Ерлан МҰСТАФИН
«Қарқаралы» аудандық газеті, 17 қаңтар, 2004*

АБЫЗДАЙ АСЫЛ АНА

Па, шіркін! Ескінің көзіндей, асылдың сынығындай абыз анамыз тоқсанның төріне шықса да тұғырдан түскен жоқ. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Хабиба Елебекова Алматы театрларының шырағы сияқты. Ол өткен ғасырдың 30-жылдарынан бастап Қанабек Байсейітов, Қалибек Қуанышбаев, Күләш Байсейітова, Елубай Өмірзақов, Қапан Бадыров, Жүсіпбек Елебеков, Шәкен Айманов, Серке Қожамқұлов сияқты басқа да сахна саңлақтарымен бірге Қазақстан театр өнерінің уығын қадасқан.

Мереке қарсаңында Хабиба Елебекова апамызды іздедік. Себебі, күні кеше ғана өзіміз сүйсіне тамашалаған «Біржан сал» фильміндегі ат үстінде қарқара кимешегі жарасып, қаққан қазықтай тіп-тік отырған әже бейнесі бірден көз алдымызға келді. Кино екі жыл бұрын түсірілді. Биыл Хабиба апа 96 жасқа келді. Енді есептей беріңіз, неше жасында атқа мініп, өзіне берілген кейіпкер бейнесін көгілдір экранға алып шыққанын.

Белгілі өнер саңлағының Алматыдағы пәтеріне телефон шалдық.

– Бұл кім, қай баласың? – деді тұтқаның ар жағындағы дауыс. Сасып қалдық, өйткені, телефонға Хабиба Елебекованың өзі жауап береді деген үш ұйықтасак ойымызда жоқ.

– Біз газеттен едік. Сізді мерекенізбен құттықтап, сұхбаттассақ деп едік.

– Рақмет, айналайын! Не жөнінде сөйлеспек едіңдер?

Апамыз тып-тың. Басқа біреудің көмегіне жүгінетін шығармыз деген ойымыздың быт-шыты шықты. Сосын әңгімеміз жарасып жүре берді.

– Сахнада көбінесе ананың ролінде ойнадым ғой. «Абайда» Абайдың шешесі Ұлжан болдым. Қаныкейді сахналадым. «Қозы Көрпеш – Баян Сұлуда» Қарабайдың бәйбішесі... Айта берсең көп қой...

– **Ең сүйікті кейіпкеріңіз қайсысы?**

– Қаныкей... Мұны сахнада 40 жыл бойы ойнадым.

– **Кейіпкерлеріңіздің сөздерін ұмытып қалмайсыз ба?**

– Неге ұмытайын. Қазір Қаныкейдің сөзін айтып берейін, Әйгерімді іздеп келеді ғой. Сол жері.

Хабиба ана тап бір сахнада тұрғандай арқаланып, Әйгерім мен Қаныкейдің диалогын мәнерлеп айта жөнелді:

«– Мен қыдыра келгенім жоқ.

– Қыдыра келсең де құп, қадірлі қонағымсың?

– Қонақ десең, маған берген сыйың сол болсын, Ажармен тілдесіп қалуға көмек ет!..»

Көз алдымызға актрисаның сахнадағы бейнесі келе қалды. Жаңылмайды, екі адамның диалогын мүдірмей жеткізіп тұр.

– Айналайын, театр – біз үшін жанның саулығы. Қалай ауырып, қызуың көтеріліп тұрса да, сахнаға шыққанда жазылып кетесің. Роліңді ойнап болған соң қайтадан ауырасың.

– **Соңғы ойнаған роліңіз қайсы?**

– «Біржан салдағы» кемпірдің ролі ғой. Қазір жүру қиындады, аяғым сау болса сахнадан әлі де кетпес едім.

– **Басқа киноларға түстіңіз бе?**

– Әрине. Солардың бірі осыдан елу жеті жыл бұрын Красноводскіде «Балықшы қыз» деген 40 минуттық фильмге түсіп едім. Моңғолиялық бір режиссердің дипломдық жұмысы екен. Соны таба алмай жүрмін.

– **Жүсіпбек Елебеков екеуіңіздің ұрпақтарыңыз туралы білсек?**

– Төрт балам бар. Үлкенім Дариға – 70-те. Одан кейін – Ақан. Екеуі де сырқат. Үй жағдайлары болмай жүр. Соларды уайымдаймын. Ана деген әйтеуір баласы үшін отқа түсуге әзір ғой. Ақаннан кейінгі ұлым Біржан. Ең кішіміз – Естай. Жүсекең марқұм балаларына ылғи атақты адамдардың есімдерін қойып кетті. Алты немерем, бір шөберем бар.

– **Мереке алдындағы көңіл күйіңіз қалай?**

– Жаксы айналайын. Жұрт аман, ел тыныш болса, неге жаман болсын.

– **Ізіңізді басқан сіңлілеріңіз бен қыздарыңызға қандай тілек айтасыз?**

– Мен ең алдымен жұртыма тыныштық тілеймін. Біздер көрген нәубет келмесін. Құдай жаксылығын елге берсін! Ал қыздарыма айтарым – таза жанды әйел, балаларына мейірімді ана болыңдар!

*Ғабдул МЕРҚҰРМАН
«Нұр-Астана», 7 наурыз, 2012*

«КӨКЕЙІМНЕН ДӘЛИЛӘНІҢ ТАҒДЫРЫ КЕТПЕЙ ҚОЙДЫ»

Бұл бір тамаша кеш болды. Қазақ өнері төрелерінің санатындағы жезкөмей әнші Жүсіпбек Елебековтің қара шаңырағында әдемі бір сырлы кештен алған әсерім ерекше. Ерекше болатын да жәні бар, қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар жазушы-ғалым Тұрсын Жұртбай ағаға алғаш рет атқосшы болып баруым. Арагидік әңгімеге араласқаным болмаса, негізінен сұрақ қойып отырған Тұрсын аға да, жауап беруші – бүгінде жүзге таяп қалса да, бетінен нұры төгіліп отырған әдемі актриса Хабиба Елебекова.

– Марқұм Жәнібек пен Рымғали бастап, қазақтың мықты ақындарының бірі де бірегейі Несіпбек бар, бәріміз талай кештерде әңгіме-дүкен құрған жарықтық Жүсекеңнің қара шаңырағы ғой бұл, – деп Тұрсын аға Жұртбай өткен бір сәнді де мәнді күндерін, қатарластарын мұная есіне түсіріп өтті. Бір сәт құлағыма Жәнібек көкемнің жағымды даусы аудиторияны сілтідей тындыра лекция оқып тұрған Рымғали ұстаздың қоңыр үні келгендей, жанымды жайсыздау бір күй билеп алды. «Қазақтың небір жайсаңдары мен тектілері бірінен соң бірі кетіп жатыр, қара жер белі қайыспай қалай көтерер екен» деп Қадыр ақыннан кейін көп ұзамай мәңгілікке шығарып салған Тұманбай ақынның соңғы сапарында әлдебіреудің дауыстап осылай жылағаны көз алдыма келе қалды. Иә, өзімді селт еткізген есік қоңырауы болмаса, кім білсін ойға шомып қашанғы отыра берерімді...

Маған да таныс босаға, таныс шаңырақ. Осыдан төрт-бес жыл бұрын Хабиба апаммен сырлы бір кешті өткізгем. Қазақ мәдениеті мен өнерінің көш басында тұрған қадірменді ақсақалдарымыздың бірі – Жүсіпбек Елебековтің шаңырағы. Талай марқасқалар отырып сыр-сұхбат құрған, дәмдес болып бас қосатын қасиетті дастарқан сол күйі айқара жайылып тұр. Үстел жағалай отыра қалдық. «Мына жерде үнемі мен отыратынмын» деп Тұрсын ағатай «өз орындығына» жайғасты. Бүгінгі әңгіме – Елебеков емес, оның ғұмырлық жары болған, балаларының асыл анасы, актриса Хабиба Елебекованың туған әпкесі, тағдыр-талайы талайларға үлгі боларлық Дәлилә жайлы өрбіді.

Тұрсын ЖҰРТБАЙ: – Хабиба апай, ең алдымен өзіңіздің шыққан әулетке тоқ-талайық.

Хабиба ЕЛЕБЕКОВА: – Әкем Қаракбайдың әкесі Секербай, ал Секербайдың әкесі – Арқада аты аңызға айналған, кешегі Абылай ханның тұсында ғұмыр кешкен Ханқожа батыр. Ал анам Жәкіш – атақты Құсбек төренің немересі. Құсбек Бақты тауының ішінде өзіне арнайы құстың ұясындай ғана бөренеден жасалған екі бөлмелі үй салдырып, сонда кенже баласы Қоңыртөре тұрған. Қоңыртөреден менің анам туады. Бала күнімде түп нағашы атам Құсбектің жатқан көрпе-жастығына талай аунағанмын. Бұл жағынан шыққан жерім мен нағашы жұртым да жаман емес, текті әулет болған. Әсіресе, әкем керемет кісі еді. Ақынжанды, әншілігіне қоса аң аулап, құсбегілікті серік еткен жан екен. Туған жерім – Қарқаралы. Қазіргі «Томар» совхозының маңайы. Ол кезде Қарқаралы, Семей деген үлкен округтер ғана болған, басқа қалалардың аты да, заты да жоқ. Тіпті, театр, кино да жоқ. Халықтың әл-ауқаты, тұрмыс-тіршілігі төмен, жағдайы нашар. Күн көріс

қиын. Бірен-саран малды байлардың маңайындағылар болмаса, тіпті тойып тамақ ішпейтін, барды-жоқты бір заман. Сонда не істеу керек, халықтың көңіл күйін серпілдетін, өміріне өзгеріс енгізу керек сияқты деген ұғым көкірегі ояу, сауатты азаматтарды ұйқыдан оятқандай әсер етеді. Ойласа келе, ел-елден келген талантты адамдардың басын қосып, театр ашылады да, алғаш режиссер болып Хадиша Бөкееваның күйеуі Садуақас Мусин барады. Сонда Хадишаның емшекте баласы бар, Қарқаралыда туған-тын. Бұл – 1934 жылдар. Олар бірнеше ай ғана тұрды да, кетіп қалды. Ал Қаллеки – Қуанышбаев Қалибек мен Жүсекең апта сайын Қарқаралыға барады екен. Алғаш «Малқамбай» деген комедияны сахналағанда маған Хадиша деген рольді берді. Дайындықтан кейін мені шақырып алып, «қай ауылдың баласысың?» – деп сұрады. «Мен Секербай ауылынанмын» дедім. «Ойбай-ау, Қаракбайдың қызысың ба, Дәлиләнің сіңлісі екенсің ғой!» – деп құрақ ұшты да қалды.

Сол жолы Қаллеки «мына Жүсіпбек бойдақ, осыған сені алып беремін, бізбен бірге кетесің. Алматыға алып кетемін, театрға орналасасың» деді. Үндемедім. Қалжыңы шығар деп қабылдадым. Секербаймен бірге туған Тындыбайдың баласы Дәулетбайдың Семейде Азамбай деген үлкен бір наубайхананың бастығы, ауқатты танысы бар екен, сол арқылы Семейге барып оқысам деген ой көкейімнен кетпейді. Әлгі Қаллекидің сөзінен кейін Жүсіпбек: «Ертең біз Баянға барамыз, онда үш күндей болып, кері қайтар жолда сені ала кетеміз, дайын бол» деді. Тағы да үндемеймін. «Тимеймін» деп те айтпаймын. Елдің ішін «Жүсіпбек Хабибаны алып кетеді екен» деген қаңқу сөз кезіп кеткен. Содан қаланың сыртында жақын құрбым тұратын-ды, аналар кетіп қалсын деп соның үйінде тығылып жатып алдым. Шаякин дегендер бар ғой осы күні, сол Шаякиннің Шайағзан (София молда дейтінбіз) деген баласы жаз бойы біздің үйде болатын. Әкемнің ағасының Құрбан деген баласы екеуі ала жаздай бүркіт баптап, қыс түсісімен аңға шығатынды. Солар арқылы тауып алыпты. Жүсіпбек тіпті, маған дауыс көтеріп ұрысады. Оған да үндемеймін. Қойшы, әйтеуір, солардың ізінен еріп кеттім ғой... Есіл-дертім Семейге жетіп алсам, жаңағы туысқандарымда қалып қоямын деп ойлаймын ішімнен. Жүк машинасына мініп алдық, қасымда Қаллекидің Жамал деген өзімнен үш-төрт жас кіші қызы бар. Жол-жөнекей Жүсекеңнің туысқандарының үйіне тоқтайтын болдық. Жүсекеңді «сары ұл» дейді екен. «Ойбай, сары ұл келіншек әкеле жатыр екен» деп қой сойып, дастарқан жайып тастапты.

Бала кезімнен қойдың басын жақсы көруші едім. Үйге қандай қонақ келсе де, қой сойылып, алдарына бас тартылатын тұста марқұм әкем мені қолымнан ұстап алып: «Ал, қонақтарым, мына қой өздеріңізге арналып сойылды, десек те менің Хабиым қойдың басын жақсы көреді, рұқсат болса...» деп бір жапырағын ұсынады да, басты маған беретін. Менің соншалықты ерке болғаным, бір әулеттен, он жеті адамнан жалғыз қалғанымның себебі, әкем жарықтықтың осындай махаббаты шығар сақтап қалған деп ойлаймын. Әлгі үйде де келін екенім есімнен шығып, Жамалмен бастың құлағына таласып жылап қалсам керек. Жүсекең күлді де қойды. Не керек, Семейге келдік, ешқайда шығарған жоқ, бірден Алматыға кеттік...

Хабиба апай өткен күндерді санасында тағы бір жаңғыртып алғысы келді ме, біраз үнсіз отырып қалды. Содан соң әңгімесін басқа арнаға бұрып, қайтадан бастап кетті.

– Өзім жайлы емес, Жүсіпбек жайлы да емес, алғаш жеке басының бостандығы үшін күрескен, өзінің жүрек қалауымен сүйген жарына қосылған үлкен әпкем Дәлиләнең тағдырын біреу білсе, біреу білмейді. Ал өзіміздің ел жақта аңызға бергісіз тағдыр болған. Тоқсанның жетеуіне келдім, кеудемде жаным тұрғанда, тілім сайрап, көзім көріп тұрғанда сол туралы айтып кетсем деген арман күндіз-түні маза бермей келеді. Өйткені, ол да қазақ өнерінің алғашқы қарлығаштарының бірі болған еді.

Тұрсын ЖҰРТБАЙ: – Онда әңгімемізді негізгі тақырыпқа қарай ауыстырайық, сонымен Дәлилә кім?

Хабиба ЕЛЕБЕКОВА: – Әкем Қарақбайдың ұл балалары тоқтамаған, Күләнда, Дәлилә, Харира және кенжесі – мен, төрт қызбыз. Үш ұл болған екен, қайтыс болған. Содан кейін кіші шешемізді алыпты. Одан Рымбай деген жалғыз бауырым болды. Кешегі қырғын ашаршылықта бір-бірінен адасып таба алмай, зұлматтың кесірінен тым-тырақай көшкен елмен бірге Дәлилә екі шешесі мен Рымбайды алып, Ресейдің Кемерово деген қаласын паналайды. Сондағы босқындармен бірге үлкен бір лашықты ортасынан кенеппен бөліп, бөлек-бөлек бөлме жасап тірлік етеді. Сол жақта жүріп қайтыс болады.

Өзі сұлу, өзі әнші Дәлилә жорналшы да болған. Өлең жазатын ақындығы тағы болған. Ұлдары бірінен соң бірі қайтыс бола берген соң, зәрезап болып қалған әкем Дәлиләне ұл балаларша еркін өсіріпті. Ол да құс салатын, аң аулайтын, әкесіне үнемі атқосшы болып, ер балаша киініп еріп жүреді екен. Ұзын бойлы, талдырмаш, ақ мандай, қиылған қас, сұлулықтың символындай болған деседі. Оның сұлулығына, осындай еркін ерке қылығына қызығып, көру үшін ауыл-ауылдан ағылып келген жігіттердің санына саусақ жетпейді екен...

Сөйтіп жүргенде Арқадағы атақты Мұздыбайдың оқыған, көзі ашық, көкірегі ояу Құсайын деген ұлы көріп, ғашық болып қалады. Бес ұлы бес ауыл болып отырған байдың ұлдары шетінен сен тұр, мен атайын сал-серілікпен бірге, жаңаша білім алған сауатты болса керек. Дәлилә да өзі оқыған, кербез де керім жігітті сүйіп қалады. Бірақ, қай заманда да тосқауыл болған атастырып, қалыңмалын алдына сала жүретін қазақтың салт-дәстүрі бұлардың да алдынан шығады. Өйткені, шашты Сыпатай деген байдың қайтыс болған ағасының жалғыз ұлына Дәлиләне атастырып, қалыңмалын беріп те қойған екен. Ал, атастырылған соң сол әулеттің жесірі болып саналатын ғұрып тағы бар. Амал жоқ, екеуі хат арқылы хабарласып, бір-біріне ғашықтық сезімдерін білдіріп, сырттай ғана сырласып жүрсе де, «ел құлағы елу» деген, екеуінің махаббат сезімдері жайлы әңгімелер ел ішінде еміс-еміс естіліп қалып жатады. Екі жастың құштарлығы жайлы сөз тарап кетеді де, ол әлгі байдың әулетіне де жетеді. Содан қыздан айырылып қалмау үшін, тезірек келіндерін түсіріп алу үшін қайтадан сөз салады. Ол кезде «қол ұстатар» деген той болады екен. Ауылды дүрліктірмейін дей ме, әйтеуір олар кешті келесі бір ауылға ұйымдастырады. Ауыл үлкендері қараша үйде отырады да, жастарға

қалың қарды тазалатып, сегіз қанат үй тігеді. Әрине, жоқшылық заман – жарығы ілмиген майшамды бірнеше жерден қоюға тағы да қол қысқа, жалғыз шамның жарығы не болсын?! Осылай қара көлеңке үйде ән салынып, жігіттер мен қыздар колдарына кезек-кезек домбыра ұстап, мәре-сәре болып отырады. Ал, Дәлиланьң бар ойы – Құсайында. Бір мезгілдерде жақын жеңгесімен сыртқа шыққан ол сырлас, мұңдас, өзі сенетін Дәулетбай деген немере інісін шақыртып алады да: «Шеш киімінді, екеуміз ауысамыз» дейді. Әпкесінің сырына қанық бозбала бір сөзге келмей шешіне бастайды. Ол да әдемі, бойшаң сұлу, қыз сияқты нәзік екен. У-шу саябырсыған кезде пысықтау бір жігіт: «Осы Дәлиләннің үні шықпай қалды, даусын естімедік қой. Осы отырған Дәлилә емес-ау», – деп қалыңдықтың қасына келеді. «Иә, Дәлилә емеспін», – деп Дәулетбай басындағы құндыз бөркін жұлып алады. Ел дүрлігіп кетеді. Ал қыз болса ауылға қашып келеді. Өзінің қасқа ат деген тұлпарына мініп, ауылдағы ең сыйлы, ең елеусіз Жолдасбай деген қарияның үйіне келіп тығылады. Таң атқасын Құсайынмен қашып кетпекші болады. Ол замандарда қазақ қыздарының тағдырына енді-енді араласа бастаған «Қызыл отау» деген сот ұйымдастырылған, ауыл милициясы арқылы соған жүгінеді. Құдалар тым-тырақай қаша жөнеледі. Бірақ қалыңға кеткен малдарын ойлап, іштерінен күйіне бастайды. Қыздың әкесінің оны қайтаруға шамасы жоқ.

Әкем өте жақсы, ақылды адам еді. «Дәкенімді жасынан сері, еркін, ерке өсірдім. Бетінен қақпадым. Ер балаша тәрбиелеп, кімге, қашан ұзатуды да ойламаппын. Жолы болсын, сүйгенімен бағы ашылсын. Өзім қиыншылықтан шығармын, қарызымнан құтылармын» деп қызына батасын береді.

«Қызыл отаудың» еркіндік қағазы қолына тиген Дәлиләні біраз уақыт қауіп-қатерден қорғау үшін Қарқаралыда ақтармен шайқас кезінде милицияны басқарған, у шашқандай ерлік көрсеткендіктен Уғар атанып кеткен Жәнібеков деген өте сыйлы, абыройлы кісі болған, соған тапсырады. Сол үйде жүргенде Дәлилә Құсайынға: «Сені сүйемін. Сүйетінімді жасырмаймын. Оны өзің де білесің. Бірақ әкем кедей, аналардан алған қалыңды қайтара алмайды. Соны төлеуің керек. Сонда ғана мен саған тиемін» деген хат жолдайды. Хатты ала салысымен Құсайын ара ағайындықта жүрген өзбектің алдына малды санап беріп, Дәлиләннің қалыңға берген қарызынан құтқарады. Сөйтіп барып екі ғашық қосылады.

Бұл, тек Арқа, Сарыарқада ғана болған оқиға емес, бүкіл қазақ қоғамында қарапайым қазақ қызының өз тағдыры үшін, өз болашағы үшін күрескен тұңғыш оқиға болғандықтан, жергілікті газет-журналдар шулап жазады. Одан кейінгі жағдаяттар кітапта айтылған ғой...

Тұрсын ЖҰРТБАЙ: – Айта беріңіз, Дәлиләннің одан кейінгі тағдыры не болады?

Хабиба ЕЛЕБЕКОВА: – Адам баласының төрт құбыласы тең болып, бақыттан басы айналған, сол бақыттың құшағында мәңгілікке аттанғаны некен саяқ-ау. Сол сияқты Дәлилә да жан жүрегімен қалаған Құсайынға қосылғанымен, екеуі жұптасып, бақытты болған жылдары тым қысқа болады. Құсайынға тиеді де, Сыпатайға қалыңмалын түгелдей қайтарады. Атақты Мұздыбайдың баласы ғашығы үшін, өзін сүйген, өзі сүйген қызы үшін аянып қалмайды. Менің әкем де қарап

жатпайды. «Мен Дәкеніме қарсы болған жоқпын, оның үстіне менің мойнымдағы қарызымнан құтқарды. Енді отауын, дүние-мүлкін берейік», – деп шақырту жібереді. Бұл – 1924 жыл. Онда мен алты жаста екенмін. Қасымда ересек кісілермен бірге шақыруға мен де барамын. Әпкем біз барғанға қуанып қалды. Қайтар жолда суы ащы болса да, емдік, шипалық қасиеті бар Ащыкөл деген жерде жалғыздан жалғыз бір қосқа тоқтадық. Кездескендердің бәрі Дәлиләға қаумалай амандасып жатады. Бәрі таниды. Танымайтындары шырамытып, одан қала берсе атын естігеннен кейін келіп тілектерін айтысып, қауқылдасып жатқан жұрт. Сол жерде бір бейтаныс жігіт келіп: «Ағаш аяқ» деген жаңадан ән шығыпты. Соны Дәлилә келіп тыңдасын» деген сәлемді жеткізеді. Менің кішкентайдан өте алғыр, қақпақұлақ екенімді жақсы білетін әкем Дәлиләға қосып мені де жібереді. Ойын баласымын, көбелек қуып далаға қаша беремін ғой баяғы. Содан әпкем қолымнан ұстап жібермей: «Мына әнді үйреніп, әкеме айтып барамыз, мұқият тыңдап отыр» деп жұмсақ жымияды.

Қос толы жұрт. «Ағаш аяқ» шырқалды. Ән қандай, әуен қандай! Бала болсам да әлгіні үнсіз тыңдап, жүрегіммен қабылдауға тырысып мен отырмын. Ішімнен бұрыннан білетін әуен сияқты ыңылдап, қосылып та қоямын. Әпкем болса жанары мөлт-мөлт етіп, мұңая тыңдап қалыпты. Жүрегіне жақын қабылдағаны сонша – әнге еніп, мүлдем бірігіп кеткендей. Баяу тербеледі. Нәзік те талдырмаш белі майысып, билеп отырғандай әсер етеді маған. Бала көңіл қызығып қараймын. Дәл сол сияқты бойжеткім келеді. Дәл сол сияқты ән салсам деген әсершіл желікке еріп отырып, әннің аяқталғанын сезбей де қалыппын. Тыңдап отырғандар шу ете қалысты. Әнді орындаған көркем жігіт маңдайының терін аппақ жейдесінің жеңімен жеңіл сүртіп өтті де, қолындағы домбырасын кеудесіне қыса ұстаған күйі отырып қалды. Кейіннен білсем, сондағы әнді алғаш біздің елге таратқан әнші жас жігіт – Жүсіпбек екен ғой... Одан кейін ауылға жетіп, дуылдаған кішігірім той өткені. Тойдан кейін үлкендердің батасымен екі жастың жүк тиелген түйелердің соңынан бет алғаны бүгінге дейін санамда сайрап, көз алдымда тұр. Қыздың жүгі тиелген түйелер анда-санда бастарын кекірейте, ауыздарындағы аппақ көбіктері езулерінен ағып кетіп бара жатқаны есімде. Көз алдымда.

Тұрсын ЖҰРТБАЙ: – Дәлиләнің театрдағы жылдары туралы еске түсіріңіз?

Хабиба ЕЛЕБЕКОВА: – Иә, бірін айтып, біріне кете беремін. Бұл да болса қартайғандықтың белгісі болар. Құдайдың мұнысына да шүкір, тоқсанның жетеуіне келдім. Бір әулеттен, он жеті адамнан жалғыз қалғанымда, Жаратқан осы жағынан ескерейін деген болар.

Жүзге келіп, мынандай әңгіме айтуға, соның бәрін есінде сақтағанына тәубе дейтін болар деп күбір ете қалғанымызға құлағы елең ете қалған әжеміз:

– Немене түрім жаман болып отыр ма, – деп шашы-басын түзеп, орындығын қозғалақтап қойды.

– Жо-жоға, өте әдемісіз, – дедік қосарлана. Дірілдеген саусағымен көзін сүртіп тастады да, әңгімесін қайта жалғастырды.

– Сонымен, 1925 жылы Сарыарқаға жер-жерден өнерлі, қабілетті жастар жинала бастайды да, 1926 жылы театр құрылады. Таланттылардың көбі Арқадан,

ал оңтүстіктен тек Құрманбек қана алынады. Бүкіл Қарқаралыдан Қалибек пен Құсайынды таңдаған ғой. Дәлилә да осы топта.

Тұрсын ЖҰРТБАЙ: – Зәрубай, жынды Омар бар емес пе?

Хабиба ЕЛЕБЕКОВА: – Олар соңынан келгендер.

Тұрсын ЖҰРТБАЙ: – Оған дейін Құсайын қандай қызмет атқарған?

Хабиба ЕЛЕБЕКОВА: – Бай Мұздыбайдың баласы оқыған, білім қуып жүрген ғой.

Тұрсын ЖҰРТБАЙ: – Дәлилә қандай рольдерде ойнады?

Хабиба ЕЛЕБЕКОВА: – Алғаш «Еңлік – Кебекте» Дәлилә – Еңлікті, Құсайын – Кебекті сомдады. Екеуі де тамаша сахналаған. Ол театр тарихында жазылып қалды. Одан кейін театр Қызылордада болған жылдарында Дәлиләнең денсаулығы сыр беріп, сахнаға да көп шыға алмаған. Сөйтіп жүріп елге қайтып келеді. Келеді де ауылдағы көркемөнерпаздар үйірмесінде қызмет істейді. Ол Кеңес өкіметінің де енді-енді аяғынан тік тұра бастаған кезі. 1926 жылы жаңадан құрылған Ұлттар советінің II съезінен кейін Мәскеуде Кеңестер Одағына мүше мемлекеттердің көркемөнерпаздарынан құралған үлкен концерт ұйымдастырылады. Біздің ауданнан Сәкен Сейфуллин бастаған зиялы топтың іріктеуімен сол концертке Дәлилә қыз баратын болады. Сөйтіп, қазақтың қара домбырасымен Үлкен театр сахнасында қазақтың халық әндерін нақышына келтіріп, тыңдаушының құлақ құрышын қандырған тұңғыш қазақ дәстүрлі әндерінің орындаушысы да сол – Дәлилә сұлу болған деседі.

Сол екі ортада кәмпеске басталады да, Мұздыбайдың мал-мүлкі кәмпескеленіп, туған-туыстары ұсталып кетеді. Ал Құсайын мен Дәлиләне Мәскеуде болғаны, Ленин мавзолейінде суретке түскен құжаттары құтқарып қалады. Оның артынан отыз екінің зұлматы келеді. Елдің бәрі босып кетеді. Бірінің етін бірі жеген, тіпті, туған баласының етін жеген деген деректерді тарихтан біліп, оқып жатырмыз ғой. Халықтың аштықтың азабына төзе алмағандары осындай жағдаяттарды да басынан кешкен. Тұқым-тұяғымен құрып кеткендері қаншама?! Үлкен бір әулеттен бір ғана тұяқ қалғандары да бар. Сәкен ақын айтқандай «тар жол, тайғақ кешкен» заман болды ғой...

Тұрсын ЖҰРТБАЙ: – Балалары, артында ұрпақ қалмады ма?

Хабиба ЕЛЕБЕКОВА: – Жоқ. Халил деген, одан Алтай өңірінде жүргенде көрген ұлы Алтайы да жастай қаза болып кетті. Құсайын тірі. Мен ойлаймын, Дәлилә аштан өлген жоқ, қайғы-қасіреттен, ішқұсалықтан өлді. Терең ой түбіне жетті. Бұл – тағдыр. Тағдыр болғанда да қандай сұмдық тағдыр десеңші?! Қазақ халқының көрмеген сұмдығы жоқ шығар. Әкемнің Мұхтар деген кенже інісі біздің қолымызда болып еді. Тәңірберген, Хафиза, Мафиза деген үш перзенті, әйелі Дәмелі мен өзі де аштықтың құрбаны болды.

Тұрсын ЖҰРТБАЙ: – Сонда Дәлилә жетекке еретіндерін ертіп, Кемеровоға келгенде Құсайын қайда болды?

Хабиба ЕЛЕБЕКОВА: – Құсайын да сонда болған. Ашаршылық басталғанда жан-жақтағылар елге оралмай ма, сонда Құсайын Қарағандыға қайтып келген.

Тұрсын ЖҰРТБАЙ: – Ерлі-зайыптылар қалай екеуі екі жақта болады. Бұл жерде бір гәп бар сияқты...

Хабиба ЕЛЕБЕКОВА: – Бірге болған ғой. Қайтыс болғаннан кейін елге қайтады. Кейін Құсайынды көрдім, әңгімелестім. Ол марқұм бертін қайтыс болды.

Тұрсын ЖҰРТБАЙ: – Бұл тағдырды бұрын неге айтпадыңыз? 1978–79 жылдары Қаллеки жайлы деректер жинап жүргенімде осы үйде талай болдым ғой...

Хабиба ЕЛЕБЕКОВА: – Мен өзі жастау кезімде тұйықтау, көп нәрсеге мән бермейтін, көп сөйлемейтін, тіпті, мақаулау болдым-ау. Ал, кейіннен, жасым ұлғайған сайын артымдағыларға білгенімді айтып кетейін деген мақсат қойдым. Әсіресе, Дәлиләнің тағдыры соңғы жылдары көкейімнен кетпей қойды. Қағазға түссе ел оқиды. Ел оқыса, біреуі болмаса біреуі тағы да іздер, қажетсінер деген ой болған. Саған қайта-қайта маза бермей жүргенім де сол, Дәлилә жайлы бір жұқа болса да кітап жарық көрсе, соны қолға алсаң, менің аналық батамды алар едің.

...Қарапайым тірлік кешіп, отбасы, ошақ қасында ғана емес, қоғамның қақ ортасында жүріп те ер-азаматтармен бірдей қызмет атқара білетін қайсарлығы таңғалдыратын қым-қиғаш тағдыр-талайлардың ішінде Дәлилә сияқты қазақ қыздарының болуы да заңдылық.

*әңгімені жазып алған
Таңсұлу АЛДАБЕРГЕНҚЫЗЫ
«Түркістан», 13 қыркүйек, 2012*



Хабиба ЕЛЕБЕКОВА,
Қазақстанның еңбек сіңірген артисі:

«ЕЛБАСЫҒА АЙТАР ЕКІ АМАНАТЫМ БАР»

Бір ғасырда бір туатын жезтаңдай әнші Жүсіпбек Елебековтің адал жары, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Хабиба Елебекова бұл күнде тоқсанның алтауынан асты. Театрда жүзден астам роль сомдаған зейнеттегі актрисаның жағдайын білу үшін сенбі күні үйіне барып, амандығын білген едік. «Іздегенге – сұраған» дегендей, біз дәл уақытында келіппіз. Ауырып жатқанына қарамастан, орнынан тұрып қарсы алған апамыз қартайған шағында ақырғы аманатын тиісті орындарға қалай жеткізерін білмей, дал болып отыр екен.

– «Көрейін деп келсең, апаңның түрі – осы, құлыным. Көз көрмейді, құлақ естімейді, аяқ жүрмейді» деп жатын бөлмеден арбаға таянып, жүре сөйлеп шыққан өнер иесі әуелі мәз-мейрам болып күліп алды. Сосын сәлемімізді үлкен ықыласпен қабыл алып, «Бетті әкел, қарғам» деп мейірлене құшағын жайды. Аядай ғана төргі бөлмеге жайғасып, жай-жапсарымды айта бастағаным сол еді, Хабиба апа «Бұл шаңырақта Мұхтар Әуезовтен бастап, талай игі-жақсылар қонақта болған. Сенің де дәм татқаның дұрыс» деп ас үйге шақырды.

Шай үстінде белгілі болғандай, қазір ескіріп, тарихи мұражайға айналғалы тұрған үш қабатты бұл үйге өнер иесі 1960 жылы көшіп келіпті. Көршілері кіл мықтылар болған екен. Бәрі қазір өмірден өткен, көзі тірісі оңтайлы жерге қоныс аударыпты. Үй қарапайым, тұрмыстық бұйымдар көнелеу болғанымен, дастарқан мол екен. Үстел үстіндегі қазы-қарта, жал-жая, балқаймақ пен бауырсақты, тары мен талқанды көріп, апаның зейнетақысын сұрадым.

– Алпыс мыңдай аламын. Биыл көбейеді деп еді, қай уақытта өседі, өзі? Театр қайта жалақы есебінде елу мың беріп тұрады. Сол екеуін қосқанда маған түк емес. Азық-түлік қымбат қой. Етсіз отырмаймын. Әрине, мен оны өзім жеу үшін алдырмаймын. Өтімді баяғыда алып тастаған. Көп дүние тіске бата бермейді. Бар ойым, келген қонағым дастарқанымнан дұрыс тамақ ішіп кетсе деймін.

– **Ал «Халық артисі» атағын алмай қалуыңызға не себеп? Сізден кейінгілер не болды ғой...**

– Атақ аламын деп ұмтылғаным жоқ. Басшыларға жағынғаным шамалы. Адалдық, тазалықпенен өмірім өтіп кетті. Бірақ халыққа ризамын, мені бүкіл ел біледі. Бүкіл Ақтау, Қаратауға атым мәлім. Семей, Қызылорда, Жамбылың таниды. Одан басқа не керек?

– **Мына, ерекше балқаймақты қайдан алдырдыңыз?**

– Өз тамағымды өзім мақтайын (Апа жарқылдап күліп алды). Үйге жұмасына екі рет қаймақ әкеп сатады. Соны алып, ішіндегі суы кеткенше қайнатамыз. Тек қана тазасы қалады. Сол кезде кішкене қант салып жіберсең, тәттілеу болады. Көбірек қайнатсаң, майы шығып кетеді. Майын шығармай жеу керек.

– **Көктемде Қарқаралыға барғанда тура осындай балқаймақ ұсынып еді...**

– Е-е-е, бұл Қарқаралының сүйікті асы ғой. Онда бармағаныма алты-жеті жыл болды. «Біржан салдың» киносына түскенде Досхан апарып еді. Өнер адамы деген қызық қой, қартайғанына қарамай, киноға түскісі келеді. Дүниежүзі бойынша тоқсан жасында кинода ойнаған ешкім жоқ екен. Сексен жасында бір адам ғана шағын эпизодқа түсіпті. Мені «Біржан салға» шақырғанда тоқсан екіде едім. Енді Құнанбай қажыны түсіруге дайындалып жатқан көрінеді. Досхан «Апа, сіз түсетін роль бар» деп қояды. Ол менің жайымды біледі. Шаршатпайды, мені күттіреді, киіндіреді, бетімді ептеп дұрыстайды. Артист адам кино алаңында өзін-өзі түсінбей кетеді екен. Қартайғаның да, ауру екенің де ұмытылады. Жазылып кетесің. Театрда да солай еді. Ыстығың қырық болып, қозғала алмай жатасың ғой, сонда сенен басқа рольді сомдайтын ешкім болмағандықтан, сахнаға шығасың. Өлгелі жатқан адам халықтың алдында ауруыңның қайда кеткенін білмейсің. Сап-сау болып шыға келесің. Ойнау керек болса, ойнайсың. Билеу керек болса, билейсің. Жылау керек болса, жылайсың. Жауапкершілік алдында ауруың жоқ болып кетеді. Ал қайтадан шымылдықтың сыртына шыққан кезде құлап түсетің.

– Сіз сахна киімдеріңізге дейін аяқ астынан өзіңіз тігіп алатын көрінесіз...

– Киімді қойып, пальто да тоқығанмын. Оны Досханның әйелі Қаракөзге сыйладым. Анау үйдің қабырғасында ілініп тұрған кестені газеттен қарап тігіп шыққанмын. Сандығымда жататын еді, Досхан «Апа, мұныңыз не, жұрт көретіндей етіп, іліп қойсаңызшы» деген соң, жан-жағын түптетіп, қабырғаға ілдірттім.

– **Кімдер көңіліңізді сұрап келіп тұрады?**

– Көп қой. Мырзатай Жолдасбеков екі күн отырып, әңгімелерімді жазып әкеткен. Болат Атабаев, Салтанат Байқошқарова, кейінгі жастардан түнеу күні Ақан Әбдуәлі мен Абзал Қуанышұлы келіп кетті. Ерлан Рысқали күнде осында. Өн үйренеді. Кеше Жүсіпбек атындағы колледж менің кешімді ұйымдастырды. Мазам болмай отырғанына қарамай, балалардан обал ғой деп бардым. Жүсіпбектің әйелін көрсін, өткен тарихты білсін, тілегімді айтайын дедім. Екі сағатқа созылды. Нұрғалидың қызы Бибігүлге рақмет! Үш жігіт табанымды жерге тигізбей, көтеріп апарып, көтеріп әкелді. Соның өзінде аяғымды баса алмай қалдым. Ісініп кетеді. Тоқсанға дейін бес уақыт намазымды оқитын едім. Тізесі құрғыр, қазір иілмейді. Бел икемге келмейді. Молдалар «адамның жасы сексенге келгеннен кейін намаз оқу міндетті емес. Алланың өзі кешіреді» деді. Намаз оқымасам да қазір үнемі құлшылық етемін. Құран оқимын, аруақтарға бата жасаймын. Жұма күні шелпек пісіртемін. Жаратқанның көрсеткен қызығына шүкіршілік етемін. Қандай қуаныш берсе де тек Алла ғана береді. Осы есінде болсын, балам! Алланы аузыңа алып, әрдайым, жақсы тілек тілеп жүр!

Хабиба апаның мол дастарқанынан дәм тата отырып, осылайша аз-кем тіл-дескеннен кейін төргі бөлмеге өттік. Негізгі әңгіме ауаны осы арада өрбіді.

– Мен қазақтың басынан өткен небір нәубет жылдардың тірі куәгерімін. Әуелі байлардың көзін құртып, барды ортаға салу сияқты елді колхоздастыру жылдары басталды. Әлді шаруалардың атақонысын, қолындағы малын тартып алып, бидай, ет, тұяқ, тіпті, ит салығына дейін салып, иттей қылды. Ауыл белсенділері

«шаш ал десе, бас алды». Қарсы келгендерге айтпағанды «айттың» деп, істемегенін «істедің» деп қырғидай тиді. Менің де әкем осындай жаланың, асыра сілтеудің құрбанына айналды. «Қарағым, еркетайым, Хабибашым! Әкеден қалған дүние-мүлік мұра болмайтынын көріп отырсың. Адамшылық мұра қалдыра алдым ба, жоқ па, оны өмір көрсетер. Мына заманда адамның басына талай қиындық түсетінін білемін. Ауыртпалыққа жолықсаң, жалғыз, панасыз қалған күнің болса, өзіңе-өзің сүйеу, өзіңе-өзің ақылшы бол! Өзіңді-өзің түзу жолға сал, мықты бол! Беліңді бекем бу, қарағым! Менің саған айтарым соңғы сөзім де осы болар», – деп бауырына басты. Абақтыға айдалып бара жатып артындағыларға «Жүген, құрық тимеген асаудай еркін өскен ел едің. Енді, міне, басыңа нөқта түсіп отыр. Алдағы күнің не болар?!» – деп асығыс қоштасып кете барды.

Әкемсіз өксіп өткен күндердің қасіретін сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Ол аздай артынша ел ішінде аштық басталды. Күнкөрістің қамымен торғайдай тоз-тоз болып, бетіміз ауған жаққа қаңғырып кеттік. Бас көтеріп, наразылық білдіргендерді сол ауылдың итіне дейін қалдырмай, аяусыз атуға көшті. Тау-тасты паналап, басқа елге қашып үлкендері қашып үлгерді, қаша алмағаны 1932 жылдың аштығына тап болды. Баудай түсіп, допша домалап жатқан адамдардың өлігінен аяқ алып жүре алмайтын күндер әлі күнге ұмытылған жоқ. Бір үйдегі он жеті жанның ішінен жалғыз өзім қаңғырып далада қалдым. Сонда әбден әлсіреп, дәрмені кеткен ағайындар «әлі бала ғой» деп жұқалап отырып, естіртуге шамасы келмегендіктен, бірден «Әкең өліпті» дей салатын. Әкемді бір жыл тергеп, кейін Гурьевке жер аударған болатын. «Сенің әкең Гурьевте аштан өліпті» дегенде көзімнен жас шықпады. «Сенің апаң екі баласын жетектеп жүріп, қаңғырып өліпті» дегенде де жұрт алдында жыламадым. Не болғанын өзім де білмеймін. Тек, елдің көзінен таса, Қарқаралы тауының басына шығып алып, айқайды салып жылайтынмын. Әбден шаршап, сол жерде ұйықтап қалатынмын. Жылан шағып алады деп қорқуды білмеймін. Содан оянып тұрғаннан кейін әлсіреп, әр үйдің босағасында жүріп, күн кештім. Менің балалық шағым осылай өтті.

Аштықтан аман қалғандар енді ес жия бастаған уақытта тағы да қасіретті күн туды. 1937 жылы қазақтың бетке ұстар азаматтарын қуғын-сүргінге ұшыратты. Малша жетектеп, итше тепкіледі. Әйелдерін де аяған жоқ, ең ауыр жұмыстарға салды. Бала-шағасын «халық жауының баласы» атандырды. Нәубет жылдар сұрапыл соғысқа ұласты. Қасіретке қасірет қосылды. Бірақ халық ешуақытта өнер мен әдебиеттен қол үзген жоқ. Ел аш жүргеніне қарамай, театрға баратын. Бос орын болмай, тұрып тұратын. Студенттер өздеріне берілген 600 грамм нанын сатып, соның ақшасына театрға келетін. Халықтың құрметі өнерпаздарды өсірді. Сөйтіп жүріп, жеңіске де жеттік. Отты жылдардан кейін халықтың тұрмысы аздап түзелгендей еді. Тың игеріліп, қалалар салынып, жол төселіп, ауымыз аққа жари бастаған.

Алматыға алғаш келгенім есіме түсіп отыр. Биік үй деген атымен жоқ еді, басшылардың барлығы өңкей жапырайған жаман жатақтарда тұратын. Қаланың ана шеті мен мына шеті көзге анық көрінетін. Ол кезде «Бас арық» дейтінбіз, ол қазіргі Абай даңғылы. Одан әрі дым жоқ, мидай дала. Төменгі жағы қазіргі

Райымбек даңғылымен аяқталатын. Бұрқ-бұрқ етіп жатқан топырақты кешіп жүретінбіз. Күн жауғанда кебісіміздің қайда қалғанын білмейтінбіз. Бірінші Алматыға пойыз келіп тоқтайды ғой, сонда қалаға жеткізу үшін арт жағында басқышы бар екі жүк мәшинесі баратын. Соған таласып-тармасып ел мінеді, ол екінші қайтара қатынамайды. Сыймай қалғандар жаяу келетін. Мен кейде қазіргі өзіміз тұрып жатқан Алматыға қарап, «жаным-ау, мынау ғимараттар қай уақытта салынған?» – деп таңырқаймын. Одан бері арада пәленбай жыл өткенінде жұмысым жоқ. Аспанмен тілдескен әдемі, зәулім үйлерді көргенде өзіме-өзім таңғаламын. Сол жылдары Мәскеуде Қалибек Қуанышбаевтың қызы оқушы еді, соның жатақханасына барып, көгілдір отынды бірінші рет көргенмін. Сонда Алматыға қайтып келіп, театрдағы Шолпан Жандарбекова, Бикен Римоваларға «қыздар-ау, газ деген дүние болады екен. Сіріңкені тартып жіберсең, көкпеңбек болып жанатын көрінеді. Беті-қолыңды жуғанша, шайың қайнап тұрады» дегенімде, құрбыларым «Ойбай, Хабиба, ондай күнді біз қайдан көреміз, көре алмаймыз ғой», – деп қиялдайтын. Көп ұзамай біз ол күнді көре алдық. Бірақ экономикамыз осылай өрлегенімен, бұрынғы бас көтере алмайтын қалпымыздан арылғанымыз жоқ. Сталиннің қитұрқы саясатына көндік, иландық. Бас шұлғуға тура келді. Абай мен Шәкәрім туған жер атом бомбасының ошағына айналды. Сонда да үндей алмадық. Жастардың шашы жидіп түсіп, адам бетіне карауға қорқатын мүгедек нәрестелер өмірге келді. Апталдай азаматтар өз-өзіне қол жұмсап жатты. Ұлтты тілінен айырды. Қазақ тілі отбасында ғана қолданылатын күйге түсті. Мектептер жабылды. Көзі көріп тұрса да, тағы да ешкімнің бірдеңе деуге батылы бармады. Ақыры бітеу жара Желтоқсанда жарылды. Азаттықтың ақ таңы атты. Табанда тапталып жатқан қазақ еңсесін көтерді. Санамыз сілкінді.

1991 жылы Нұрсұлтан Назарбаевқа ел тізгінін ұстаттық. Егемендікті, еркіндікті сезіндік. 20 жыл ішінде Нұрсұлтан Әбішұлы өзін де, елін де танытты. Талай жақсы істер атқарылды. Басқалар атымызды білмейтін, араласып жүрген орыстардың өзі бізді біресе «қырғыз», біресе «қайсақ» дейтін. Бұрын қазақты осылай мойындамайтындар, қазір дос болғысы келеді. Бұдан артық қуаныш, бұдан артық бақыт бар ма?! Бұған сен қалай қуанбайсың, қалай кеуденді көтеріп мақтанбайсың?!

Мен осы көрген-білгендерімнің барлығын хатқа түсіртіп, кітапқа жаздым. «Ғасыр қасіреті» деп аталатын бір сағат, он минуттық деректі фильм әзірледім. Фильм соңын: *«Құран Кәрімнің «Шарх» сүресінің 6-аятында әрбір ауыртпалықтың бір жеңілдігі болады деп еді. Халыққа сол жеңілдігіңді бере гөр, Алла! Халықтың сана-сезімін, ой-өрісін, адалдығын, әділдігін, бауырмалдығын, бірлігін молайта гөр, Алла! Еліңе еңбек етуге жанын ортаға салар, елімен бірге күліп, елімен бірге күйнетін, арлы-намысты, ұлтжанды азаматтарды молайта гөр, Жасаған Ием! Ел бастап отырған Еріме бастаған істі абыроймен орындап шығу үшін зор денсаулық, ұзақ өмір бере гөр! Жаратушы Алла, Жасаған тілегімді бере гөр. Бұл аналық ақ тілегім, бар тілегім, зар тілегім!»* – деп ақ батамен аяқтаймын.

Өкініштісі, осы өткен ғасырдың бүкіл шындығын бүкпесіз, бұрмалаусыз баяндаған «Ғасыр қасіреті» деректі фильмімді Елбасына жеткізе алмай отырмын.

Президент көрсе, бірден кино етіп шығартып, көпшілікке таратар еді. Өзін-өзі мақтады деме, айналайын. Мен өткен тарихты толық білемін. Соның барлығын кейінгі ұрпаққа айтып, қалдырып кетсем деп ойлаймын. Әлия Бөпежанова дайындап қойған мен туралы кітап та баспа бетін көрмей, шығарып береміз деген азаматтардың уәделері созылып барады.

Қазақстанның халық артисі, Абай әндерінің шебер орындаушысы, ұзақ жылдар отасқан жарым Жүсіпбек Елебеков пен менің туған апам, «Еңлікті» алғаш ойнаған, ең бірінші болып Мәскеуде домбырамен ән салған қазақ қызы Дәлилә Оңғарбекова туралы да тарихи еңбек аяқталуға жақын. Ерлан Төлеутай мен Тұрсын Жұртбаев жазып жатқан екі кітаптың да онкүндік жұмысы қалды. «Әннің Абайы» атанған Жүсекең мен театрды алғаш өз қолымен құрысқан Дәлиләнің өмірі кейінгі ұрпаққа үлгі деп есептеймін. Оны жарыққа шығарып, халыққа жеткізу ел азаматтарының міндеті емес пе? «Мәдениет министріне айттық, біледі» деп еді, бірақ әлі маған хабарласқан ешкім жоқ. Қазір көзім көрмейді, сенің сұлбанды ғана жобалағаным болмаса, көзіңнің, мұрның мен құлағыңның қандай екенін білмеймін. Осы көзім бар кезінде, мүлдем жабылып қалмай тұрып, кітаптарым шықса екен деймін...

Хабиба апа осыны айтып, еті қашқан тарам-тарам қолдарымен иегін ұстап, кемседеп жылап жіберді. Көкірегі қарс айырылған ананы жұбатқым келіп, бұл жағдайын жоғарыдағы азаматтарға басылым арқылы жеткізуге әзір екенімді білдірдім. Сәл ойланып қалған Хабиба апа «Сенің газетіңді Президент оқи ма? Менің аманатымды жақсылап жаза аласың ба?» деп сұраулы жүзбен қарады. Сосын артынша «Егер Нұрсұлтан Әбішұлы көрсе, сөз жоқ бәріне көмектесер еді. Мен оған сенемін. Басқалары уәде бергенімен, орындамай жатыр ғой» деп әрі қарай тікелей Елбасына аманатын айта бастады.

Қарағым, Нұрсұлтан!

Менің осы жасымда көрмеген қиындығым қалған емес. Кешегі ашаршылықта қырылған елді көзіммен көрдім. Он жеті жанның артында қаңғырып жалғыз өзім қалдым. Бәрі аштан өлді. Сол кездегі көрген сұмдығым күні осы уақытқа дейін есімнен кетпейді. «Уақыт – еміш» дейді. Бірақ қанша жыл өтсе де ескіргенімен тозбайтын, көмескіленгенімен жоғалып кетпейтін, қайталап соға беретін дерт қой бұл. Өзіңді таққа отырғызып, елге басшы сайлағаннан кейін 31 мамырды Ашаршылық құрбандарын, саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарды еске алатын күн деп Қаулы шығардың. Мен мұны естіп, еңіреп тұрып жыладым... Менің әке-шешемді, бірге туған бауырларымды жаңа ғана қадірлеп, естіртіп отырғандай сезіндім. Бүкіл ел болып, аза тұтып, барлығы еске алатындарына қуандым. Ата-аналарымыз көрген осы қиындықты қазіргі жастар көктен түскендей болмай, біліп өссе екен деймін. Олар аталарының жүріп өткен жолын білуі тиіс!

Мен өзіңді балам деймін. Жаным, балам, бұрын өзіңді аяғымның жүріп тұрған кезінде көретін едім. Стипендия әкеп беретін едің. Аяқтан қалғалы бірнеше жыл болып кетті. Көрмесем де тілекшііңмін. Өзіңді жанымдай жақсы көремін. Менің ашаршылық, қуғын-сүргін құрбандары мен полигон зардабын шеккендер

туралы «Ғасыр қасіреті» деген деректі фильмді қалай өзіңе жеткіземін деген армандамын. Қаниша талпыныс жасасам да жеткізе алмай-ақ қойдым. Хатымды оқысаң, аяқасты қалдырмайтыныға, жеке фильм етіп шығартатыныға сенемін, оған көзім жетеді, құлыным! Менің жасымда тарихты жоқтайтын ешкім қалған жоқ. Тірі қалғаны мен сияқты сөйлемек түгілі, ұл-қызының атын ұмытып, өз баласын танымай қалды. Құдайға тәубе, мен әлі күнге алжымай, газетке интервью беріп, өзіңе сәлем жолдап отырмын. Алланың маған жасаған жақсылығы осы шығар... Кейде сөйлеуге шамам келмей қалады. Соған қарамастан ұрпаққа бәрін айтып, аманаттап қалдырғым келеді. Бұдан бөлек, үш кітабым дайын тұр. Ақтау, Атырау, Қызылорда, Шымкент, Семей, Өскеменге жағалап, көп тиражбен таралса екен деймін. Қазір кітаптарды екі мың данамен шығаратын көрінеді, ол менің туған жерім Қарқаралы ауданындағы бір ауылдың адамдарына да жетпейді ғой. Шыққан соң, дұрыстап шыққаны керек. Көзімнің тірісінде сол кітаптарды қолыма ұстап, көріп кетсем деп ойлаймын. Арманым сол менің. Оны шығаруға менде шама жоқ. Маған өзіңнен басқа басышы болып жүрген азаматтардың көмектесер сыңайы байқалмайды. Құрыған мынау жасымда, бейшара болған басымда төсекте ғана жатып, әркімге бір телефон соғамын. Бірақ бұған өзің кіріспесең, өз бетімен түк шығатын түрі жоқ.

Мен білемін, сен жер астындағы алтын-күміс, мыс-мырышты, мұнайды қалай өндіруді білесің. Ауылшаруашылығының бабынан да хабарың мол. Аллаға да мінәжат етесің. Ал өнерді жаныңмен сүйесің. Өнерді түсінгеннен кейін ғой, өнер адамдарын құрметтейтінің. Сыйақы тағайындайтының. Әншілігің бір төбе. Мені түсінеді деп өзіңе үміт артамын.

Балам, әркімнің өлер алдындағы ақырғы тілегі, ақтық сөзі болады. Менің тілегім – осы.

Өзіңе деген шексіз құрметпен, сөзімді жерге тастамайды деген үлкен сеніммен сәлем жолдап отырған – Хабиба апаң.

Хабиба апа ендігі сөзді маған қарап жалғастырды.

– Айналайын, сен мұны көп ұзатпа! Басқа жұмыстарыңды қоя тұр да осыны жаз. Жасы құрғыр мынау, денсаулық жоқ. Кейде қатты қысыламын. Қазір кететіндей болып тұрамын. Басым айналады, көзім қарауытады. Жанымды қоярға жер таппаймын. Дәрігерлер «Ауруханаға жат» дейді. Жатқым келмейді. Тіпті, «Жедел жәрдем» де шақыртпаймын. Олар келсе, мені алып кетеді. Одан да ақыры өледі екенмін, үйде өлгенім дұрыс қой. Көмекті тек Президенттен күтемін. Баяғыда кітабымды бергенмін. «Оқы» деп едім, «Оқимын, апа» деді. «Сенің оқимын дегеніңе сеніп тұрған жоқпын. Қолың тимейді. Оқымасаң, мен қатты ренжимін» дедім. «Жоқ, оқимын» деп кесіп айтты. «Ендеше, маңдайыңды әкел» деп маңдайынан сүйгенмін. Барлық ойым, үмітім сол ғана. Оқыса хабарласады деп телефонның қасында қоңырауын күтіп отырамын.

Бұрын да бір рет Нұрсұлтанға хат жазғанмын. Атақты он үш адамға Астанадан жеке-жеке мұражай салу керектігін айтқанмын. Хатымды көмекшілері алып кетіп еді, аяғы хабарсыз қалды.

Мен көрге кіргеннен кейін, бұл кітаптар дұрыс шыға ма, дұрыс шықпай ма, сонысы алаңдатады. Бұл тілегім де орындалмаса, мейлі, қайтем, өле берем, – деген апаның сөзін естіп, бағанадан бері өзімді ұстап отырған менің де жанарымнан жас моншақтап қоя берді.

Апаның күтушісі әрі қарай көп шаршатпауымды өтінді. Қоштасар сәтте апаммен суретке түсуге рұқсат сұрадым. Мені құшақтағалы жатып, шашбауымның сылдырын естіп, ұстай алған Хабиба апа бағанағы көңілсіз аяқталған әңгімені кілт басқа арнаға бұрды. «Шашыңды ешуақытта қидырма, қарағым. Әйелдің көркі – шаш қой. Соны кей қыздар түсінбейді. Немерелерімнің барлығының шашы қысқа. Соны өздері сән көреді, әдемілік деп біледі. «Е-е-е, дұрыс екен» деп қоямын. Менің де шашым осындай ұзын еді, түсіп-түсіп дым қалмады. Сенің бұрымыңа буынып өлген жігітте арман жоқ қой» – деп бәрімізді ду күлдірді.

Кетерімде тағы да бетімнен сүйіп шығарып салған апамның ақырғы аманаты мен арманын сіздерге жеткізгенше асықтым. Оны орындауға сіздер де асықсаңыздар екен, азалар!

дайындаған Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ
«Айқын», 18 қыркүйек, 2012





A decorative border with intricate floral and scrollwork patterns, framing the central text.

IV бөлім

«ҒАСЫР ҚАСИРЕТІ»

Киносценарий

ҒАСЫР ҚАСІРЕТІ

киносценарий

Мен қазақ қасіретінің бәрін дерлік көрдім. Аиаршылықта шөберелес інім бір әулеттегі 33 жаннан жалғыз өзі қалса, мен өзім де екі әулеттегі 17 жаннан жалғыз қалдым. 1932 жылғы аштық, 1937 жылғы репрессия. Бірауыз сөз үшін талай арыстарымыз абақтыға жабылды. Арыдағы ол қасіретті айтпағанда, бертін келе Семей полигоны қандай қасірет?! Абайдың кіндік қаны тамған қасиетті жерге ядролық сынақ жасап, бірнеше дүркін болған улы жарылыстан балалар қалай боп туып жатты? Өзіне-өзі қол жұмсап, асылып өліп жатқан жігіттерді көрдік. Бірауыз сөз айтуға шама келді ме? «Ғасыр қасіреттері» дегенде, мен осыларды қозғадым. Кейінгі ұрпақ білсін дедім. Бір журналистің «мұрағаттан аиаршылық уақытында адам адамның етін жеп жатқан кадрларын көзіммен көрдім» дегенін естідім. Тарихымыздың қасіретке толы жылдарын, кезеңдерін өзімше көркемдеп қағаз бетіне түсіргенде – деректі фильм түсірілсе деген ойым да болды. Мұндай тарихи деректі хабарларды Ғафу ақынның баласы Бақыт Қайырбеков түсіреді, дегенді естіп, оған да қолқа салдым. Бақыт болса, жоғарыда айтылғандай кадрлардың бізде жоқтығын, Мәскеуден, Украинадан алдырту керектігін, оған қырғын ақша қажеттігін айтты. Тарихымыздың қайғылы мұндай кезеңдері қалай дегенде де кино тілінде сөйлеуі тиіс, күндердің күнінде оған да кезек келер. Ал, әзірше осы сценарийіме ырза бол, оқырманым.

– Ей, қасиетті әулиелер! Мен сендердің аруақтарыңмен тілдескім келеді. Бір кезде осы қара шаңыраққа он жеті жасымда келіп едім ғой. Қазір, міне, театрмен бірге жасасқан қарт ана болдым. Мен тек театрмен бірге жасасқаным жоқ, бүкіл бір ғасырдың тарихын арқалап келемін. Ғасырдың талай қасіретті күндерін де басымнан өткердім. Енді сол ғасыр соңында не көрдім, не білдім, соны түгел айтқым келеді.

Аруақ: – Я, дұрыс ойлапсың, айт, айтқаның жақсы. Өткен өмірді білмей кейінгі ұрпақ өркендей алмайды. Театр белестерін де, ғасыр қасіретін де қалдырмай айт! Шындығын айт! Кәне, баста!

– Мен 1916 жылы туыппын. Әкем сауатты, санасы мол, адамгершілік парасаты жеткілікті жан екен. Ел оны құрмет тұтып, «жақсы аға» деп атап кетіпті. Әкем мені бала күнімнен бетімнен қақпай, еркелетіп еркін өсірді. Жас кезімнен әдебиетті сүйеге жетеледі. «Ешкімге тәуелді болмай, өз бойындағы барыңа сен», – деп үйретті. Бұл – менің бала кезімдегі аз ғана бақытты шағым еді.

Аруақ: – Содан кейін не болды?

– Қазақ еліне жақсылық пен жаманшылық кезек келіп отыру дағдыға айналғандай еді.

Жері шұрайлы, шөбі құнарлы, өрісі малға толы, қонысы елге толы, мамыражай тіршілік етіп жатқан кез еді ғой! Кенет, Кеңес өкіметі орнады! Жаңа Заң шықты! Елді колхоздастыру, малды ортаға салу, әлді шаруалардың көзін құрту – бұлардың негізгі мақсаты болатын. Ауыл белсенділері шаш ал десе бас алып, жазықсыз

адамдарға ойдан неше түрлі пәле жауып, қырғидай тиді. Кім аяусыз безбүйрек болса, соның сөзі – сөз, айтқаны – заң болды. Ол кезде аудан басшылары да осы тектес болды. Әлді шаруаларға адам естімеген, ойдан шығарған салықтар салды.

Кел, қазақ кедейі, ұйымдас жалшымен,

Байларды, молданы, қойдай қу қамшымен! – деп өлеңдетіп жүріп, «байшы-кеш» деп ат қойып алған адамдарды ұрып-соғып, ойларына келгенін істейтін. (Сахнаға Күсен шығады).

Күсен: – Әй, Сапбас, неғып жүрсің мәңгіріп?! Тісің барда шайнап қал! Баспайсың ба тақымға, додаға түскен көкпардай! Ес жиғызбай жұлмайсың ба түтелеп!

Сапбас: – Ағатай, айтқан сөздеріңізді түсінбей қалдым?! Маған біреуді әкел дедіңіз бе? Кімнен бастайын?!

Күсен: – Өзің-ақ білмейсің бе, маубасым, ауды алдымен кімге құрарын?! Үлкен шортан ауға түссе, қалғандары түк емес! Ұқтың ба?

Сапбас: – Ұқтым, ұқтым. А, шортан? Шортанды қалай ұстаймын? Ағатай, мен балық ұстай алмаймын. Қинамаңызшы мені. Онан да өзім сияқты кісіге жұмсаңызшы мені.

Күсен: – Түсінігіңе болайын, жануарым!

Сапбас: – Ой, ағатай, қойыңыз. Мен жануар емеспін. «Ей, осы жануар деп кімді айтушы еді, ә»? Ә, таптым, атты айтады. Ағатай, мен ат бола алмаймын. Мен бастық болмай-ақ қояйын, босатыңызшы осы қызметтен. Басқа біреуді қойыңызшы, ағатай!

Күсен: – Ой, мәукіл бас бишара! Жануар емес адамсың! Бар әкел алдыма Қаракбайды! Үлкен шортан деп соны айтам! Ұқтың ба?!

Сапбас: – Ұқтым, ұқтым. Ойбай-ау, барлық ел оны «жақсы аға» деп құрмет тұтады ғой. Жазықсыз адамды қалай сүйрелеймін? Батылым бармайды, ағатай. Басқа біреуді жіберсеңіз қайтеді?

Күсен: – Доғар былшылды! «Жазық-мазық» дегенді қайдан шығарып тұрсың? Ойдан шығарып, жаба салмайсың ба жаланы! Таста бишаралық мінезді. Оларға аяушылық болмасын! Мін, кәпірстан қайратқа! Жаныңның барында қазір айдап кел!

Сапбас: – Қазір, ағатай, әкелем бәлемді, аямаймын! Бірақ мені кәпір бол де-меңізші. Кәпірі құрсын, ол жаман ғой. (Бұлар кетеді. Сахнаға Қаракбай, Сапбас шығады. Қаракбайдың жанында жас қыз бала бар).

Сапбас: – Бас аяғыңды, ептракамайт!

Қаракбай: – Оу, Сапбас мырза, «ептракамайт» деген қай елдің сөзі? Айтыңызшы, мынадай жақсы сөзді менің де білгім келеді?

Сапбас: – Сен оны түсінбейсің. Ол қазақтың сөзі емес.

Қаракбай: – Оу, мырза-ау, адам білмейтін сөзін сұрайды да. Білетін сөзді несіне сұрасын. Маған айтқыңыз келмесе, онда ана досыңа – бастығыңа үйретпейсің бе?! Осындай керемет сөзді оның да білгені жөн ғой.

Сапбас: – Ол да біледі үкіметтің жаңадан шығарған сөздерін. Мен сол ағатайымнан үйренгенмін. Сені жұрт көп біледі дейді ғой. «Пружой» деген сөзді білесің бе? Білгіш болсаң айтшы, кәне?

Қарақбай: – Құдай сақтасын! Ешкім естімеген жаңа сөзді мен қайдан білемін. Сірә, бір данышпанның сөзі шығар?

Сапабас: – Ә, бәлем, білмейсің бе? Білмейсің бе? Білмейсің! Күсен оны біледі! Күсен ашуланғанда «ептракамайт», пружой» деп айқайлайды. Сірә осы сөзді ашуланғанда ғана айтатын болу керек.

Қарақбай: – Я, бұл сияқты жақсы сөздерді, жақсы адамдар ғана айтады...

Сапабас: – Ойбай, өзі де келе жатыр. Сенімен сөйлескенімді көрсе ұрсады. (*Сахнаға Күсен шығады*).

Қарақбай: – Ей, Күсен! Бұл қай жолсыздық! Мені еріксіз айдап әкелетіндей не қылмыс істедім? Жазығымды айтып өлтірсеңші?

Күсен: – Немене, жазығыңды білмейсің бе? Салған салықты неге төлемейсің?

Қарақбай: – Бар нәрсе болса бір сәрі, жоқты қайдан тап дейсің? Халықта бір түйір астық жоқ, ел етпен қоректеніп жүргенін өзің жақсы білесің. Тіпті, бидайды былай қояйық, малдың тұяғын, сүйегін, итті салық қып салдың. Малдың тұяғын сыпырып шешіп алатын ол кебіс емес қой. Әлде, сен білетін шығарсың? Үйрет қалай алатынын. Ал сүйекті қайдан табам? Итті қайдан табамыз? Әлде адамша түсінбейтін ит мінезді адамды салу керек болса, онда сені салу керек қой!

Күсен: – Доғар былшылды! Табасың! Табаныңның астынан қазсаң да таба-сың! Сүйекті таба алмасаң, өз сүйегінді сал!

Қарақбай: – Менің сүйегім сенің жауыздық дертіңе ем болатынын білемін. Ол арманыңа да жетерсің.

Күсен: – Тоқтат сөзіңді! Ей, Сапабас, мынаны тез апарып абақтыға жап! Салған салықты төлемегені, үкіметке қарсы келгені үшін мұның орны абақты! (*Әкесінің жанына еріп келген жас қыз Күсеннің аяғына жығылып жылайды*).

Қыз бала: – Ағатай-ай, әкеме тимеңізші! Мені әкемнен айыра көрмеңізші?!

Қарақбай: – Тұр балам! Жығылма аяғына! Қасиетті сөзіңді мұндайларға қор қылма! Сөз тыңдау үшін адамда адамгершілік болу керек. Ондай қасиеттен жұрдай адамға, сенің көз жасың – күлкі, өлімің – ойын болып көрінеді. Мұндайларға жалынушы болма!

Күсен: – Ей, Сапабас, әкет тезірек, көзіме сүйел қылмай!

Сапабас: – Жүр, тез! Аттар даяр тұр.

Қарақбай: – Үй ішіммен бақұлдаспаймын ба?

Сапабас: – Үйіңнен жаңа ғана шықтың ғой. Қызың қасында тұр.

Қарақбай: – Я, солай... Сендердің айтқандарың заң болып тұр ғой. Солай-ақ болсын. Кішкене тұра тұр. Баламмен қоштасайын. Қарағым, еркетайым, Қабашым! Әкеден қалар дүниелік мұра, мұра болмайтынын көріп отырсың. Рухани мұра қалдыра алдым ба, жоқ па, оны өмір көрсетер. Ендігі саған айтарым, адам өмірінде талай қиыншылық кездеседі, балам. Мынау өмірде ол ауыртпалық тым жақын тұрғанын сеземін. Сондай панасыз қалғандай күн болса, өз-өзіңе сүйеу бол... Өзіңе-өзің қуат бер. Өзіңе-өзің ақылшы бол... Өзіңді-өзің түзу жолға сал! Менің ең соңғы сөзім де осы болар... Балапаным, мықты бол! Қош болыңдар, ел-жұртым!

Жүген құрық тимеген асаудай, еркін өскен ел едің. Енді міне, басыңа нөқта түсті. Қалған күнің не болар? Тек бір Алла жар болып ақырын түзесін. Қайран елім, ел ағасының қатарына көтеріп, аялап ардақ тұтып едіңдер. Сол сенімдеріңді ақтай алдым ба, жоқ па? Шама-шарқым келгенше әділ болуға тырысып едім. Ағаттық істегенім болса кешіріңдер! Сендермен де бақылдасқаным осы болар... Қош болыңдар!

Аруақ: – Я, солай болған-ды. Оның ар жағында қандай күйге ұшырадың?

– Біздің басымызға қасіретті күн туды. Ата қоныс жерімізді, туып-өскен ауылымызды, басымыздағы үйімізді тастап, күн көрістің қамымен бет-бетімізге қаңғырып кеттік. Әкемді абақтыда бір жыл ұстап, Гурьевке жер аударды. Бұл 30-жыл болатын. Мен бұл кезде ағайынымыз Әшірбек деген ағайдың үйінде тұратынмын. Елдің халі күн асқан сайын нашарлай берді. Шыдамы таусылған халық көтеріліс жасады. Бұл көтеріліс әр жерден бас көтерді. Көтерілісті жою үшін Шуфин деген баскесерді елге шығарды. Ол көтеріліске қатыспаған жас жігіттерді отрядына қосып алыпты. Бармаймын деуге шамасы жоқ ел амалсыздан қосылса керек.

(Сахнада Шуфин отряды).

Шуфин: – Мынау алдымыздағы – көтеріліс жасаған қазақ ауылдары. Бұлардың түгін қалдырмай өртеп жіберуге болар еді, әзірше жоғарғы жақтан бұйрық жоқ. Ол бұйрыққа да жетерміз. Сол кезде, мен жақсылап... Ал, қазір алдарыңнан үріп шыққан итіңе дейін, әйел, бала демеі ата беріңдер! Қазақтарға аяушылық болмасын!

Жігіт: – Тақсыр, жолдас, біз де қазақ болып аталамыз. Сонда қалай? Мен түсінбедім?!

Шуфин: – Солай! Неге түсінбейсің?! Бұйрықты түсінуге тиістісің! Бұйрық қалай айтылса, солай орындауға тиістісің! Егер мен сені ат деп бұйырсам, ана қасыңдағы ең жақын досың сені атып өлтіреді. Бұйрықты орындамаса, өзі жазаға тартылады. Түсінікті ме?

Жігіт: – Түсінікті. Сөйлеген сөз атқан оқпен бірдей. «Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді» дейді. Сіздің әрбір сөзіңіз ішіме у боп құйылып, оқтай қадалуда. Мұны сіз де түсініңіз!

Шуфин: – Немене, не дедің? Қайта айтшы?!

Жігіт: – Тақсыр, бір айтсам да, жүз айтсам да, сол сөз. Сіз де «қазақтарды жер бетіне қоймай, тып-типыл қып өртеу керек» деп, жүрегіңіздегі шындықты айттыңыз. Мен де, сіздің сөзіңіз жүрегіме таңбадай басылып, мәңгіге ұмытылмастай қалатын шындығын айттым. Екеуімізде де ешқандай аярлық жоқ! *(Осы кезде сырттағы елді қызықтап бір бала жүгіріп далаға шықты. Шешесі үйге кіргізе алмай қуып жүр).*

Шуфин: – *(әлгі жігітке)* – Ана баланы ат, бұйырамын!

Жігіт: – Ол есі кірмеген жазықсыз жас бала ғой, қалай атам, ата алмаймын!

Шуфин: – Атасың, қазір есі кірмегенімен, ертең есейеді. Мұндайларды осындай уақытта құрту керек! Ат бұйырамын!

Жігіт: – Жүйелі бұйрық жүйесін, жүйесіз бұйрық иесін табатын кездер де болады! Бұйрығыңызды орындай алмаймын!

Шуфин: – Ат шапшаң! Егер бұйрықты орындамасаң өзің атыласың!

Жігіт: – Атсаң ат! Бүйтіп қорлықта жүргенше өлген артық, ат!

Шуфин: – Солай ма, ендеше, баратын жеріңе бара ғой! (*Атып тастайды. Бозалы айқайлап*): – Ат ана баланы, құрт көзін! (*Біреу атып жібереді. Бала «ана» деп құлайды. Шуфин кетеді. Әйел қан боп жатқан баласын құшақтап отырып, зарлайды. Әйел алақанын теріс жайып қарғыс айтады*).

*Ойнақтап жүрген құлыным,
Қолқа жүрек жұлыным.
Жалғызым, сенен айырылып,
Несіне тірі жүремін?!
Үмітім жалғыз сен едің,
Кесілді үміт тілегім.
Құлыным, сенен айырылып,
Несіне өмір сүремін?!
Қарашығым, жалғызым,
Желпілдеп өскен жалбызым.
Құлағыңа бара ма,
Жанымды жеген зар-мұңым.
Шырағым сөнді,
Үмітім өлді,
Енді неге қараймын?
Қасірет төнді,
Қас жауым жеңді,
Суалды құрып ақ айдын.
Үмітсіз өмір – ол бір тұл,
Өртенді жүрек болды күл.
Қуатсыз тәнім,
Шықпаған жаным,
Сүйретілген құр сүлдер.
Кеткен соң сәнім,
Біткен соң халім,
Қаусаған сүйек бір күйрер.
Жаралы жүрек жазылмас,
Ағызар көзден қанды жас.
Жалғызым кеттің,
Қасірет жеттің,
Енді менде не күй бар?!
Қанды жас төктім,
Қайғыдан шөктім,
Азалы жүрек тартар зар.
Зарлама босқа, жасың тый,
Қарсы тұр жауға күшің жи! (*шығып кетеді*).*

Қарсы тұруға шамасы жоқ көтерілісшілер бет-бетімен қашып жан сауғалапты. Кейбіреулері басқа елге өтіп кетсе керек. Заман күн асқан сайын тарыла бастады. Ақыры 31-жылдан басталып 32-жылғы қырғын аштыққа соғылады. Құлақ естіп, көз көрмеген қырғын аштыққа тап болдық. Топалаң тиген қойдай әр жерде домалап өліп жатқан адамдар. Тірілерге бұл көріністің жаңалығы жоқ. Еті үйреніп кеткен. Бұл күн өз бастарына да түсетінін білетін болу керек. Бірақ оны ойлауға да шамасы жоқ болатын. Ой, жасаған-ау, қазақ халқының ешкімге істеген өктемдігі, қиянаты жоқ, малын бағып, барына қанағат етіп, тыныш жатқан ел емес пе еді? Осынша қырғынға неге ұшырады?

Аруақ: – Иә, солай. Кейде халық тым жуастықтан да азап шегеді. Сен өз жайыңды айтшы?

– Өз жайым ба? Ел көшкенде көзі ашылмаған жас күшік енесіне ере алмай жұртта қалмаушы ма еді. Менің халім дәл сондай болды. Неден нәр алу, кімге сүйенерімді білмей, үміт сәулем бұлыңғыр кез болатын. Сол ауыр күндердің бірінде...

(Сахнаға екі қыз шығады. Бұлар тоқтықтың буына масаттанып, басқа біреудің бақытсыздығын қызықтай қарайтындар еді).

I-қыз: – Әне, мен жек көретін қыз келе жатыр. Өзі тіпті, сорлылығына қарамай, ешкімді менсінбейді. Тіпті, сөйлескісі де келмейді. Әй, мынаның келе жатқаны қандай жақсы болды. Жаңағы біздің үйдегі отырған адам әкеме мынаның тұқымының қырылып қалғанын айтты ғой. Үндеме, сөйлескісі келмейтін адамның қалай жылағанын көреміз. *(Хазина ешкімге қарамай, ойға шомып өтіп бара жатты).*

I қыз: – Әй, Хазина, тоқта! Саған айтар жақсы хабар бар. Сенің ауылыңды, туыстарыңды білетін бір кісі солар жайында не болғанын әкеме түгел айтып кетті соны тыңда!

Хазина: – Жақсы хабар дейсің бе, не айтты? Тезірек айтшы.

I қыз: – Гурьевте айдауда жүрген әкең бар екен ғой.

Хазина: – Я, бар. Әкем, аяулы әкем Гурьевте еді. Жақсы хабар айтам дедің бе? Айтшы тезірек. Не болыпты?

I қыз: – Не болушы еді, әкең өліпті!

Хазина: – А, а, а... *(Жан даусы шықты да, үнсіз қалшып қатып қалды).*

I қыз: – Ә, бәлем, төбеңнен жай түсіп, күлге айналып кеткендей жансыз қатып қалдың ба! Саған сол керек!

II қыз: – Мына байқұс есінен адасты білем, мен қорқып барам кетейікші.

I қыз: – Жоқ, мен мұның жылағанын көрмей кетпеймін. Ей, қыз, жақсылап тыңда! Орыстың Кемерово деген қаласында тұрған екі шешен, Рымбай деген жалғыз бауырың, Дәлилә деген апаң – бәрі де, төртеуі де өліпті! Естіп тұрмысың әй!

II қыз: – Мынау есінен адасты. Көрмейсің бе, жансыз адамдай қақшып қатып қалғанын. Айналайын, басқасын айтпашы. Аясаңшы сорлыны!

I қыз: – Аямаймын, бұған сол керек! Өзінің сорлылығына қарамай кеудесін көтеріп жүретінін қайтерсің! Сорлама, сорлы екенін біліп жүрсін! Сен менен сұрама. Мен барын айтып мұны жылатпай тоқтамаймын. Жаңаарқа ауданында тұра-

тын Харира дейтін апаң, күйеуімен екеуі де аштан өліпті. Естіп тұрмысың? Неге жыламайсың, бейшара!

II қыз: – Ей, ол түк естіп тұрмаған сияқты. Тілі байланып қалды-ау деймін. Құдай-ау, сорлап қалған сорлыны онан сайын нықыртып неге езгілей бересің? Адамгершілігің қайда? Мынауың жауыздық қой!

I қыз: – Мейлі, не десең о де. Мен жек көрген кісімді жаныштай берсем жаным рақаттанады. Шыдамасаң кете бер!

II қыз: – Ойпырмай, жолдас болып жүріп те жолдасыңның кім екенін білмейді екенсің-ау. Сенің дәл мұндай қаныпезер екенінді білсемші!

I қыз: – Жарайды, сенің адамгершілік сақтап, адал боп жүргеніңнен жетіскенің белгілі ғой! Бөгеме мені, аулақ! Әй, алды-артыңды жалмаған жалмауыз, панасыз қалсаң да көзіңнен жас шықпайды ғой! Оларды азсынсаң, еліндегі Күләнда деген үлкен апаң екі баласымен, олар да аштан өліпті. Жыламасаң көзің ақсын!

II қыз: – Ей, Алла, мынадай арамға жеріген арамбез қылмағаныңа тәубе! Ей, жауыз! Жаның барында кет осы жерден! Әйтпесе сені мен өлтірем! *(I қыз кетеді).* Бауырым-ай, әлгі қанышердің жанында болғаным үшін кешіре гөр мені. *(Хазина селт ете түсіп, есі кіргендей жан-жағына қарады да, жанындағыны құшақтай алып еңіреп қоя берді).*

(Байланып қалған тілі де жаңа гана шыққандай зарлай жөнелді).

Құдай-ау, өрттен қалған жалғыз тал-шыбықтай мен ғана қалғаным ба? Мұндай тіршіліктің не керегі бар? Кім көрінгеннің қорлық сөзін естіп, әжуалап күлгенін көріп, құзғынның жемтігі қылмай, ал мені! О, бақытсыз басым... Енді кімді арқа тұтам?.. Кімді паналаймын... Қандай жақсылық күтем... Кімнен?.. Қайдан? Кім маған қол ұшын береді? Жо-жоқ! Бітті бәрі де! Қайран ата-анам-ай!.. Бірауыз ақтық сөздерінді де ести алмай қалдым-ау!.. Бауырларым-ау, ең болмаса бір де біреуіңе топырақ та сала алмадым-ау... Қайсыңның қай жерде, қандай күйде қалғандарыңды да біле алмадым-ау мен сорлы!.. Әлде,.. айтуға да аузым бармайды... Құдай-ау, мұндай да қанқұйлы заман болғаны ма?.. Қасірет басқан қара түнекте мені неге қалдырдың?.. Өмірің зарға тұншығып қорлықпен өтсін дегенің бе? Панасыз, көзге түрткі қылмай ал мені!

II қыз: – Сабыр ет, бауырым! Бұрынғылар көңіл айтқанда «артқы жақсылығын берсін» демеуші ме еді, мен де соны тілеймін. Жүре ғой бауырым, біздің үйге *(екеуі кетеді).*

«Уақыт – емші» дейді ғой. Бірақ қанша жыл өтсе де, сол қасіретті күн көз алдымда тұрады. Ескіргенмен тозбайтын, көмескіленгенмен жоғалмайтын, қайтадан соғып отыратын дерт қой. Бұл бір кісінің басындағы емес, мыңдаған адамдарды қорлықпен уландырған зұлмат қой!

31 мамыр – 1931–1932 жылғы аштан қырылғандар мен жазықсыз жапа шеккендер, саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні деп қаулы қабылданғанын естіген күні есім кете жыладым. Менің аяулыларымды қадірлеп, жаңа ғана естіртіп отырғандай сезіндім. Ең болмаса аза тұтып, бүкіл халық болып еске алатындарына қуандым. Бұл күн ғасыр қасіретінен азап шеккендерге арналғанына тәубе еттім.

Міне, балалық балғын шағымда, ғасырдың алғашқы жылдарындағы замана тарихының ең ауыртпалық жылдарын осылай өткіздім.

Ей, аруағыңнан айналайын аруақтар, ендігі өмірім өзіңе аян ғой!

Аруақ: – Я, аян! Мен сенің өмірінді жақсы білемін. Дәуірбек екеуміз 35-жылы Қарқаралыға келгенімізде, осыдан бір жыл бұрын ашылған театрда істеп жүргенсің. Тым жас бола тұра, жастықтың қызуы жоқ, тоқырап қалған адамдай, елмен араласпай саяқ жүретініне таңырқап, сенімен сөйлесті ғой.

– Я, мен жаңа өнер шаңырағын көтерген ағалардың бәрін де сырттай жете білетінмін. Өйткені, туған апам Дәлилә мен оның күйеуі Құсайын Оңғарбаев екеуі де алғашқы өнер ордасын құрушылардың біреуі болатын. 1927 жылы сәуір айында РСФСР Халық ағарту комиссары Луначарскийдің арнайы шақыруы бойынша 11 артист барып Бүкілодақтық советтер съезіне арналған концертке қатысып, үлкен абыроймен оралған. Сол 11 артистің біреуі менің апам Дәлилә еді. Бұл қазақ өнерпаздарының Мәскеуге бірінші баруы еді. Дәлиләнің денсаулығына байланысты бұл жақта тұруға болмайтын болғандықтан елге қайтуға тура келді. Қалған өмірінің талшығындай Дәлилә тәтем театрда өткізген өмірін бізге айтып отыратын.

Біз «Біржан – Сараны» койдық. Біржан болып Иса ақын ойнады. Біржанның асқан дауылпаз әншілігін, дарынды сазгерлігін, серпінді тәкаппарлығын өте көрікті ғып көрсетті. Ойымызды тез арада дайындап қоятын болғандықтан, Біржанның өлең шумақтарын жаттай алмағанына Иса қарап жатпайтын. Әрі қарай өз шумақтарын жалғастыра беретін. Исаның өлеңі ме, Біржандікі ме айыра алмай қалатынымыз. Шіркін, Иса асқан ақын ғой! Сол өлеңдер былай басталушы еді.

*– Бұл үйде Сара бар ма шықсын бері,
Іздеген келіп тұрмын – Біржан сері!
Жолықпай сөз өктемге жүрген шығар,
Ауылында Тұрысбектің өлер жері.
Сайраған Орта жүздің бұлбұлдымын;
Аргынның Алтай-Қарнық ақтангері.
Пара-пар сөзі теңдес адам болса,
Көңілімнің тарқаушы еді қайғы-шері.
Шатыр тік көк майсаға, бір тайды сой,
Кешікпей шықсын Сара болса өнері.
Бұл үйде Сара бар ма отыр неғып,
Қарсы ұшпай тоты құстай қанат қағып?
Жел қобыз, шағалы жез, еңіреу менен,
Қара тер шыққан сайын кетем ағып.
Арындап дәуірлейді барған сайын.
Екпіні соққан желдей білдім жайын.
Шырағым Сара, саған не болды деп,
Есімбек кіріп келді ағатайым.
Қарағым Аргынға орай бар ғой Найман,
Бала едің атағыңды жұртқа жайған.*

*Кең жерге келістіріп душар қылмай,
Қапыда қажы үйіне келді қайдан!
Тартынба, – деді қажы, – енді балам,
Адымың аттан артық шықты тайдан.
Сөзі бұзық ант ұрған көрінеді,
Бар еді бір кісідей өлең қайлаң.
Аптыққан қу Арғынды бір дөңгелет,
Ағаңа осы болсын тиген пайдаң.*

*Қажының әлгі сөзі болды себеп,
Қолтықтан көтере гөр, аруақ, демеп,
Дулат, Сабыр, Кеншібай, Сұртай, Жылтыр,
Жанұзақ, қолда дедім барың демеп.
Аспаннан бойға түсті ғайып перім,
Даусыма көтерілер тұрған жерім.
Ән шырқап ақ ордадан шыға келдім,
Көрген соң аттан түсті Біржан серің.
Басында баяуладым Біржанды алдап,
Қырмызыдан жіберемін сөзді талдап.
Төрт қызы Тұрысбектің қасыма ерді,
Ақ үйден шыға келдім Біржан салдап.*

*– Ей, Біржан, кісіге дәрі амандығың,
Сөз білсең бұ да сенің жамандығың.
«Қисса ислабядан» оқымап па ең,
Белгілі болды мағлұм надандығың.
Адамды топырақтан жаратқан Хақ,
Білінсін надандығың бұл сөзге бақ.
Хауаға бұрын барған Адам ата,
Жоқ па еді есіткенің мұны ақымақ.
Данышпан білгіш қой деп ойлаушы едім,
Арғында татиды екен жоқты мақтап.
Тозаңың анда-санда бір бұрқ етер,
Саулатсам бейпіл жерді екі жақтап.
Келдің бе күн көргелі құрдым Арғын,
Жинауға сынық малта Найманды ақтап.
Артыңның ашыларын білмейсің бе,
Көрпеңді жамылсайшы бойға шақтап.
Найманда екі жүзді нар кескенмін,
Желкенді қимақ үшін қойған сақтап.*

*Сонда Біржан домбырасын жіберді көкке сермеп,
Жіберді түрлендіріп әннен өрнек.*

*Сөзіме ызаланып алғаннан соң,
Дауысқа салды Біржан аспанға өрлеп.*

*Мың жарым жылқы біткен Қожағұлға,
Сөйлеткен мені балап қазақ ұлға.
Асықша ақ жамбыны аспанға аттым,
Тиыным шыққан емес сендей тұлға.
Қолыңды ұстатпайтын ерке болсаң,
Күлімсі неге берді әкең құлға!*

Міне, осының бәрін тәтем айтып отыратын. Мен болсам, солармен бірге жүргендей өмір кешіп тыңдаушы едім. Енді сол әріптесі Қаллекиді көріп отырсам да Дәлиләннің сіңлісі екенімді айтқым келмейді. Өткен сол күндегі көргендерім маған түс сияқты. Түс – түс болып қала беретіні белгілі. Өнімде жақсылық жоқ деп түйгем.

Қаллеки түбегейлі сұрай бастады. Қайдан келдің, қай ауылдікісің, кімнің қызысың деп. Қаракбайдың қызы екенімді білгенде, Дәлиләннің сіңлісі бола тұра неге ертерек айтпадың деп реніш білдірді. Ақыры Дәуірбекке өмірлік жолдас болуға келісімімді сұрады.

Сонымен 1935 жылы тамыздың 3-і күні сәт сапар тілеп, Дәуірбектің етегінен ұстап, жаңа өмірге жол тарттым. Мәшине жүрісі жеделдеген сайын Қарқаралы тауы көгілдір тартып, бұлыңғырлана бастады. Туған жердің алыстап артта қалуы адамға ауыр тиетінін бірінші рет сезінгендеймін. Жасымнан жалғыз қалып, өмірдің қиыншылығын қанша көрсем де, ауылымның төбесі көрініп тұрғандай болғанда, сол көріністен өзіме қуат алғандай болушы едім. Біздің қыстауымыз жолдың оң жағында 70–80 шақырымдай Кеңөлке деп аталатын жерде болатын. Кеңөлкені ойласам, сайраңдап өскен жастық шағым, бетімнен қақпай, еркелетіп еркін өсірген ата-анам, туған-туыстарым көз алдымнан өтіп жататын. Осындай ой өрістері мені жебеп отырғандай болушы еді. Енді осылардың бәрімен қош айтысу маған ауыр тиген еді.

Тамыздың 8-і күні астанамыз Алматыға келдік. Дәуірбектің аялы алақанының арқасында, қайғы-қасіреттен арылып айыға бастадым. Ендігі өмір жолымды өнерге жалғастырып, қазақ өнерінің кара шаңырағына мүше болдым. Бұл 1935 жылғы қыркүйектің 1-і болатын. Тұсаукесер бірінші жасаған бейнем, «Арқалық батырдағы» Арқалықтың келіншегі Қарагөз еді. Ендігі өмірім осы қарашаңырақпен бірге жасасты.

Театрдың құрылғанына тоғыз-ақ жыл болса да тым ілгерілеп өсіп кеткен екен. Бірнеше облыстарда театр ашылып, музыкалы театр, концерттік филармония ашылыпты. Осы өсудің дәлеліндей, 1936 жылғы Қазақ көркем өнері мен көркем әдебиетінің Мәскеуде өтетін онкүндігіне екі айдай дайындалып, мамырдың бас шенінде жолға шықтық. Бұл он күндік, әсіресе өнер адамдарына сын еді. Бұрыннан қалыптасқан, өнер ордасы мәскеулік театр қайраткерлері, тәжірибелі талғамы биік сыншылардың алдында, жаңа ғана ұйымдасқан жас театрдың сарапқа

түсуі оңай емес еді. Сонымен көптен күткен жауапты күніміз мамырдың 17-і де жетті. Үлкен театрда «Қыз Жібек» спектаклі жүргелі жатыр. Бәріміздің тілегіміз біреу ғана. Ол – арттағы елдің артқан жүгін, үмітін ақтау. Шымылдық ашылып, ойын басталып кетті. Өнерпаздың таланты сахнада ашылады. Киелі сахнаның аруағы бар. Бізді де сол сахна аруағының қолдағанын іштей сезінгендейміз. Ойынның қалай біткенін аңғармай да қалдық. Астана жұртшылығы дуылдай қол соғып, босатпай қойды. Біз болсақ есіміз кетіп шалқи қуанудамыз. Адам өмірінде талай қуанышты күндер болады ғой. Оның бәрі есте сақтала бермейді. Ал сол күнгі қуаныш, еш уақытта ұмытылған емес. Осы уақытқа дейін бәрі-бәрі есімде, көз алдымда тұрады. *(Бұл жерге Күләштің, Манарбектің әндерін, Шараның биін қосу керек).*

Аруак: – Бұл сияқты үлкен белестегі үлкен қуаныш сенің ғана есінде сақталды ма? Ал басқалардың ше?

– Басқалар мен сияқты ішінде болған жоқ қой. Өнерпаздың творчестволық өнерінің биігіне көтерілгенін көргенде ғана, оның асқан даналығын өз көзіңмен көріп, құлағыңмен ести, денеңмен сезіне аласың. Оны сөзбен жеткізу, болмаса жазбаша түрде айту – өте қиын. Осы жолғы үлкен табысқа жетуіміз әрине алғашқы буын аға, апаларымыздың арқасы еді. Ал көркем әдебиетке келсек, Сәкен аға бастаған алыптар тобы, сүт бетіндегі қаймағы, шып-шырғысы бұзылмай, тұнығы шайқалмай тұрған елі үшін адал да әділ еңбек еткен жандар еді ғой. Бұлар қазақ халқының мақтанышы, ары, намысы, алға ұстар шебі емес пе еді? Осындай рухани байлығы бар, алпауыт күші бар халық неге артта қалсын? Әмәнда алда жүруге тиісті. Сонымен зор табыс, үлкен жетістікпен елге оралдық.

Неге бекер айтасың? Тарих жолында тек шындықты айту керек. Үлкен табыспен оралғандарың рас. Бірақ бәріміз бірде қуанышқа бөлендік деуің қате. Бұл жолда да әділетсіздік болғанды.

– Не дейсің? Осында бүкіл ел болып шалқи қуанған жетістікте де алауыздық болып па еді?

Аруак: – Болған-ды. Мүмкін сен сол уақытта жас болғандықтан байыбына жетпеген шығарсың. Адам ең болмаса қарттық шақта шындықты айту керек. Не айтсаң да ойланып айт. Көргісі келмесе түйені де көрмейді. Ал Жомартты көрмеуге бола ма? Өнерді алдыңғы қатардағы елмен қайтсем теңестірем деп, тынбай еңбек еткен сол Жомарт емес пе еді? (Құрандағы «Нахыл» сүресі, 71-аятта), адамның еңбегін дұрыс бағаламау, Алла жолына қарсылық дейді. Әрине, еңбекті бағалау сендердің жұмыстарың емес, бірақ сендер Жомартты ұмытсандар, еске сақтайтындарың кім болмақ?

Дұрыс айтасың, оларды әрқашан да құрмет тұтып отыру керек. Ал осындай белесті істерге еңбек еткен адамдардан ескерусіз қалғандар бар ма? Сен театр тарихымен бірге жасасып келесің. Сен айтпағанда кім айтады?

– Оның рас. Мен сол кісілер жайында ойлап жүргенімді әр жерде айтып та жүремін. Бірақ менің сөзімді елеп жатқан кісіні көре алмадым. Сен маған айт-айт дейсің. Мен үлкен атақты артист емеспін ғой. Бастықтардың көбі атағы үлкен артисті ғана тыңдап, соларды ғана қабылдайды. Істеген еңбегің басыңнан асып

жатса да жоғарғы атақ ала алмасаң, сенің сөзіңді тыңдамақ түгіл, өзін де елеусіз жұртта қала бересің.

Аруақ: – Жоқ, сен олай деме! Адал жүрек, ақ тілектегі адамдардың сөздері еленбей қалуға тиісті емес. Тіпті еленбеген күннің өзінде сен өз адамшылық парызыңнан арылып, айтып кет.

– Жақсы, айтайын. Ойда жүрген айтсам деген тілектің бәрін айтуға уақыт көтермейді. Мен солардың біреуін ғана айтайын. Осы онкүндікте ошақтың үш бұтындай ауыртпалықтың бәрін көтергендер Құрманбек, Манарбек, Күләш болатын. Сондағы Манарбектің әнін тыңдаған музыкатану ғылымы алыптарының бірі – академик Б.В. Асафьев, Ахаңнан – Ахмет Жұбановтан «Бұл әнші қайда, қандай музыкалық мектепте оқыған?» – деп сұрапты. Ахаң ешқайда оқымағанын айтқанда, сенерін де, сенбесін де білмей таңғалыпты. Осы жолы Манарбек «Қыз Жібекте» Шегені ойнаса, «Жалбырда» бас кейіпкердің бірі – Елеместі ойнады. Онкүндіктің соңғы күнінде үлкен концерт беріп, аяғын көп адам қатысқан хормен бітіргеміз. Сол хордың әнін жазған Манарбек болатын. Манарбек жақсы әнші, жақсы артист қана емес, ол – сазгер де. Бірнеше әндер мен күйлердің иесі. Солай бола тұрса да, өзімен бірге жасасқан Алматысынан бір көше бұйырмады. Осындайларға қынжыласың.

Аруақ: – Болды ондайлар. Ал өз басыңда қандай арман бар? Арманыңды ішіңе бүгіп, ол дүниеге арқалап кетпей айт, кәне?

– О, жоқ! Сұрама! Ол – басқа хикая. Қатып қалған тонды қопарып қайтесің?! Енді менде қанша өмір қалды. Осы күйінде барсам да қабылдайтын шығар?!

Аруақ: – Айтқың келмей ме? Жарайды, айтпай-ақ қой. Онкүндіктен соң елге зор қуанышпен қайттық дедің ғой. Сол қуаныштарың жалғаса берді ме?

– Қайдан жалғаса берсін?! Жоғарыда айттым білем. Қазақ халқына қуанышпен қасірет алмасып келіп отыру маңдайына жазылған болу керек. Тағы да қасіретті күнге тап болдық. 1937 жылдан бастап, халқымыздың бетке ұстар азаматтарымызды, біртуар бірегейлерімізді жанға өлшер жампоздарымызды баудай түсіріп түрмеге жапты. Ақыры қырғынға ұшыратты.

(Бұл жерде сәуле камерада талықсып жатқан тұтқынға түседі. Есін жинай бастаған тұтқын, әлдебір жыр шумағын естігендей, сол жыр сөзін армандап жатқандай болады. «Мен жастарға сенемін» өлеңдері естіледі).

*Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты –
Қырандай күшті қанатты,
Мен жастарға сенемін!
Жұмсақ мінез жібектер,
Сүттей таза жүректер,
Қасиетті тілектер –
Мен жастарға сенемін!
Тау суындай гүрілдер,
Айбынды Алаш елім дер,*

*Алтын арқа жерім дер,
Мен жастарға сенемін!*

(Енді тұтқынның ой-өрісі, ән тыңдағандай болады).

*Білем анық жанға жайлы май сұлу,
Жарқ-жарқ еткен майда нажағай сұлу.
Қызықты орман, көңілді еркін кең дала,
Күміс табақ көкте жүзген ай сұлу.*

*Сылқ-сылқ күліп сылдыр қаққан су сұлу,
Көлге қонып қаңқылдаған қу сұлу.
Бейне айнадай жарқыраған айдыннан
Күн шығарда көтерілген бу сұлу.*

*Шаңқай түсте өткір алтын күн сұлу,
Жымыңдаған жұлдыздармен түн сұлу,
Толып жатыр түрлі сұлу дүниеде,
Бәрінен де маған, сәулем, сен сұлу.*

(Тұтқын басын көтеріп жанына демеу іздегендей, тыныссызданады. Орнынан тұрып, ерсілі-қарсылы жүре бастайды. Енді бірде өлең шумақтары ағытылады).

*Абақтыда ай мен күннен жаңылдым,
Сарғайдым зой сары даламды сағындым.
Қарашығым, құлыным деп зарлаған,
Алыстағы сорлы анамды сағындым.*

*Алтын күнді, қара жерді сағындым,
Жан жолдасым жүйрік желді сағындым.
Асау тайдай еркелетіп өсірген,
Ағайынды, туған елді сағындым.*

*Қазағымды, қайран елді сағындым,
Сарыарқамды – сайран жерді сағындым.
Балдай бұлақ, мөлдір күміс көбікті,
Арқадағы айдын көлді сағындым.*

*Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,
Сұм өмір абақты зой саналыға.
Қызыл тіл қолым емес кісендеулі,
Сондықтан жаным күйіп жанады да.*

*Жай тақтақ жабайыдан жол қалғанда,
Қанды ор боп ақын жолы қалады да.
Ойлайды, күңіренеді, толғайды ақын,
Күрсініп көзіне жас алады да.
Ақында – адамзаттан дос болмайды,
Жалғыз-ақ сырын сөйлер қаламына.*

(Тұтқын денесіне қуат келгендей сезінеді. Енді сәуле тергеушінің бөлмесіне түседі. Тергеуші милицияны шақырып: – Әкел тұтқын Мағзұмды! – Екі милиция ессіз сүйреткен тұтқынды әкеліп жерге тастай салады. Тұтқын есін жинай алмай көп жатып қалады).

Тергеуші: – Сонша не істедіңдер? Мынадан жауап ала алмай қаламыз ғой! Жаны бар ма өзінің?

Милиция: – Бар. Қазір тіріледі. Өзі де бір иілмейтін ит екен. Қайтар түрі жоқ. Қанша қинасаң да өз сөзінен қайтпайды.

Тергеуші: – Бұларға ма, бұларға аяушылық болмасын! Бірақ өліп кетіп жүрмесін. Біздегі мақсат – есалаң қылып қол қойғызып алу. Сендер сокқыға жығып, құр тепкілеп сабай бересіңдер! Оның миына зақым келетін жазаны қолдану керек! Сонда ол не айтсаң соны істей береді, ұқтың ба? Барыңдар!

(Тұтқынның аздап есі кіріп, көзін ашады. Жан-жағына қарап, тергеушінің алдында жатқанын көріп, бойындағы барлық күшін жиып басын көтереді).

Тергеуші: – Айт шыныңды! Болмаса тағы да...

Тұтқын: – Тағы да?.. Бұдан артық не істейсің? Өлтіру ме? Мен сенің өлтіргеніңнен қорықпаймын! Адалдық пен арамдық алысып өту, бірін-бірі өлтіру – ол табиғи нәрсе. Адам жүз рет өлмейді. Бір-ақ рет өледі! Мен өлсем туған елім Отаным үшін, адалдық үшін өлемін! Кейінгі ұрпағым моламды іздеп таба алмаса да, сыртымнан Құран оқып, не үшін құрбан болғанымды түсініп естеріне алып жүрсе арманым жоқ! Ал сен ше? Сен кім үшін өлесің? Не үшін өлесің? Оны өзін де білмейсің! Сенің білетінің, қара басыңның қамы, жұтқыншағың, құлқынның ғана құлысың! Ондай өлім – ит өлім! Ұқтың ба, тергеуші!

Тергеуші: – Тоқтат! Жетті мылжуың! Енді дұрыс жауабыңды айт! Кіммен байланыстысың, жақының кім, өзің кімсің?

Тұтқын: – Менің кім екенімді білгің келе ме? *(Орнынан ұшып тұрып, өлең шумағын ағыта жөнелді).*

*Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?
Көкте – бұлт, жерде – желмін гүлеген,
Жер еркесі желдің жөнін кім сұрар?
Жалынмын мен, келме жақын жанарсың,
Тұлпармын мен шаңыма ермей қаларсың,
Күл болсын көк, жемірілсін жер, уайым жоқ,
Көз қырыммен күліп қана қарармын.*

*Мен өлмеймін, менікі де өлмейді,
Надан адам өлім жоғын білмейді.
Өзім – патша, өзім – қазы, өзім – би,
Қандай ессіз не қылдың деп тергейді?
Мейірленсем – сегіз ұрмақ қолымда,
Қаһарлансам – тамұқ даяр жолымда,
Жоқ жақыным, жасағандай жалғызбын!
Мен бе иілер әлсіз адам ұлына?!*

Тергеуші: – Тоқтат сөзіңді! Жап аузыңды! (*милиция кіреді*). Әкетіндер! Мынаған ең ауыр жазаны қолданыңдар! Тілі сөйлеуге келмейтін болсын? (*жарық сөнеді*).

– Халық қанын сорып алып, тек сүйегін қалдырғандай қаусап қалды. Жауаңдаған жетім баладай именшектік күн кешті. Халықтың рухани халі бұрынғы бастарынан өткен ауыр күндердің бәрінен жаман болды. Өз баласын туған әкесіне қарсы жаулық істеуге дайындаған саясатты бастан өткіздік. Аңдамай сөйлеген бірауыз сөз үшін айдалып кетіп жатты. Еркіндік деген атымен ұмытылды. Бас жібін ұстап алып жетелеген малдай қалай жетелесе де, қарсылықсыз жүре беретін болды. Тұтқында жатқан азаматтарымыздың әйелдеріне дейін айдап апарып ауыр қара жұмысқа салды. (*Бұл жерде «Кебенек киген арулардан» үзінді көрсету керек*). Осындай күндер өтіп жатқанда, 1941 жылғы Отан соғысы басталды. Қасірет үстіне қасірет қосылды. Ел сең соққан балықтай есеңгіреп қалды. Соғыс жүріп жатқан жерлерден, күйзелген, әртүрлі ұлттардан тұратын мыңдаған отбасы келді. Өздері әлсіреп отырса да, қазақ халқы оларды құшақ жая қарсы алды. Бұл біздің еліміздің ежелден келе жатқан нашарға жаны ашыған бауырмалдық жақсы дәстүрі еді. Балалары паналайтын жер таппай қаңғырып кетті.

Аруақ: – Осындай ауыртпалық басып тұрғанда, өнердің, театрдың халі не болды соны айтшы?

– Соғыс жылдарындағы театрдың жайы айтарлықтай ілгерілеп кеткен еді. 40-жыл мен 46-жылдардың аралығында 18 жаңа спектакль қойыппыз.

Бұларды жазғандар – М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ә.Әбішев, Ш.Құсайынов, С.Мұқанов, Ә.Тәжібаевтар болатын. Бір ғажабы осындай қиыншылықта, шалақұрсақ болып жүргендеріне қарамай, көрермендер театрға үзбей келіп тұратын. Ал студенттер ше? Өздеріне берілетін 60 грамм нандарын сатып, соның ақшасына билет алып келетінін білетінбіз. Сол кезде халық театрды киелі, аруақты үйдей бағалаушы еді. Ал қазір ше? О, аруақтар, мен сендерге сауал қойғым келеді. Тұрмыс жанданған сайын мәдениет өскен сайын, өзінің ұлттық өнерін менсінбей, басқа елдің мағынасыз даурықпа өнеріне ынтыға ұмтылатыны неге?

Аруақ. – Сен оған мұңайма. Әрбір дәуір белесі, ұйтқы соққан құйындай екпінімен, табанының бүрі жоқтарды ілестіріп әкетеді. Бірақ ұлттық өнер өз орнын, өз қуатын жоғалтпауға тиісті. Өзінің өнер құдіретін түсінбей адасып жүргендер, айналып темір қазығына қайта оралуы хақ! Ал сен өз сөзіңді жалғастыра бер.

– Өнер адамдарына деген халықтың ықыласы өнерпаздарды қанаттандырып жібереді. Артистер тікелей майдан шебіне аттанып, жауынгерлерге рухани күш,

жігер беруге концерттер қойып, атсалысты. Барлық тілек, барлық күш тезірек жеңіс күніне жету еді! Соғыс жылдарындағы майдандағы негізгі күштің арқа сүйері арттағы ел болса, сол арттағы елдегі жұмыс істейтіндердің көпшілігі әйелдер еді. Ауылшаруашылығындағы еңбек күші түгелдей әйелдер деуге болады.

(Сахнада екі әйел көңілді, ақжарқын шыраймен сөйлесіп тұрады).

1-әйел: – Біздің ауылға тағы да жаңа қонақтар келген бе? Олардың кімдер екенін сен білмедің бе?

2-әйел: – Пәлі, сен білмейді екенсің ғой. Мұхаң мен Сапекендер *(М.Әуезов, С.Бегалин)* келгені.

1-әйел: – Ол кісілер қонып шығатын жақын жерде ел жоқ еді ғой? Қалай тым ерте келіп қалды?

2-әйел: – Сен қызықты тыңда! Мұхаң Абай атамыздың жайлауларын аралап көру үшін әдейі атпен шықпай ма. Қызығына батып, барын аралап жүріп, кеш болып қалғанын байқамай қалса керек. Қараңғы түсіп кеткен соң атқосшылары жол сорабынан адасып, ақыры Мұхандар далада қонып шығыпты. Ертемен аттанып келе жатса, ән шырқап күздік егіп жүрген біздің ауылдың әйелдеріне жолығып, қызу еңбекті ән салып жүріп істегендеріне сүйсініп, сөйлескенде, колхозшылар түндегі өткен кеші, ерекше қуаныш тойдай болғанын, орталықтан Дәуірбек бастаған әнші, биші, күйшілер келіп, еңсеміз түсіп қажып жүргенде, шаршаған, әлсіреген ауыртпалықтың бәрі сыпырып тастағандай, тыңайып, әсемдік аралында сайрандағандай болдық. Ән қуаты бізді жұмысқа да шабыттандырып жібергендей депті. Соны естіген Мұхандар, Дәуірбектер кетпей тұрғанда орнынан баспак болып, жеделдетіп келіпті. «Сендер бізді аяндар, біз далада түнеп шықтық. Бүгін тағы осында болыңдар» деп қалжың араласқан тілектерін айтып, Дәуірбекті көндіріпті. Сонымен бүгін тағы да рақатқа батамыз. *(Бұлар былай көңілді сөйлесіп тұрып, кенет алай-түлейлері шықты).*

1-әйел: – Ойпырмай, анау не пәле? Өрт болмаса игі еді?!

2-әйел: – *(үрейленіп)* Қайдағы өрт, не айтып тұрсың?

1-әйел: – Әнекей. Мырзашоқының батыс жақ иығынан шыққан түтінді көрмейсің бе?

2-әйел: – Құдай-ау, мынау өрт қой! Енді қайттік? Ауыл совет бастығы қайда? Білмей жатыр ма?

1-әйел: – Әне – Мәженова. Өзі де келе жатыр. Барлық киімін шалбарланып, жеңін де түріп алыпты. Бізге енді нағыз тілсіз жаумен соғысуға тура келді. Күшің болса, жеңесің, болмаса өрт тып-типыл ғып үйітіп кетеді. Мына жауға қарағанда, бұрынғы жұмыс істедік деп жүргеніміз ойыншық шығар.

Мәженова: – *(қатқыл үнмен)* Ал, бауырларым, әйелдер! Ендігі бізге жетпегені өрт сөндіру болса, ендеше бұған да қарсы тұруымыз керек! Жаздай еңбек етіп еккен егін, маялап жиған пішен, мал, қыстау, колхоздың барлық қазынасы өрттің жолында! Бұлардан айырылғанша өлгеніміз артық! Дереву бір-бір атты міндер! Ал, аттандық! *(Ауыл жым-жырт. Тек қарт ана, балалар ғана қалады!..)*

Ана: – Қонақтар қайда? Сыйлы қонақтар күтусіз қалды-ау!

Бала. – Әже, өрт сөндіруге артистер де, жазушылар да кетті.

Ана: – Я тәңірі бере гөр! Сорлап жүрген қыздарымның жолын қыла гөр! Бұрынғылар бата істегенде Алладан «қаба жауған қардан сақта, қаптай жанған өрттен сақта» деп тілеуші еді. Сол қаптай жанып жайпап кететін өрт осы ғой! Жалыны қанша жерден бет шарпितын өртке қарсы қажырлы, қайратты ер жігіттер ғана бара алушы еді. Енді міне, әлжуаз әйелдер кетті. Мынадай бой бермес қалың өртті сөндіру де сендердің сыбағаларың болды-ау, қарақтарым! Тек Жаратқан жар болсын сендерге! Ойпырмай, жел үдеп кетті-ау! Бұлыққан түтін етек жайып барады. Тіпті, жақындап келеді. Өздері мерт болмаса жарар еді. Құдайым-ау, Мұхтар қарағым бастаған қонақтарым аман оралса еді. Я сәт! Алдыңғы бұлыққан түтін ұйлықты! Я азайды! Жойылды! О, құтты қонақтарым, өздеріңмен бірге ере келген ырыс, бізге жұғысты болды ғой. Әрқашан да жүрген жерлерің гүлге оралсын!

(Ымырт жабыла Мәженова бастаған колхозшы әйелдер ән шырқап келе жатты).

– Шіркін, ән! Қажығанға қуат бересің. Шаршағанға қажырлы күш бересің. Жауынгерге айбатты сұс, түкті жүректі батылдық бересің! Ән құдіреті аруақты алапат күш қой! Бүгінгі бет қаратпас жалынды өртті сөндірткен, түндегі ән нөсерін барлық денесі рухани күш алғандықтан екені сезіліп тұрып еді!

Міне, біздің қазақ әйелдері қиыншылық жағдайда, жаратылысындағы әлжуаздық, нәзіктіктің барлығын жиып тастап, ер-азаматтар істейтін ауыр істердің барлығына да бара алады. Басына түскен ызалы намысты күндерде, асқан батылдықпен, қатар істейтін істі де істей алады. Ой парасаттылығы да тереңдей түседі. Бұл жайында бұрынғы өткен жайдағы дәлелдерді келтірмей-ақ, жиырмаға жасы жетпеген Әлия мен Мәншүкті айтсақ та болады. Орта Азиядағы соғысқа қатысқан біз сияқты елдерде батыр атанған қыз жоқ! Тек қазақта ғана бар! Бұл жайды қашанда еске сақтаған жөн болар.

Сонымен бес жылға созылған қарғыс атқан қанды соғыс та бітті. Жоғалтқанымыз орны толмас оққылықта тұрса да, арттағы ел ес жия бастады. Экономика, шаруашылық жағы жедел көтерілгенімен адамдардың рухани өмір сүруі, еркіндік жоқ, жалтақ тәуелшілдігі еңсесін көтертпейтін. Тұрмыс жақсарса да, бұғауда бүрсең қағып өмірі өтіп жатты.

Аруақ: – Дұрыс. Соғыс бітті, елдің тұрмысы жақсара бастады дедік. Ал көркем өнер, көркем әдебиеттің өрісі, өсу жолы қандай болды?

– Олар асқан қажырлылықпен жұмыс істеді. Ірі-ірі табыстарға жетті. Бұл, әрине табиғи құбылыс болатын. Ғасыр тарихын кейінгілерге жеткізу осылардың сыбағасы еді. Мәдениет – өрлей беретін толассыз күш! Оның табысы – жеке адамның табысы емес, бүкіл елдің жетістігі. Қоғам толастап қалса да, мәдениетке иек сүйейді. Ей, аруақтар! Бірақ мен ұғына алмаймын. Жеке адамның шығармашылық мәдениеті өркендеген сайын, оны түсінушілер азая беретіні неге?

Аруақ: – Мен айттым ғой саған. Жаңа дәуір, замана әспеті екендігін! Сол ағынға қарсы тұра алмай, бірге ағатындар көп болады. Бірақ табан тіреп тұрып қалатын аз ғана топ та бар емес пе? Негізгі күш, түйін сол аз ғана топта! Сол топ бағасын берсе де жетеді. Ал театр өркендеді дедік, ол неден қорек алады?

– Әрине, театр ұжымы, артистер драмалық шығармадан өседі. Театрдың жедел өсу жолын айтсақ, Мұханды айтпай болмайды. Мұхан істеген еңбек ұшан-теңіз. Ең бірінші театр шымылдығын ашқан «Еңлік – Кебектен» бастап, жиырмаға тарта пьеса жазып, оның үстіне таңдаулы пьесаларды өзі аударып қойғызып отырды. Тіпті, сахналық сөздердің дұрыс айтылып, көрермендерге анық жетілуіне дейін қадағалайтын.

Аруақ: – Жақсы лебіз, ізгі істі Алла біліп отырады. Соған лайықты даңққа көтереді. Ал қулық-сұмдыққа жақындар, жамандыққа ұшырайды деген Құран-кәрімнің «Фақыр» сүресі, 10-аятында.

– Әдебиет, мәдениет өсе береді, ол тіпті, қоғамның тоқырауына да қарамайды дедің. Ал сол кездегі халықтың рухани жағдайы қалай еді, соны айтшы?

– Қазақ халқының басына бұл ғасырда қасірет үстемелеп келе берді. Тағы да басымызға қара түнек төнген кез тап болды.

Қазақтың кең даласындағы ең шұрайлы жазирасы, өнер, әдебиет ордасындай болған Абай, Шәкәрім туып-өскен жерін таптай басып, ұлы жарылыстар жасай бастады. Кең өлкені жайлаған қалың елді адам есебіне алмады. Адамдар неше түрлі аурумен өліп жатты. Жаңа туған нәрестелер айтуға ауыз бармайтын, кісі шошырлық түрмен туатын болды. Кейбір жастар өмірден түңіліп буынып, асылып өліп жатты. Бұл жерде осы туралы шыққан кинодан үзінді көрсету керек. (*Сахнаға Әзина мен Фархат шығады*).

Фархат: – Әзина, бүгін киноға барайықшы.

Әзина: – Не жайында болады екен? Көп болды-ау кино көрмегелі.

Фархат: – Полигон жайында болса керек.

Әзина: – (*Селк ете түсті де екі қолын қайда жасырарын білмегендей артына қалқалады*). Жоқ, мен бармаймын. Өзің бар!

Фархат: – Сен ылғи үйден шықпайсың. Әбден басылып, езіліп кетпейсің бе? Аясаңшы өзіңді!

Әзина: – Оның маған не жаңалығы бар? Одан көретіннің бәрі өз бойымда емес пе!? Сен соны біле тұрып оған несіне шақырасың? Маған сенде сондайсың дегің келе ме? Маған аянышпен қарап мүсіркегің келе ме? Мен сорлы болып тусам да ешкімнің мүсіркегенін қаламаймын!

Фархат: – Әзиза, сен қайдағыны қайдан тауып аласың? Мені сондай ойға барды деуге аузың қалай барады? Жібек арқаныңмен тұсап байлаған алтын қазығымдай сенен алыстап кете алмайтынымды өзің жақсы білесің? Біле тұра бойыңа жуытпай кеудемнен итересің. Әрине, мен саған тең емеспін. Сенің ой-әуенің, түсінік-түйсігің, тәлім-тәрбиен, тектілігің, бәрі де оқшау тұрғаны рас. Бірақ сүйіспеншілік, өмірлік жолдас болу үшін шын сүйгендер кемдігіне қарамайды ғой. Соншалықты ауыр сөздер айтатындай жазығым не? Сенсіз өткен өмірім бүтін болмай жарымжан болып өтсін дегенің бе? (*кетеді*).

Әзина: – Ай Фархат!.. Бұл сөздердің бәрі менің сөзім, менің зарым емес пе... Сен менің ішімді ашып көрсең еді... Ішкі мүшемде уланбаған, өрт шалмаған жер қалды ма? Мен сені сүймеймін бе... Өз жанымнан да артық сүйемін... Сол сүйгендіктен де көз жасымды көл ғып отырып, өз махаббатымды сенің жолыңа құрбан

етемін... Мен саған адам шошырлық мына аяқ-қолмен қалай тең бола аламын? Қалай жанында жүре аламын. Сондықтан да менен көңілі қалсын деп ауыр сөздерді әдейі айтам. Сен мені «бүтін емес жарымжан боп өтсін дегенің бе?» – дейсің. Жоқ, Фархат! Нағыз бақытсыз жарымжан боп өтетін мен ғой!.. Сен бүтін бол, именбей жүретін өз теңіңді тап! Сенің «түсінік парасатың жоғары» дейсің. Ондай түсініктің маған не керегі бар! Жарық дүниеге шығуға қорланып, қараңғыға тығыла берсем!.. Бүйтіп кем болып туған соң, түк түсінбейтін, еш нәрсе ойламайтын есалаң боп тусам еді!

Ей, Жасаған-ау, мына қанқұйлы жауыздық осылай жалғаса бере ме?! Ойына келгенін істеп қашанғы таптай бермек?! Қашанғы таптала береміз!? Сілкінетін күніміз бола ма?! Құлақ естіп, көз көрмеген қанқұйлы дәуірді көріп, өз басымыздан өтіп жатса да, бірауыз қарсы сөз айтуға шамамыз болмады. Адамшылық құқықтан біржолата айырылып, мәңгүрттік халге жеткендік белгісіндей еді. Бұл халықтың ар-намысын аяққа басып қорлау еді. Қорлау өз алдына, ұлттық тұқымды біржолата құртқысы келгендік деп те айтуға болатын! Халық іштегі ызасын сыртқа шығара алмай, сол ызалы күшін еңбекке жұмсады.

Ал көркем өнер, әдебиет болса бұл кезде тым көтеріліп кеткен-ді. Ғасыр экономикасының көшбасшысындай ілгерілей берді. Соның куәгеріндей 1958 жылы көркем өнер, көркем әдебиеттің екінші онкүндігі болды. Бірінші онкүндікте бір ғана музыкалы театрмен келсек, бұл жолы драма театры, опера, Жамбыл атындағы филармония, Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрі, Қазақконцерт, тағы басқа ән-би ансамбльдері бар болатын (*бұл жерде сол уақыттағы қойылған спектакльден екі түрлі үзінді көрсетіп, жақсы әншілердің әнін қосу керек*). Бұл жолы мәскеуліктермен өнер салмағы тең түсіп жатқандай сезіндік. Біздің театр бұдан кейін де «Ана – Жер-Ана» спектаклімен екі рет барып, үлкен абыроймен қайтып жүрдік.

Ал көркем әдебиет СССР көлемін қойып, шет елдерді де тамсандыра бастаған еді. Бірақ амал қанша, өмір шіркіннің соншалықты қысқа, тез өтетіні, жалған екенін мойындатып, орны толмас олқылық, өкінішке, өксуге душар етті. Қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы, адастырмас темір қазығы, әдебиет алыптарының бірегейі – Мұхқаннан (Мұхтар Әуезов) айырылды. Бұл өлім ойсыратып кетті! Я тағдыр сенің қасіретіңе, қуанышыңа қарап жатпайды. Өзінің тарих көшін жетелеп тарта береді! Айы біткен айында, күні біткен күнінде кете бермек. Енді алғашқы өнер шаңырағын көтерген ағаларымыз да біртіндеп бақилық болып жатты.

Аруак: – Өзен тоқтаусыз аға бермей ме, өмір де солай. Замана тарихы да тоқтамайды.

80-жылдан бастап, қазақтың ұлттық тілі қолданудан қала бастады. Қазақ тілі қоғамдық тілден сыртқары қалды. Қазақ тіліндегі мектептер де жабылуға айналды. Ана тіліміз тек отбасында ғана сөйленетін болды. Өз мүмкіндігімізді өзіміз иеленуден қалдық. Республикадағы шығып жатқан жаңа кендерден өндірілетін миллиардтаған ақшадан, жарытымды ақшаға да ие бола алмады. Әдебиет, мәдениет саласы да ұлттық тамырдан айырылып, тонын айналдыра бастады. Республика басшылары қарсы тұра алмай, сол ізбен кетуге мәжбүр болды. Ақыры Қазақ-

станды ширек ғасыр басқарған Дінмұхамед Қонаевты лезде орнынан алып, орнына Қолбинді қойды. Осыған байланысты, республика жастары желтоқсанның 17-күні жаппай ереуілге шықты. Қолдарында қысқа сапты күрек, қатты ағаштан істеген қолшоқпары бар бір солдаттар кездескен адамды ұрып жығып, жандары рақаттанып жүр. Бір солдат бір қыздың шашынан ұстап сүйретіп келеді.

2-солдат. – Сен оны жай сүйретпе, жатырынан теуіп езіп жібер! Өмірі бала көтермейтін болсын! Бұларға не істесе де аз! Тезірек машинаға апарып қама! Аяқ-киімдерін шешіп алыңдар. Машинаны тез толтырып қаладан қашық бір тұйыққа төгіп тастаңдар. Мынандай қарлы суықта жалаң аяқ жүре алмай сол жақта қалатын болсын!

1-солдат. – Әнә бір қыз қашып барады.

2-солдат. – *(айқайлап)* Құтқарма! Итті жібер, талап өлтірсін! *(бұларды көрген бір жігіт жүгіріп келін)* Бұларың қай бассыздық! Бұндай жауыздық жолға кім сендерге ерік берді? Босат! *(солдат қолындағы күрегімен басынан салып қалып еді, жігіт құлап түсті)*.

Жігіт. – Апарыңдар мұны да машинаға, қама тез, әкетіндер! *(бұл жерде сол күнгі түсірілген кинодан үзінді көрсету керек)*.

2-солдат. – Бұл тек желеу еді. Өмір бойы көрген теңсіздік, қорлаудың ұшығына жеткендік болатын. Жастардың бұл бастамасы, шегіне әбден жетіп, жарылғалы тұрған елге жол ашты. Тірі өліктей табанда тапталып жатқан жанға жан бітті. Санасы бар азаматтардың намысы көтерілді. 1989 жылы Олжас Сүлейменовтің басшылық етуі бойынша Невада-Семей қозғалысы басталды. Осыдан кейін бостандық аңсаған ұйымдар көбейді. Осындай толқынды қозғалыстар ақыры әкеп мыңдаған жылдар армандаған еркіндікке, өз қожалығымызды өзіміз алуға, егеменді ел болуға жеткізді.

Барлық ғаламды жаратушы Алла ғасырлар бойы біздің құлдықта, қорлықта, тіпті ұлттық атымыз жойылып кете жаздағанымызды аяп, ешқандай қиындықсыз тәуелсіздікке жеткізді.

Аруақ. – Дұрыс айтасың. Құран кәрімнің «Нафл» сүресі, 10-аятында, «жәрдем тек Алладан ғана келеді» деген.

– 1991 жылы ел басқару тізгінін Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа азаматтық, адалдық, әділдік сенімін артып қолына тапсырдық.

Ей, аруақты ағаларым! Сендер көре алмай армандап кеткен тәуелсіздікті мен көріп отырмын. Міне, енді тәуелсіз ел болғанымызға 10 жыл толды. Осы он жылда бұрын аңсаған талай арманымызға жеттік. Бұрын қазақ деген халықтың бар екенін шетелдіктер біле бермейтін болса, қазір біздің елді білмейтін ел жоқ. Біздің елмен достасуға бәрі де ұмтылуда. Нұрсұлтан Әбішұлы өзін де, халқын да дүниежүзіне танытты. Бұған кеуде кере мақтанып, қалай қуанбайсың! Қазақ халқы қырғынға ұшырап, табан астында таптаурын болып жатса да бірауыз қарсы сөз айтуға қақысы жоқ болса, қазір ше? Қазір еркіндік өмірінде сайрандаған ел болды! Жетістіктің ең үлкені осы емес пе? Бұрын ауызға алуға қорқатын ислам дініміздің, бұл жылдары өрісі кеңейіп кетті. Мұсылмандық дін жолы – адалдыққа, әділдікке, бауырмалдыққа, тазалыққа апаратын жол. Тіпті, өзгеше бір әсем

үнде Құран оқығанда мейірлене тыңдамайсың ба? Ислам діні – түпсіз мұхит, сарқылмас кен! Осындай жетістіктер жеткілікті. Ел ордасы Астанамыз жыл санап емес, күн санап, көз суарар көркемдікпен өсіп келеді!

Ендігі менің арманым, байлықты, барлықты жекелеген адамдар емес, барлық елім, халқым көрсе екен деп тілеймін. Қазақ халқының ақ тілеулі ақ ордасы – Астанамыз дүниежүзінің әсем қалаларымен салыстырғанда, бәрін көзімді толтыра көріп, өздеріңе ала барсам деп ойлаймын. Ол тілекке жету – әлеуметтік үлкен іс, бір ғана Елбасының қолынан келмейді. Бүкіл ел болып салысса ғана, бір тілекті мүдде етсе ғана мұратқа жетеміз! Ол үшін адамгершілік, адалдық, шыншылдық, ұлтжандылық керек. Құр бұйрықты орындай салумен ештеңе бітпейді.

Мені көп жайттар ойға қалдырды. Бүкіл ел болып қарап отырған саяси мәні бар газеттердің кейбір басшылары газет мәртебесін аяққа басып жерлестік, елдістік, жолдастықтың мүддесіне құрбан ететіні неге? Біз тәуелсіз ел болдық деп кеуде қағамыз. Ұлы дәрежедегі сол тәуелсіздікті мойындамай, кейбір кішкене ұжымның басшылары, қол астындағы қызметкерлерді қорқытып, үрейде ұстайтыны неге?

Елбасы ұлттық ана тілін мемлекеттік тіл болсын деп қуаттады. Әрбір ұйым басшылары, әрбір шенеуніктер, тіл құрыса дін де, тіпті, ұлттың өзі де жоғалып кететінін түсінбей, атүсті қарайтыны неге? Елбасы «жемқорлыққа аяусыз жаза болсын, өзімізді-өзіміз талан-таражға салмайық» деді. Осындай жақсы пікірді заң қызметкерлері, әрбір саналы азаматтар болып, түбегейлі құптамайтыны неге?! Елбасы «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарайық, бөлініп, бөлшектенуді қойыңдар» деді. Керісінше – елдістік, жерлестік, рушылдықтың өрши түсетіні неге?! Қашан құтыламыз осы пәледен? Мындаған жыл армандаған тәуелсіздікке жеттік қой! Елдік, ұлттық намысымыз қайда? Бірлесіп әділдікпен жұмыс істесек, жетпейтін арман, бұзбайтын қамал бола ма! Ақ тілек пен адал жүректі неге біріктірмейміз?!

Ей, жаратушы Алла! Тартқан азабымыз аз емес еді ғой. Құран кәрімдегі «Шарих» сүресіндегі 6-аятында «Әрбір ауыртпалықтың бір жеңілдігі болады» демеп пе еді. Халыққа сол жеңілдікті бере гөр!

Аруақтар. – Әмин!

Халықтың таза жандылыққа арналған сана сезімін, ой-өрісі, адалдық, әділдік, бауырмалдық бірлігін молайта гөр!

Аруақтар. – Әмин!

Халық үшін жанын ортаға салар, елмен бірге күліп, елмен бірге күйінетін арлы, намысты ұлтжанды азаматтарды көбейте гөр!

Аруақтар. – Әмин!

О, мейірімді Алла! Ел бастап отырған Еріме бастаған ісін абыроймен орындап шығу үшін зор денсаулық, ұзақ өмір бере гөр!

Аруақтар. – Әмин!

Ар тілегім, бар тілегім, зар тілегім жасаған! Тілегімді бере гөр!

Аруақтар. – Әмин!

A decorative border with intricate floral and scrollwork patterns surrounds the text. The border is composed of repeating motifs of leaves, flowers, and swirling lines, creating a classic and elegant frame.

V бөлім

**ӨНЕРДІҢ ЖОЛЫ –
ҚИЫН ЖОЛ**

Сыр-сұхбат

ӨНЕРДІҢ ЖОЛЫ – ҚИЫН ЖОЛ

Қазақ сахнасының анасы

Хабиба ЕЛЕБЕКОВАМЕН сыр-сұхбат

Қазақ өнерінің, оның ішінде сахна өнерінің небір тарихы Хабиба апада. Ол тарихтың бір парасы апаның осы кітапқа енген жекелеген естеліктері, мақалалары, берген сұхбаттарында қамтылған.

Өткенімізде, өнерде де жақсымыз көп болды. Хабиба апа атақты әріптестері туралы әңгімені қашанда сүйсіне айтады. «Болар елдің баласы бірін-бірі батыр дер...». Дегенмен де өмірде, сондай-ақ өнерде де даңғыл жол жоқ... Сондықтан да Хабиба апамен осы кітапты дайындау барысындағы ауық-ауық әңгімелерімізде (2012 жылдың ақпаны мен қыркүйегі аралығы) мүмкін, бұрын сөз болмаған жайттарды мүмкіндігінше қамтуға тырыстық. Қойылған сауалдар контекстінде негізінен Хабиба апаның бүгінгі ұрпаққа есімдері беймәлімдеу біраз сахна серіктестері, театрда қызмет жасаған режиссерлер, сондай-ақ бүгінде дұдамалы көп кей оқиғаларға байланысты да сөз қозғау мақсаты болды.

Актер – жаны тым нәзік және ол әділетті талап ететін өнер иесі. Сондықтан да талант болғанымен өмірдегі, өнердегі, тіпті, кейде адами қарым-қатынастарға байланысты, мүмкін өздерінің де мұлт басқан тұстары болды ма, әйтеуір жалындап жана алмай арманда кеткен актер, актрисалар, өнер қайраткерлерінің тағдырлары туралы да ептеп сөз қозғауға тура келді (ол әңгімелердің бәрін мейлінше бипаздап, майдалап беруге тырыстық.) «Бұл сипатты әңгімелерді де айту менің адами-әріптестік парызым және олар бастан кешкендей жағдаяттар енді қайталанбаса екен деп тілеймін» дейді Хабиба апа. Ал, менің көзқарасымша, қоғам өсті, заман жетілді, осы кітап оқырманы да, кейінгі ұрпақ та әңгіменің мәнісіне үңіледі, қорытындыны өздері шығарады.

Хабиба апаның кей жауаптары тым қысқа қайырылғандай, ал кейбірі негізгі желіден шығып, бірді айтып отырып бірге ойысып кеткендей көрінуі мүмкін. Бірақ, мұндағы тақырыптардың көбі, ең алдымен, алғаш рет сөз болуымен ерекшеленеді. Ал, кейбірі бұрынғы естеліктерді кей тұстарында толықтырады, жаңа бір картиналар, реңктер қосады. Қалай дегенде де бұл сұхбат театр тарихының, қазақ өнері тарихының көзі тірі шежірешісінің өз аузынан шығуымен, тарихи-әлеуметтік, эмоционалдық дәлдігімен, спектакльді қайта қалпына келтіру сабағы сияқты, сол кезең, сол атмосфераны, сондағы қоғамдық ахуал, қарым-қатынастарды «қайта қалпына келтіре» сезіндіретінімен бағалы.

Бастау немесе режиссерлер туралы сөз

– Хабиба апа, әңгімені театр өнеріне, қара шаңыраққа келу тарихыңыздан бастасаңыз. Театрдағы алғашқы роліңіз Ж.Шаниннің «Арқалық батырындағы» Қарагөз екені белгілі.

– Сахнаға алғаш рет елде, Қарқаралыда шықтым. Алматыдан көп адам келіпті, ішінде Қалибек Қуанышбаев пен Жүсіпбек Елебеков бар. Қаллеки бізбен «Малқамбайды» қойды, онда маған Хадишаның ролін берді. «Құдай атқан Малқамбай, не болды жұртты бір-біріне шатастырып» дейтін репликасы бар. Соны жеріне жеткізіп айтып едім, «міне, міне, дұрыс!» – деді Қалибек – Қаллеки, сонсоң «кімнің қызысың?» – деп сұрады. «Қарақбайдың». «Ойбай-ау, Дәліләнең сіңлісің бе?» Ол бір қиын кез еді. Әкем халық жауы болып, Атырауға айдалып кеткен. «Мен сені Алматыға әкетемін, мұнда қалдырмаймын» деді Қаллеки.

Алматыға 1935 жылдың 4 тамызында келдік. 12 тамызда Қаллекидің әйелі босанды. 5 қыркүйекте қазақ театрына келдім. Комиссия көреді екен. Ешқайсысын танымаймын. Ішінде Серке ағай бар екен, оны да кейін білдім ғой. Маған берілген тапсырма: «Қыстың күні. Жер тайғанақ. Су алуға құдыққа келдің, қалай аласың суды? Соны ойна» деді. Мен ұялып тұрмын. Сонда Серке аға келіп, иегімнен көтерді. «Көтер басыңды! Театрда істейтін адам бұлай болмайды» деді. Сонсоң бар жігерімді жанып, берілген тапсырманы орындауға кірістім. Мойнымдағы иінағашты жерге қойдым да, құдықтан су тартып, оны қайта иінағашқа іліп, су әкетіп бара жатқан бойжеткенді көрсеттім. Мұным комиссияға ұнады білем, жұмысқа қабылдады. Сонда театрда Сәбира да жүр екен. Сол мен келген жылы театрдың құрылғанына тоғыз жыл ғана болыпты.

Театрдағы алғашқы ролім Жұмат Шаниннің «Арқалық батырындағы» Қарагөз. Ол кезде Жұмат Орал театрында режиссер, ал пьесаның екінші қойылымы екен. Арқалықты – Қапан Бадыров, оның әйелі Қарагөзді – Құрманбек Қуанышбаевтың бірінші әйелі Зура Атабаева ойнайды. Қалибек Қуанышбаев – Хан ролінде, Серке аға оның – Уәзірі. Есімде, Елубай Өмірзақов Бақсыны ойнады. Елаға сахнаға Бақсы болып шыға келгенде зәрем ұшқаны бар. Ол бір батырлық-эпикалық, көтеріңкі спектакль болды.

Жұмат Шанин қазақтың алғашқы режиссері болды ғой, театрдың көп кеметігін жөндеген, режиссер дегеннің не екенін, кәсіби шарттарын театр алғаш рет сол азаматтан үйренген. Жұмат аға туралы сөз болғанда мына бір жайды айтпай кете алмаймын. Бұл бір аянышты жағдай және ондай үлкен тұлғалардың өнерге берілгенін, ұлт намысын ойлағанын анық көрсетеді ғой деймін. 1927 жылы Мәскеуде алғаш рет Қазақ өнерінің күндері өтетін болып, оған жақсылап дайындық жүрген. Әбден іріктеп, таңдап алынған он бір адамды дайындаушы режиссер Жұмат ағай екен. Ол делегацияда менің туған апайым, аяулы Дәлілә Қарақбайқызы да болған. Жолай пойызда Жұмат пен Жанбикенің баласы аяқастынан қай-

тыс болыпты. Зар илеген Жанбикеге сонда Жұмат: «Жанбике, сабыр ет, менің де жаным шырқырап отыр, мұндағылар білсе, жолда түсіріп тастайды, айдалада қайда қаламыз? Не де болса Мәскеуге жетейік, жылама» деп тоқтау айтыпты. Содан қазақ делегациясы пойыздың қызметкерлеріне ештеңе білдірмей, Мәскеуге жетіпті. Мәскеуге жеткен соң нәрестені жерлеуге Құрманбек пен Елубай кетіпті. Мәскеуде Ұлттар Кеңесінің ІІ съезінен кейін қазақ делегациясы өнер көрсеткен. Үлкен театрдағы сол концерттің басы-қасында Т.Жүргенов болған, Жұмат режиссурасына жауап берген. Қалың жұртшылық қазақ артистерінің өнерін керемет қабылдапты. Ал, ол делегацияда болғандардың қатарында Жүсекең де бар екен. Жұмат жаратылысынан өте сыпайы, мәдениетті, артық сөзі жоқ жігіт еді.

– Театрға Ж.Шаниннен кейін орыстың кәсіби режиссерлері шақырылыпты. Солардың бірі Мәскеу Театр училищесін бітірген Иваново-Вознесенск облысында Кәсіподақ жұмысшы театрында режиссер болып жүрген Илья Григорьевич Боров екен. 1934 жылы 35 жасында оған РСФСР еңбек сіңірген артисі атағы беріліпті. М.Әуезов театрына бас режиссерлікке 1935 жылы келген ол 1936 жылы Қазақстанның халық артисі атағын алыпты. Ол кәсіби мамандарға қатты зәрулік бар кез ғой. Театрда 1938 жылға дейін болған Боров Н.Погодиннің «Ақсүйектерін», Гогольдің «Ревизорын», Майлин мен Мүсіреповтің «Амангелдісін», М.Әуезовтің «Алма бағындасын» қойыпты. Кейін Қырғызстанға ауысып кетіпті. Ал, Боров пен Сіз театрға бір жылы келіпсіздер.

– Орыс режиссерлерінің ішінде Михаил Насонов театрға Илья Боровтан бұрын келген. Бірақ, Боров мықты режиссер еді. Орыс режиссурасы мектебін алғаш рет сол кісіден көрдік. Ол Насоновқа қарағанда актермен тыңғылықты жұмыс жасайтын, әрбір сөздің мағынасын жеткізе түсіндіретін. 1937 жылы «Ревизорды» қойды, онда мен Пошлепкинан ойнадым.

1936 жылы Қазақ өнерінің Мәскеудегі онкүндігіне 300-ден аса адам бардық. Сонда И.Боров апарылатын қойылымдарды түгелдей қайта қарап, көркемдік жағын күшейтуге еңбек сіңірді. Оның «Қыз Жібектен» Төлегеннің әкесі Базарбайдан бата сұрайтын эпизодының сахналық шешімін керемет тапқаны есімде қалыпты. Бұрын сахнаның әр тұсында шашырап, бет-бетімен тұратын кейіпкер-актерлердің орнын дәл белгілеп, Базарбайды сәл жоғарырақ орналастырды. Сонда әрқайсымыз өз орнымызда «Базеке, батанды бер!» деп қол жаятын көрініс бүкіл сахнаны алып, мағыналы да өте әсерлі шыққан еді. Оған құрметті атақ сол Мәскеу онкүндігінен кейін берілген болуы керек.

– Театрда бұл кездері Михаил Насонов, тағы басқа да орыс режиссерлерімен қатар актерлер, сондай-ақ ара-арасында Әубәкір Ысмайылов, режиссер Нұрғали Бейсековтер спектакльдер қойыпты. Сонсоң, әрине, Шәкен Айманов. Сіз олардың спектакльдерінде роль ойнадыңыз ғой. Олардың әрқайсының спектакль қою, актерлермен жұмыс ерекшелігі неде еді? Адами қасиеттері ше?

– Шәкен деген бір таусылмайтын жыр ғой. Ол туралы мен үлкен мақала жаздым, Ақан серісі туралы жеке жаздым. Бір әңгімеге сыймайды, айналайын!

Ал, сен айтып отырған өзге режиссерлер бірер спектакльден қойды. Мысалы, Әубәкір Ысмайылов барын салып жұмыс істеді. Ол «Қозы Көрпеш – Баян сұлуды» Мәскеуден студия бітіріп келген жастармен жақсы қойды. Әубәкір сөзге қатты мән беретін.

Нұрғали Бейсеков те біздің театрда көп болмады. Бірер спектакль ғана қойды. Ол – Әмина Әмірзақованың бірінші күйеуі ғой. Кейін Әмина Кәмәсиге тұрмысқа шықты. Нұрғали өзі ұйымдастырған киноактерлер студиясында оқыған студенті Әнеш Оспанқызына үйленді. Әнеш жап-жас, әп-әдемі қыз еді. Бірақ, кейін жұмыстың бәрін қойып, Нұрғалидің жағдайын жасады, балаларын өсірді. Нұрғали байсалды жігіт еді. Әдемі киінетін, өзі өңді болды. Бізде кей жігіттер қалай болса солай сөйлей беретіні бар ғой. Нұрғалида ондай жоқ еді. Кейін кино жағына кетті. Өкінішке қарай, ерте дүние салды. Қыздарын Әнеш жеткізді, ол да біраз жасқа келді, шамасы. Қазір немере-шөберелі болған шығар.

– **Нұрғали Бейсеков 1941 жылы біріккен киностудия ЦОКС-ке ауыстырылыпты, деректі кино саласында тындырымды еңбек етіпті. Ал театрдағы қойылымдарының бірі Бальзактың «Евгения Гранде» романы бойынша болыпты. Оны неге таңдады екен және ол спектакль есіңізде ме? Немерелі-шөберелі демекші, 2010 жылы «Хабар» телеарнасынан режиссер Нұрғали Бейсеков туралы деректі фильм көрсетілді. Сценарийін жазған, фильмнің түсірілуіне мұрындық болған режиссердің немересі, Құрманғазы консерваториясын бітірген, жас музыкатанушы Меруерт Нұрғалиева. Өзі сондай бір талантты бала, білімді, мәдениетті. Өнер туралы жақсы жазады.**

– Е-е, айналайын-ай, жақсы болған екен. Орнында бар оңалар деген ғой. Өнер адамдарының ұрпағы солай болса жарасады. Ал, әлгі спектакль есімде жоқ. Қазір көбін есіме түсіре де алмай қаламын. 97 деген оңай жас емес көрінеді.

– **Асқар Тоқпанов сынды қазақтың кәсіби білім алған алғашқы режиссері туралы айтсаңыз деп едім. Ол кісінің алғашқы үлкен дүниесі «Абай» спектаклі ғой. Қанша дегенмен Абайдың алғаш рет сахнадан көрінуі әрі пьеса авторы Мұхтар Әуезовтің өзі спектакльдің басы-қасында болды. Оның бәрі өте бір қызық тарих қой.**

– Асқар Тоқпанов Мәскеуден оқу бітіріп келіп, біздің театрда режиссер болды. Алғашқы үлкен дүниесі – М.Әуезовтің «Абайы», оны 1940 жылы қойды. Ол бір ерекше спектакль еді ғой. Жұртқа әсері қатты болды, репертуарда ұзақ жүрді. Дайындық барысына Мұханның өзі де қатты көңіл қойды. Абайдың «Сендер ме жақсылыққа қуанатын...» дейтіні бар ғой. Сонда «сендер ме» деген сөздің екпінін дұрыс қоймадың деп Мұхан ашуланып кетіп қалғанын да көрдік. Қаллеки–Абай, қатты ойланып-толғанып жүрді, тыным таппады, көп ізденді. Жүсекеңе келеді, Абай әндерін айтқызады. Әйтеуір бейнесінің өзегін тапты-ау! Мәскеудің Кіші театрынан ба екен, жер аударылып келген бе, бір мықты гример бар еді...

– **Қаллеки – Абайға грим салған Гуськов деген әрлеуші болыпты.**

– Ия, ия, сол. Біздің Борис Щербаков соның шәкірті, бала кезінен келіп сол Гуськовпен бірге жұмыс істеді. Ол бір мықты шебер еді. Ең соңғы дайындық күні Қаллеки сахнаға «тоқтат!» деп гримімен шыға келгенде, біз бәріміз естен тана

жаздадық. Сахнаға тірі Абай шыға келгендей. Бұл спектакльде мен Қаныкейді ойнадым. Өте ер мінезді, тәкаппар әйел етіп бейнеледім. Асқар ойымдағыдай шығардың деп разы болды. Содан кейін Ә.Мәмбетовтің «Абайында» ойнадым. Алғашында Қаллеки, Әбікендермен сахна серіктес болсам, кейін Ыдырыс, Тілектестермен сахнаға шықтым, қысқасы, «Абайда» қырық жылдан аса ойнадым. Қызым Дариға «апа, сіз қанша жыл болды ойнап келе жатқаныңызға, тіпті, ұят емес пе?» – деп әзілдейтін. Құнанбайды Әбікен Хасенов ойнады, қатал, дала билеушісін бейнеледі. Бұл рольді Қаллеки де ойнады ғой. Бірақ, Қаллекидің Құнанбайы Әбікенге қарағанда жұмсақтау шықты. Меніңше, Құнанбай ролі Әбікенге көбірек келетін сияқты. Құнанбайдың Мекеге кетіп бара жатқан тұсында Дәркембай келіп, оған қатты-қатты сөйлейтіні бар. Сонда Құнанбай артына қарап, «Құртындар мынаны зарлатпай» дегенде Ұлжанның роліндегі мен «ойпырм-ай, мырза-ай, неге олай дейсіз. Бекер айттыңыз-ау жаңағыны» дегенімде, Әбікен – Құнанбай жалт қарайды, мен – Ұлжан да көзімді алмай отырамын, ол бұрылып кетеді. Осы бір эпизодтың өзінде Құнанбайдың болмысы ашыла түседі. Әбікен керемет күйші ғана емес, шебер актер де еді. Кейіпкерінің ішін ашып ойнайтын.

«Абай» 1950 жылы қойылғанда Абайды Қапан ойнады. Ол Шәкен қойған спектакль еді. Қаллеки – Құнанбай, мен – Ұлжан, Зере – Рахия. Зере – Рахия әл үстінде жатып, көзін ашатыны бар ғой. Абай – Қапан, мен – Ұлжан екеуімізге айтады: «екеуің маған қадалып қарайсыңдар да отырасыңдар. Мен не айтам, тек әділдік пен адалдықты айтам. Тек соны айтам...» деп көзін жұмады. Бетін жауып Абай мен Ұлжан жылайды ғой, Қапан шынымен жылайтын, мен де ағыл-тегіл болатын едім. Сол спектакль, сол эпизод өткенде түнде есіме түсіп, өзім бір жылап алдым.

Сол жолы Қаллеки, Серке, Елубай және Қапан Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылды. Театрдың іргетасын қалаған осы төрт тарлан сол жолы Мемлекеттік сыйлық алды да. Осы жалпы лауреаттық деген бір жағынан жақсы, тағы бір жағынан қарағанда, адамдардың жанына тиетін, жүйкесін жейтін де нәрсе. Мысалы, спектакльде көзге түсетін роль ойнағандар іштей өзін лайық көруі мүмкін, ұсынылмаса не ұсынылып, алмай қалса – үлкен күйзеліске түсуі мүмкін. «Абай» спектаклі бойынша Сәбира ұсынылмай қалғанына қатты күйзелген, ол туралы өзінің кітабында да жазылған.

Мен жалпы кітапты көп оқимын. Шәкеннің әйелі Хадиша да көп оқитын, көп білетін еді. Актерлер туралы қызыға оқимын. Жақсы, қызықты кітаптар, көп мақалалар жарық көрді. Бірақ, бір көңілім толмайтыны – бізде асыра мақтау басым түсіп жатады. Кешке дейін мақтай беретін, кемшілігін еш айтпайтын мақалалар көп, ондай дүниелер жалықтырады.

– **Апа, режиссер Тоқпановтың қойылымдары туралы айтсаңыз деп едім.**

– Асқардың өзге де жақсы қойылымдары болды. Б.Майлиннің «Майданын» қойды, мен Мамық ролінде шықтым. Асқарға ойыным ұнады. Ол кейіпкердің ішкі дүниесін ашуға құмар еді. Білімді, әсіресе, қазақ сөзінің қадірін, әдебиетті жақсы білетін. Абайды жатқа соғатын. Шығарманы жақсы түсінетін, ойынан шықпаған актердің бетіне айтып салатын, атақ-бедел дегенге қарамайтын. Мінезі тіктеу жан

болды. Құданың құдіреті Шәкен екеуі онша жараса алмады. Жараспады дегенде, ренжіскен, ұстасқан жері жоқ. Бірақ, табиғаттары бір-біріне онша үйлеспеді ғой деймін.

– **А.Тоқпанов қызмет еткен тұста театрда М.Гольдблат режиссер болыпты. Орыс режиссерлерінің ішінде 1941–1944 жж. режиссер, 1944–1951жж. бас режиссер, 1951–1959 жж. көркемдік жетекші болып ең ұзақ жұмыс істеген оның, сіздіңше, ең мықты деген қойылымдары қандай еді?**

– Ия, Моисей Исаакович ұзақ жылдар болды, жақсы жұмыс істеді, көп спектакль қойды. Солардың ең шоқтығы биігі, меніңше, «Ақан сері – Ақтоқты». Халық өте жақсы қабылдады. Шәкен мен Шолпанның жұлдызды рольдері ғой! Гольдблаттың бір ерекшелігі – шымылдықты оқиға ең шиеленісті тұсқа келгенде жабатын. Көрермен енді не болар екен деп қызыға түседі. «Ақан сері – Ақтоқтыда» мен Ақтоқтының жеңгесі Дәмеліні ойнадым, Қаллеки – Мылқау. Ақтоқтыны Мылқауға беретін сахнасы шарықтағанда, бірден келесі сахнаға көшеді. Айтары жоқ, Гольдблат жақсы режиссер еді, мәдениетті кісі болатын.

– **Ұлы Отан соғысы жылдары Мәскеу, Петербургтен өнер адамдары Алматыға келгенде Г.Товстоногов М.Әуезов театрында «Женімпаздар» спектаклін қойыпты. Ол кейін Ленинградтың Үлкен драма театрын басқарды, әлемнің мықты театр режиссерлерінің біріне айналды ғой.**

– Товстоногов момындау адам еді, әлде бізге солай көрінді ме. Уақытшалығын білді ме, театр өміріне мән беріп белсене араласпады. Ал, оның спектакліне қатысқан жоқпын.

– **Сіз кинорежиссерлермен де қызметтес болдыңыз, біраз көркем фильмге түстіңіз. Алғашқы түскеніңіз Сұлтан Қожықов фильмі ғой...**

– Киноға онша көп түстім дей алмаймын, бірақ Сұлтан Қожықовтың бірнеше фильміне түстім. Сұлтан – мен білетін кинорежиссерлердің ішінде ең мықтысы. Кезінде оны әкесі ескіше оқуға береді, анасы ісмер адам болады. Осы Абай опера-балет театры алғаш ашылғанда Сұлтанның анасы костюм, киім-кешек мәселесінде көп көмек берген, сонда костюм цехының басшысы болды. Ағасы Құлахмет жақсы суретші еді. «Шыңдағы шынар» фильмінің суретшісі болғанын білемін, басқа да фильмдері бар болар. Сұлтан режиссерлердің ішіндегі төресі еді ғой. «Қыз Жібектің» алдында «Шыңдағы шынар», «Егер біздің әрқайсымыз» фильмдерін түсірді. Соңғы фильм қойшылар өмірінен. Төрт ай бойы Түркменстанмен шекаралас жерде, құм ішінде түсірілді. Мен қойшының әйелі роліндемін, менің шалым, қойшылардың бастығы ролін белгілі ұйғыр актері Шамиев ойнады. Марқұм Рақия Қойшыбаева, Кененбай Қожабековтер де түсті. Ең соңында түсірілімде мен, Шамиев және Мүлік Сүртібаев пен оның әйелі, актриса Әйкен Мұсабекова – төртеуіміз қалдық. Құм дегеніңіз көшеді екен. Кішкентай екі бөлме. Бірінде кереуетте мен жатамын, төменде, есік жақта – Сұлтанның өзі, қалғандары ауыз үйде. Бұл осыдан елу екі жыл бұрын болған оқиғалар ғой. Фильмге түсуге 1 қыркүйекте кетіп, Алматыға 1 қаңтарда оралдым.

Сұлтан – көп білетін, адал, әділ азамат еді. «Қыз Жібекте» небір керемет шешімдер бар. Солардың бірі – Төлегенді өлтіріп келген Бекежанды үш таяқтан жа-

салған құрсауға отырғызуы. Мұны жасау үшін ой керек қой. Өкініші – ерте кетті. Жалпы олар тұқымымен көп білетін. Анасы опера-балет театрында істеді дедім ғой. Әкесі халық жауы болып ұсталып кеткен. Сұлтан: «Үйге әкемнің жолдастары жиналатын. Сол жиындарда қазақ халқы үшін не істеуіміз керек, дегенді ақылдасатын. Біздерге, балаларға анам: «үндемей тыңдап отырыңдар», дейтін. Ол тәрбиенің үлкені екен ғой. Бала кезде білген, көрген, естігенің еш ұмытылмайды екен» деуші еді марқұм.

– Токсан төртке қараған шағыңызда Досхан Жолжақсыновтың «Біржан сал» фильміне түстіңіз...

– Ия, Досхан балам «Біржан сал» фильміне шақырды. Жас келген соң киноалаңда жүру оңай емес. Бірақ, бүкіл жағдайымды жасап, апалап, аялап Көкшетауға алып барды. Ендеше мен неге аянайын, неге аянкестенейін. Бір эпизодта көрінсем де естен кетпес бейне жасадым-ау деп ойлаймын. Ақыл-кеңесін сұрады, қазақтың салт-дәстүрін жақсы білетінімді ескергені шығар. Осыдан төрт-бес ай бұрын маған киностудиядан телефон соқты: «апа, сізге киностудияда ақша бар» деді. Сөйтсем, комиссия қарап, маған «халық дәстүрін жақсы жеткізген актриса» деген аталым бойынша сыйлық беріпті.

Мен Біржанның әйелі Әпіштің апасы, ақыл қосар бәйбіше ролінде шықтым ғой. Әпішке ақыл айтамын: «Қазақта күйеуі екі әйел алған жалғыз сен бе?» деймін. Мұндай жағдайлар қазақта болған. Бәрін де әйелдің сабыры, ақылы жеңіп отырған. Фильмде Әпіш әбден жүдеп біткен, апасы оны көріп қатты қиналады ғой. «Апа, көзіңден жас шыққанын көрсете аласыз ба?» – деді режиссер. Актриса емеспін бе – көзден жас шығардым.

Досхан – өте жақсы, ойшыл актер. Оның Ақан серісінен бастап көп ролін көрдік. Киноға да аз түскен жоқ, «Көшпенділердегі» ролі қандай! Мұндай азаматтың режиссураға бет бұруы бекер емес. Меніңше, фильмінде Досхан екі түрлі нәрсені ашқысы келгендей көрінеді: 1) қазақта арба, машина деген болмады. «Ер канаты – ат» дегенді көрсетті. Қоршауда қалған батырды канат болып тұлпары алып шығады екен. Кинодағы су астындағы кадрларды еске алсақ, төрт аяғымен малтыған ат иесін жағаға алып шығады ғой. 2) әрбір уақыт, жағдайда халық қалай болуы керек? Қалай отыруы, жүріп-тұруы, өзін ұстауы керек – осының бәрін көрсеткісі келеді. Ал, түйіп айтқанда, қазақтың тарихын көрсеткісі келеді. Бұл үлкен нәрсе, үлкен мақсат.

Жуырда Досхан телефон соқты. «Не түсірмек болып жүрсің?» деймін ғой. «Құнанбай туралы түсірмекпін» – деді. «Менің жасымды сұрама, бірақ, актриса емеспін бе, маған лайық роль бар ма?» – дедім. «Болады, апа» – деді Досхан. Соған көңілім көтеріліп отыр.

– Сол фильмді, ондағы Сіздің роліңізді көретін күн тусын, апа. Енді режиссерлер туралы әңгімеңізді бір түйіп қойсақ. Театр режиссурасына оралсаңыз.

– Біздің кезімізде режиссер көп емес-ті. Және әрқайсысының өз жолы, өз шеберлік құпиясы, мінез-болмысы болады ғой. Кейде пәленше режиссердің актері, актрисасы деп жатады. Мен ондай актриса болған жоқпын. Көптеген режиссер спектаклінде роль ойнадым, мақтан емес, берілген рольді жеріне жеткізе ойна-

дым. Асқардан кейінгі режиссерлерді айтсам, Бәйтен Омаровтың «Майрасында» Зәру ролін ойнадым. Бәйтен сабырлы, зиялы режиссер еді. Біздің театрда «Майраны», «Таңғы жаңғырықты» сәтті қойды. Бірақ, көп тұрақтамады.

– **Жалпы М.Әуезов театрында ұзақ тұрақтаған, бағы ашылған Ә.Мәмбетов қой. А.Тоқпановтан кейінгі Мәскеуде білім алған режиссер Ә.Мәмбетов театрға жиырма бес жасында келіпті. Режиссермен ұзақ жылдар бойы қызметтес болдыңыз.**

– Әзірбайжан театрға жастай келді, осында өсті, шыңдалды. Әзірбайжан – сөз жоқ, мықты, білімді режиссер, үлкен шебер. Театрды өрге сүйреді. Қаншама талантты актер, актрисалардың өнері шыңдалды. Көптеген мықты спектакль қойды. «Ана – Жер-ананы» айтсаңшы! «Қан мен тері» қандай! Бұл қойылымдар туралы көп айтылды, көп жазылды ғой. Толғанай ролін әу баста Жамал Жалмұхамедова ойнаған, керемет мықты ойнаған. Ол күңіреніп кететін тұста бүкіл зал жылайтын. Бірақ, Жамал рольге көп шығарылмады, көбіне Сәбира мен Фарида шығып жүрді, ал Иранға барғанда Фарида ойнады, мықты Толғанай болды.

Мен Әзірбайжанның қойылымдарында біраз ойнадым. Ә.Тәжібаевтің «Жалғыз ағаш орман емесінде» – Мүслима, Ғ.Мүсірепов, В.Игнатиустің «Сен қайтер едің?» драмасында – Дәмелі, Қ.Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астында», «Құдағи келіпті» комедияларында – Баршагүл, Қымбат, М.Әуезовтің «Қара қыпшақ Қобыландысында» – Күнікей, М.Фриштің «Дон Жуанның думанында» – Севилья жесірін, И.Куприяновтың «Вьетнам жұлдызында» Тхань рольдерін орындадым.

Әзірбайжан – ойлы режиссер, актерден ілкімділікті, сезімталдықты көргісі келетін. Ойын түсіне қойсаң – қатты қуанатын. «Вьетнам жұлдызындағы» Тхань ролінде Хадиша, Сәбира және мен – үшеуіміз едік. Мен дайындыққа, сахнаға көп шықпаған едім. Әзірбайжан дайындық уақытын көбіне сол екеуіне беретін. Алты ай өтті, роль кезегі келмегендіктен, жылы жауып қойғанмын. Содан бір күні қарасам «рольге шығатын Хабиба Елебекова» деп жазулы тұр. «Мыналарың не?» дедім труппа меңгерушісі Қарас Кәрімовке. (Қарас Мәскеуден оқып келген, театрға басы бүтін берілген азамат еді. Театр оның үйіндей еді.) Оның себебі – Хадиша әлдебір репетицияға, ал ұзақ жылдар театр партия ұйымының хатшысы болған Сәбира партком жиналысына кететін болыпты. Жүсекеңе айтып едім, «репетициясыз ойнама» деді. Мен айттым: «ойнаймын». Түнімен ролімді қайталап алдым да (сөзінің өзі жиырма бет) ертеңіне сахнаға шықтым. Сахна айналады ғой, айналайын сахна қызметкерлері көмектесті, мына жерден-мына жерден деп түсіріп жібереді. Қызы жасырынып жататыны бар. «Апатай-ай, рақмет! Кішкене өленді өз балаңызға арнағандай айттыңыз» деп ырза болды әріптестерім. «Міне, бұл рольді осылай ойнау керек!» – деп қойылымның екінші режиссері Райымбек (Сейтметов) қатты ырза болғаны бар. Мұндай жайттар театрда аз кездескен жоқ.

Жалпы Әзірбайжанға – өзі мықты режиссер, өзі басшы – ешкім ештеңе айта алмайтын. Әлдебір жылдары актриса Мәнүра Абдуллина екеуімізді жұмыстан шығарсын. Мәнүра жаман актриса емес-ті. «Алдар Көсеге» түскен, театрда біраз роль ойнады. Әтейбек Жолымбетовтың әйелі болды ғой, кейін екеуі ажырасып кетті, Мәнүра ұлдарымен қалды. Бетің бар, жүзің бар демей айтып тастайтын

мінезі бар еді. Содан Мәнураны қайтадан алыпты. Оны естіген мен мән-жайды білмек болып Әзірбайжанның кабинетіне қабылдауына бардым, кіре алмадым. Сонсоң театрдың лездеме жиынында айттым «Әзірбайжан, сен мені актриса ретінде ұнатарсың-ұнатпассың, бірақ ұжымның басшысы ретінде қабылдауға тиіссің, режиссерлігіңе дауым жоқ, бірақ, басшы болсаң – жөніңмен бол» дедім. Ол үндемей қалды. Менің бетке айтатыным бір әдетім бар. Ертедегі бір оқиғаны айттайын. Әзекең «Қарагөзді» қойғанда Серағаң Қарагөздің әкесінің ролін ойнады ғой. Спектакльдің қайғылы сахнасында Серағаң сақалын буады, оған ел күледі. Әзекең үндемейді. Сонда мен шыдамай кетіп, «Сераға, мұныңыз дұрыс емес қой» дедім. Сераға шамданған жоқ, «жарайды» деді де сақал бұғанды қойды.

Әзірбайжан тұсында көп актердің бағы жанды, бірақ, бағы жанбай қалғандар да бар. Бәлкім, бұл өмір заңдылығы, өнер заңдылығы болар, дегенмен де кей тағдырларды ойлағанда ішім удай ашиды...

– **Ә.Мәмбетовтің соңын ала Ж.Омаров, Қ.Жетпісбаев, Р.Сейтметов, В.Пұсырманов, сондай-ақ Е.Обаев, М.Байсеркеновтер буыны келді.**

– Ия. Біздің театрда Қадыр Жетпісбаев қоюшы-режиссер болып істеді. Бірталай дүние қойды. С.Жүнісовтің «Ажар мен ажалында» Ақлиманы ойнадым. Ол талантты, сезімтал режиссер болды.

– **«Құлыным менің» үлкен табыспен жүріпті. Қиялы ұшқыр эмоциясы аста-төк режиссердің «Дала дастаны», «Юлий Цезарі» кезеңдік дүниелер болғанға ұқсайды.**

– Қадыр мінезі шапшаң, алғыр болатын. Ізденгіш еді. «Юлий Цезарі» қызықты қойылым болғаны есімде. Цезарьді Асанәлі жақсы ойнады. Ал, Жақып Омаровтың «Досымның үйленуін» көрермен сүйіп көретін, гастрольға көп алып шығатынбыз. Онда мен Айғаным ролін ойнадым. Бикен – Биғаным, басты рольді Әнуар Молдабеков ойнайтын. Жұрт өте жақсы көретін дүние еді. 1981 жылы Жақып «Абай – Әйгерімді» қойды. Ұлттық салт-дәстүрді жақсы білетін, әдебиетті қатты оқитын жігіт еді. В.Пұсырманов пен М.Байсеркенов бірер қойылымнан қойды, мен қатысқан жоқпын. Райымбек спектакльдерінің көбіне қатыстым. 1974 жылы Г.Лорканың «Бернарда Альбаның үйі» пьесасы бойынша «Қасіретті қатындар» спектаклін қойды. Бернарда – Сәбира, Понсияны Хадиша мен Күләшқа (Сексенбаева) берген. Бір күні Райымбек шақырды. «Хабиба, Понсияға дайындалыңыз» деді. «Премьера уақыты жақын қалды ғой» – деп едім, «дайындық беремін» деді. Бір рет репетиция алдым да, сахнаға шықтым. Роль өте жақсы шықты, режиссер де, әріптестерім де риза. Осы спектакльде «Басыма қарлы тау құлағандай болды» деген сөйлемді рольдегі актриса «қарлы тауды» «қаралы тау» деп айтады, дұрыс емес қой, мағына бұзылып тұр» деймін мен Райымбекке, ол келіседі, бірақ, одан түзелген ештеңе жоқ. Райымбек сөз қадірін білетін, көп оқитын жігіт еді. Мінезі көркем, өнерлі. Кейін Жастар театрына ауысып кетті.

– **Есмұхан Обаевтың қара шаңырақтағы алғашқы спектакльдерінің бірі «Жаяу Мұсада» Зәрудің ролінде шығыпсыз.**

– Есмұхан бізде «Боранды» қойды. Қоспанды – Ыдырыс, Жаңылды – Фарида ойнады. «Жаяу Мұсасы» тақырыбы қызықты, қазақ көрерменіне жақын дүние

болды. Жаяу Мұсаны Сәбит ойнады. Жазушы Зейтін Ақышевтің пьесасын Есмұхан жастығына қарамастан жақсы қойды. Жас режиссерлердің сол бір үлкен шоғырынан бүгінде ағалық кезге жақсы жетіп, талмай жұмыс жасап келеді. Қазір қара шаңырақты басқарып отыр. Осында көркемдік жетекші болып келген соң қойған дүниелері де оның үлкен шеберге, Тұлғаға айналғанын көрсетеді. Спектакльдерінде адамның тағдырын ашады, ұлттық ауқымды ой айтады. Есмұхан – білікті басшы. Театрдағы дәстүр жалғастығын сақтап, біздердей ата буынды сыйлап отыр. Көсегесі көгерсін! Мен қазір аяғымнан жүре алмай, сыртқа көп шықпаймын. Айлығымды, кейде сыйақыларын театр есепшісі Жұмагүл қызым үйге әкеліп береді. Бір жолы Есмұханның өзі де келді. Біраз әңгімелестік, театрды айттық. Оның орынбасарлары – Талғат, Ерлан балаларым хал-жағдайымды біліп тұрады. Нүкетай, Ғайникамал, Мәрзиялар хабар алып тұрады. Өзіңнің жөнің бір бөлек, айналайын, Әлия! Адам қартайғанда бір бала. Бәріңе Алла риза болсын.

– Кейінгі буын режиссерлерден кімдерді айтасыз?

– Жасы келген адаммын, бүгінгі барлық режиссерлерді біле бермеймін. Әубәкірді (Рахимов) өте жақсы көремін. Театрға адал азамат, нағыз еңбекқор. Театр үшін жаратылған, нағыз шырақшы.

Мен үшін Болаттың (Атабаев) жөні бөлек. Жақсылығы – еш арамдығы жоқ, бойында барын артистерге береді. Кемшілігі – қойылымдарын түгелдей бүгінгі күнге сай жасаймын, осовременить етемін дейтіні. Мен мұнысына келісе алмаймын. Өзіне де айттым, мұныңды қой, дедім. Күледі де қояды. Ал, бұлай қоятыны қызым Дариғаға ұнайды. Актерді бес саусағындай біледі, атақ-данқына қарап бөлмейді. Ол біздің театрда он шақты жыл режиссер болды ғой, «Мәқабат?! Махаббат!», «Соқырлар», «Кебенек киген арулар», «Абылай хан», «Естайдың Қорланы» спектакльдерінде ойнадым. Бұлардың ішінде «Соқырлардағы» және «Естайдың Қорланындағы» рольдерімді өте жақсы көрдім. «Соқырлар» шетелдік бір драматургтың мықты дүниесі, қалай сахнаға шыққанын жақсы білесің, өзің ол кезде театрдың әдебиет бөлімін басқардың.

– Бельгиялық драматург Морис Метерлинктің символдық драмасы ғой. Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдарында абдырап қалған қоғам ахуалына сай келген туынды. Аға буын актерлер үшін алынған бұл пьесада жол көрсетушісінен айырылған Соқырлар ролін – Сіз, Хадиша, Бикен, Шолпан апалар, Фарида апай, Ғабдош аға, Шәмшагүл, Тілектес, Алма Кәкішевдалар ойнадыңыздар ғой. Кіші залда жүрген ерекше спектакль еді. Қойылым алдында мен көрермендер алдына шығып, біраз түсініктеме беретінмін.

– Ия, есімде. Спектакльде жасы ұлғайған соқыр адамдар тұрған жерге су келіп, оларды бастаушылары басқа жаққа апармақшы болады. Жолда ол өліп қалады. Содан не істерін, қайда барарын білмей абдыраған соқырлар. Су болса иттей ұлып келіп қалады. Бірін-бірі көрмейді. Мен де түк көрмеймін. Нағыз шындықпен бетпе-бет келесің.

– Көз соқырлығын ғана емес, көңіл соқырлығын ойнау керек болды ғой.

– Қас соқырлықты ойнау оңайға түскен жоқ. Актерлердің бәрі де алғашында қатты қиналды, кейін төселдік қой. «Өзі зордың болады ығы да зор» демей ме

Абай. Болат біреуді жақсы көрсе бәрін береді. Репетицияны да жанын сала жүргізеді. Мен Болатқа ешкім де емеспін. Бірақ, ол менің ұлымдай. «Болат» деп телефон соқсам, жетіп келеді, еш уақытта «апа, уақытым жоқ» немесе «жұмысым бар еді» деп сылтау айтпайды. Айтқан өтініштерімді қолынан келгенше орындайды. Өткен жылы 95 жасқа толғанымды мерейлі кездесу жасауыма да сол бастамашы болды. Маған соншалықты жаны ашиды. Оған үлкен алғысымды айтамын. «Айналайын, өзіңді күт, өнеріңді күт» деймін. Дені сау болсын. Алла тілеуін берсін!

II

Актерлік деген бір әлем немесе сахнадағы әріптестер, дос-құрбылар туралы бірер сөз

– Сахналық жолыңызда небір игі жақсымен, бүгінде кейінгі ұрпаққа есімі белгісіз небір шеберлермен де серіктес, дос-құрбы болдыңыз. Солар туралы айтып берсеңіз. Мүмкіндігінше қалың жұртқа белгісіздеу оқиға-жайттарды да қамтып отырсаңыз.

– Иә, сахналық ғұмырымда жақсыны да, жаманды да көрдім. Кезінде жазылмаған, айтылмаған соң есте бәрі тұра бермейді. Дегенмен де айтып көрейін, аруақтары риза болсын. Сонымен...

Мәлике Шамова – менің алғаш көрген мықты актрисаларымның бірі. Кейде актер-актрисаның бір ғана ролімен есте қалатыны болады. Мәликенің 1936 жылы «Ақсүйектерде» бұзық әйелдің ролін ойнағаны есімде қатты қалыпты. Режиссері И.Боров болатын. Театрға алғаш келген кезім. Мәлике – бұзық әйел, өзі бастық. Мен дін ұстанған адам роліндемін. Даладан келе Соня – Мәлике әркімді бір тебеді. Кешке тапшанда Мәлике жатады, қолында темекі, аяғын айқастырып тастаған. Өн айтып жатады да, темекісін лақтырып тастап, тапшанды айналып билей бастайды. Керемет әсерлі эпизод еді. Мәлике «Түнгі сарында» байдың әйелі Жүзтайлақты ойнады. Оқыған жігіт, қызметкер Жүніс көңіл білдіргенде: «бала, неғыласың бізбен ойнап? Жығылып қалсаң мұрның қанайды... Жылап жүрерсің» дейтіні бар. Мұны кейін Жүзтайлақ роліндегі Шолпан да, Нүкетай да айтты. Бірақ, Мәлике осы бірауыз сөзбен-ақ бейне жасайды. Сөз астарын ашуы ғажап. Осы екі эпизодтан-ақ оның шеберлігі, мықтылығы көрінді. Кейін зейнетке шықты. Кейінгі ұрпақ онша білмейтін, түсінбейтін сияқты.

Зура Атабаева – кара шаңырақтың алғашқы актрисаларының бірі. Құрманбек Жандарбековтің бірінші әйелі. Мен театрға келген жылы Ж.Шаниннің «Арқалық батырында» Арқалықтың әйелі Қарагөзді ойнайды екен. Мен бұл рольді екінші құрамда ойнай бастадым. Зура М.Әуезовтің «Қарагөз» трагедиясында Қарагөзді ойнады, Сырым – Құрманбек. Қарагөзді Зурадай ойнаған актриса жоқ. 1981 жылы театр жаңа ғимаратқа көшкенде «Қарагөзді» Ә.Мәмбетов қойды ғой. Қарагөзді Фарида ойнады, шеберлігімен жақсы-ақ алып шықты. Сол спектакльді көрген Димекең – Дінмұхамед Қонаев Өзірбайжанға «Қарагөздерің Зуранікіне жет-

пей жатыр» депті. Көпті көрген, талғамы жоғары адам, үлкен тұлға, ел басшысы ғой. Шынымен де Зурадай ешкім ойнамаған болуы керек. Зурамен біраз жолдас болдық. Ол бір кездері театрдан кетіп қалды, сосын қайта келді.

Әйнеш Ержанова. Театрда «Айман – Шолпанды» алғаш қойғанда, Күләш (Байсейітова) – Айманды, Әйнеш Шолпанды ойнады. Ол – Төлек Ержанов деген оқыған азаматтың жары, Т.Жүргеновтің ауылдасы болатын. Өте сұлу, сымбатты, жақсы актриса еді, бақастық-қызғаныштан қиындық көрді. Оралда театр ашылғанда Ж.Шанинмен бірге сонда жіберілді. Сонда жүргенде репрессияға ұшыраған. Кішкене баласы болғандықтан әуірімдеп әзер аман қалыпты. Ол баласы Мэлс Мәскеуде ме, Ленинградта ма оқыды, біздің театрда бірер спектакльге сценография жасаған, кейін белгілі суретші болды. Нүкетайдың бірінші күйеуі ғой. Екеуінің бір қыздары бар.

– Ол белгілі өнертанушы Земфира Ержан ғой, Мәскеуде оқыған. Сондай білімді, зиялы жан. Бейнелеу өнері туралы еңбектері бар. Осыдан біраз жыл бұрын «Алматы-Арт» атты мықты бір өнер журналын шығарып еді, қаржылық қолдау болмай қазір тоқтап тұрған жоба. Қазір әжесі Әйнеш, әкесі Мэлс Ержановтардың шығармашылығын зерттеп жүр.

– Тіпті жақсы болыпты. Алғашқы Шолпан болу оңай дейсің бе? Әйнештің басқа да рольдері бар, өмірі оңай болған жоқ. Ол туралы кейінгі ұрпақ білсін. Театрдағы жақсы құрбыларымның бірі еді ғой Әйнеш. Сондай сыйлас құрбыларымның бірі Айша, бүгінде қазақ театрының мендей көнекөздерінің бірі.

Айша Абдуллина. Қара шаңырақ театрдың алғашқы актрисаларының бірі. Екеуіміз түйдей құрдаспыз. «Ревизорда» Мәлике – Анна Андреевнаны, Айша – Мария Антоновнаны ойнады. Айша – Дездемонаны ойнады, Отелло – Қапан. Ол Қарагөзді де ойнады, жынданатын сахнасын керемет шығаратын. Асқар Токмағамбетовтің «Хазірет ишаны» бойынша қойылған спектакльде де Айша нағыз жынданған жанды бейнелегенде шошитынбыз. Айша, Шолпан, Күләш Сәкиева – бәрі бірге оқыған еді. Талантты жас актриса сонымен сонау 40-жылдары Шымкентке шығармашылық көмекке жіберілген, содан қайтып М.Әуезов театрына орала алмай қалды. Оның мұнда қайтып келуіне режиссерлер тарапынан онша құлық болмады ғой деймін. Өйткені, ол кезде бұл театрдың өз жұлдызы Хадиша бар еді. Айша, құдайға шүкір, жаман болған жоқ. Белгілі актриса, халқы сыйлайды.

Хадиша Бөкеева. Хадишаны мен алғаш 1934 жылы Қарқаралыда көрдім. Оның емшекте ұлы бар еді, күйеуі режиссер болып келді, театр ашты. Жасы өзінен үлкендеу, көзі ашық, білімді адам екен. Олар онда бір жылдай тұрды, жаз шығысымен екеуі Ленинградқа оқуға кетті. Содан 36–37-жылдары күйеуі біздің театрға (бұл енді Алматыда) жұмысқа кіріп, актер болды. Кейін ұсталып кетті ғой деймін. Хадиша Ленинградтан оқу бітіріп, Шымкентке келгенде тұрмысқа шыққан жігіті актер еді, қазақ актерлерінің арасында киноға бірінші түскен, есімін ұмытып отырмын. Ол кезде Шымкент театрында Айша, Әмина (Өмірзақова) және Хадиша Бөкеева жұмыс жасаған. Ал драматург Шахмет Хұсайынов Шымкентке барғанда Хадиша оған тұрмысқа шығып, Алматыға келді. М.Әуезов театрына орналасты. Хадиша орыс актерлік мектебін жақсы игерген, өзі де кө-

рікті, мәдениетті, талантты актриса еді. Жасыраны жоқ, кейде актер, актрисаға мықты роль берілу-берілмеуі режиссерлердің таным, көзқарас, талғамына да байланысты болатыны бар. Ол кезде театрда режиссер Шәкен Айманов болатын. Хадишаға көбірек роль берілген тұс сол кез. Олардың атақты Петруччио – Катарина дуэтінің аңызға айналатын тұсы сол кез. Хадиша көрікті, сымбатты еді. Мен деген талай азаматтың көзі түскен сұлу. Солардың ішінде махаббаты ең асқан Байғали болды. Екеуі шаңырақ көтергеннен бақилық болғанға дейін Қыз Жібек пен Төлегендей бақытты ғұмыр кешті. Байғали да талантты әнші, өнер қайраткері еді.

Сәбира Майқанова. Сәбира театрға 1931 жылы келіпті. Ол – театрға екінші кезекпен келгендердің алғашқысы. Бастапқы кездерде эпизодта көп шықты. Басты рольдерге кейінірек кірісті. Оңтайына келген рольдерін қызғылықты ойнайтын. Актерлер қанша көп роль ойнасын мейлі, жұлдызды рольдері көп болмайды. Меніңше, Сәбираның жұлдызы жанған рольдері атақты Толғанай мен «Келіндер көтерілісіндегі» Формон бибі. Сахнада эмоциясы мол, жақсы актриса еді. Бірақ, онымен бір рольге түскендерге қиын болатын. Өйткені, Сәбира марқұм оларға кезекті тым сирек беретін, көбіне өзі шығатын. Ұзақ жылдар театрда партия ұйымын басқарды, мінезі адуындау еді. Екеуіміз сыйлас құрбы болдық. Бірнеше рольге бірге түстік. Кейіпкерлік шешімдеріміз, әрине, әртүрлі болды. Көрерменнің махаббатына бөленіп өтті, актер үшін бұл үлкен бақыт қой!

Шолпан Жандарбекова. Шолпанмен немере туыстығымыз бар. Ол да Қарқаралыдан. Балалық, жасөспірімдік шағында қиындықты аз көрген жоқ (ол туралы еш айтпайтын еді). Кейін Құрманбекке жар болып, жақсы ғұмыр кешті. Жақсы актриса, роліне, сөзіне өте жауапты. Рольге қалай болса солай шыға салу деген онда болмайтын. Трагедиялық рольді де, комедиялық рольді де жақсы ойнайтын. Өзіме, әсіресе, Ақтоқтысы қатты ұнаушы еді. Бұл ролі туралы жеке естелік те жаздым ғой. Шолпан – Ақтоқты той кезінде Жалмұқанға алып келгенде көйлегінің етегін жайып отыра қалатын. Құдды бір оқ тиіп құлаған аққу сияқты еді. «Жақсы түстер, сәнді көштер бәрі Ақанды елестетер көз алдыма...» деп басталатын монологін айтқанда көзінен жас парлап кететін. Біздер жыласақ, түріміз жаман болып кетеді ғой. Шолпан олай емес еді. Шәкен бұл рольді Хадишаға да берген, театр Қырғызстанға осы спектакльмен барғанда Шолпан ауырып қалып, Ақтоқтыны Хадиша ойнады. Сәтсіздеу шықты ғой деймін, өйткені, келген соң Хадишаны рольден алып тастап, Сәлима Саттароваға берді. Шолпан өзін жақсы көретін. Сұлу да сәнді актриса ғой, жігіттер көп ғашық болатын. Тағы бір мінезі – шындықты бетке айтатын. Адамгершілігі мол болды. Кәсіподақ төрағасы болып тұрғанда жастарға көп көмек берді.

Жамал Жалмұхамедова. Жамал туралы жоғарыда бір айтып өттім ғой, керемет актриса еді. 1938 жылы Мәскеу мемлекеттік Театр өнері студиясының қазақ тобын он сегіз жас бітірген. Солардың алтауы М.Әуезов театрына келді. Жамал – солардың бірі. Немирович-Данченконың шәкірті, оқуды үздік бітірген. Өзімен бірге оқыған Елубай Өмірзақовтың інісі болып келетін Керей Жарқымбаевқа тұрмысқа шыққан. Жамалдың қазақ өнеріне, М.Әуезов театрына сіңірген еңбегі аз емес.

«Театрдағы үш керемет» деп мен – бірінші, Жамалды, екінші, Жағданы, үшінші, Әнуарды айтар едім. Жүсекең «Қозы Көрпеш – Баян сұлуға» Жамал ойнайтын күндері арнайы баратын, «бір жылап, тазарып келейін» дейтін. (Жүсекең дүние салғанда Жамал бір жылдай жанымнан табылып, сүйеніш болғанын айтуым керек). Жамал кезінде көп роль орындады, керемет ойнайтын еді, ішкі қуаты күшті, сондай бір трагичная актриса болды. Ол Баянның монологін айтқанда ел еңіреп жылайтын. Баянды Шолпан да, Фарида да, Мәкен де, одан кейінгі актрисалар да ойнады, бірақ ешқайсысы да трагедиясын Жамалдай жеткізе алмады. Үні қандай еді! Ән айтқанда да үнінен зар, трагедия шығып тұратын. Кеңес кезеңі, жасырары жоқ, жақсылығы қандай болса, қиындығы да жеткілікті, партияның, партком, профком дегендердің де айтқаны жүріп тұрған заман болды. Жамал қандай актриса еді. Оны театр үн-түнсіз зейнетке шығарып жіберді, ең болмағанда бір шоқ гүл сыйлап, құрметтеп шығарып салуға болатын еді. Жаңа айттым ғой, Мәскеуден бітіріп келген алтау еді деп, солардан театрда Жамал мен Қарас (Кәрімов) қана қалған еді.

Жамал кейін Атагелді Ысмайыловқа тұрмысқа шықты, одан екі ұл сүйді. Бір ұлының маған осыдан біраз жыл бұрын келгені бар. Атагелдімен де жараспай, кейін Саурықов деген кісімен тұрмыс құрды. Қазір немере қыздары бар деп естимін. Өмірінің соңғы жылдарында екі немересін асырап-тәрбиелеп жүрді, театрға жоламады... Әркімнің жеке өмірі бар ғой, бірақ, Жамал жаңа да айттым, мықты актриса, театрға берілген жан еді. Ал, оны соңғы сапарға театрдан шығарып салдық, сахнада емес, төменгі қабатта, фойеде қоштастық. Жалпы Жамал есіме түссе, тағдырын ойласам жылағым келеді. Жамал сияқты таланттар бір есептен, панасыз болған сияқты.

Күлзипа Сыздықова. Қарақаралыдағы атақты байдың қызы еді. Театрға Сәбира екеуі бір жылда, 1931 жылы келген. Өте жақсы актриса еді, өзі гармоньмен ән салатын. «Дала қызы» деген көркем фильмге түсті. Оның сахналық тағдыры да, меніңше, ептеп Жамалға ұқсас болды. Актёрлер арасында кездеспей қалмайтын қызғаныш, бақастық сияқты жаман әдеттерден Күлзипа да зиянды аз көрген жоқ. Театрдан кенет кетті. Өзбек драматургі С.Ахмадтың «Келіндер көтерілісі» комедиясын Райымбек қойған, Асқар (Сүлейменов) керемет аударған еді ғой. Жұрт сүйіп көретін комедия. Бір жолы осы «Келіндер көтерілісі» кезінде Сәбира екеуі ренжісіп қалды. Күлзипа сол жолы Сәбираға қатты-қатты сөздер айтты. «Мен саған дублер болудан шаршадым, болды, кетемін!» – деді де, өтініш жазып театрдан шықты да кетті. Содан бірер жылдан соң ауырып, қайтыс болды.

Рақия Қойшыбаева. Ішті актриса еді. Көп роль ойнады. Өзі әнші болды. Мінезі жарқын еді. «Шоқан Уәлихановта» Нұрмұхан – Шоқанды, Рақия – Зейнепті ойнады. «Абайда» Құнанбайдың анасы Зерені ойнады, мен – Ұлжанмын, сахнада да, өмірде де жақсы жарастық. «Абай әндері» фильміне түсті. Ән салады ғой аңыратып. Көп әндерін радиодан беріп тұрды. Мен он тоғыз бен отыз алты жасымның арасында алты баланың анасы болдым. Екі ұлым шетінеді. Бір жолы дәрігер маған «енді сізге босануға болмайды» деп, баланы алдыртуға қағаз берген. Ол кезде ойын кешкі сегізде басталады. Орыс театрымен біргеміз. Грим бөлмеміз кіш-

кентай ғана. Жайымды айтып едім, «кәне, қағазыңды көрсетші?» – деді Рақия. Қолына қағаз тиісімен, жыртып-жыртып тастады. «Сен не деп тұрсың, сандалма!» – деп ұрысты маған. Содан дүниеге Естайымыз келді. Рақия: «Естай – менің балам» дейтін.

Рақия турашыл болатын. Директор демей, басшы демей, басқа демей айтатынын айтып салатын. Концерттермен ел аралайтын, полигон жаққа барып жүретін. Соның әсері ме, кейін ауыратын болды. Сұлтан Қожықовтың «Біздің әрқайсымыз» фильміне Рахия да түсті. Фильм жоғарыда да айттым ғой, төрт ай түсірілді. Үш ай Қызылордада, бір ай Түркменстанның Кирке қаласынан да арғы далада. Сонда шекарашылар жүреді. Рахияның ролі керемет еді. Өзі сондай зерек, алғыр, режиссерге еш ескертпе айтқызбайтын.

Раушан Әуезбаева. Мықты актриса, өзі әнші. Раушанның даусы керемет болды. «Ана – Жер-анадағы» даусы қандай еді, шіркін! Жаны таза, өзі де таза жүрді, таза еңбегімен танылды. Раушанның қолынан бәрі келетін. Ол кездері жаз болса театр гастрольға шығады. Бір жылы бір топ Оралға, енді бір топ Целиноградқа кетті, біздер Қызылордаға гастрольға бардық. Раушан мен Торғын ән салады, жап-жас, әдемі кездері. Раушан шынайы актриса, шыншыл адам еді. Оған роль берілмеген кездер болды, ол қатты қажып, ішқұсаланып жүрді. Раушанның қапыда мерт болғаны үлкен өкініш. Театрға шықпақшы болып, терезеден түспекші болғанда құлап кеткен ғой. Әріптестері қатты қайғырдық. Раушанды бәріміз жақсы көретін едік.

Фарида Шәріпова. Бізден кейінгі буындағы мықтысы болды. Ол – өте ойшыл, ізденімпаз. Нағыз актриса. Жұбайы Ыдырыспен (Ноғайбаев) тату-тәтті ғұмыр кешті. Ыдырыс дүние кешкенде қатты қайғырды, көпке дейін мүлдем тұйықтанып алды. Рольдерін мейлінше түсініп, түбін түсіре ойнайтын. Мысалы, «Ана – Жер-анада» баласынан кара қағаз алған Толғанайдың қайғысын қалай береді! «Қас-ы-м-ым!» – деп бірауыз ғана сөз айтқанда бәріміз жылап жіберетінбіз. Әлі күнге дейін көз алдымда. Фариданың Ақбаласы қандай! Медеясы қандай! Қарлығасы ше! Айта берсең аз емес. Мінезі өте ұстамды еді. Ешқашан дауыс көтеріп, біреумен ренжіскенін естімеппін, көкірек қаққанын көрмеппін. Мені қатты сыйлайтын. Әуезді даусымен «Хабиба апай» деп телефонмен сөйлесіп тұратын. Ауырған кезінде көрмедім, жалпы өзі ауырғанын да онша ешкімге білдірмеді. Мықты еді, мықты қалпында дүниеден озды.

Мақпуза Байзақова. Мәскеу Театр институтының қазақ бөлімін 1954 жылы бітіргендердің бірі. Ыдырыс, Таңат Жайлыбаевтар бәрі бірге келген. Жақсы актриса болды. Әкесі Иса Байзақов туралы кітап жазды. Мақпузамен Павлодарға бардық. Көп адаммен дос болды, Жүсекеңді де ерекше сыйлайтын. «Жүсекеңмен өмір бойы бірге келесің, қызғылықты жайттарды сұрап ала берсейші, кітап жазуына керек болады» дейтін маған. Мақпуза бар, Бикен бар «кітап жазуың керек, қазірден көп нәрсені біліп-жинастыра берсеңші» дейтін үнемі. Ақыры мен де кітап жазуға бел буып, білген-естіген, ойлағандарымды қағазға түсіре бастадым. Ақыры Жүсекең туралы кітаппен аяқталды ғой. Жазған-сызғанымды ең алдымен, Хадишаға, Шәкеннің әйелі Хадишаға оқып беретінмін.

Хадиша Жиенкұлова. Шәкеннің әйелі Хадиша опера-балет театрында биші болды, кейін актриса болып бізге ауысты, жақсы рольдер ойнады, жақсы актриса еді. Атақты Шара Жиенкұлованың туған сіңлісі. Әкелері атақты бай Баймолда деген кісі. Жастайынан оларды еуропаша тәрбиелеген. Шара – Құрманбек Жандарбековтің екінші әйелі ғой, екеуінің Болат атты ұлы бар еді. Болат кейін жазушы болды. Шарамен бірталай уақыт көрші тұрдық. Ал, Хадишаны ата-анасы «Шара айтқанымызды тыңдамай өз бетінше күйеуге тиді, енді сен біздің айтқан жерімізге барасың», деп тұрмысқа өздері беріпті. Ол күйеуі ұсталып кеткен. Хадиша кейін Шәкенмен бас қосты. Шәкен Майраны туған қызынан артық көрді. Майра Асанәліге тұрмысқа шықты, жақсы жар, жақсы опера әншісі болды.

Жоғарыда да айттым, Хадиша көп оқитын, көзқарасы кең, білімді, мәдениетті жан еді. «Шәкеннің кітап оқуға уақыты жоқ, оның кітабы – мен, менен біліп алады да, өзі оқығандай айтып жүреді» деп әзілдейтін. Аққұбаның сүйкімдісі болатын. Шәкен Жүсекең екеуі жақсы дос қой, Хадиша екеуміз де жақсы дос-құрбы болдық. Өкінішке қарай, кейін Шәкен екеуі ажырасып кетті. Шәкен тым еркін еді, көпшіл еді, отбасынан гөрі көпке, өнерге қызмет етіп өткен сияқты... Хадишамен көзі тірісінде араласып, сыйласып тұрдық. Жүсекең туралы кітабымды алдымен Хадишаға оқыдым. «Хабиболла (мені осылай атаушы еді), мына жазуыңда тіпті, Мұхаңның, Әуезовтің сарыны бар ғой» деп ол мені барынша қолпаштап қойған еді. Мен Хадишамен жақсы құрбы болсам, Шәкенмен жақсы дос болдым. Адам жасы келгенде көп нәрсені ойлайды. Қазір өткенді көп ойға салып отырып мынадай бір тұжырымға келдім. Шәкен «Алдар көсені» қойды, өзі Алдар көсе болып ойнады ғой. Маған тура Шәкеннің өзінің өмірі болып елестейді, осы фильмді ол өз өмірінен қойды ма екен деймін.

Кезінде Шәкенмен түскен суретіміз бар. Ортада – Шәкен, бір жағында Хадиша мен Шолпан, екінші жағында мен және Сәбира. Бүгінде қарасам, осы суретте де үлкен мән бар сияқты. Шәкенді жоқтаймын, көп жоқтаймын.

Бикен Римова. Қатар құрбы актрисалардың ішінде Бикен екеуміз қатты дос болдық. Шахмет пен Хадишаның (Бөкеева) дәм-тұзы онша жараспай, ажырасып кеткен соң, Шахмет біраз жүріп барып Бикенге үйленді. Екеуі жарасымды, саликалы отбасы болды, ұрпақ өсірді, шығармашылықтарын жалғастырды.

Абайдың «көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да...» дейтіні бар ғой. Әсіресе, жас ұлғайғанда бірлі-жарым ғана дос қалады екен. Бикен сондай досым еді. Шын дос болдық. Екеуміз гастрольға шыққанда бірге жүріп, бір бөлмеге түсетінбіз. Бикеннің бір кереметі – күй талғамайтын. Кейде түскен жеріміз ойдағыдай болмаса, мен «Бикен-ау, мына жерде қалай отырамыз?» деймін ғой. Сонда Бикен досым: «Хаба, саспа» дейтін де, шелекпен су әкеліп, әлгі бөлмені әп-сәтте жуып тастайтын. Таза жайма әкеліп салатын, «...анау-мынауы ойлама, жаныңда мен бармын, Хаба» дейтін еді жарығым. (Осы тұста Хабиба апаның көзіне жас толып, біразға дейін үнсіз қалды – Ә.Б.). Мінезі кейде адуын, тіктігі бар, бірақ, Бикен адал еді, таза еді. Өте талантты актриса еді. Білімді еді, көп оқитын. Жалпы қазақ актрисаларының басым көпшілігінің үлкен бір міні – оқымайтыны, онша көп ізденбейтіні. Ондайлардың бірі түріне сенеді, бірі режиссеріне сенеді, бірі

тағы басқасына дегендей... Бикен көп оқитын, сондықтан да ойлы актриса болды. Сөздің астарын ашатын. Әрбір сөздің мағынасын ашуға тырысатын. «Хаба, мына сөздің мағынасы қалай?» – деп сұрайтын, екеуміз көп пікірлесетін едік. Еңбекқор еді. Өмірді терең түсінетін, ешқашан қарап отырмайтын. Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде қазақтың тұңғыш сериалына түсті. Күннің суықтығына да қарамайтын. «Бикен-ау, ауырасың ғой» деймін мен. Ол ауырғанын да айтпады.

Шахаң – Шахметті айтамын, ертерек дүние салды ғой, Бикенге оңай болған жоқ, бірақ, ол небір қиындыққа мойымады. Балаларына да барынша тәрбие берді. Кісілігі, адамшылығы мол, өзіме ғана болсын деу онда жоқ еді. Өзім дегенге өзегін жұлып беретіндей бауырмал, көпті көрген дана еді. Өзі ептеп ақын да болатын. Тамағы, дастарқаны қандай еді. Небір тоқымалар тоқитын, небір тәтті нан, бәліш дегендерін де керемет пісіретін. Оған кіші ұлының кенет қазасы қатты соққы болды. Кейін келіні Бикеннің өзі алған, қара шаңырағында қалып, Бикен досым екі бөлмелі басқа үйге бөлек шықты. Мұның бәрі оған оңай болмаған сияқты, бірақ, ол сыртқа сыр берген жоқ...

Мен Бикеннен көп нәрсе үйрендім. Ол жазушы еді – өнер, театр туралы «Өнердегі өнегелі өмірлер», «Еңлікгүл» кітаптарын жазды. Оның «Өнердегі өнегелі өмірлеріне» кезінде құтты болсын айтып, пікірімді білдірдім. Менің жазуға бет бұруыма себепші болғандардың бірі де Бикен. Ол драматургияға қалам тартып, М.Әуезовтің «Абай жолы» желісімен «Абай – Әйгерім» пьесасын жазды. «Қос мұңлықты» жазды. «Абай – Әйгерімді» біздің театрда Жақып Омаров қойды. Спектакль жақсы шықты. Абайды – Әшірәлі, Әйгерімді – Торғын, мен – Ұлжан рольдерін орындадық. 90-жылдары «Қос мұңлықты» Болат Атабаев қойды. Онда Бикен мен Шолпан ойнады.

– Апа, осы тұста пікір қоса өтсем деймін. Мен «Қазақ әдебиеті» газетінің өнер бөлімінің меңгерушісі болып жүріп, 1993 жылдың қаңтарында Әзекеңнің шақыруымен театрдың әдебиет бөліміне келдім. Театр ұжымымен шығармашылық жағдайда бұрынғыдан жақынырақ араластым. Шығармашылық әлеуеті ой сарасы, ой жүйесінен де байқалатын Бикен апамен әңгімелесу қашанда қызық болатын. Бүгінгі сарынмен айтсам, соншалықты бір креативті актриса еді. Әріптестері немесе сахна өнеріне байланысты мақала жазып берсеңіз, деп өтініш білдіргенде тап-тұйнақ жазып беретін. Аяулы Фарида апай да. Жалпы, жазу, жаза білу деген – өте биік мәдениет қой. Айтар ойы бар актер ғана жаза алады. Екеуі де білімді болатын. Бикен апа, жаңа өзіңіз айтпақшы, халықтық пәлсапаны заманымен ұштастырған дана еді. Фарида апай небір құбылысқа ой түйетін, сахнаны, спектакльді, адамдарды жақсы танытын және соншалықты білімділігіне сай сырт көзге «бетегеден биік, жусаннан аласа» кейіпте отыра беретін; өмір кешу стратегиясы мықты, шын мәнісіндегі тұлға актриса еді. Бикен апа да сахнамен қалай қоштауды алдын ала ойластырды ғой.

– Ия, Бикен досым көп нәрсені әріден ойлайтын еді. «Естайдың Қорланын» Иран-Ғайыпқа арнайы тапсырыспен жаздырды. Өмірмен, сахнамен қоштасу әні десек те болады. Оны да қойған Болат. Бикеннің өзі жасы келген Қорланды ойна-

ды. Мен Қорланның жеңгесінің ролінде шықтым. Естай – Төлеубек Аралбай. Қорланның жеңгесі Айнаш – он баласынан, күйеуінен айырылған тұл жесір. Естайдың келгенін біліп, алдынан жүгіріп шығамын. Естаймен көрісемін. Бәрі еске түседі ғой. Зарлап Естайға мұңымды шағамын. Бір керемет спектакль болды, көрермен өте жақсы қарсы алды. Алғашқы премьерадан соң Бикен де, мен де ауруханаға түстік. Екінші жолы келесі құрам ойнады. Үшінші рет тағы Бикен екеуміз шықтық. Көрерменмен кездесу болды. Сондай жақсы өтті, біздер бір рақаттанып қалдық. Содан біраз уақыт өткенде Бикен телефон соқты. «Хаба, тез кел, мен ауруханаға жатамын. Дәрігерлер ойнауға болмайды деп отыр. Көнбесіме қояр емес. Ауруханаға кетемін, бұл соңғы көрісуіміз» деді. Содан бір жұмадан соң қайтыс болды.

Бикен – соңында жақсы атағы, ізгілікті ісі қалған жан. Фариданың да. Көп жұрт, әсіресе, бүгіндері дүние – қызығым деп ойлайды. Байлығым бәріне қорған деп ойлайды. Бекер, мұның бәрі бекер... Адам егер жақсы ғұмыр кешсе, дүниеден өткенінде соңында жақсы атағы мен ізгілікті ісі ғана қалады. Аяулы Бикен досым, рухтасымның өмірі – осының бір дәлелі.

– Сөз жоқ. Ол екеуінің өзара сыйластығы, қарым-қатынасы да әдемі еді. Фарида апай «Бикен апа – Бикеша» деген әдемі мақала жазған. Ал, бүгінгі жастардың арасында олардай білімді және олардікіндей жақсы үлгіні жалғастыра алатындарды көресіз бе? Жалпы өзіңізден кейінгі буын, кейінгі жастар туралы әңгімелесеніз.

– Жастар туралы жақсы білемін дей алмаймын. Қазір театрдың ең үлкені өзім болып қалдым. Құрметтеп, әспеттеп «театрдың анасы, өнердің анасы» деп жатамындар, шүкір. Бұл сахна деген қиын, сахналық өмірге бір кірсең аңсайсың да тұрасың. Кейде, тіпті, түн баласы ұйықтай алмай шығатын кездерім болады. Бәрі еске түседі. Тап қазір сахнаға шығатындай рольдерімді қайталап жатамын. Тіпті, өз-өзімнен спектакльдердің эпизодын ойша ойнаймын. Өйткені, өзім ойнаған спектакльдердегі кейіпкерлердің бәрінің дерлік сөзін жатқа білемін.

Біздер сөз қадірін, сөз құдіретін білдік, меңгердік десем, мақтан емес. Аға буын осы жағынан озық тұрды. Жалпы рольдің шығуы сөзге, актердің ішкі қуатына байланысты. Сөзді түсінбесең нені ойнайсың? Сөзінді қалай айтасың? Ал, қазіргі жастарда осы жағын қатты ойлануы керек. Сөз білетін, сөз құдіретін білетін актер, актриса көп нәрсеге қол жеткізеді. Маған осы сөз, ондағы ойды жеткізуі жағынан кейінгі жастардың ішінен Қымбат (Тілеуова) пен Данагүл (Темірсұлтанова) ұнайды. Театр «Абайды» қойғанда мен Қымбатқа Қаныкейдің сөздерін оқыттым – көңілімнен шықты. Сөздің мағынасын түсініп сөйлейді.

Кезінде актерлер сөзге, оның мағынасына байланысты таласқанда, маған жүгініске келетін. Әсіресе, марқұм Есболған менен көп сұрайтын.

Есболған Жайсаңбаев жалпы өзі жақсы актер, адал жігіт еді. Көп оқитын, өзі ҚазМУ-ді сырттай бітіріп алды, жазатыны бар еді, еңбегі таза. Нағыз артист еді. Киноға да көп түсті.

Әйелі Салиха да (Қожақова) адал жұмыс істейді. Сахнада өз шындығын іздейді, көзге ұрмайтын бекзаттығы бар. Жақсы актриса, өзімнен кейінгі буында ұнататын адамым.

Нүкетайдың (Мышбаева) Майрасын ұнатамын. Нүкетай – жақсы актриса, өзі әнші ғой. Майра әнінің екі түрін керемет айтатын. Әбікен Хасенов сонда жауыздың ролін, мен шешесін ойнадым. Әбікен ойнаған кейіпкерге қарғыс айтатыным бар. Нүкетайдың Әлиманы да есімде. Комедиялық рольдер де оңтайына жақсы келеді.

Торғын – жақсы актриса, өзі әнші, сахнада жарқырап жүреді. Небір әдемі роль ойнады. Әшірәлідей жар сүйді.

Әшірәлі Кенжеев жігіттің төресі еді. Баяғыда бір жолы гастрольға шыққанымызда топ жетекшісі Әшірәлі болды. Адамды танығың келсе – онымен бірге жолға шығу керек. Әшірәлі жолда жақсы. Адамды сыйлауы керемет. Жақсы актер, жанын салып жұмыс жасайтын. Бикен жазған «Абай – Әйгерімде» Абай ролін Әшірәлі мен Әнуар (Боранбаев) екеуі кезектесіп ойнады. Бір жолы Орал облысына гастрольға барғанда самолеттен түсіп, көлікке міндік. Күн ыстық, автобус судан шыға алмайды. Не істейміз? Әшірәлі мен Әнуар екеуі көлік іздеп кетті. Содан тиісті елді мекенге әупірімдеп, әбден шаршап жеттік-ау. Барсақ, ел күтіп отыр екен, билет түгел сатылып кеткен. «Қозы Көрпеш – Баян сұлумен» барғанбыз, мен – Қозының анасы, Мәкен (Мақпуза) Байзақова – Баян, Күлзипа (Сыздықова) анасы ролінде едік. Ертеңіне ауырып қалдық, бірақ, кешкісін бәрі-бір сахнаға шықтық. Тағы бір жолы Қостанай жаққа Әнуардың туған жерінде сапарға барғанда жолда қиналғанымыз бар. Көлік қатынасы қиын екен, тек самолет ұшады.

Әнуар Боранбаев мықты актер еді, сахна тәртібі мықты болды, жаны таза, өте байыпты ойнайтын. Қызғаныш деген жоқ еді онда, адамгершілігі керемет. Жас жігіттер жиналғанда ақша керек болып қалса, бәрі жабылып Әнуарды маған жұмсайтын. Оның бетін қайтармайтынымды біледі. Әнуармен соңғы рет Ақтауға барғанда сапарлас болдым. Әбіштің (Кекілбаев) туған жеріне «Абылай ханды» апардық. Мен онда Батагөй ананы ойнаймын. Әнуар сол сапарда күндікке жүремін деп аяғына қатты салмақ түсіріп алды ғой деймін, Алматыға келген соң көп ұзамай қайтыс болды.

– Әнуардың бір ерекшелігі – даусы, үні ерекше, құлақ құрышын қанды-рарлық еді ғой. Ешқашан қатты айғайламайды, бірақ сөзі мағынасы ашыла анық жетеді.

– Жалпы мен үні керемет үш актерді білемін. Біреуі – Нұрмұхан Жантөрин, екіншісі – Жағда (Өгізбаев), ал үшіншісі – Әнуар. Қазіргі актерлерден Саяттың (Мерекенов) үнін бөле-жара айтар едім. Көп оқиды, көп білетін актер.

Театрда қазіргі ақсақалдары Сәбит пен Асанәлі ғой. Екеуін де театрға актер болып келген кездерінен білемін. Сәбит шашы бұйра, жіп-жіңішке жас жігіт еді. Біздің үйдің қарсысындағы шағын үйде анасы екеуі тұрды. Сәбиттің адамды сыйлауы бөлекше. Бірде Талдықорғанға мен, Мәкен (Мақпуза Байзақова), Сәлменов және Сәбит бәріміз «Қабаған ит» спектаклімен гастрольға бардық. Сәлменов қашанда өз-өзімен отырады, ал Сәбит жас, Мәкен екеуіміз едәуір жұмсаймыз, елгезек, кішіпейілдігімен ұнамды еді. Ұлым Естайды алып барғанмын, шалбар тігіп бергені есімнен кетпейді. Жаны таза, шын ықыласымен сыйлайды, сыйлас

бола біледі. Сәбиттің анасы 96 жасында қайтты. Бикен екеуіміз барғанбыз. «Аналарыңнан тәбәрік ететін бірдеңе берсеңдерші» дедім, Сәбиттің әйелі Света сонда бір көйлек берген. Одан бері жиырма жылдан аса уақыт өтті. Сол көйлек менде әлі сақтаулы тұр. Сәбит – қолынан келсе жақсылық жасауға тырысатын азамат. Оның достық көңілі, тазалығы, адамға деген мейірбандығы естен кетпейді. Менің осы кітабымның шығуына қамқор болып жүруі, министрге «Хабиба апаға көмек керек» деп айтуының өзі неге тұрады?! Өзі жақсы актер – шындықпен ойнайтын актер. Алғашқы рольдерінің бірі «Майрадағы» Дүрбіт. Ал, «Қан мен тердегі» Сүйеуі қандай! Сүйеуді Сәбиттей ойнаған ешкім жоқ. Бірнеше мықты актер басты бірнеше рольде шыға келгенде Сәбит – Сүйеу, меніңше, бәрін басып түседі.

Асанәлі менің үлкен баламмен жасты. Театрдың өткен-кеткенін білетін, ақсақалдардан тәлім-тәрбие көрген буын ғой бұлар. Асанәлінің театрға еңбегі мол. Актер, режиссер, халыққа сүйікті. Киноға көп түсті, жақсы бейнелер жасады. Мен өзімнің көзім нашар болса да, балаларға газет-журнал оқытып отырамын ғой, Асанәлінің кинода жақсы жоспарлары бар екен, орындалсын. Майра қандай еді, шіркін! Қазіргі келіншегі де – бір ақылды жан. Қазір 75 жылдық мерейтойын тойлап жатқан кезі екен. Құттықтаймын! Ел білетін азамат қой, абыройлы бола берсін!

Ал, кейінгі буын дегенде Құман мен Меруертті (Тастанбеков, Өтекешова) айтпай кете алмаймын. Олардың өнердегі де, өмірдегі де бағын ашқан «Қыз Жібек» фильмі ғой. Фильмдегі салт-дәстүр, ұлттық сана, мәдениет қатты көңілімнен шықты. Қыз Жібек пен Төлеген бір-бірін қатты жақсы көріп тұрса да әдептен аттамайды, араларында белдік жатады, фильмде осы эпизод өте керемет. Бұл өз ұрпақтарымызға жақсы үлгі, шетелдіктер үшін де мағыналы эпизод. Құман мен Меруерттің адамды сыйлауы, адамға деген ықыласы керемет. Құман әнші ғой, ән салғанда ерекше түсініп айтады. Актерлік ойындарында да, әншілігінде де адамгершілігі көрініп тұрады. Меруертпен бірталай гастрольда бірге жүрдік. Жібекті көреміз деп ел-ел, жер-жерде халық көп келеді. Меруерт өте қарапайым, ақылды. Бір сапарда маған «Хабиба апа, сізге сыйлаймын, мені есіңізге алып жүресіз» деп, бетінде Қыз Жібек роліндегі суреті бар шкатулка сыйлаған. Ол менде әлі күнге дейін бар.

Кейінгі буында Тұңғышбайдың орны бөлек. Ол – ізденімпаз, түсінігі мол, мықты актер. Сахнада да, кинода да небір күрделі рольдерді орындады. Қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрін жақсы біледі, әдебиетті, өнерді жақсы түсінеді. Режиссер ретінде қойған спектакльдерінде ой ауқымдылығы бар. Қолынан іс келеді, қызбалығы бар, қазір бірақ, есейді ғой.

Төлеубек Аралбай – жақсы актер. Ол Асанәлі қойған «Амангелді» спектаклінде Амангелдіні жақсы шығарды. Ал «Ғасырдан да ұзақ күндегі» Едіге ролі – өте жақсы еңбек. Кейінгі дүниелерін көрген жоқпын ғой. Тұңғышбай қойған «Аршын Мал Аландағы» ролі ерекше деп естимін.

Бақыт Жанғалиева – нағыз актриса. Таза, шын өмір сүреді сахнада, өтірік алдап ойнамайды.

Шайза Ахметова – жаратылысынан актриса. Өзі әдемі ғой, ұзын бойлы, талдырмаш. Көзі жарқырап «Қозы Көрпеште» шыға келгенде сұлу-ақ. «Жігіттер келе жатыр» дейтін бірауыз сөздің өзін керемет жеткізеді. Бұл дегеніңіз шеберлік.

Шәмшагүл Меңдиярова – ішті актриса, сахнада байыпты, сөзге шебер. Өзі жақсы әнші. Мен оған Абайдың «Сегіз аяғын» өз әуенімен үйреттім. (Абайдың «Сегіз аяғын» Жүсекең Шәкәрімнің «Ең қызық жастық» өлеңінің әуенімен орындаған) Бұл әнді алғаш көп алдында, «Абай десем...» спектаклінде тамаша орындаған да Шәмшагүл. Ал осы көктемде Алтынай деген әнші келіп үйренді, ол Абай туралы деректі фильмде айтыпты. Оны әнші Ерлан баламнан (Төлеутай) естідім. Өн айтудың шарты – әуені мен сөзі үйлесуі, әннің иірім үніне сөзі бағындырылуы керек; әннің әдемілігі бұзылмауы керек. Шәмша осы шарттарды сақтап айтады.

Ғайникамал Байқошқарова – жақсы актриса, театрға берілген, өте адал, мәдениетті. Кезінде Ғайникамал Қарагөзді ойнады. Әдемі ойнады. Қарагөз болған актрисалардың ішінде маған оның орындауы ұнады. Театр деген бір қарасаң, қиын да әлем ғой. Ғайникамал тым мәдениетті, қақ-соқпен ісі жоқ, Қарагөзді көп ойнамады, өйткені, сол кездің жұлдыздарынан кезек тимеді. Қарагөзді кезінде Тұратай Иісова да жақсы ойнаған Тұратай қазақтың мықты актрисасы еді ғой. Өмір бойы Семей театрында өнер көрсетті. Ғайникамалдың тегі жақсы, тектілігі өзінен, ойынынан көрініп тұрады. Үлкен анасы әнші, Абайдың ұлы Ақылбайлардың ортасында болған.

– Аға буын туралы әңгіменізді жалғастырсаңыз. Театрдың іргетасын қалағандардан Қапан Бадыров ұзақ ғұмыр кешті. Ол кісімен пікірлес болып-сыздар. Жаңа Жағда Өгізбаев пен Нұрмұханның даусы керемет еді, дедіңіз.

– Қапан Бадыров. Қапекенді алғаш Арқалық батыр ролінде көрдім. Менің театрға енді келген кезімде «Арқалық батыр» екінші рет қойылды. Мен онда Арқалықтың әйелі Қарагөзді ойнадым. Қапанның мықты рольдерінің бірі Отелло еді. Дездемонаны Назекет Шәукенбаева ойнады. Қапан Абайды ойнады, оған Мемлекеттік сыйлық алды. Оның бір ерекшелігі – театр туралы, оның тарихы туралы көп жазды. Бірнеше кітабы шықты, онда көп нәрсе бар. Біздер бір адамды мақтасақ, кемшілігін көрмейміз. Қапан «досым еді» демей, турасын айтатын, сондықтан да шындықты жазды.

Қапан архивке өте мұқият болды. Көзі тірісінде көп құжатты архивке өз қолымен өткізді. Ал, Қапанның қалған архиві қызында. Бір кездері Әшірбек (Сығай) «Хаба, сіз Қапекенмен көрші болдыңыз. Қызымен сөйлесіңізші, материалдарын көрейін» деген соң қызымен сөйлестім. Ол материалдарын біздің үйге алып келді, сонсоң Әшірбекке берді. Қазір қайтып алған болуы керек, анығын білмедім. Қапан өмірінің соңында ауырып жатты ғой. Біз телефонмен көп сөйлесетін едік. Театрға келіп бір кездесу өткізуді армандап жатты, сол арманмен кетті ғой, жарықтық.

Жағда Өгізбаев театрға Шәкен, Жанысбек Мәрденев – бәрі бірге келді. Олар Өскеменнен Қарағанды барып, ойын қойып жүргенде артистер іздеп жүрген Ғабит көріп, бәрін Алматыға жіберген. «Исатай – Махамбетте» Шәкен – Исатайды,

Жағда – Махамбетті, мен Мария деген орыс әйелдің ролін ойнадық. Жағда шыға келгенде жұртшылық тап бір Махамбеттің өзін көргендей әсер алатын. Жағда талай жақсы роль ойнады. Ол сөйлегенде, мысалы, Махамбеттің монологін айтқанда театр күңіреніп кететін. Республикалық радио жұмыс істей бастағанда Жағданы радиоға көп шақыратын. Ол кейін 1938 жылы Мәскеуден студия бітіріп келген алтаудың ішіндегі актриса Сақыпқа үйленді, бір ұл, бір қызды болды. Мінезі аңқаулау еді.

Нұрмұхан Жантөрин театрға Ташкенттегі Театр институтын бітірген соң келді. Зиялы, білімді, шынайы актер еді. Оның Қодары, Кебегі, Ягосы, Шоқаны, тағы басқа рольдері, кейінгі Мольері театр тарихына енді ғой. Кинода көп мықты роль жасады. Біз Сұлтан Қожықовтың «Шыңдағы шынар» фильміне бірге түстік. Ол мені құдаша дейтін. «Құдаша, сізбен тобық ойнағым келеді» деп маған тобық ұсынды. Сұлтан болса «алма, Хабиба» деді. Нұрмұхан қоймаған соң ойынға келістім. Мен ақыры жеңіліп, сағат алып бердім. Адал еді, ешкімге жалтақтамайтын. Айтатынын адамның бетіне тура айтатын. Содан да ма, Мәмбетов екеуі келіспей, театрдан кетті. Бұл Нұрмұханға да, театрға да обал болған сияқты. Көп жылдан соң, театрдың басшысы Асанәлі болып тұрғанда театрға қайта келді, сон соң қайта кетті.

– Шынымен де сырт көзге түсініксіздеу жағдай. Мүмкін, екі үлкен суреткер дүниетанымдық тұрғыдан келіспеді ме екен?!. Шілде айының басында Астанаға барғанымда осы жағдайдың мүлдем басқа бір қырын режиссер Нұрлан Жұманиязовтан естідім. Әзекең өмірінің соңғы кезеңінде Астанадағы Қалибек Қуанышбаев театрының көркемдік жетекшісі болды ғой. Нұрлан Әзекеңнен Жантөринмен қарым-қатынасындағы осы бір жайт туралы сұрағыштапты. Сонда Әзекең өзінің «атақты запискасын» сол кездері... Н.Жантөриннің үстінен Республика Орталық партия комитетіне арыз түсіп, соған байланысты театрға «Н.Жантөринге шара қолданыңыз, жұмыстан шығарыңыз» деген нұсқау келуіне байланысты жазылғанын айтыпты. Эмансипацияланған әйелдердің мұндай арыздар жазуы ол кезде сән болған сияқты, өйткені, партия мұндай арыздарды жауапсыз қалдырмаған. Ал, бұл тығырықтан шығудың жолы – актердің өз еркімен өтініш жазуы деп келіседі екеуі. Әзекеңнің сол запискасы Н.Жантөрин туралы «Я – актер, я – человек...» кітабында («Атамұра», 1997) берілген. Онда былай деп жазылыпты: «Дорогой Нурмухан! Как договорились с тобой, принеси или пришли заявление. с уважением, А.Мамбетов. 8/ХІІ-67 г.» Өте бейбіт, сыйластық көрініп тұрған жазба. Осындағы «как договорились» дегенде мән бар сияқты.

– Бұл туралы ештеңе дей алмаймын, өйткені, естімеген әңгімем. Өзірбайжан – өзі анау-мынау сөзге жоқ адам, шындығын режиссер інісі сұрап қоймаған соң айтқан шығар. Әйтеуір Нұрмұхан театрдан кеткенде бәріміз мұңайып қалдық. Оның өнері, құдайға шүкір, кино саласында қатты шарықтады ғой.

Қалкен Әділшінов, аға буын дегенде, бірден еске түседі. Мықты актер болды. «Абайда» Жиреншені ойнады. Нағыз Жиренше еді. Құдай тағала Қалкенді өзі таңдап әкеліп, Әуезов театрының ортасын толтырып беріп еді, ол тез кетті.

Камал Қармысов – күшті актер еді. Ол да Шәкендермен қатар келген. «Ревизорда» Хлестаковты ойнады. Ол рольді Шәкен де ойнаған, бірақ суықтау еді. Камал нағыз Хлестаков болды. «Отеллода» Ягоны керемет бейнеледі. Отеллоның (Қапан) Дездемонаны (Айша Абдуллина) өлтіріп, қолына көтеріп алатыны бар, сонда Айшаның шашы ұзын – жерге төгіледі. Сол сахнада Қапан Дездемонаны қоя салып, шапшаң Ягоны көтеріп алады, оны да жерге қоя салады. Кейіпкердің есінен айырыла аласұрғанын бейнелегені ғой. Бір жолы Қапан сөзін ұмытып қалады. Сонда Ягоны көтеріп тұрып сахнаның түп жағына барып қайта айналады ғой, сонда әлгі сөзді қолындағы, барлық спектакльдің сөзін жатқа білетін Камал-Яго сыбырлап айтып беріпті. Сол жолы спектакльді Мұхаң көріп отырыпты. Сонда Қапан – Отеллоның бұл әрекетін тапқырлық, актердің бір орында тұра бергені болмайды деп риза болыпты. Қозыны алғаш ойнаған Камал болды, сонсоң Жұмағұлов ойнады. Камалдың таудан тауға секіргені қандай! Жапалды алғаш ойнаған Әміре, сонсоң Жүсекең.

Сейфолла Телғараев сахнаға керемет адал актер болды. Көбіне комедияларда ойнады. Оның «өлді деген, міне, осы, мен өлдім!» – дейтін репликасына жұрт қыран топан күледі. «Асауға – тұсаудағы» Грумиосы керемет. Шәкен екеуінің дуэті қызық. Шәкен мен Хадиша атқа мініп шабады ғой, сонда Сейфолла есекке мініп алып шабады. Жұрт тағы да қыран күлкі. «Ревизордағы» Добчинскийі қандай! Нағыз актер, ойынына жаның рақаттанады. Әлия, айналайын, осы Сейфолладай актерлер туралы жиі айтылуы керек. Әсіресе, жастарға, жас актерлерге мықты сабақ қой бұл.

Таңат Жайлыбеков та негізінен комедиялық рольдерде көрінді. 1954 жылы Мәскеуден оқу бітіріп келген жастардың бірі. Адал еңбек етті. Гастрольдарда бірге жүрдік, жақсы актер.

Ыдырыс Ноғайбаев. 54-жылы Мәскеуден келген бір топтың ішінде ең мықтысы Ыдырыс болып шықты. Түр-тұлғасы келіскен, сөз саптасы мықты, тау қозғалса қозғалмайтын ұстамды еді. Қобыландыны ойнады, Абайды ойнады, Қаленді ойнады, қысқасы, театрдағы негізгі репертуарды түгел дерлік ойнады, мықты актер. Алғашында Абайға келіңкіремейтін, әсіресе, жүріс-тұрысы жараспайтын сияқты көрінетін, бірақ, мықты шебер ғой, жүре-келе меңгеріп алды. Көптеген киноға түсті. Адамгершілігі мықты еді. Ірі мінезді жігіт болатын. Ыдырыстың бір бағы Фарида болды. Екеуі жарасымды жұп еді. Фарида мықты ғой, Ыдырысқа жар бола білді, баладай елпілдеп күтті десе болады. Оның алғашқы әйелінен екі ұлы бар. Ал, Фарида екеуінің ұлы Шыңғыс – белгілі суретші. Мәскеуде тұрады, біздің театрдың бірер спектакліне сценография жасады ғой. Ыдырыстың Лермонтов театрының актрисасынан, есімін ұмыттым, кейін Мәскеуге көшіп кетті, бір қызы бар еді.

– **Екатерина Ноғайбаева-Брайтман ғой. Қазір Англияда тұрады. Ол осыдан он екі-он үш жыл бұрын Сорос-Қазақстан қорының шақыруымен Алматыға күйеуі, ағылшындық белгілі продюсер Питер Брайтманмен келіп, өнердегі арт-менеджменттен бір апталық семинар өткізген. Сол семинарға мен де қатысқан едім. Екатеринамен сұхбат жасағанмын (бір орайы келген-**

де жариялармын). «Ұшақтан түсісімен Питермен әкемнің басына бардым» деп бастап еді ол әңгімесін.

– Е-ей, балам, актерлер өмірінде талай тарих жатыр ғой... Бірақ, қалай дегенде де актерлік бақыт үшін жеке отбасылық бақыттың орны аса үлкен.

– Сіздерден кейінгі буын да мықты болды ғой...

– Әнуар Молдабековті ерекше атар едім. Ол қызба, жанып тұратын. Жанын салып ойнайтын, қатты еңбекқор еді. Ерте жанып кетті.

Жұмабай Медетбаев – біздерден кейінгі буын ішінде нағыз қазақ еді. Бұл – ұлттық құнары мықты деген сөз. Онысы рольдерінен көрініп тұратын. Таза жанды адам еді. Партия ұйымының хатшысы болды. Жақсы жолдас болдық. Бір жолы ауруханаға емделуге жаттым, Жұмабай енді шығып барады екен. Сол жолы көп әңгімелестік. Шындықты айтқанды жақсы көретін. Барын ортаға салып отыратын. Роль маңызын ашатын, сөз қадірін білетін, ойлы, өте өнерлі жігіт. Өзі Қарақалпақстанда туған, сонда актер болып қалыптасқан. Әдемі қоңыр даусы бар, жыр айтады. Әдемі әзілі болатын. Бір жолы театрға барсам, «Хабиба апа, біз қартайып барамыз, сіз жасарып кетіпсіз» деп күлдіргені бар. Көп роль ойнады. Анасын да көрдім, әйелі де бір жақсы адам. Балалары режиссер екен, ол туралы деректі фильм түсіргенде бәрін жақсылап айтып бердім.

– **Осы әңгімеңізде қаншама тарих айттыңыз, қаншама әріптесіңіздің жанды бейнесін жасадыңыз. Көптен бергі арманыңыз – Актерлерге музей ашылса, бүкіл тарих сонда жиналса, кейінгі ұрпаққа тағылым болса дейсіз. Оны қай формада көресіз?**

– Ой, балам-ай, бізде небір тарих бар, бірақ, жиналмай, шашылып қалып жатыр ғой. Өркениетті деген елдерде белгілі адамдар, актерлерінің мұрасы түгіл, ұстаған кесе, қол қойған қағаздарына дейін тіркеп-әспеттеп, құнды мұраға айналдырады. Бізде бұл жағы әлі жолға қойылмаған. Біздің театрдың өзінде кезінде қаншама зат тозды, сақталмады, қадірін білмеушілік қой.

Бұл мәселені Президентіміздің атына да бірнеше рет жаздым, газет-журнал, радио-теледидарда көтеріп келемін. Мен өзі Президентімізді, Нұрсұлтан баламды жақсы көремін. Әнебір жылдары стипендияны өзі тапсырғанда кездестім. Көзбе-көз айтпақ ой-пікірлерім бар еді, оны жұрт қаумалап алып кетті. Ал жазған-жолдаған өтініштерім өзіне жетпей-ақ қойды. Қазір еліміз дамыды, мүмкіндігі бар. Алматы мен Астанадан, әрбір облыста Өнер музейі болып, бар тарихымыз барынша ыждағатпен жинасақ, ұрпақтарымыз тарихымызды жақсы білер еді, осы жарқын заманның нендей жолдармен келгенін түйсінер еді, рухани көзі ашыла түсер еді. Ондай музейдің бүгінге де, болашаққа да қызметі мол. Қаншама аруақты риза етер едік. Менің қазіргі үлкен арманым – осы! Соңғы рет өтінішімді Елбасына «Айқын» газеті арқылы білдірдім. Бір жауабы болып қалар деп отырмын. Жұмысы көп қой Нұрсұлтан баламның. Ел қамы үшін жүрген азамат емес пе!

– **Апа, Қаллеки, Серке аталардан басталған театр көші жарасымды жалғасып келеді ғой. Енді осы көшті жалғастырып отырған, өзіңіз көп айтып, болашағы туралы көп қамын жейтін кейінгі ұрпаққа, жас актерлерге нендей тілек айтар едіңіз?**

– Алдыңғы жылы өткен бір кездесуде маған «болашақта театр бола ма, жоқ па?» деген сауал қойылды. «Қиындау сұрақ екен» дедім мен. Бірақ, басы ашық нәрсе – өнерсіз өмір болмайды. Театр қандай болады, қай түрде дамиды дегенге анық жауап айту қиын. Бірақ, менің білетінім – қай заманда да қазақтың көркем сөзі өлмейді, онсыз әдебиет пен театр дамымайды.

Жастар сахнаға сөзді әншейін жаттап алып шыға бермеуі керек. Сол сөзбен не айтқысы келеді, астары не – соны айқындауы керек. Ол үшін қазақ сөзінің құдіретін сезінсін. Көп оқысын жастар, өздерін көп шындасын. Өнердің жолы – қиын жол, онымен ойнауға болмайды. Ең бастысы, адал болсын. Өнерге, досына, жарына, баласына, еліне адал болсын!

– Тағылымды да мәнді, қызғылықты әңгіме айттыңыз, көп рахмет, апа! Өнерге, театрға, еліңізге деген махаббатыңыз жастарға үлгі болсын.

Әлия БӨПЕЖАНОВА

10 ақпан – 30 қыркүйек, 2012



ӨМІР-ӨНЕР ДЕРЕК

Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Хабиба ЕЛЕБЕКОВА

16.07.1916 ж. Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Томар ауылында дүниеге келген.

1934–35 жж. Қарқаралы халық театрында қызмет істеген.

1935–37 жж. М.Әуезов атындағы драма театр жанындағы екіжылдық студияны бітірген.

1935 ж. бері М.Әуезов театрында үзіліссіз қызмет етеді. Алғашқы қадамы – қазақтың алғашқы кәсіби театр режиссері Ж.Шаниннің өзі жазып, өзі қойған «Арқалық батыр» тарихи драмасындағы» Қарагөзден бастап қара шаңырақ театрда ұлттық құнары мықты көптеген роль жасады.

1976 ж. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі атағын алды.

Бірнеше көркем және деректі фильмге түсті. Қазақтың атақты әншісі Жүсіпбек Елебеков туралы 1981 ж. «Үні кетпес құлақтан» кітабын жазды, кітап толықтырылып, 1984 жылы «Ән-аманат», 1998 жылы «Қайран, Жүсекем» деген атаулармен қайта шығарылды. Ұлттық өнер тарихын жақсы білетін актриса біраз әннің өз түпнұсқасында жетуіне және жалпы ән өнерін, ұлттық үлгілерді насихаттауда көп еңбек сіңірді.



Театрдағы рольдері:

- 1935 «Арқалық батыр» – Қарагөз – реж. Ж.Шанин
1936 Н.Погодин. «Ақсүйектер» (ауд.М.Әуезов) – Діндар әйел – реж. И.Боров
1937 Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов. «Амангелді» – Ақжан – реж. И.Боров
1938 М.Әуезов. «Шекарада» – Ажар – реж. М.Насонов
М.Ақынжанов. «Исатай – Махамбет» – орыс әйелі – реж. Ә.Ысмайылов
1939 М.Әуезов, Ә.Тәжібаев. «Ақ қайың» – қыз – реж. М.Насонов
1940 А.Н. Островский. «Мысыққа күнде той бола бермес», ауд. М.Жанғалин
– кезбе әйел – реж. М.Соколовский
Н.Гоголь. «Ревизор» (ауд. М.Әуезов) – Пошлепкина –
реж. М.Соколовский
М.Әуезов. «Абай» – Қаныкей – реж. А.Токпанов
1941 Ш.Хұсайынов. «Марабай» – Мәрияш – реж. А.Токпанов
Ә.Әбішев. «Жолдастар» – кейіпкер – реж. Қ.Бадыров
М.Әуезов. «Сын сағатта» – әйел – реж. А.Токпанов
1942 Ғ.Мүсірепов. Ақан сері – Ақтоқты – жеңге – реж. И.Мадиевский
1943 Ғ.Мүсірепов. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» – Мақпал –
реж. Ә.Ысмайылов
1945 Ш.Хұсайынов. «Амангелді» – келіншек – реж. Ш.Айманов
1946 М.Әуезов. «Қара қыпшақ Қобыланды» – Күнікей –
реж. Қ.Бадыров, Я.Штейн
1947 Ә.Әбішев. «Достық пен махаббат» – Баян – реж. Ш.Айманов
1948 А.Штейн. «Намыс соты» – Лидия Михайловна – реж. А.Токпанов
1949 А.Н. Островский. «Таланттар мен табынушылар» (ауд. Ғ.Мүсірепов)
– Домна Пантелевна – реж. Ш.Айманов
М.Әуезов. «Абай» – Ұлжан; Қаныкей – реж. Ш.Айманов
1950 А.Н. Островский. «Найзағай» (ауд. Қ.Сағындықов) – Феклуша –
реж. Е.Марков
Ғ.Мұстафин. «Миллионер» – Ұрқия – реж. А.Токпанов
1953 М.Иманжанов. «Менің махаббатым» – Бигүл
1955 Ә.Әбішев. «Күншілдік» – Айжан
1957 Ә.Тәжібаев. «Майра» – Үрия – реж. А.Токпанов
1954 Ә.Әбішев. «Кім менің әкем?» – Жарқын – реж. Ж.Өгізбаев
1958 Ә.Тәжібаев. «Жалғыз ағаш орман емес» – Мүслима – реж. Ә.Мәмбетов
1959 Ғ.Мүсірепов, В.Игнатиус. «Сен қайтер едің?» – Дәмелі –
реж. Ә.Мәмбетов
1959 Қ.Мұхамеджанов. «Бөлтірік бөрік астында» – Баршагүл –
реж. Ә.Мәмбетов
1961 Қ.Мұхамеджанов. «Құдағи келіпті» – Қымбат – реж. Ә.Мәмбетов
1962 Ш.Хұсайынов. «Таныс адамдар» – әйел – реж. Қ.Жандарбеков
1963 М.Әуезов. «Қарагөз» – Текті – реж. А.Мадиевский

- 1964 К.Сатыбалдин. «Қабаған ит» – Бригадир – реж. Қ.Мерғазиев
- 1965 Б.Майлин. «Майдан» – Мамық – реж. А.Тоқпанов
- 1967 Ә.Тарази. «Күлмейтін комедия» – Қарттың әйелі – реж. В.Иванов
С.Жүнісов. «Ажар мен ажал» – Ақлима – реж. Қ.Жетпісбаев
- 1968 М.Фриш. «Дон Жуанның думаны» (ауд. Ә.Кекілбаев) – Севиль жесірі
– реж. Ә.Мәмбетов
И.Куприянов. «Вьетнам жұлдызы» (ауд. Қ.Ыдырысов) – До Тхи Тхань
– реж. Ә.Мәмбетов
- 1969 М.Әуезов. «Түнгі сарын» – кемпір – реж. С.Елеусізов
Ә.Тәжібаев. «Майра» – Зәру – реж. Б.Омаров
- 1970 Қ.Аманжолов. «Досымның үйленуі» – Айғаным – реж. Ж.Омаров
- 1971 А.Афиногенов. «Ана жүрегі» – Настя – реж. Ж.Омаров
Б.Майлин, Ж.Шанин. «Айдарбек», «Торсықбай» – Бақытбала –
реж. Ә.Мәмбетов, Р.Сейтметов
- 1972 Ж.Файзи, Т.Ғизат. «Башмағым» – Фахрия – реж. А.Пашков
- 1973 Қ.Бекхожин. «Ұлан асу» – Зейдехан – реж. Қ.Жетпісбаев
- 1974 Г.Лорка. «Қасіретті қатындар» («Бернарда Альбаның үйі») –
ауд. Қ.Ыдырысов, – Понсия – реж. Р.Сейтметов
- 1974 В.Губарев. «Ұлы сикыршы» – Ана – реж. А.Пашков
- 1978 М.Шаханов. «Сенім патшалығы» – Бәйбіше – реж. Р.Сейтметов
С.Ахмад. «Келіндер көтерілісі» – Бейтаныс әйел – реж. Р.Сейтметов
- 1981 М.Әуезов, сахналық жүйесін жасаған Б.Римова. «Абай – Әйгерім»
– Ұлжан – реж. Ж.Омаров
Н.Хикмет. «Фархад-Шырын» – Күтуші әйел – реж. Ә.Рахимов
В.Дельмар. «Өкінішті өмір» (ауд. Қ.Мұхамеджанов) – миссис Левицкая
– реж. Р.Сейтметов
- 1982 Л.Табукашвили. «Арманымның ақ құсы» – Елена әжей – реж. Е.Асқаров
- 1984 Б.Соқпақбаев. «Менің атым Қожа» – Кемпір – реж. Ә.Рахимов
Қ.Мұқашев. «Жамал» – Ұлжан – реж. С.Асылханов
- 1985 С.Сматаев, Ч.Зұлқашев. «Жұлдызым менің жоғары» – Кемпір –
реж. Ч.Зұлқашев
- 1987 С.Ахмад. «Күйеу» – Зумрат – реж. Р.Сейтметов
- 1987 Е.Домбаев. «Желіккен жеңгейлер» – Зәбира – реж. С.Асылханов
- 1993 Ә.Тәжібаев. «Мә-әқабат? Махаббат!» – Дариға – реж. Б.Атабаев
М.Метерлинк. «Соқырлар», ауд. Ә.Тәжібаев – I-туа соқыр –
реж. Б.Атабаев
А.Сүлейменов. «Жетінші палата» – Кемпір – реж. Ә.Рахимов
- 1996 А.Тасымбеков. «Кебенек киген арулар» – тұтқын әйел – реж. Б.Атабаев
- 1998 Ә.Кекілбаев. «Абылай хан» – Батагөй ана – реж. Б.Атабаев
- 2003 Иран-Ғайып. «Естайдың Қорланы» – Айнаш (Қорланның жеңгесі)
– реж. Б.Атабаев

Түскен фильмдері:

«Егер біздің әрқайсымыз...» (1961), реж. С.Қожықов

«Шыңдағы шынар» (1965), реж. С.Қожықов

«Шаян», «Балықшы» фильмдері

«Біржан сал» (2009), реж. Д.Жолжақсынов



МАЗМҰНЫ

Ә.Бөпежанова. Әсемқоңыр немесе алғы сөз орнына	3
--	---

I бөлім. ҰЛЫЛАРДЫҢ БАТАСЫН АЛҒАН

Актриса Хабиба Елебекова туралы сөз

<i>Е.Обаев. Ұлылардың батасын алған</i>	8
<i>Ә.Сызғай. Екі жақсы қосылса... ..</i>	9
<i>С.Оразбай. Мағжанның 37 өлеңін жатқа білетін</i>	13
<i>Ә.Рахимов. Өнердің шежірелі анасы</i>	19
<i>Б.Атабаев. Ертең келемін, апа!</i>	22
<i>Н.Мышбаева. Кербез ханым Хабиба</i>	24
<i>С.Қожақова. Нұрлы жан</i>	25
<i>Ш.Меңдиярова. Кең шуақ, ақылшы ана</i>	26
<i>Д.Темірсұлтанова. «Сұлулықтың сыры кетсе де сыны кетпейді»</i>	29
<i>Қ.Тілеуова. Сырбаз да терең Хабиба апа</i>	30
<i>Е.Білал. Жақсыны тани білуі – бір мектеп</i>	31
<i>Ғ.Байқошқарова. Ғасыр толқынында толқыған өмірлер... ..</i>	33
<i>К.Жақыпова. Қазыналы қария</i>	36
<i>Мәдина, Шәкен Елебековтер. Аяулы әжеміз – Хабиба</i>	38
<i>И.Сапарбай. «Қара ала көз Хабиба...»</i>	38
<i>Шежірелі кездесу. Пікір-лебіздер – Е.Обаев, Т.Жаманқұлов, Ғ.Әбдінәбиева, Д.Жолжақсынов, Ш.Меңдиярова, Р.Әшірбекова, А.Қадыров</i>	43
<i>Хаттар, хаттар... ..</i>	47
<i>Хабиба Елебекова орындаған рольдер туралы</i>	49

II бөлім. «ҚЫЗЫ ЕДІМ ҚАРАҚБАЙДЫҢ ХАБИБА АТЫМ...»

Естеліктер, мақалалар

<i>«Қызы едім Қаракбайдың Хабиба атым...»</i>	52
<i>«Жар болдым Жүсекеңдей өр талантқа...»</i>	55
<i>Қазақ өнеріне Мәскеу қол соқты (Мәскеудегі алғашқы онкүндік туралы)</i>	63
<i>Асыл бейне, асқар бел (С.Қожамқұлов туралы)</i>	71
<i>Жүсекеңнің үлкен досы еді... (М.Әуезов туралы)</i>	75
<i>Қадірлі Иса аға (И.Байзақов туралы)</i>	80
<i>Жаны жайсаң, өресі биік өнерпаз (Ш.Айманов туралы)</i>	82
<i>«Айлық аларда Шәкеннің қолына бес-алты сом тиетін...»</i>	88
<i>«Ақан сері – Ақтоқты»</i>	91
<i>Нұрмұхан туралы сөз (Н.Жантөрин туралы)</i>	96

Сарыарқа сазы (Ә.Хасенов туралы)	100
Әбікеннің көңіл айтуы	102
Өнердегі өнегелі өмірлер (Б.Римова кітабы туралы)	106
Армысың ақ тілеулі Ақ ордам – Астанам!	107
Ғабең сүйген сұлу	110
Өнерлерің ұмытылмас (Қ.Бадыров, С.Майқанова, Ғ.Сүлейменовтермен қоштасу сөз)	114

III бөлім. ӨРЕЛІ ӨНЕР КӨШІНДЕ

Сұхбаттар

Таза өнер – таза жүректен	120
Жүсекеңнің Хабибасы	126
Өнермен өрнектелген өмір	130
Нағыз әнші анадан әнші болып туады	136
Біздің үйде Абай атам ұстаған тобылғы сапты шыбын ұрғыш болған	141
«Еліме бірлік-береке тілеймін»	146
Туған жер өзің дегенде...	149
Абыздай асыл ана	152
«Көкейімнен Дәлиләннің тағдыры кетпей қойды»	154
«Елбасыға айтар екі аманатым бар»	161

IV бөлім. «ҒАСЫР ҚАСИРЕТІ»

<i>Киносценарий</i>	170
---------------------------	-----

V бөлім. ӨНЕРДІҢ ЖОЛЫ – ҚИЫН ЖОЛ

Сыр-сұхбат

Өнердің жолы – қиын жол. Ә. Бөпежанова – Х. Елебекова (сыр-сұхбат)	192
--	-----

Қосымша материалдар

Өмір-өнер дерек	217
Театрдағы рольдері	218
Түскен фильмдері	220

*«Әйгілі адамдар» (әдебиет, мәдениет, ғылым, өнер)
кітаптар сериясының идеялық-мазмұндық, дизайнерлік-кескіндеме
жобасының авторы – Әшірбек КӨПШ.*

Кітаптағы суреттер Қазақтың мемлекеттік
М.Әуезов атындағы академиялық драма театры музейінен
және Х.Елебекованың отбасылық мұрағатынан алынды

Хабиба ЕЛЕБЕКОВА

*Кітап концепциясын жасаған және баспаға дайындаған
Әлия БӨПЕЖАНОВА*

*Баспаның директоры
Өндіріс бастығы
Редактор
Суретшісі
Компьютерде қалыптаған
Техникалық редакторы*

*Әшірбек Көпіш
Қарлығаш Оспанова
Жеткеншек Меңдіғалиұлы
Мәди Қамашбаев
Гүлмира Өтенова
Салтанат Тұтқабекова*

Суреттерді жинақтау жұмысына
атсалысқан дизайнер-суретші Қ. Халықов.

ISBN 978-601-209-198-4



ИБ № 1070

Басуға 21.11.2012 берілді. Пішімі 70×100 ¹/₁₆.
Шартты баспа табағы 18 + 3 жапсырма. Офсеттік басылым.
Гарнитурасы «Times New Roman».
Таралымы 2000. Тапсырыс №

«Өнер» баспасының мекенжайы:
050009, Алматы қ., Абай даңғылы, 143;
Баспалар үйі, 2-қабат.
Тел: 8 (727) 395-52-06; 395-52-08; 395-52-00
E-mail: oner@mail.kz; oner2006@mail.ru